

ҚР БҒМ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
«BILIM-ORKENIETI» ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



175 ЖЫЛ

ұлы Абай Құнанбайұлының
мерейтойы



ҰЛЫ АҚЫН, АҒАРТУШЫ
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН
“АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ”
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

2020/2021 оқу жылы

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«BILIM-ORKENIETI» ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН «АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

I ТОМ

Нұр-Сұлтан, 2020-2021 жыл

ӘОЖ 37.1
ҚБЖ 74.20
Б94

**ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «ДАРЫН»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ,
«BILIM-ÓRKENIETI» ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ**

Редакция алқасы:

*т..ғ.д., профессор,
М.Алтысбес
п.ғ.к., Ж.Қалиев
А.Сатылганов
С.Набиев*

Б 94 Абай құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абай әлеміне саяхат» атты республикалық байқауының материалдар жинағы - Нұр-Сұлтан: «Bilim-órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы» баспасы, 2020/2021 ж. – 215 б. қазақша.

ISBN 978-601-341-183-5

Жинаққа ҚР Білім беру саласындағы жетістікке жеткен педагогтердің жұмыстары енгізілген. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, «Bilim-órkenieti» ұлттық-инновациялық ғылыми зерттеу орталығының бірігіп ұйымдастыруымен, баспадан шығарып отырған республикалық кітап-жинағы өзіндік ерекшелігімен маңызды.

ISBN 978-601-341-183-5

© ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, 2020/2021 ж.

© «Bilim-órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы», 2020/2021 ж.

Алғы сөз

Биыл Қазақ Елінің Тәуелсіздігіне 30 жыл толуда. Бұл әрине өз алдына жеке ел болуды мақсат тұтқан біз секілді жас мемлекетке көп уақыт емес. Дегенмен, еліміз осы уақыт ішінде әр салада көптеген жетістіктерге қол жеткізгендігі белгілі. Соның бірі еліміздегі ғылым және білім саласы. Қазақ Елі алдына ұзақ мерзімді даму стратегияларын қойып, сол негізде әлемдік өркениет биігіне шығуды мақсат санап, тәуелсіздік алған уақыттан бастап еліміздің ғылым және білім саласының дамуына алғышарттар жасаған бірден бір ел. Сондықтан да отандық білім саласы инновациялық негізде даму үстінде. Әлемдік өркениетте Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) терең ғылым мен даналық білімнің негізін қалаған әлемдік ғұлама екендігі анық.

«Шын білім – ақиқат, анық білім», «Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды», «Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт» - деген ғылымның ақиқат биігі мен анық мақсатын көрсетіп берген, даналық білімі әлемдік философияда жоғары дәрежеде бағаланған әл-Фараби бабамыз да қазақ топырағынан түлеп шыққан мыңдаған ой алыптарының бірі екендігі анық.

Әл-Фараби бабамыз атап өткеніндей, Қазақ Елінің ғылым мен білім саласы ақиқат пен адалдыққа негізделсе ғана тәуелсіздігіміздің тұғыры – берік, болашағы – баянды болары сөзсіз.

Міне, осы мақсатта Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай **«Абай әлеміне саяхат»** атты республикалық байқауын ұйымдастырдық. Байқауға республикадан 800 педагог жұмыстарын жолдап, ішінен үздік деп танылған, талапқа сай 120 автордың жұмыстары осы жинаққа енгізіліп отыр. Педагогтардың мақалалары, эсселері, сабақ жоспарлары және арнаулары осы республикалық жинақ кітабына жинақталды.

Байқаудың мақсаты – педагогтардың инновациялық әлеуетін арттыру, педагогтардың зерттеушілік қабілеттерін дамыта отырып, тәжірибе алмасу. Тәуелсіз Қазақ Еліне деген құрметін күшейту, отансүйгіштік сезімін арттыру болып табылады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Нобель сыйлығы турасында» атты мақаласында:


«Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын, дүниеда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы», - деп білім жарысының маңызын атап өтеді. Сондықтан да ел тәуелсіздігінің басты нышаны ол – білім екендігі анық.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Абай әлеміне саяхат» атты республикалық байқауға қатысқан педагогтарға айтарымыз: Қазақ Елінің тұғырының берік, тәуелсіздігінің баянды болуы ол тікелей Сіздердің қолдарыңызда демекпіз! Сондықтан да алдағы уақытта да еліміздің тәуелсіздігінің баянды болуы үшін өз үлестеріңізді қоса беріңіздер демекпіз.

Құрметті байқауға қатысушы ұстаздар!

Қазақ Елінің білім саласының дамуы жолында аянбай еңбек етіп, өз еңбектеріңіздің жемісін көрулеріңізді тілейміз!

***«Bilim-órkenieti» ұлттық-инновациялық
ғылыми зерттеу орталығының директоры
А.Б. Сатылганов***



Абиева Карлыгаш Кыдырхановна

*Алматы облысы, Сарқан ауданы, Черкасск ауылы,
«Черкасск орта мектебі»*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Қазіргі жаһандану заманында кімді тыңдаймыз, кімді негізге аламыз, қай бағыт дұрыс дегенге келгенде абдырап қалатын күйге түстік. Әсіресе жас ұрпақтың тәрбиесіне келгенде тосылып қап жатамыз. Мұның себебі сөз сырын түсінуден қалғандығымыз, сөзге тоқталмайтынымыз, оған терең, сыни көзқараста үңілмейтіндігіміз. Рухани құндылыққа жәй ғана ат үсті қарайтын халіге жеткендігіміз. Өз өзімізді терең танымай тұрып, өзгеге еліктеу, біреудің қаңсығына ұмтылу бүгінгі ұрпақты рухсыздыққа алып келді. «Рухани жаңғыру» деп жаһанға жар сап жатыр, өткенімізді қайтарып, жоғалғанымызды жаңғыртуға тырысып жатырмыз. Осы тұста жас ұрпақ тәрбиесіне ұлыларымыздың ұлағатты тағылымдарын пайдаланып, саналарына сіңіруге әрекет жасауымыз керек. Ол дегеніміз кешегі өткен жырауларымыздың асыл мұралары, ұлы тұлғалар Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіптей даналарымыздың ойлы шығармалары десек қателеспейміз.

Биылғы жыл біз үшін, келешек ұрпақ үшін де рухани жыл болмақ. Себебі, президентіміз Қ. Тоқаевтың өзі ұлы Абай атамыздың 175 жылдығын мемлекет көлемінде кең ауқымда атап өтуді тапсырды. Бұл дегеніміз Абай шығармашылығына басқа қырынан тағы бір үңілу, ұрпаққа рухани тұрғыдан түсіндіру. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Халқымыздың Ұлы ақынға құрметі «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұр. Ұлы классиктерін «халықтың атасы» деп сөйлеу ең дамыған деген ұлттарда да табыла қоймайды. Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Егер қазақ баласы да Абай томын қолға алып қойып, бір өлеңін болса да оқып өзіне-өзі Абай алдында іштей есеп берсе, «Қалай өмір сүріп жатырмын осы. Абайдың айтқан ақылын алдым ба? Жасаған ісімнен қорытынды шығардым ба?» деп қорытынды жасай келе, «Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!» деген сөзі еріксіз есіңе түседі. Шынында да, Абай – жұмбақ адам. Оның ойлары гауһардай түрленіп, әр қырынан әрқалай сәуле шашады. Көп ойларын тылсымдап кеткенге ұқсайды. Заман асқан сайын, уақыт өткен сайын тылсымның кілті табылып, Абай халқына бүгінгіден де ашыла, бүгінгіден де жақындай түсетін болады. Абайға үңілген сайын бірде табынасың, бірде қамығасың, әрқалай ахуал кешесің. Заманына, дәуіріне қарай, қоғамының өзгеруіне байланысты үнемі Абаймен сырласып отыруымыз керек. Адамның бір

жолы осы деп ойлаймын», - деуінің сыры да тереңде жатыр.

Белгілі абайтанушы Омар Жәлел президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласына қатысты пікірінде былай дейді: «Бұл мақаланы біз көп күттік. «Сабақты ине сәтіммен» деген осы, рухани пісіп-жетілген іс болды. «Сен асыққан екен деп, Алла әмірін өзгертпес» - дейді хакім Абай. Алланың әмірімен Абайдың шапанының етегінен ұстамасақ, болашағымыз неғайбыл. Қазір халықты бағатын уақыт келді, ол үшін бағбандардың өзі мықты болуы керек. Абайдың бүкіл өлеңдері, қара сөздері азаттықтың жыры. Біз Абайды суық ақылмен ғана оқып жатырмыз. «Бала Абай, ақын Абай» деген ұғым жоқ. Ол қолдан жасалған нәрсе деп ойлаймын. Абай – біртұтас әлем», - дейді. Шынымен де, Абай мұрасы бізді жаһанданудағы не бір сұмдықтардан құтқарар рухани азық. Онда ғылым да, мәдениет те, дін де, діл де жатыр. Өлеңдерін оқығанда әр шумағына, әр сөзіне, назар аударсаң, терең ой, ақыл-кеңес, сынды табасың.

Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қара сөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз.

Абай поэзиясының ішкі рухы мен көрініс-көркі, сипаты мен сыны бұрын әдебиетте дәл мұндай дәрежеде көрінбеген жарасымды жаңалық танытады. Ақын поэзиясына осындай күш-қуат, көркемдік сәулет беріп тұрған – оның шығармасында қазақ халқының бүкіл өмірінің, әсіресе сол дәуірдегі қоғамдық өмірінің шындығы терең бейнеленуі және оларда әдебиеттегі ұлттық көркемдік ойлау өзгешелігінің, өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі.

Сондықтан Абайдың өлеңдерін бірнеше тақырыптарға бөліп қарастыруға болады:

- ❖ адамгершілік мұраты (ақын гуманизмі) ,
- ❖ әлеуметтік әуендер (саяси әлеуметтік лирикасы),
- ❖ сыншыл – шыншыл (реалистік) өлеңдері (сатирасы),
- ❖ ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлары,
- ❖ сыршыл өлеңдері (көңіл күй лирикасы),
- ❖ махаббат сарындары, сұлулық сымбаты (махаббат лирикасы),
- ❖ суреткерлік шеберлігі (табиғат лирикасы),
- ❖ ойшылдық сарын, шеберлік қырлары (философиялық лирикасы),
- ❖ ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар (эстетикалық танымы).

Міне, қарап отырсақ Абай бармаған, Абай сыр шертпеген тақырып жоқ. Әмбебап ғылым, әмбебап өнер бәрі-бәрі Абай шығармаларында жатыр.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде:

«Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,

Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға...

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,

Оларға кез-кезімен нәби келді.

Қағида шарифаты өзгерсе де,

Тағриф алла еш жерде өзгермеді» немесе,

«Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен

Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті». Алланы сүюдің, адамзатты сүюдің қағидасын көрсеткендей.

«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы» өлеңінде:

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.
Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Ұлы ақынның адамгершілік тұрғысындағы кез–келген өлеңін алып қарасақ та адгершіліктің шың, биігін байқаймыз. Рухани тереңдікті сезінеміз. Азып бара жатқан заманда ұрпақ үшін Абай шығармаларының маңыздылығын осыдан–ақ байқауға болады.

«Ғылым таппай мақтанба»-дейді ақын. Ал біз ше? Немен мақтанып жүрміз? Қымбат көлік, қымбат киім, жарыса жасайтын ысырапшыл тойымызбен, шен, мансабымызбен тағы басқа түкке тұрмайтын материалдық байлықпен ғана. Жарқ етіп ғылымымызбен мақтана алмай келеміз. «Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды?» деген Абай атамыз. Қоғамға қарап тұрсақ сол қырт мақтан, арзан күлкі, орынсыз қылжаң. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің түбі – ақымақтық»-депті хакім Абай. Енді осы ақымақтықты қойып, жұрт қатарлы өмірге ұмтылуымыз керек. Ол үшін ертең де осы халді кешпес үшін болашақ ұрпаққа дұрыс бағдар беруіміз қажет.

Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар Әуезов «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмытушылықтан, ізденуден жалықпайық. Абайды тану – өзіңді тану. Яғни, жеке тұлғаның өзін тануы, ұлттың өзін тануы. Абай өлеңдерін құр жаттап, қара сөздерін оқып қана қоймай, Абай ілімін бойына сіңіріп, ішіне еніп, жүрегіне бойлатқан, сіңірген ұрпақ тәрбиелеу басты мақсатымыз болу керек. Сонда ғана біздің ұлттың мінезі түзеледі, ұлтын сүйетін, елін сүйетін, болашағымызды сеніп тапсыратын ұрпақ қалыптаспақ.



Аблезқызы Зухра

*ШҚО, Абай ауданы, Медеу ауылы, «Медеу орта мектебі»,
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Биыл қазақтың бас ақыны, дара ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл. А. Құнанбаев – ұлы ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын орнатқан алтын көпір. Қазақ поэзиясының кемеңгер ақыны - ұлы Абай атамыздың жақұт жырлары мен ғибратқа толы қара сөздері – күллі әдебиет тарихында бұрын-соңды болмаған ірі құбылыс. Ақынның қай туындысын алмасақ та педагогикалық ой-пікір мен тәлім-тәрбиенің, даналық пен өмірлік сабақтың ұштасқан қайнар көзі екенін аңғарамыз. Абай – адамзаттың айнасы, руханияттың қазығы. Өркениеттің өзегіне шер байланғанда, ақынның жырын қайыра оқысаңыз болғаны, жан дүниенің тазарып сала береді. Қандай ғажап құндылық, неткен сұрапыл күш дейсіз сосын. Көз сүйсінеді, жүрек толқиды. Ол – бабатанымның баспалдағы іспетті биік те мұнарлы. Арқаға қанат біткендей алға ұмтыласың да тұрасың. Қабырғалы қарасөздері жастарға бағдаршам. Адамның өмір жолаушысына жетіқарақшыдай жәрдемші. Мұрасына үңілген сайын ұлтқа деген сүйіспеншілігің еселене түседі. Абай шығармаларынан жаңа ғасыр келді деп келешектің мақсатын көрсететін сарын сезіледі. «Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, демек өлеңдерім тәрбие мәдениет үгітшісі болсын деген сөз өрбітеді. “Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ” деп ойлы жастар осыдан үлгі алсын дейді. Расында, Абай атамыздың қай өлеңін алып қарасақ та, тәрбие мен адамдық қасиеттерге баулитыны хақ. Әрбір өлеңі балаға жан-жақты тәрбие беруді ойластырады. «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Әсемпаз болма әрнеге», «Бойы бұлғаң» өлеңдері балаларды ғылым-білім үйенуге шақырып, адам бойында кездесетін жақсы, жаман қасиеттердің жігін түсінуге жетелейді. Адамның өсіп жетілуіндегі тәрбиесіне де ерекше мән берген ақын. Оның дәлелі: «адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап татып – естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» деген даналық ойы, яғни адам ақыл-ойының, есінің тәрбие арқылы ғана жетілетінін ғылыми түрде дәлелдеген.

– Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан,

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан, – деп жас ұрпақтың белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен нан табуын уағыздайды. Ол үшін қайырымдылық пен адалдық, қайрат пен ақыл керек екенін тағы ескертеді. Ақынның қай өлеңін алсақ та, астарлы ой мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынаған немесе адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды оқып білеміз. Бұл ақынның көпшіліктің іс-қылығына көңіл толмаған шарасыз күйін байқатады. Адал еңбек, маңдай термен емес, байларды аңду, оның малына сұғанақтықпен көзін қадаған көпшілікті сынға алады. Қазақы тіршіліктегі қайшылықты өмір көшін, сол кездегі әлеуметтік жағдайды сынап-мінейді. Іс-әрекетте ішкі рухани дүние – «иман жүзің сай болу керек» дегенді айтады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адам бойында болуы тиіс бес асыл қасиетті және бойымызды аулақ ұстар бес жаман істің аражігін ажыратып береді. Бос күлкі, өтірік, өсек, жалқаулық, дүниені босқа шашу, мақтаншақтықтың түбі жақсылыққа апармайтынын түйіндесе; рақымшылық, терең ой, талап, еңбек, барға қанағат ету қасиеттерінің адамға қажеттігін аңғартады. «Адам болам» деген адамзат баласы жаманынан жиреніп, жақсысынан үйренуі тиіс екендігін кесіп айтады. Өйткені, бойыңда жақсы қасиеттерің болмаса, ғылым үйренудің түкке тұрғысыз дүние екенін дәлелдейді. «Өлең - сөздің патшасы» өлеңінде тіл тазалығын сақтау, бөтен сөзбен тілді ластамау қажет дейді. Өлең зор тәрбиелік мәнге ие, сонымен қатар бүгінгі таңның жаһандық мәселесін де көтеріп отырғаны сөзсіз. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде құрмет, қадір, сый, жолдастық, сұхбаттастық, талаптылық ұғымдарының мәнін ашады. Бос күлкі, кісі артынан сөйлеу, ғайбаттаудың тек адам қасиетіне ғана емес, адамның сыртқы бейнесіне де зор нұқсан келтіретінін көрсеткен.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.

Арамдықтан жамандық көрмей алмас

Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек, - деп, жалқаулық жайлаған елдің адал еңбек етудің орнына ұрлық-қарлыққа әуестенудің түбі баянсыз екенін ескертіп, амандықтан жирендіруге тырысады. Сондықтан «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» атты өлеңінде еңбексіз бос жүрген кедейді былай деп еңбек етуге шақырады:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса сыйламай тұра алмас ел.

Қаруыңның барында қайрат қылмай,


Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел, -дей отырып, қарапайым халық үшін жамандықтан арылудың, адал еңбек ету арқылы табыс табудың жолын нұсқайды. Іс-әрекеттің орынды, үйлесімді болғаны, жолдастықтың беріктігі, тілдесімнің анықтығы, құрбылардың түсінісе білуі сияқты өмірлік тақырыптар Абай заманынан бүгінгі күнге дейін өз өміршеңдігін бір жоғалтқан емес. Бұдан Абай өлеңдерінің заманауилығын, жаһандығын, дербестігін көреміз. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде Абай мұрасын қолдану өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-парасаты биік болуына, мінез-құлқы, іс-әрекетіне ықпалы зор екені даусыз. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысаны «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп жас буынды елдің, халықтың қамын ойлайтын, адал қызмет ететін ұрпақ болуға шақырады.

– Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз, – деп ұрпағына даналық ақылын айта отырып, талапты болуға, жақсыдан үлгі алуға, ғылым, білім үйренуге үндейді. Ұлы Абай балалар мен жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беруде халық мұрасының тәрбиелік күшін-жоғары бағалаған. Өзінің өлеңдері мен қара сөздеріне халықтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін салт-дәстүрлерін орынды пайдалану арқылы балалар мен жеткіншектердің болмысқа деген эстетикалық- көзқарасының, талғамының, сезімінің қалыптасуына ықпал етті. Абай өз өлеңдерінде мақсатын, ішкі-жан сырын, ешбір бүкпесіз жайып салады. Абай эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде халық музыкасының маңызына да тоқталады. Қорыта айтқанда, ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет-өнеге толы. Сондықтан да Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар аса мол деп сеніммен айта аламыз. Осының дәлелі ретінде қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған „Абайдай алып теңізге жолаушылар өз кемесіне мініп Абай дейтін әлемге саяхат жасамақ мақсатында «Абайтану сыныбы» Абай ауданының барлық білім мекемелерінде ашылып отыр. Абай өлеңдерін талдай келе, онда тәрбиелік арналардың қайнар көзі жатқандығына көз жеткіземіз. Ұлы ақынның әрбір айтқан сөзі -есті адам үшін өсиет-өнегенің таптырмас үлгісі. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа!» демекші, өмірге азық боларлық асыл ойлардың Абай жырларында тұнып тұрғаны баршаға мәлім.





Адильгазимова Лазат Садыкановна

*Нұр-Сұлтан қаласы,
№61 орта мектеп*

Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі

Абайдың әкесі Құнанбай – қара сөзге дес бермеген шешен, ел басқарған көсем, батыр, найзагер адам болған екен. Ол жасынын кесек мінезді, қатал болған деседі. Қаталдығын ағайын – туғанға ғана емес, ет жақындарына әке-шеше, бала-шағасына да көрсетіп, бір қалыпта ұстаған екен. Сонымен қатар, ол өте әділ болған. Өмірдегі сұңғыла, ру бірлігін ойлаған, болаттай берік, айлалы Құнанбай бейнесі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман – эпопеясында қалай ашылған? Романдағы жағымсыз кейіпкер қандай қырымен көрінеді? Жалпы, өз заманының биігі болған Құнанбай қазір өз бағасын ала алды ма?

Құнанбай – өте күрделі бейне. Өз заманының мықты тұлғасы. Көңілі жүйрік, ақылы да қайраты да озық, көреген Құнанбай эпопеяда қандай рөл атқарады? Ол шынымен-ақ қатал, озбыр, өз дегенім болсын деген өзімшіл ме? Шығармада Қодар мен Қамқаны өлім жазасына кескен сәт бар.

Ол – Құнанбайды қатал, аяусыз, зұлым, қатыгез етіп көрсеткен бірінші оқиға.

Қамқа мен Қодарды түйенің өркешіне дарға асқызуы. Себеп, атасы мен келінінің әуейі болуы. Екеуінің жазасын шарифат арқылы жүзеге асырады.


Бұл – қатыгездік пе? Жоқ, егер атасы мен келінінің зинақорлық жасауының алдын алмаса, кейінгі желөкпелердің осындай жағдайды қайталауы мүмкін ғой. Содан барып осындай оқиғаны қайталаған халық азып-тозып, ар-ұяттан безбей ме? Міне, қатал үкім шығаруымен Құнанбай ел ішінде ардан безетіндердің көбеюінің алдын алған, тийім салған. Сонымен қатар, қырық рудың билеріне қырық кесек тас атқызып, даланың «тас боран» әдісін пайдаланған. Бұл әдісті пайдалана отырып «Қодар мен Қамқаның өліміне Құнанбай кінәлі» деген дақпырттың алдын алған. Өйткені, әр ру билері тас лақтырды. Ендеше, бәрі кінәлі, бәрінің де өз үлесі бар. Осыдан біз Құнанбайдың тым әріден ойлайтын сұңғылылығын көреміз.


Құнанбайды жексұрын, шарифатшыл, қатыгез етіп көрсететін тағы бір оқиға – жақын туысы, немере болып келетін Әмірді «салалы саусақтарымен шеңгелдей қылқындырып» өлтіре жаздаған сәті.

«Менен туған арам қан, бәдбақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я.

Кәрім алла, менің қолымнан өлтірпедің. Бендең болған бар тілегім сол болсын. Ал, мына екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін, жоғалғырлардың!» деп, қолының сыртымен теріс батасын берді» - деген оқиғадан Құнанбайдың қатты ширыққан, назаланған, күйзелген сәтін байқаймыз. Құнанбайды сонша ширықтырған қандай оқиға? Ол – Немересі Әмір мен Үмітей қыздың арасындағы сүйіспеншілік. Үмітей мен Әмір туыс. Ағайынды адамдардың балалары. Бұл оқиғаны туған-туыс жасырып баққанмен, ол сыбыс Құнанбайдың құлағына жетеді. Құнанбайдың екі немересінің көңіл қосуы кешірілмес күнә. Ұрпаққа қандай тәрбие болмақ? Ертең – ақ бұндай оқиғаның саңырауқұлақша қаптамамына кім кепіл? Ендеше, осы үшін Құнанбайды кім жазғырады? Өйткені ол өз мүддесі үшін емес, бүкіл ұлттың ұятын арашалап отыр.

Қорыта келгенде, Құнанбай қатал да әділ адам бейнесінде суреттелген. Романда жағымсыз кейіпкер болғанмен, ол ел бірлігін, ұрпақ тазалығын ойлаушы. Діндар, шариғатшыл, таза адам. Әр қырымен көрінген Құнанбай бейнесі мен өмірдегі шынайы бейнесін салыстыра отырып әділ бағасын ұрпақ берер. Құнанбай бейнесі әлі де көптеген зерттеулерді қажет етеді.





Лйтказина Лйгерим Сериковна

*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы,
«Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі»*

Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романындағы Құнанбай бейнесі

Мұхтар Әуезовтің дүниежүзіне танымал болған «Абай жолы» романының идеялық-эстетикалық мұраты өте жоғары, қазақ халқының бүкіл дүниетанымын сипаттайтын ұлы туынды. «Абай жолы» эпопеясын жазуда өмір материалдарын молынан пайдаланғанын жазушы өзі де, романға баға берушілер де айтты. Жазушының шығармадағы оқиғалар тізбегін неғұрлым өмірлік деректерге жақын құрғанын шығармадағы кейіпкерлер болмысы дәлелдей түседі. Ал Құнанбай бейнесі қалай сипатталған?

Романды оқыған кез келген білім алушы оқырман, яғни оқушылар, әрине, Құнанбайды мейірімсіз, қатал, жауыз, қанішер, азулы, қазымыр, қырыс, қу, сұңғыла, зымиян, әміршіл, әділетсіз, озбыр, қытымыр, өктемдік иесі ретінде таниды. Әсіресе, «Қайтқанда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда», «Биікте» бөлімдерінің мазмұн желісінде орын алған оқиғалар бойынша, мысалы, Абайды оқытпай, ел ісіне араластыру үшін алып келген әрекетінен Құнанбайдың мейірімсіз бейнесін таниды. Қодар мен Қамқаның оқиғасынан қатыгез бейнесімен, Камшат өлімі мен Әмір жайлы оқиғадан қатал мінезі көрінеді. Ал құн дауы мен Меккеге бару әрекеттерінен қу, зымиян мінезімен танылады. Алайда ол оқушы көзқарасы. «Тура биде туған жоқ» дейді дана қазақ. Жоғарыда айтылған көзқарасты керісінше ойлап қарасақ, Абайды оқытпай, ел ісіне араластырмақ болған әкесі Абайдан ерекше үміт күткен. Бұл жерден Құнанбайдың көрегендік қасиеті танылады. Меккеге баруы, Қодар мен Қамқа оқиғасының орындалу шешімін қабылдауынан рухани таза адам болғаны анық. Құнанбай – елдің тұтастығын, халқының қамын, келешегін ойлаған, халқының қамқор азаматы болған аса ірі тұлға. Жеке басы да, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі де қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша үкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шарифат жолын қатар ұстады. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлысын кәдеге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп түсінді. Барымтаға, ұрлыққа, әдепсіздікке, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Сол арқылы Тобықты елінің басын біріктіріп, бір қолға қаратып,

оның жерін кеңейтуді басты мақсат етті. «Ел өседі, жер өспейді» деген қағиданы берік ұстанды. Заманның ауқымын қарап, ертеңін болжады. Балаларын орысша оқытты. Мұсылмандықты уағыздады. Медресе салдырып, Әуез, Ғабитхан, Кішкене молда іспетті шарифат ғұламаларын ауылына көшіріп әкелді. Сырттай Кенесары қозғалысына қарсы күрескен сияқты түр көрсетіп, астыртын оған қолдау көрсетіп, көмек берді.

«Асқар тауға анадайдан қара» дейтін сөз бар. Қазақ кеңес әдебиетінің асқар тауы, алтын діңгегі болған сом тұлғалы дарын иесі Әуезовтің шар қайрағына айналған Құнанбайды өткен күндердің көзқарасымен оқысақ, шын мәнінде нашар озбыр адам секілді. Романды ықыласпен әрбір іс-әрекетін оң көзбен қарап қабылдасақ, автор Құнанбайды еш жаман етіп көрсетпеген. Азулы, қатыгез жан емес, ақылды, жетер жерін білетін, терең ойлы адам, көкірегі ояу көреген, ашу мен қайратын қатар ұстайтын қайсар рухты бейнесін көре аламыз. Автордың бұл романда Құнанбай бейнесін жасаудағы шырғалаңының сыры сол кездегі саясат пен саяси ахуалмен байланысты болып отырғаны бәрімізге аян. Құнанбайды озбыр етіп суреттеудің мәні кешегі кеңестік дүниеде жатыр. Ол кезде бай, сұлтан, молданы мақтап сөз сөйлемек түгілі, жанына жақын барудың өзі айып болғаны кешегі 30 жылдар зобалаңынан-ақ белгілі емес пе? Олай болса, жазушы сол заман ағымына бағынды. Заман солай сөйлетті.

«Құнанбай – жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі» деген ойын қазақ ақыны А.Байтұрсынов ашық айтқан. Роман мен шынайы өмірдегі Құнанбай бейнесі алыс емес. Ақыл мен сөзге келелі кеңеске, көп елді тоқтатып, билік байлауға келгенде өз тұсындағы орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарындағы кісі болып саналған болу керек. Мұның белгісі Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернилерде, ел аузында қалған билер жайында естеліктер Құнанбай атының көп аталатын болғаны. Тобықты ішінде «Құнанбай айтты» деген сөздердің ішінде философиялық айтарлық ақиқат сөздердің мына сияқтысы бар:

- Құл мен қожа майданда теңеледі, жас пен кәрі білімде теңеледі, бай мен кедей жомарттықта теңеледі, жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.
- Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.
- Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан қиын жоқ.
- Өткен істен оңай жоқ, келесі істен қиын жоқ.
- Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік.
- Жарлы кісі жамалар, жамалар да қуанар, жаман кісі жалынар, жалынар да жұбанар.
- Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға.
- Құнанбайдың бұл айтып кеткен сөздері бүгінгі таңда мақал-мәтелге айналып, ел аузында айтылып жүр.

«Мен Абай кезіндегі қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі тереңдегі ескіні Құнанбай бейнесіне жинақтадым. Ал оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар. Сондықтан, Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы мен үлкен қоғамдық шындықты - ескі мен жаңаның қарама-қарсылығын, ескіні жаңаның жеңуін көрсетуге тиіс болдым», - деп автор М.Әуезов айтқан. Ендеше, Құнанбай бейнесінен ата қазақтың түсінігі мен тарихын, тамырын көре аламыз. Осылайша Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, ізге түсірген М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесі жан-жақты сипатталып, өте шебер сомдалған.

Абайдың білім-ғылым бағытындағы қарасөздерінде кездесетін кірме сөздер

Аннотация

Жасалған зерделеу жұмысында қазақ халқының ұлы ақыны туралы өмірлік дерек беріле отырып, публицистикалық стильде жазылған терең философиялық қарасөздерінің зерттелу тарихына шолу жасалып, білім-ғылым бағытындағы бірнеше қарасөзі талданған. Сонымен қоса, талданған қарасөздерінде кездесетін кірме сөздерге түсінік берілген.

Аннотация

В данной исследовательской работе рассматриваются некоторые исторические факты из жизни и творчества великого казахского поэта. В результате анализа автор в своей работе раскрывает свои исторические исследования на примере «Книги слов», которые обладают свободой трактовки. При сохранении единого текста и структуры некоторых притч из сборника «Книга слов» достигается широкое разнообразие анализа взглядов исследователя. Особое внимание в работе автор акцентирует на разъяснении значений заимствованных слов в притчах.

Annotation

Having studied the work of the Kazakh people poet's life information, the philosophical deep words were studied in historical view which was written in the journalistic style, a few deep words were analyzed educational. As well as, you can find the explaining of the introductory words.

КІРІСПЕ

Ғасыр жүгін арқалаған ойшыл, Ұлы ақынның 175 жылдығына орай мұрасын жаңғырта отырып, жас буынға түсіндіру қажеттігі ескеріледі. Мектеп оқушылары арасында Абай шығармаларын насихаттау, шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, мәдениетін дамыту мақсаты көзделген.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Қарастырылып отырған жұмыста қазақтың Ұлы ақыны – Абайдың өмір жолы, публицистикалық стильде жазылған қарасөздерінің зерттелу тарихы, білім-ғылым бағытындағы бірнеше сөздерінің мазмұнына талдау жасалды. Сонымен қоса жалпы еркін ой білдіру формасында жазылған қарасөздерінде кездесетін кірме сөздердің мағыналары зерттелген.

Жұмыстың өзектілігі

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – білім-ғылым саласы болғандықтан, Абайдың 7, 19, 27, 31, 32, 37, 38-қарасөздерінің мазмұнына үңіле отырып, білім-ғылым бағытындағы құнды іліміне талдау жасалды. Сонымен қоса, қазіргі таңдағы жас буын түсіне бермейтін араб-парсы тілінен енген сөздерінің мән-мағыналарына түсінік берілді.

Зерттеудің мақсаты

Жасөспірімдерге, оқушыларға Абайдың ілімінің мақсатын ұғындыра отырып, санасына ақын шығармаларын насихаттау. Қарасөздеріндегі терең дүниетанымның сырын, соның ішінде білім-ғылымға қалай бет бұруға болатынын түсіндіру;

Зерттеудің маңызы

Жұмыс мектеп қабырғасындағы жоғары сыныптар үшін, мектеп бітіруші

түлектер мен болашақ маман иелері үшін білім-ғылым жағынан бірден-бір дұрыс жол сілтеушісі.

Жұмыстың нәтижесінде:

Бұл жұмыспен танысқан кез келген тұлға Ұлы ақынның өмір жолын түсінеді, қарасөздері қалай жазылғанын, «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың ілімі мен білімінің арқасында бүкіл әлемді мойындатқанына көз жеткізеді. Абай ілімінің тереңдігін ұғынған тұлға қарасөздеріндегі кездесетін кез келген кірме сөз мағынасын да ажырата алатын болады.

Қазақ халқының ұлы ақыны

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқтықсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..»

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Өзінің замандастарының айтуына қарағанда, Абай өлеңді өте ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Жас кезіндегі өлеңдерінің бірқатары ұмытылған, болмаса жоғалып кеткен шығармаларының аттары ғана сақталған. Ру таластарының дау-жанжалына амалсыз араластырылған Абай әкесінің әділетсіздігімен, қаталдығымен келісе алмады, көп істерге, әкесінің ырқына көнбей, әділ үкім шығарып отырды. Жиырма сегізге келгенде Абай әкесімен біржола ажырасады. Ол ең алдымен, орыс тілін үйренуге бет бұрды. Абайдың жаңа достары – негізінен кедей рулардан шыққан талантты жастар, ақындар, жыршылар және орыс интеллигенциясының таңдаулы өкілдері болады. Есейген, мәдениеті өскен Абай орыстың классикалық әдебиеті мен Шығыстың халық творчествосын оқи бастайды.

Отыз бес жасқа келгенде ақын қайта творчествоға бет бұрады. Бірақ бұл кезеңде де Абай өз өлеңдерін жас достарының атынан таратады. Тек, 1886 жылы, қырық жастан асқан соң «Жаз» деген атақты өлеңін жазғаннан кейін ғана Абай шығармаларына өз атын қойды. Өзінің өлеңдерінде ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз әшкерелейді және халықты өнер-білімге шақырады. Абай орыстың жер ауып келген 70-80 жылдардағы революционерлерімен танысады. Ақын қазақ халқының ғасырлар бойғы қараңғылықтан құтылатын бірден-бір дұрыс жолы – орыс және қазақ мәдениетінің жақындасуында деп білді. 1886 жылдан бастап ол Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударды. 1

Абай тек қана ақын емес, сонымен қатар қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам, ал 80 жылдардың соңында ақын, ойшыл, музыкант Абай халық жақсы білетін әрі аса қадір тұтатын кісі болды.

Абайдың әлеуметтік қызметі мен ақындық шығармалары дала жастарының арасында белгілі болған. Көптеген жиындарда, ойын-тойда, қыз ұзатып, келін түсіргенде жыршылар мен ақындар Абай өлеңін айтатын. Абайға орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық, халықтық-демократиялық ой-пікірінің таңдаулы дәстүріне тәрбиеленген, өз ісінің болашақ мұрагері, талантты баласы Әбдірахманның өлімі аса ауыр қайғы болып тиеді. Оның өліміне арнап Абай көптеген әсерлі өлеңдер шығарады. Абай ауыр өлімнің қайғысынан серпіліп болмай-ақ, тағдыр оны тағы да соққылайды: Абайдың

екінші баласы, талантты ақын – Мағауия қайтыс болады. Осындай бақытсыздық қатты жаншып, еңсесі түскен. Ұлы ақын өзінің қайғы-қасіретінен бой жаза алмай, Мағауия өлгеннен кейін қырық күн өткен соң, алпыс жасқа шыққанда, өзінің туған даласында қайтыс болады. Абай Шыңғыс тауының бауырындағы өзінің Жидебай деген қыстаының жанына жерленеді.

Абайдың өлеңдер мен поэмалардан, аудармалар мен ғақлиялардан тұратын әдеби мұрасы үлкен-үлкен екі том болып басылды. Ақынның көп жылдар бойындағы ойлары мен толғаныстарының, ізгі жаны тебіренуінің аса бір қымбатты нәтижесіндей бұл еңбектері тарихи тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты болып көрінеді. Абайдың 80-жылдардағы өлеңдерінің көпшілігі қазақ қоғамының тағдырына арналды. Көптеген өлеңдері («Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Күлембайға», «Көжекбайға», т.б.) надандық, даукестік, парақорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани бишаралығы өлтіре сыналды. Абай жаңа поэзияның биік мақсаты, міндеті – халыққа қызмет ету, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру деп біледі. Шығыс поэзиясына, мәдениетіне келгенде де өзіндік бетін сақтай білді. Ол түпнұсқа арқылы араб-иранның бүкіл батырлық діни эпосын, шығыстың Фердоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты классиктерін білді. Классиктердің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб-парсы сөздерін енгізіп, сол ақындарға өзі де еліктеген еді. Молдалар мен ишандардың діни фанатизмін, екіжүзділігін, пайдакүнемділігін сынай отырып, бірсыпыра өлеңдерінде, қарасөздерінде дінді жақтады. Дидактикалық өлеңдерінің насихатының бірқатарын Абай ислам заңдарымен дәлелдеді.²

Орысша аудармалар арқылы Абай Гете мен Байронды, Батыс Еуропаның басқа да классиктерін білді. Қазақ әдебиетінің өркендеуі үшін Абайдың аудармашылық жұмысының зор маңызы болды. Бірақ оның орыс әдебиетімен байланысы мұнымен ғана тамамдалмайды. Бұл мәдениет пен көркемдік дәстүрлердің аса күшті ықпалын Абайдың өз шығармашылығынан іздеу керек. Мысалы, Пушкинді Абай басқа орыс классиктерінен гөрі сиректеу аударған. Солай бола тұрса да, оның орыс ақынымен байланысы өз шығармашылығында әрі терең, әрі айқын көрінеді. Оның лирикалық ойға шомуларында, табиғат суретін реалистікпен беруінде, махаббат иесі әйелдің жүрегін терең түсінуінде, әлеуметтік сарындардың адамгершілік үнінде Пушкиннің көптеген сипат белгілері бар.

Бүкіл дүниежүзінің алдыңғы қатарлы ақындық мәдениетінің маңызды элементтерін қамтыған Абай шығармалары қазақ әдебиетін, оның бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеулік қалпынан шығарып, жағары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының тарихында тау шынарындай биік тұр. Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы – Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы, міне, осында.

АБАЙДЫҢ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ЖАЙЫНДА АЙТҚАН ҚАРАСӨЗДЕРІ ЖӘНЕ МҮНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫ

Абайдың әдеби мұрасының көлемді де елеулі әрі қазақ әдебиетінің тарихында болмаған қайталанбас ерекшелігі бар саласы – оның қарасөздері. Толық жинағында 1890-1898 жылдар арасында жазылған бір алуан шығармалары, бұл саласы әлі күнге дейін ең аз зерттелген. Абай өлеңдері мен әндері төңкеріске дейін-ақ қазақ сахарасына мәлім болса, ал оның қарасөздері бұл дәрежеде танылмады. Ақынның қарасөздері тұңғыш рет төңкерістен кейін ғана баспасөзде үзінді ретінде жарияланып жүрді де, 1933 жылы ғана толығымен жарық көрді. Абай қарасөздерінің әдеби тұрғыдан арнайы зерттеу нысанасына алына бастауы Х.Сүйіншәлиев, М.Фетисов, Қ.Өмірәлиев т.б. зерттеу жұмыстарынан орын ала бастады. Х.Сүйіншәлиевтің монографиялық зерттеуі – төрт тарауға бөліп қарастырған. Бірінші тарауы – «Ұлы ақын реалист», зерттеушінің негізгі көздеген зерттеу нысанасынан тыс, тақырыпқа тікелей байланысты жоқ тақырып. Жалпы, барлық тақырып, өмірбаяны мен шығармасы жайында сөз қозғаған. Екінші тарауы – «Абай қарасөздерінің текстологиясы мен зерттелуі туралы бір-екі сөз», салыстыра отырып жасалған пікірлер талқыланған. Үшінші тарауы – «Абай қарасөздерінің тақырыбы мен идеялық мазмұны», Абай қарасөздерін шартты түрде алынған бес түрлі тақырып маңына топтастырып жіктеген әр тақырып мазмұн өз алдына жеке-жеке талданып баяндалған. Төртінші тарауында – «Абай прозасының түр, стиль, тіл ерекшеліктері», Ұлы ойшылдың ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән ерекшелігі бар қарасөздерінің жанрлық түрін анықтау қарастырылған. 3

Абай қарасөздерін, жанрлық тегі мен стильдік ерекшелік Шығыс әдебиетінде дидактикалық сарында жазылған «намелердің» төркінімен салыстыра қарау керек тәрізді. XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қауымының рухани қажеттілігіне сай қазақ әдебиетіне Абай ендірген өзіндік ерекшелігі басым қарасөздерді жаңа жанр тума стиль деп қарап, оның болмысы мен келу төркінін Абай мұрасы нәр алған Шығыстың рухани қазына көздерімен байланысты қарау әрекеті ғана жемісті нәтиже бармек, Абайдың ақындық кітапханасының рухани қазына көздеріне сүйене отырып салыстыра қарап талдай білсек, Абай қарасөздерінің жанрлық стильдік ерекшелігіне ұқсас деректерді табуға мүмкіндік бар. Осылар арқылы сенімді де дәлелді ғылыми тұжырымдар жасауға дәлел болар еді. Біз осындай деректердің бірі – Шығыс әлемінде ертеден бері мәшһүр болған Кейкавс ибн Вашамгирдің өз ұлына насихат етіп жазған «Қабус-намасы» (Шығыста «Насихатнаме») деп білеміз. Бұл кітап академик М.Әуезовтің Абай: «Өзі білген кітаптардан алған адамгершілік, гуманистік, бұқарашылдық идеяларды өзінің ұстаздық, тәрбиелік керегіне жаратуға тырысады», - деп айтқан деректер ауқымында жатумен бірге, бұл еңбектің дидактикалық характері мен жанрлық, стильдік ерекшелігі көп жағдайда Абайдың қарасөздерімен астасып, сабақтасып жатады. Мұны да құбылыс деп қарауға келмейді. Бұл кітапқа Абайдың өзінен бұрынғы, өз дәуіріндегі Орта Азия мен Татарстанның, Қазақстанның атақты ағартушы қоғам қайраткерлерінің бәрі де назар салмай өтпегенін осы кітаптың XIX ғасырда жергілікті халықтардың тіліне аударылуынан да көреміз. Өз замандастары айрықша көңіл бөлген бұл еңбекке олардың қайсысынан болса да Шығыс мәдениетін терең білген Абайдың назар салмауы мүмкін емес. Әрі Абайдың қарасөздерінің осы деректің насихаттық сипаты мен жанрлық, стильдік ерекшеліктерінің белгілі дәрежеде ұқсастығынан да байқалады. Бұл шығарманың жанрлық, стильдік ерекшелігін Абай өз ойын туған халқына насихаттауда творчестволық тұрғыдан жаңғырта пайдаланудан бой тартпаған.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», - деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов

айтып кеткен. Сөзінің жаны бар. Байқап қарасақ, ұрпаққа үлгі боларлықтай ісісте, «адам бол» деген түйіндерді Ұлы Абайдың еңбектерінен көреміз. Соның ішінде көркемдік, әлеуметтік және дінге көзқарастары терең білінген ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы – білім, ғылым бағытындағы қарасөздеріне тоқталмақпын.4

Белгілі бір кезеңдегі мәдени-экономика және саяси-әкімшілік қарым-қатынастар нәтижесінде өзара көршілес елдердің тілдері ауыс-күйіске түсіп, жаңа сөздермен, атаулармен толығып, жаңғырып отыруы заңды құбылыс. Жас шағынан араб, парсы, көне шағатай тілдеріндегі әдеби шығармаларды көп оқып, орыс тілін арнайы үйренген ақын өз туындыларында осы білімін де орынды пайдалана білген. Араб, парсы тілдеріндегі жеке сөздер мен құран аяттарынан алынған тіркестер ақынның бұл тілдерді жетік білгендігі ғана емес, солардың мағынасын неғұрлым дәл, ұғымды етіп жеткізуге ұмтылғанын танытады. Абай шығармаларында шамамен осындай 578 сөз бен сөз тіркестері кездеседі. Олардың 402-сі араб, 50-і парсы, 5-сі латын, 25-сі татар, ноғай, 62-сі орыс, 27-сі шағатай, 4-і түрік тілінен алынған, бір-бірден грек, поляк, қытай сөздерін қолданған. Сөтіп ақын өз шығармаларында қазақ тілінен басқа 11 ұлттың тілдік қорын пайдаланған.

Абайдың «**Жетінші сөзінде**»: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары... Біреуі білсем екен дейді. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, ...көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық бермейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», - дейді. Осы сөзінде «жанның тамағы» деген философиялық ұғым бар. Оны автор санамызда жүре пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Болашаққа бағдар жасай білген ғұлама Абайдың бұл сөзінен нені аңғаруға болады? Көздеген мақсаты өлеңді жолдарынан да айқын. Мәселен, «Ғылым таппай, мақтанба», т.б. өлеңдерінде айтқан. Мұнда Абай «адам болу» үшін «жанның тамағы» не екенін айқын көрсеткендей. Адам болам десеңіз...

Бес нәрседен қашық бол., -

Бес нәрсеге асық бол, - деген жолдардан «толық адам» жүйесін қалыптастырады. Абай Құнанбайұлы өз дәуіріне дейінгі дүние данышпандарының даналық мәйегін толық меңгерген және дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын бойына сіңірген, сол қасиеттері арқылы адамзат санасының дамуына үлес қосқан дара тұлға. Сондықтан ақынның шығармаларында кірме сөздер өте жиі қолданылған. **Кірме сөзлер** – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Абай шығармалары тіліндегі кірме сөздер негізінен екі үлкен топқа бөлінеді: араб-парсы және орыс сөздері. Осы сөз етіп отырған «Жетінші» қарасөзінде: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп бермесе, адамдықтың орны болмайды...» - деген. Мұндағы «һәм» сөзі – парсы тілінен енген, мағынасы – солай, және, әрі, тағы да деген шылау сөз. Ішкі рухани қазынамыз артуы өз қолымыздағы іс екенін ұғынсақ, «Он тоғызыншы» сөзімен айтылған ұғымды сабақтастыра түскен

ақынның ойы айқын. «**Он тоғызыншы**» сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» деп, жоғары айтылған өлеңін кеңіте отырып, дамытады. 5

«Он тоғызыншы» сөзінде: «...Осындай сөз танымайтуғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады», - дегендегі араб тілінің «хакім» сөзі – ғалым, оқымысты данышпан деген мағынаны білдіреді.

«**Отыз бірінші**» қарасөзінде: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші: сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», - деген. Бүгінгі таңда, қарап отырсақ, Ұлы ақынның айтып кеткен сөздері тұспа-тұс келіп отыр. Мәселен, қазіргі оқушылардың көпшілігі естіген нәрсені есінде сақтау қабілеттері төмен. Оған бірден-бір себеп, әрине, телефон, смартфон, смарт-сағаттар, әлеуметтік желі, т.б. Дегенмен де, Елбасымыз «Цифрлық Қазақстан» деп жолдауында көрсеткенмен, қоғам және жас буын тарапынан қолдану аясынан асып кетіп жатыр. Абай айтып кеткен «күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» деп айтуға әбден болады. Себебі, бұл құрылғыларды шектен тыс қолдану – адам санасын жаулап алған деген дәлелдемелер бар. Осы сөзінде: «...Екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде **ғибратлану** керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек...» - дейді. Мұнда кірме сөз:

Ғибрәт (араб) – үлгі, өнеге;

Ғибрәтлану - үлгі алу деген мағынада жұмсалып отыр.

«**Отыз екінші**» сөзі «Отыз бірінші» сөздің жалғасы іспеттес. Шын мерейленіп, ықылас-жігермен ізденген адам ғана ғылымға жетеді, оның түпкі рахатына кезігеді дейді. Білімді адам бір қызық үшін, не пайда табу үшін емес, «білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хүзүр хасил болады», сонығана көздеу керек дейді. Ғылымға шын құмарланбай, бақастық үшін шұғылданса, шала мейірмен ізденсе, нәтижесі де шала болатынына көз жеткізеді. Сондай-ақ адам еңбекпен тапқан, жетіліп алған білімді сақтау, құрметпен игеруі де керектігін, ғылым мен ақылды сақтайтын сауыт мінез екенін баса көрсетеді. «Сол мінез бұзылмасын!.. Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» - дейді. Абай адам бойындағы өзгеше қасиеттерін білім-ғылыммен байланыстырады. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...» талаптың өзіндік шарттары бар. Абай шарттарының қысқаша мазмұны мынадай:

Бірінші шарт: Білім-ғылымды ізденуге күнделікті ұсақ іске жарата қою үшін немесе біреуден артылу үшін, ерекшеленіп мақтану үшін іздену болмау керек. Ғылымға алдымен

берік ынта-ынттықтық, білмегенді біле беруге құмарлық, махаббат керек. Білмегенді білген сайын сол құмарлық арта беру керек. «адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады...», - дейді. Абай бұл жерде адам бойындағы білімге деген сезімнің адалдықпен, адамдық қасиетпен ұштасып жатуын айтып отыр. Өміріңнің ізгіленуі – ол ғылым іздеу. Білім мен ғылымның тереңіне бойлап, білмегенді білу, ғылым алдында ар ожданыңды жоғалтпау, ол жолда аянбай еңбек ету керектігін ақын өз еңбектерінде уағыз еткен.б

Абайдың пайымдауынша, білім-ғылымның екінші шарты: Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою. Таластан пікір ашылады, шындық ашылады, көңіл бекиді. Бірақ таласта өзімдікі ғана дұрыс деп қатып қалу жарамайды. Мұндайдан менмендік, өзімшілдік пайда болады. Оның ақырынан адамдыққа да, ғылымға да зиян келеді дегенді айтады. Үшінші шарт: Әр нәрсенің шындығына өз көзің толық жеткенде ғана, сенімің берік болғанда ғана, соны ғылым тұт. Сенімің берік болмаса, ол ғылым емес. Ақиқатыңа көзің жетсе, онан еш уақытта айырылма.

Төртінші шарт: Ғылымды үздіксіз зорайтып, молайтып, көріктеп отыратын нәрсе керек, ол – ақыл-ойдың ісі. Ақыл-ой арқылы көркейіп отырмаса, ол ғылым дамымайды, өспейді дейді.

Бесінші шарт: Ғылымды игеруде салғырттықтан, еріншектіктен сақ болу керек. Сол іске асыруда белгілі болған жақсыларын әрі қарай дамыта беру керек, жарамсыздарын тастау керек.

Алтыншы шарт: Ғылым-білімді есте сақтарлық ұстамдылық қажет, ақыл-ойдың, мінездің беріктігі керек, ол үшін қайрат керек. Ғылымды да, ақылды да сақтайтын сауыт сол ұстамдылық, табандылық мінез деп ғылымның ерекшелігін, оның жолындағы адал еңбекті, қажетті шарттарды даралап көрсеткен.

Отыз екінші сөзінде: «... білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынттық болып, бір ғана білемектіктің өзін дәулет білсең һәм әр білмегенді білген уақытта көңілде бір рахат **хұзур хасил** болады... **Бахасқа** бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады... Ондай бахас **хасудшілікті** зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған **хирслану** жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл **ғурурлық**, мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісіадам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды... Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде – **мұлахаза**, екінші – **мұхафаза**. Бұл екі қуатты зорайту **жәһатінде** болмақ керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, **зинһар**, жаным, соған бек сақ бол» - дейді. Мұндағы кірме сөздердің мағынасын айтар болсақ:

Хұзур хасил (араб сөзі) – тыныштық, рахатшылық;

Бахас (араб сөзі) – талас, егес;

Хасудшілік (парсы) – күндеу, күндеушілік;

Хирс (араб.) – сараңдық, дүниеқорлық; хирслану – қомағайлану, сараң болу;

Ғурурлық (араб) – менмендік, ірілік;

Мұлахаза (араб.) – ойласу, пікір алысу;

Мұхафаза (араб.) – сақтау, қорғау;

Жәһат (араб.) – күш жұмсау, тырысу, талап қылу;

Зинһар (парсы) – қалайда, әйтеуір, әсіресе.

Абайдың «**Отыз жетінші**» сөзінде: «Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық –

тұл, шәкіртсіз ғалым - тұл» дей келіп, осы жердегі «шәкіртсіз ғалым - тұл» деген жерін кесіп қарасақ. Осы философиялық терң ұғымның жалғасы келесі «**Отыз сегізінші**» сөзінде жауап көрсетілген. Былай деген: «...Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі **һауас сәлим** һәм тән саулық, бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады», - дейді. Сонда, саралап қарасақ, ең алдымен кез келген адамды биік білім шыңына жол салатын - отбасы. «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - дейді. Тағы осы сөзінде: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы...», «Білімсіздік хайуандық болады», - дегенде де халқын қараңғылықтан құтқарудағы жан айқайы. «Отыз сегізінші» сөзінде Абай жанама түрде ғылым салаларын өзінше жүйелейді де, «...дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды нақылия деп атайды, бұл нақылияға жүйріктер ғалым атанады», - деп, ғақлия жетік кісіні хақим деп анықтама береді. Ғалым хақим бола алмайды, ал кез келген хақим ғалым бола алады деп көрсетеді. «**Жиырма жетінші**» қарасөзінде хақимге мысал ретінде Аристотель мен Сократты атаса, ғалым ретінде Сократтың шәкірті Аристотельді атап өтетіні бар.

«Отыз жетінші» сөзінде: «...Тоқ тіленші – адам сайтаны, **харекетсіз** сопы – монтаны. »

Харекет (араб.) – әрекет, қимыл, іс, кәсіп, талап.

Ал «Отыз сегізінші» қарасөзінде: Ей, жүрегімнің қуаты, **перзентлерім!** Сіздерге адам **ұғылының** мінездері туралы біраз сөз жазып **ядқар** қалдырайын. Біқылас **бірлән** оқып, ұғып алыңыздар, махаббатың толады. Махаббат – әуел адамның адамдығы, **ғақыл**, ғылым деген нәрселер бірлән. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі **һауас сәлим** һәм тән саулық, бұлар туысынан болады... Алла тағаланы танымақтық өзің танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана **жәліб мәнфағат дәфғы мүзрратларны** айырмақтық секілді білім-ғылымды үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады... Соңынан моллаға берген болады я ол балалары өздері барған болады – ешбір **бәһра** болмайды. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, **хаттә иман ихтиқатқа** да қиянатбірлән болады. Олардың адамшылығының **кәмелат** таппағы – қиынның қиыны. Себебі, алла тағала өзі – **хақиқат** жолы. Көңілде өзге махаббат тұрғанда **хақлықты** таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр әрсенің түбін, **хикметін** білмекке ынтықбірлән табылады. Ол – алланың ғылымы емес, **һәмманы** білетұғын ғылымға ынтықтық. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, **ғиззат-хұрмет** таппақ секілді нәрселердің махаббаттыбірлән ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды... Әуел дін исламның жолындағы **пәнделер**, иманның хақиқатын білсін. **Иман** дегеніміз бір ғана имандық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, уа құранның аның сөзі екендігіне, уа пайғамбарымыз **Мұхаммед Мұстафа саллалаһи ғәлейһи уәсәләм** аның тарамынан елші екендігіне инандық. Сіз **Әменту биллаһи кәма һуә би исмайһи уа сифатиһи** дедіңіз. Ол есім **аллалар** һәмма ол алла тағаланың **фиғыл ғазимләрінің** аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз **сифат затиялары** не деген сөз **кәміл** үйрен. Өзіңді анық құлы біліп, өзіңді **мүслім** ат қойып, **тәслим** болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз **халіңше** ұқсатуды шарт қыл. Аның үшін Алла тағаланың сипаттары: **Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәміғ, Ирада, Кәлам, Тәкин.** Бұл сегізінен

Алла тағаладағыдай **кәмәлат-ғазамат** бірлән болмаса да, пендесінде де әр бірінен өз халінше бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз **зәрра** аттас сипатымызды ол алла тағаланың сегіз **ұлығ** сипатынан бас ұрғызып, өзге жолға салмақ бірлән біздің атымыз **мүслим** бола ала ма? Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттарыбірлән **ағламланған фиғыл құдаға** фиғылымызды ертпек не бірлән табылады, қалайша табылады, аны білмек керек. Ол – Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ғақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттарбрлән **тағрифлап** танымаққа керек. Егер де ол сипаттар бірлән тағрифламасақ бізге **мағрифатулла** қиып болады. Заты түгел, хикметіне ешбір **хаким** ақыл ерістіре алмады. Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз демеклік те – **ғақылымызға** ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Аның үшін **мүмкінаттың** ішінде не нәрсенің **үжуді** бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір **хадиске** айтылатұғын бір кадимге **тағриф** болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам алла тағаланың ішінде, құдай **табарака уатағала** кітаптарда сегіз **субутия** сипаттары бірлән уа тоқсан тоғыз **Әсма-и хұсналар** бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы алла тағаланың **затия** сүбүтия уа **фиғлия** сипаттары дүр. Сегіз сипаттан қалған алтауы бұларға **шарх**. Жә, бұл бірлік, барлық ғылым, **қүдірет олада** боларлық нәрселер ме? Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, алла тағаланың сипаты өзіндей **қадім**, һәм **әзәли**, һәм, **әбди** болады да, **һәмишә** барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші боларға жарамайды... **һәр** уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ғылым қүдіретте ешбір **ниһаятсіз** ғылымында **ғафлят**, қүдіретінде епсіздік я нашарлық жоқ. **Саниғын сұнатына** қарап білесіз... Олай болмаса, сипаттар өз орталарында бірі **тәбиғ**, бірі **мәтбуғ** болады ғой. Бұл болса, **тағриф раббыге** жараспайды. Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «**лә ғайру уә ләһу**» болып, бұлардан бір өз алдына жамағат яки **жамигат** шығып кетеді. Бұлай деу **бутыл**... Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла тағаланың **Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф** деген есімдеріне **бинаһи** бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды. Бұл сөзіме **нақлия** дәлелім – жоғарыдағы жазылмыш Алла тағаланың есімдері. **Ғақлия** дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісібірлән жаратқан анан басқа бірінен-бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ғақылды **инсанды** жаратыпты. Һәм олардан **махшарда** сұрау бермейтұғын қылып бұлардың һәммасынан пайда алардық ақыл иесі қылып жаратқан... Неше түрлі **нәбатәттәрді** өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. **Миллион** хикмет бірлән жасаған **машина, фәбрик** адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасалушы махаббат **бірлән** адам баласын сүйгендігі емес пе? Жас күнінде кішкене уақытында **шафхат сахарі** бірлән бастарын байлап қамқор қылып қоймақтығы адам баласына теңдік алсын емес, бәлкі адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегенік. Бұл хикметтерінен һәммасына һәм **мархамат**, һәм **ғадаләт заһир** түр екен. Бұл **фиғылы құданың** ешбірінде қарар қылмаймыз. «**Тафаккару фи ал иллаһи**» деген **хадис шарифтің** «**инна Аллаһу йхуббу мақсатин**» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргеніміз жоқ. «**Атамарру ан-Наса би-л – бирри уа ахсану. Инна Аллаха йхуббу-л-мухсинин**» «**уа аллазина амәну уә амилу с-салихати л-алайка с-хабул жаннатихум фиһа халидун**» деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих не екенін білмейміз. «**Уа әллазинә амәну уә ғамилу с-салихати фә йуәффихим ужурәхум уа аддаһу лә йхуббузалимин**» аятына

қарасаң, ғамалус-салих залымдықтан **дидди** болар. **Шәкірліктен** ғибадаттың бәрі туады. Енді **зинһар** ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Аллаяр софының бір фәрәдән жүз **фәрә** бижай дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы **тағриф** бойынша құдай тағала ғылымды, рақымды, ғадаләтті құдіретті етеді. Сенде бұл ғылым, рақым, ғадаләт үш сипат бірлән сипаттанбақ: **иждихадің** шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық **инсаятың** бар болады. Белгілі **жауәнмәртлік** үш **хаслат** бірлән болар деген **сиддық, кәрәм, ғақыл** – үшіндән сиддық, ғадаләт болар. Бұлар – өз ижтихатың бірлән, ниет **халис** бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ. 6

Перзент (парс.) – бала, ұрпақ;

Ұғыл (түрік.) – бала;

Ядкар (парс.) – ескерткіш, есте қалу;

Бірлән (татар.) – бірдей, қатар;

Ғақыл (араб.) – ақыл, ес, даналық;

Һауас салим (араб.) – жақсы сипат;

Жәліб мінәфағат (парс.) – пайдалыны алу, қайырымды іс;

Дәфғы мұзаррат (араб.) – зарарлыны көшіру;

Бәһра (парс.) – пайда, әсер, ләззат алу;

Хаттә (араб.) – тіпті;

Иман (араб.) – бас намазшы, дін басы, діни лауазым;

Ихтиқат (араб.) – нану, сену;

Кәмелат (парс.) – сенім, наным;

Хақиқат (араб.) – шындық, дұрыс, ақиқат;

Хақлық, хақтық (араб.) – анықтық, әділдік, шындық;

Хикмет (араб.) – ғажап, керемет, бұйрық; ақыл, өнер-білім;

Ғәмма (парс.) – бәрі, барлығы, бүкіл, барша;

Ғиззат-хұрмет (араб.) – қадір, ізет, сый, құрмет;

Пәндә (парс.) – адам, бағынышты адам;

Иман (араб.) – аллага сену, илану, діни наным, сауап;

Мұхаммед Мұстафа салаллаһи ғалейһи уәсәлләм (араб.) – Мұхаммед пайғамбарға құдайдың шапағаты мен сәлемі жетсін;

Әменту биллаһи кәма һуә би исмайһи уа сифатиһи (араб.) – Құдайға оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін;

Аллалар (араб.) – Алланың аттары;

Фигыл (араб.) – а) тәңірінің ісі, бұйрығы, әмірі; б) пікір, пиғыл, пейіл;

Ғазимләр (араб.) – Ұлы сипат;

Сифат затия (араб.) – өзіне тән, өзіне лайық болған сипат;

Кәмил (араб.) – толық, тұтас, жетілген;

Мүслім (араб.) – мұсылман;

Тәслим (араб.) – берілу, тапсыру;

Хал (араб.) – жағдай, күш, қуат;

Хаят (араб.) – тіршілік, тірі болу;

Құдірет (араб.) – күш;

Басар (араб.) – көру, көруші;

Сәміг (араб.) – есту, естуші;

Ирада (араб.) – тілеу, қалау;

Кәлам (араб.) – сөйлеу, тілеуші;

- Тәжин (араб.) – бар қылу, барлыққа келтіру;
Кәмәлат-ғазамат (араб.) – үлкею, толысу, жетісу;
Зәрра (араб.) – кішкентай, болмашы, зәредей;
Ұлыз (түрік) – ұлы, үлкен;
Мүслим (араб.) – мұсылман;
Ағламланған (араб.) – белгілі, мәлім, анық;
Фигыл құда (араб.) – а) Тәңірдің ісі, бұйрығы, әмірі; б) пікір, пиғыл, пейіл;
Тағриф (араб.) – тану, түсіну, білу, айыру, анықтау;
Мағрифатулла (араб.) – Алланы тану, білу;
Хаким (араб.) – ғалым, оқымысты, данышпан;
Ғақыл (араб.) – ақыл, дана;
Мүмкинәт (араб.) – болуы мүмкін нәрселер;
Үжуд (араб.) – бар болу, болмыс;
Хадис (араб.) – әңгіме, кеңес, ізгі сөз, аңыз; ақын пайғамбар өміріне аңыз-әңгіме деген мағынада қолданған;
Тағриф (араб.) – тану, түсіну, білу;
Табарака уатағала (араб.) – ұлы тәңірі, құдіреті күшті құдай;
Субутия (араб.) – орнықты, тұрақты;
Әсма-и хұсналар (араб.) – көркем, жақсы істер;
Затия (араб.) – өзіне лайық;
Фиглия (араб.) – өзі істейтін;
Шарх (араб.) – түсіндіру, түсінік беру;
Құдірет олада (араб.) – күш болуда;
Қадим (араб.) – ескі, көне;
Әзәли (араб.) – әуелде;
Әбди (араб.) – құлшылық ету;
Һәмишә (араб.) – үнемі, әрқашан;
Һәр (араб.) – әр;
Ниһаятсіз (араб.) – шексіз, шамасыз;
Ғафлят (араб.) – қалпы қалу;
Санигын сұнатына (араб.) – істеушінің ісіне қарап;
Тәбиг (араб.) – ертуші;
Мәтбуз (араб.) – еруші;
Тағриф раббыге (араб.) – құдайды тану;
Лә ғайру уа лаһу (араб.) – басқа да емес, соның өзі де емес;
Жамиғат (араб.) – көп адам, көпшілік;
Бутыл (араб.) – теріс;
Рахман (араб.) – жарылқаушы;
Рахим (араб.) – мейірімді;
Ғафур (араб.) – кешіруші;
Уадуд (араб.) – сүйші;
Хафиз (араб.) – қорғаушы, сақтаушы;
Сәттар (араб.) – айыпты жабушы;
Разақ (араб.) – ризық беруші;
Нафиг (араб.) – пайдалы, пайда беруші;
Уәкил (араб.) – өкіл;

- Латиф (араб.) – жақсы, кішіпейіл;
Бинаһи (араб.) – сүйеніп, негіз етіп;
Нақлия (араб.) – бұрыннан айтылып жүрген сөздермен;
Ғақлия (араб.) – оймен, ақылмен;
Инсан (араб.) – адам;
Махшарда (араб.) – діни ұғым бойынша заман ақырда адам баласының күнәсі тексерілетін орын;
Нәбатәтәр (араб.) – өсімдіктер;
Шафхат сәхәрі (араб.) – ертеңгі рақымет;
Миллион (лат.) – сан, он жүз мың;
Машина (орыс) – көлік;
Фэбрик (орыс) – фабрика;
Бірлән (татар) – бірдей, қатар;
Мархамат (араб.) – жақсылық;
Ғадаләт (араб.) – әділдік;
Заһир (араб.) – сырт;
Фиғылы құданың (араб.) – Тәңірдің ісі;
Тафаккару фи ал иллаһи (араб.) – Құдайдың бергеніне ой жібер;
Хадис шариф (араб.) – Пайғамбардың ізгі сөзі;
Инна Аллаһу йухуббул мақситин (араб.) – егер сен Алланы сүйсең, о да сені сүйеді;
Ата марру ан-Наса би-л- бирри уа ахсану. Инна Аллаха йухиббу-л-мухсинин (араб.) – жұртқа жақсылық істе және өзің де қайрымды бол, өйткені Алла жақсылық істеушіні жақсы көреді;
Уа аллазина амәну уа амилу с-салихати л-алаика с-хабул жаннатихум фиһа халидун (араб.) – сондай адамдар Құдайға иман келтіреді. Жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі жұмақта
Ғамалус-салих (араб.) – ізгі іс;
Уа аллазинә амәну уа гамилу с-салихати фә йуәффиһим үжурахим уа аллаһу лә йүхббузалиммин (араб.) – бірақ сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді. Сөйтіп, міндетін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді;
Ғадаләт рафғат (араб.) – әділдік, жоғарылату;
Дидди (араб.) – қарсы, керісі;
Фәрдә (араб.) – ертең;
Бижай (парс.) – жайсыз, қолайсыз;
Тағриф (араб.) – айыру, тану;
Ижтиһад (араб.) – талап;
Инсаният (араб.) – адамгершілік;
Жәуанмәртлік (парс.) – жақсы адам;
Хаслат (араб.) – пайда, сипат;
Сиддық (араб.) – шындық;
Ғақыл (араб.) – даналық;
Кәрәм (араб.) – ізгілік;
Тәхмин (араб.) – шама, шамамен;
Рауаж (араб.) – реттеу, пайдаға асыру;
Софы (араб.) – діни топтағы ағым;
Халис (араб.) – шын ниет;

- Ұхрауи (араб.) – ахиретші;
Тариқат (араб.) – дін жолы;
Хәрами (араб.) – арам нәрсе;
Макрухи (араб.) – жиіркенішті;
Хұзур (араб.) – тыныштық, рахатшылық;
Сахиб нигмәт (араб.) – байлық иесі;
Тәркі дүние (араб.) – дүниеден безген;
Хирс (араб.) – дүние құмарлық, сараңдық;
Һәуа (араб.) – әуестену;
Арзу (парс.) – тілек, мақсат, арман;
Риясыз (араб.) – бүкпесіз;
Надир (араб.) – сирек;
Фитн (араб.) – бұзықтық;
Тариқат (араб.) – дін жолы;
Ғарафта (араб.) – білуде, тануда;
Заһир (араб.) – сыртқы ғылым;
Бинаән (араб.) – негізделген;
Сүнгати құдадан (араб.) – Құдайдың шеберлігінен;
Санигна (араб.) – жасаушы, істеуші;
Ғашиқ мағишұқлық (араб.) – сүйші, сүйгені;
Мунәсібәтсіз (араб.) – байланыссыз;
Фиғыл пәнденің (араб.) – адамның ісі;
Истихражы (араб.) – істеу, ойлау;
Ахирет (араб.) – дүние ахиреттің егіні;
Иман якини (араб.) – шын иман;
Фатлұбни тәжідуни (араб.) – талап қылсаң табасың;
Мүнкір (араб.) – сенбеу, қарсы келу;
Уа хусусан (араб.) – әсіресе;
Әлисан гәдду ләма жәһилгә (араб.) – адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрады;
Жәһил (араб.) – бұзық;
Жәһиллар кібік (араб.) – бұзық адамдар сияқты;
Фиғылдардан күпір (араб.) – діннен шығу;
Сахаба-и кәрамлар (араб.) – ізгі сахабалар;
Тәхси ғұлұм (араб.) – ғылым үйрену;
Ғұсмания (түрік) – бұрынғы Түркия патшалығы;
Харбия (араб.) – әскери мектеп;
Рүшидиялар (араб.) – түрлі пәндер оқытылатын мектеп;
Мағишат (араб.) – тіршілік;
Мағмур (араб.) – қызық, әдемі;
Тамғылы (араб.) – тілеу, сұрау;
Шарғы (араб.) – діни заң;
Муафиг (араб.) – үйлесімді, сәйкес;
Хүкім шаригат (араб.) – шаригат жолы;
Мұхал (араб.) – мүмкін емес, екіталай;
Хасил (араб.) – жақындық табу;
Хас (араб.) – нағыз ;

Макамында (араб.) – көңіл, жүрек;
 Мұқтәди (араб.) – еру, жолға түсу;
 Бина (араб.) – негіз, тірек;
 Тағад (араб.) – құлшылық ету, жалбарыну;
 Тәклиф (араб.) – бұйыру;
 Гауам (араб.) – көпшілік;
 Иждихат ләзім (араб.) – талап қылу, міндет;
 Қасд (араб.) – ниет, арнау;
 Ағмал бин нийат (араб.) – іс істеу үшін ниет, талап керек;
 Таһарат (араб.) – намаз оқу алдындағы жуыну;
 Заһир (араб.) – айқын;
 Батин (араб.) – іш, ішкі жақ;
 Ишарат (араб.) – білдіру, көрсету;
 Шұруғ (араб.) – кірісу;
 Истинжа (араб.) – түзге отырғаннан кейін тазалану;
 Мәсіх (араб.) – дәрет алғаннан кейін мәсінің үстін сулы қолмен тарту;
 Сафлығ (араб.) – таза;
 Ағза (араб.) – мүше;
 Салауат (араб.) – дұға;
 Мәкан испат (араб.) – орын бар деу;
 Қиам (араб.) – намаз оқығанда түрегеп тұру;
 Алланың қадірлігі (араб.) – күшті;
 Ғажиздық (араб.) – әлсіздік;
 Ықрар (араб.) – мойындау;
 Зиарат (араб.) – зиярат;
 Қира әт (араб.) – оқу;
 Рүкүғ (араб.) – намаз оқығанда тізеге қол қойып еңкею;
 Сәжде (араб.) – намаз оқығанда басты жерге тигізу;
 Қадағату л-ахир (араб.) – намазда кейінгі, соңғы отыру;
 Тәшәһһүд (араб.) – куәлік беру;⁷

Ұлы ақынның шығармаларының басым көпшілігі білім-ғылымға арналған. Бірлік, адамгершілік, сүйіспеншілік тақырыптарында жазса да, түбі білім-ғылымға әкеліп соғатынын айқын жеткізген. Абайдың «Отыз сегізінші» қарасөзінде 190 кірме сөздер бар. Көбі араб тілінің сөздері болса, парсы, татар, түрік, орыс тілдерінің сөздері де кездеседі. Негізі ақынның поэма, поэзияларымен салыстырып қарайтын болсақ, кірме сөздер қарасөздерінде мол қолданылған. Ал енді неге деп себебін ойланатын болсақ, Абай көпшілікке өз ойын діни көзқараспен түсіндірген.

Міржақып Дулатов: «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», - деген.⁴ Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылады. Жастарды өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл өмірінің идеялық желісіне

айналады, бұл айтылған пікірлердің барлығы да тұлғаға қойылатын талаптар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай – халық мұңының жыршысы. Өйткені шығармаларындағы қайғы-мұң, зар Абайдың жеке басының бақытсыздығынан туған нәрсе емес, ол – екі жақты езде қалған қалың елдің қайғы-мұңының көрінісі. Өзінің білімді, сезімді болуының себебінен қайғырады. Абай мұрасы туралы зерттеушілердің зер салып аударған мәселесі – Абай тілі. Абайдың нағыз халықтық рухтағы шығармалары мен көркемдігі кездейсоқ құбылыс емес, жалпы қазақ тілінің даму дәрежесіне тікелей байланысты туған тарихи құбылыс іспеттес. Ал мазмұны – бүкіл дүниежүзін аралап келіп шығарған қорытынды нәтиже секілді. Қай жерде болмасын, қандай орта болмасын, жиналыс-жиын болмасын, кез келген жерде Абай сөзі немесе әні, күйі, өлеңдері, нақыл сөздері қалыс қалған емес. XIX ғасырдың II жартысында айтылған мәселелер бүгінгі таңда, XXI ғасырда да қозғалып жатыр. Әрбір сөзі – әрбір қазақтың аузындағы ұран. Абай тынысы мәңгі қазақ жадында. Есті ұрпақ дана сөзін – баба көзі ретінде бағалай білер.

Қарастырылған зерттеу жұмысында білім-ғылым бағытындағы қарасөздері арқылы жастарды білімділікке баули отырып, кірме сөздеріне берілген түсіндірме сөздер арқылы оқушылардың сөздік қорын молайтуға болады. Сонымен қоса, халық даналығындағы «Жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл» демекші, кездесетін лексика саласындағы кірме сөздерді меңгере алады. Жұмысты зерделеу барысында «Отыз сегізінші» қарасөзінде 196 кірме сөздер бар екені және соның ішінде: араб сөзі мен сөз тіркестері – 178, парсы сөзі – 10, татар сөзі – 2, түрік сөзі – 3, латын сөзі – 1, орыс сөзі – 2. Бұл тек «Отыз сегізінші сөзінде». Ал жалпы 45 қарасөздің ішінде 230-ға жуық кірме сөздері кездеседі.

Жалпы алғанда, Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны болып саналады. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы (шығармалардың бір томдық жинағы). – Халықаралық Абай клубы, Жидебай, 2006 ж.
2. Абай энциклопедиясы. – Алматы, «Атамұра», 1995ж.
3. М.Мырзахметұлы. Абайтану 1-том. – Астана, 2014ж.
4. Абай (қарасөз, поэмалар). – Алматы, 1993ж.
5. Т.Р.Әбдіқадірова. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру. – Алматы, 2007ж.
6. Мұздыбаев Б. Абай және оның заманы. – Алматы, 1988ж.
7. Абай энциклопедия. – Атамұра баспасы, Алматы 1994ж.



Акылбаева Лйхан Нурлановна

*Город Алматы,
Общеобразовательная школа №45*

KUNANBAEV ABAI “THE BOOK OF WORDS”

"The Book of Words" was written by Abai Kunanbayev (1845 -1904) more than a hundred years ago. At that time, there were diary entries, i.e. material for the work. For some reason, the author did not have time to complete the final processing, and therefore a full translation of "The Book of Words" into other languages for a long time was difficult for translators.

The period of prohibition on everything related to Abai's work has further delayed the recognition of the ideas of this greatest humanist and educator in the world culture. But, as they say, time puts its own emphasis...

I would like to formulate the preamble of "The Book of Words", because many people mistakenly believe that moralism is the semantic core of this work.

This is incorrect. Behavioral vices of the Kazakhs of that time (for which the author implies human vices in General) Abay uses only as a plot background to search for answers to more essential, different philosophical questions...

The soul of any person, whether he is aware of it or not, is under the yoke of the injustice of the world order. Therefore, each individual, as well as the whole of humanity, needs a reasonable explanation of this issue, corresponding to spiritual search and religious conviction. Naturally, such a task is assigned primarily to (real) humanitarians-educators, among whom Abai Kunanbayev occupies a special place.

So: an extraordinarily gifted man of the highest principles Abay, disappointed with the results of his educational mission, in thinking about the reasonableness and expediency of existence, comes to conclusions that differ in many ways from the traditional understanding... I think that Abay's thoughts will be extremely useful and interesting for the modern enlightened reader.

We are Kazakhs. And regardless of where we live, we have the same history, the same roots. The unity of any nation is not only in genetics – spiritual unity is more important. And the spiritual landmark of the Kazakhs is undoubtedly the legacy of the great Abai.

"The Book of Words". The greatest creation of the genius of the steppe. Painful search for truth and meaning of existence. Reading this work, we involuntarily, along with Abai, go

through the path of understanding reality: like a certain life-giving illuminating component that permeates the subconscious essence, we also come to the bitter realization that in the bustle of everyday, consumer concerns, something important was lost, so necessary for the "breath of the soul"...


The deepest philosophical reflections on the reasonableness of the world order, the inflexible belief that this reasonableness is based on the highest spiritual principle, gives Abai reason to believe that there is a secret meaning behind the external, visible triumph of evil. And this meaning is not solved by the mind, but requires faith: faith in the good, justice and reasonableness of existence, at the source of which is the one we call the Creator.

Abay is not an exclusive property of Kazakhs, Abay is the property of all mankind. And here we are faced with an age-old historical problem - the problem of the so-called "small languages". After all, in order for a work, even a brilliant one, to gain well-deserved recognition in world culture, it is necessary to translate this work into at least one of the so-called "big" languages of the world.

Often, many people underestimate the truly Titanic work of the translator, believing that the translator "just translates".

Of course, the translator is not the author. But in order to properly translate a work into another language, you need to have a talent more or less comparable to the talent of the author. Otherwise, the translation loses, and in proportion to the difference in talent between the author and the translator.

...To preserve, develop and multiply the best of the heritage of the past is an integral part of any national idea of the present, especially if it concerns the spiritual heritage. Otherwise, a deliberate prop is built, which does not cause anything but ridicule in others...





Алимова Гузал Рахимжановна

Түркістан облысы, Кентау қаласы, Шорнақ ауылы, Қос- мезгіл елді мекені,
«Шорнақ» жалпы орта мектебі

Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы оқу-білім тақырыбы

Ұлы кемеңгер, данышпан, қазақ халқының баға жетпес ақын Абай Құнанбайұлы өз шығармаларында оқу-білім туралы үлкен мұра, насихат қалдырған. Ол өскелең ұрпақтың білімді де, білікті болуын, ғылым мен өркениетке бастар жол екенін терең ұғынған. Абай атамыз айтқандай білімге деген құштарлық, бүгінгі жастарда қай дәрежеде? Ұлы ақынды ойлантырған білім мен ғылым мәселесінен біздер нені ұғамыз?

Абай Құнанбайұлының шығармашылығының негізгі бөлігі оқу-білім, ағарту, тәрбие екенін байқадым. Ұлы ақын «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» өлеңдерінде жастық шақты бекер өткесей, еңбектеніп, ізденіп, білім алуға шақырады. Білімді адамдың көкірегі ояу, шығар тауы биік, алар асуы мол болады.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім

Пайдасын көре тұра тексермедім» демекші, балалық шақтан бастап білім алуды үйренуге ата-аналар ерекше назар аударған жөн. «Жас бала – жас шыбық секілді бейімделгіш, естігенін тез қағып алады». Сондықтан, жастық шақты бекер өткізбей білім алуға үйреніп қал, бағалы уақытты бос жіберіп алма, дейді кемеңгер атамыз. Қай заманда болмасын қоғамға білімді, өнерлі, жігерлі, еңбекқор тұлғалар адал қызмет етеді.

«Сенде бір кірпіш дүниеге

Кетігін тапта бар қалан»...деп жазып қалдырғандай әр біріміз Отан үшін, халық үшін пайдасы тиетін жұмыстар жасауымыз керек. Абай атамыз білім-ғылым туралы, адамгершілік, терең ой туралы жазғандары кешегі заман үшін емес, бүгінгі күн жастарына тура бағыт бағдар беруші үлкен бір қазына.

Ғылым жолы – ауыр жол. Қоғамды ілгерілететін, бір елдің еңсесін тіктейтін, бәсекеге түсіретін, өркениетін өсіретін бірден-бір жол деп білемін. Данышпан философ өзінің 25-,32-қара сөздерінде де білім-ғылым үйрену туралы тоқталады. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі».

Әсемді қорыта келе, Абай атамыздан қалған асыл мұрадан аларымыз көп. Бізге аманат қалдырғандарын қастерлеп, әр қашан жадымызда сақтаймыз. Көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың жүрегінде Абай мәңгі жаңғырып тұрады.



Лудбаева Алма Молдаанұаровна

Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы,
«Қазақмыс» корпорациясы Технологиялық колледжі

Абайдың қара сөздері һәм қазіргі қоғам

Абай ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл, қазақ елінің ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, жасаған игі істері, жазған өлеңдері мен қара сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр. Қазақ елінің маңдайына біткен ұлы тұлға – Абай Құнанбаев, адамзатты өзінің қара өлеңдерімен шабыттандыратын шынайы көшбасшысының әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін, Абайдың рухани мұрасының мәнін терең түсіну қазіргі қоғам жастарының міндеті деп санаймын. Сондықтан, ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай жүргізіліп жатқан челлендж жолдаулары, өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айту шараларының басты міндеттері – жастардың санасында Абаймен насихатталатын жоғары адамгершілік құндылықтарды нығайту болып табылады. Бүгінгі күні Абай шығармашылығы несімен өзекті, өміршең, қажетті деген сұрақтар барша қоғамды толғандыратыны анық. Дара Абай атамыздың туылғанына 175 жыл толып отырған тұсында да, қанша уақыт өтіп, адамзат баласы жаңа формацияға, жаңа даму сатысына көтерілсе де, тұтас бір халықтың адастырмас темірқазығы, рухани суаты, сарқылмас қазынасы болып отыр. Сол сарқылмас қазыналардың бірі – Абай атамыздың қара өлеңдері деп айтар едім.

Жазылған қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан алшақтау үшін түрлі әдіспен сөздерді қиыстырып, әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнайды. Себебі, қайсы-бірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түсетіні анық. Абайдың осы қара сөздерін оқығанда адам белгілі бір толқу үстінде отырады. Адамзат баласының білмегенін білдіріп, еріккенге ермек деп жаза салған жоқ, ол адам өмірге келгеннен кейін өмірдің бар жақсысы мен жаманын айыра білсе екен дейді. Мұндай ой – толғанысын бірінші қара сөзінен көруге болады: «Ақыры ойладым: осы ойыма кірген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары турасында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатыны - Абайдың өз басының адамгершілігі. Бар

асылын, ойын замана жастарына, келер ұрпағы бізге де арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ақынға өте орынды тауып айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік ақыл, еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәрбие, жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, қара сөздерімен де жеткізе білді.


Абай алтыншы сөзінде қазақтың «бірлік пен тірлікті» қалай түсінетінін нақты көрсеткен. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалдың пәлсапалық мәні қандай? Оны дұрыс түсіне ала ма? «Қазақ ойлайды, - дейді абай, бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен» деп. Осы ортақтықты бірлік деп түсінеді. «Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?» - деп Абай «бірлік» деген сөзінің мағынасын өзі ашып береді. «Жоқ, - дейді Абай, - бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса антұрғандықтың басы осы».

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын – сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, біліміден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз...» - деген тұжырым ұсынады.

Қазіргі таңда осындай білім-ғылым жағдайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, ішкі уәждерін арттыратын жандар да баршылық.

Қорытындылай келе, Абайдың адамгершілік туралы, Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші рухани тұлғамыз. Абай ХІХ ғасырдың ортасында дүниеге келіп, ХХ ғасырдың басында бұл дүниеден кетіп қалған жоқ. Қазіргі ХХІ ғасырдың өзін де рухтың адамы. Абайдың адамгершілік туралы этикалық ойлары, пікірлері өз халқының ұрпақтарына әрқашан қуат бере бермек.

Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті санаймын. Әрине, ол қазақтың нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап, санамызға тоқып алмасқа?! Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бірге ұстап, Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек, келешегіміз жарқын, болашағымыз баянды болары сөзсіз!





Лубакирова Жулдыз Бакытжановна


Жамбыл облысы Шу ауданы Жаңа жол ауылы,
«Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебі»

**Абай Құнанбайұлының “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”
өлеңінің тақырыбы мен идеясы**

Сабақ:	Мектеп: Бауыржан Момышұлы орта мектебі	
Күні:	Мұғалім: Аубакирова Ж.Б.	
Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің тақырыбы мен идеясы	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	8.1.2.1. әдеби шығарманың идеясы мен тақырыбын, жанрын анықтау. 8.2.1.1. өлеңді өзінің құрылымдық жүйесі бойынша талдау.	
Сабақ мақсаты:	Оқушылардың барлығы: өлеңнің тақырыбы мен идеясын, жанрын анықтайды Оқушылардың көпшілігі: өлеңді өзінің құрылымдық жүйесі бойынша талдайды. Оқушылардың кейбірі: Абайдың өлең жазудағы мақсатын дәлелдейді	
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: білім, ғылым, проза, өлең, буын, тармақ, бунақ, шумақ, сын есім, синоним, антоним	
Құндылықтарды игерту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы, елжандылық, толеранттық, ұлтжандылық тәрбие, тарихты дәріптеу.	
Пәнаралық байланыс	Тарих, қазақ тілі пәндерінен алған білімдерін еркін қолданады.	
Бағалау критерийі	Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін, жанрын талдайды	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жинақтау, қолдану	
Алдыңғы білім	Жыраулар поэзиясы	
Жоспар		
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер

<p>Сабақ басы 10мин</p>	<p>1. Қызығушылықты ояту Психологиялық ахуал орнату. «Жүректен жүрекке» 2. Топқа бөлу. Сыныпты фигуралар арқылы 4 топқа бөлу</p>	<p>Дидактикалық материал 1, Слайд 1-5</p>								
<p>Сабақ ортасы 10 мин</p> <p>10 мин 5 мин</p>	<p>Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы 3. Тапсырмалар 1.Абай туралы мәліметті пайдаланып, мазмұндық жоспар құрыңдар 2.Оқыған мәліметтер бойынша Абайдың өмірі мен шығармашытылығы бойынша төмендегі кестені толтырыңдар</p> <table border="1" data-bbox="416 651 1182 958"> <tr> <td data-bbox="416 651 560 958">Абай туралы не білемін?</td> <td data-bbox="560 651 699 958">Нені білгім келеді?</td> <td data-bbox="699 651 890 958">Қосымиша ақпаратты қайдан таба аламын?</td> <td data-bbox="890 651 1182 958">Абай Құнанбайұлымен қандай ойларыммен және идеяларыммен бөлісер едім?</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Қалыптастырушы бағалау Әр топ өздеріне берілген фигуралар арқылы бағалайды. 4. «Рөлдегі оқушылар» әдісі 1-қадам: топ мүшелерін реттейді Баяндаушы-өлеңнің тақырыбы, идеясын, жанрына талдау жасайды. Сөз тапқыш – өлеңнен жаңа сөздерді, сын есімдерді тауып, олардың синонимдік және антонимдік қатарын құрады. Ізденуші – өлеңнің мазмұны бойынша тың ақпараттар жинайды. Дәнекер- өлең мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады. 2-қадам: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылайды. 3- қадам: талқыланған тапсырмаларды қорғайды Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Өлеңнің синонимдік, антонимдік қатарын табады; <input type="checkbox"/> Өлең мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады; 	Абай туралы не білемін?	Нені білгім келеді?	Қосымиша ақпаратты қайдан таба аламын?	Абай Құнанбайұлымен қандай ойларыммен және идеяларыммен бөлісер едім?					<p>Мәтін жазылған үлестірме қағаз; Дидактикалық материал 2, Таймер</p>
Абай туралы не білемін?	Нені білгім келеді?	Қосымиша ақпаратты қайдан таба аламын?	Абай Құнанбайұлымен қандай ойларыммен және идеяларыммен бөлісер едім?							
<p>Сабақ соңы 10мин</p>	<p>«Төрт сөйлем» әдісімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды арқылы сабақтың нәтижесі шығады. Мұғалім жасаған жұмыстарға, оқушылардың бір – біріне берген бағасына, айтылған ойларға байланысты кері байланыс береді. Үй тапсырмасы: Абай Құнанбаевтың 26-қара сөзін оқып, өзіндік болжамдарын жазады.</p>	<p>Шағын 3 қорапша Дидактикалық материал 4</p>								
<p>Қосымша ақпарат</p>										

<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p>Дифференциация үш түрде іске асады: 1- үлгерімі төмен оқушыларға қолдау топтық жұмыста үлгерімі жақсы оқушылар тарапынан көрсетіледі. 2 – оқушылардың тапсырмасынан күтілетін нәтиже дифференциацияланған.</p>	<p>Оқушылар бір-бірін дискрипторларарқылы бағалайды. Сол арқылы кері байланыс беріледі.</p>	<p>Сабақ философияға қатысты болғандықтан, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабақта оқушылардың өміріне қауіпті ештеңе пайдаланылмайды. PowerPoint таныстырылымы, аудиофайл тыңдау үшін компьютер қолданылады.</p>
<p>Ойлану</p> <p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма?</p> <p>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?</p> <p>Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?</p> <p>Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	





Лшикова Толкын Ажыбаевна

*БҚО, Қаратөбе ауданы, Қарақамыс ауылы,
«Б.Қаратаев атындағы Саралжын жалпы орта білім беретін мектебі»*

Абай Құнанбайұлының қарасөздері

Тіл көркемдігі мен сөз өлшемін қисынды қолдана білетін, орынды сөйлеп, ұғатын, бір ғана сөзге тоқтам жасайтын, дұрыс бағамдай алатын халық - қазақ елі дер едім. Себебі, кешегі от ауызды, орақ тілді Майқы билер мен Қазыбек билер, Жетес би мен Саңғыл билер екі ел арасындағы дау-дамайларды бір ауыз сөздің құдіретімен шеше білген. Солардың жолын жалғастырып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған, артынан аса құнды қырық бес ғақлияларын қалдырған ақын – Абай Құнанбайұлы.

Ақынның көркемдік қуатын, философиялық ойларын, зердесін танытатын еңбектерінің бір – қара сөздері, яки ғақлиялары. "Ғақлия" дейтін себебіміз: ғаламның танымын танытатын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік жағдайларды көтеретін қара сөзбен жазылған даналық ойлар. Абайдың даналық ой-пікірлері бірі қысқа, бірі көлемді болғанымен, түбі тереңде жатқан, тілі өткір әрі ауыр, адамға ой салатын, бірі өз-өзімен сырласу кейпінде келсе, бірі сұрақ-жауап ретінде жазылған жазбалар. Сонан болар, Абайдың «Хакім» атанғаны.

Ғалым А.Байтұрсынұлы: «сөз адам санасында үш түрлі негізге тіреледі. Біріншісі, ақылға – аңдау, ақылға салып ойлау, екіншісі, қиялға – меңзеу, үшіншісі, көңілге – түйю, талғау» - десе, Ұлы Абай үш негіз туралы жетесіне жеткізіп, тұшымды талдап, ой айтқан болатын. Ол он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүректің таласып ғылымға жүгінетіні ретінде көрініс табады.

Абай қара сөздерінде жан-жақты мәселелер талқыланады. Соларды менің жеке көзқарасым бойынша бірнеше топқа бөліп, қаратырсақ:

Бірінші топқа оқу-білімге, өнерге, мал табуға шақыратын: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік». Алайда бірлік: көкірегі, көңілі тірі болса, адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қылсаң сол ақылға бірлік болар еді» бойында бірлікті сақтар жігерің болсын немесе «Бала сұрадың ба? Сол баланы оқытатын, малыңды сарып қылып ғылым жолына сал», «Иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе: иман келтірген нәрсенің хақтығына ақылмен көз жеткізу, молдалардан білім алып, кітап оқып иманның беріктігін сақтау», «Естияр адамдардың Есеп алғаннан бергі алдағы өміріңді не білімге, не ахиретке, не өмірге жарамды» етіп өткіз, артыңнан ұрпағың айтардай із қалсын. «Ел қатарлы жыртығыңды жамайтындай өмір сүргің келсе, өнер үйрен. Мал


жұтайды, өнер ешқашанда жұтамайды», «Адамның ең жаманы – талапсыздық», «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұл ғаделет, махаббат сезімі кімде басым болса, ол кісі – ғалым, сол кісі – ғақил» - деген қара сөздерінде өмірдің мәні де мағынасы да оқуда, кітапта, ғылымда жатқандығын баса айтқан. Осы орайда ұстаз ретінде алдымда білім алып отырған оқушыларыма Абайдың пікірі бүгінге дейін өзекті екенін дәлелдеп отырамын.

Екінші адамның кейбір кездерін, қасиеттерін, мінез-құлқын айшықтауға арналған: «Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз келеді, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш тартады; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан болады: әрбір ақылсыз – надан, арсыз болады; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы да жоқ жандар болып шығады», «Күлкі өзі бір мастық, күлкіге салынған кісі барлығынан құр қалады. Жақсы іске ғибат етіп күл, жаман іске ызыланып күл. Қуланып, тіленбей, алдымен аллаға, еңбегің мен қайратыңы сеніп еңбек ет. Еңбек етсең қара жер де құр қалдырмайды», «Жас бала ата-анадан туғанда: ішсем, жесем, деген тән құмарлығымен, екіншісі, көрсем, білсем деген жан құмары деген екі мінезбен туады», «Кербез адамның екі түрлі қылығы бар: бірі, шашын-бет-әлпеті мен сақал-мұртын жөндеп әлек болса, екіншісі, әлдекімдерге қызығып, жұғымды жігіт сымақтар. Адам адам баласынан бір-бірінен ақыл, ғылым, ар деген мінездерімен озады. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі - бекершілік», «Дүниеде адамның қуаты бірқалыпта тұрмайды. Бәрінен жалығатын кездері болады. Алайда, осы жалығудың өзі – әр нәрсенің бағасын білген, көрген ойлы адамнан шығады», «Мақтан дегеннің екі түрлісін байқаймын. Біріншісі – үлкендік, ондай адамдар ел мақтамаса, жақсы демесе демесін, бірақта артымнан жамандық ермесін десе, екіншісі – мақтаншақтық, мені ел, ағайын-туыс, өзім мақтасам екен дейтін надан адамдар бейнесі», «Рас, бұрыңғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан қарағанда білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ та бұл замандағылардан екі мінезімен артық болған. Ол: ел басы, топ басы болған кісілердің сөздерін тыңдап, шешкен шешімдерін сынамаған халық және намысқойлық. Кәнекей осы екі мінез қайда? Бұлар да арлы, намысты, табанды адамдардан келеді» - деген пікірі де өзекті. Өйткені ел тізгінін ұстаған азаматтардың бойынан табылуы керек, табылуы былай тұрмақ, болуы тиіс қасиеттер.

Үшінші қазақтың кемшіліктерін мінеп айтатын қара сөздері: «Ноғайдың, сарттың, орыстың екпеген егіні, бақпаған малы жоқ, білім де, өнер де соларда екен деп қазақтың мақтан қуғанына қынжылса», «Қазақтар тыныштық, ғылым, білім, әділдік үшін қам жемейді екен. Олар үшін мал артық, мал үшін қам жейді», «Кұдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рақат көрсетер ме, өзі рақат көрер ме, яки жұртқа рақат көрсетер ме?», «Қазақтың жаманшылыққа үйір болатыны жұмысы жоқтықтан. Егін салса, сауда жасаса қолы тиер ме екен?» - деп сынағанымен, қазақты жөндеу үшін, қазаққа ақыл беремін, түзеймін деу үшін алдымен қолыңда екі нәрсе болсын. Билік пен байлық. Билігің үстем болса, байлығың мол болса, сені жұрт тыңдайды, артыңнан ереді. Ақынның осы айтқан сөздерін ұмытпас үшін өзінің отыз бірінші сөзінде: адам естіген нәрсесін ұмытпас үшін: көкірегі байлаулы, жақсы нәрседен ғибрат алып, ынтамен ұғу керек, көңілге бекіту керек, ой кеселдерінен аулақ болу керек. Көкірегі ояу, көзі ашық, ісі мен сөзіне берік, әділдік пен адалдықты биік қоятын жас ұрпақтарды тәрбиелегің келсе, білім жолына бер.

Қорыта айтқанда, қазақтың бас ақыны Абайдың 175 жылдық мерейтойын

тойлап, барлығымыз еңбектерін насихаттап, қара сөздерін оқып жатырмыз. Бұл да бір ақынның рухын қайта жандандырғанымыз шығар. Рухын риза қыла отырып, өзіміз де рухани дамудамыз деп ойлаймын. Бізге айтып кеткен әрбір сөздерін қазақ баласы ұғынып, М.Әуезов айтқандай: «Кешегі мылқау күш, күңгірт дүниеде жалын боп жанып, жарқ етіп сөнген Абайдай адал жанға біздің айтарымыз – қабыл аламыз асыл сөздеріңізді, көздің қарашығындай сақтаймыз» - дегім келеді. Лайым солай болғай! Рухани мұраны игеру, ұлы тұлға шығармаларын жас ұрпақ жадына орнықтыру ұстаз ретіндегі және тарих алдындағы парызым деп есептеймін. Жазудағы мақсатым Мұхиттың бір тамшысындай ой бөлісу.





Базарханова Динара Думанқызы

*Город Нур-Султан,
№89 мектеп - лицей*

Абай Құнанбайұлы поэмалары туралы шығарма

Биыл Қазақ елі әлемге әйгілі ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өтеді. Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Абай – қазақтың бас ақыны» - деп жоғары баға берген екен. Дана ойшыл тек ақын емес, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор ретінде де танымал. Семей өңірінде дүниеге келген болашақ ақын бала кезінен Зере әжесінің ертегісін естіп, Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өскен.

Зерек Абай бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдерін қартайғанша ұмытпаған көрінеді. Ел басқаруісіне де жастайынан араласқан. Тіпті, ол бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күнде әзірлеп шыққан. Алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленген үздік туындылар көп. Ал «Қансонарда» өлеңін оның ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы деуге болады. Әрбір туындысы тың дүние, шығармашылық жаңалық. Пушкин, Лермонтов, Крылов өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.

Абайдың оригиналдық поэмасы үш шығарма: "Масғұт", "Ескендір", "Әзім". Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрынғы шығармаларындай, өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады.

Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізденетін. Сонда Әзірет Әлі айдаһарды жазғаным жоқ, сары ала қызды жырлағам жоқ деп бір кезек айтса, тағы бір уақытта ел шапқан батырды, қызықты қыздырмалап айтсам, қызығып тындар едіңдеп, оқушыны шеней түсетін. Жәй бос уақыт өткізетін қызықшы, қысыр кеңесті құмарланып тындар едің дейтұғын. Ондай әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін. Өз басының ұзақ ақындық еңбегі бойында Абай поэма жанрына анықтап зер салған жоқ. Тек, кейін тәрбиесінен шыққан шәкірт ақындарына ғана әр алуан тақырыптар беріп, анық поэма дерлік күрделі сюжеті бар шығармаларды соларға жазғызады. Ал, солай бола тұрса да, өзін-өзі тежеп, ақындық шығармаға жанр жағынан да арнаулы қатал талап қойған ақынның, жоғарыда аталған, үш поэманы жазғанын көреміз. Бірақ жалпы

алғанда, көлемдері азғана, оқиға, сюжеттері шағын шыққан осы поэмалардың да негізгі идеясы мен мақсаты Абайдың көп лирикалық шығармаларындай, ұстаздық тәрбиелік ойларға арналғанын көреміз. Өзі көп дәстүрлерін қабылдаған орыс классиктері: Пушкин, Лермонтовтың, не Байрон сияқты Европа классигінің анық үлкен поэма жазудағы өрнектеріне Абай бой ұрмайды. Олардың поэмалары кең өмірді мол қамтитын, кейде роман- поэма, кейде қалың уақиғалы, шытырман шебер тартысы бар романтикалық поэма боп, көркем, шебер қалыптанса да, Абай сол жанрға қызықпайды.

Осы жылдарды еске алғанда, Абайдың біз тексергелі отырған поэмалары, ең әуелі жоғарыда ескерткендей, шағын халдерді алып, содан өсиеттік, ұстаздық ой туғызуға тырысады. Екінші жағынан, Абай өзінің ұзақ шығармалар тудырарлық қуатын байқап, осы тұста тәжірибе жасап көреді.

Енді осы айтылған жалпы жайларды жеке шығармаларынан, үш поэманың әр алуан өзгешеліктерін талқылаудан аңғарып көрейік. Алғашқы тексеретініміз — “Масғұт” поэмасы. Бұл поэма туралы Абайдың өзі атап көрсеткен деректері жоқ. Бірақ шығарманың ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның уақиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады.

Ең әуелі геройдың аты — Масғұт. Оның тіршілік еткен шаһары — Бағдат. Заманы — Харон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтта кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Ол, сол айтылған аңыздар бойынша, өлмейтін, мәңгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда, әр ортаның адамына оқта-текте бақ-дәулет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне, сөйтіп, осы аталған белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі шығыс аңызынан алынған дейміз.

Жалғыз-ақ Абай аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратады. Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес. Қызырдың қызырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да поэманың идея жағынан қарағанда, тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңызды, жалпы шартты орта деуге болады.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың — Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт қай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша, үлгі боларлық, жоғары дәрежедегі ұзданды адам, нравственная личность.

Абай геройының және бір ерекшелігі — ол өзгеше көрнекті күшті ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәулет, өмір, құдірет, ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Халық ішіндегі, қатардағы қалың көптің жас өкілі. Масғұтта осындай сипат, қасиеттер беру арқылы, Абай оны өзінің жоғарыдағы атап берген Бағдатынан, Харон-Рашидінен, Қызырынан да аулақтап бөліп шығарады. Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, арманды адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Оның белгісін және де шартты түрдегі аңыздық бояуды алып тастап қарасақ, айқынырақ көреміз. Қызыр шал ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қасиетін ашуға арналған оңай ғана бір сылтау десек, соның ар жағында көрінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдылықтан қашады. Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып, жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы — Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса

жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы бай менен сол байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошеметтерін де сынайды.

Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, жеңсікшіл, нәсіпқұмар көп жастың жолынан жырақшығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақжарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді?

Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі таратпақ болған мораль философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр. Сөйтіп, шығыстан келген аңыз, мағыналы мазмұны бар легенда немесе притча ақынның өз ойын баяндауда керекке жаратылған творчестволық материал ғана болып отыр. Абайды поэманың оқиғалары қызықтырып жетелемейді. Ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез істерімен, сөздерімен Абай өзінің дағдылы идеясына қарай пайдаланады. Сөйтіп, бұл поэманың ойы өмір оқиғасынан, тартысынан тумайды. Қайта сол оқиға, тартысының бәрі ақынның ақылынан туады. Осындай сюжетті әңгіме құруда, суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол әсіресе осы поэманың екінші бөлімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек еді. Ал Абайда олай шықпаған. Масғұт қызыл жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақылды кісі болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті Шәмсижиһан атанады. Ақыл-парасаты арқылы ханның құлы болған делінеді.

Дұрысында, поэма оқиғасының алғашқы бөлімінде жеткен өрісі бойынша, әйелдер достығынан туған мінез оқиғалар, соның айналасындағы тартыстар поэманың екінші бөлімінің үлкен өрісі болу шарт еді.

Ал Абайда — Масғұт бар әйел қауымы түгіл, бір әйелдің достығына да душар болмайды. Оның үстіне, поэманың соңғы бөліміндегі "жынды су" мотив және одан туатын "жұртың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!" дейтін қорытындылар Бұл поэманың алғашқы бөліміндеті мінез бен істерге логикалық жағынан да қиыспайды. Оқыстан туған оқшау халдер есепті болады. Рас, екінші бөлімдегі "жынды су" арқылы туатын өрескел өзгерістер мағынасыз емес. Ол да Абайдың кейбір сорақы құбылыстарға қатты мысқылмен, үлкен сатиралық сынмен қарайтынын танытады. Поэма дәл осы жәйін жаңағы айтылған жалпы күйлерден бөліп алады. Бұнда да Абайдың бұрынғы өзіндік өлеңдеріндегі сыншыл, ажуашыл ойларды көреміз.

...Есер, есірік болмасаң,

Тіршіліктен пайда жоқ, —

дейтұғын ызалы, ащы мысқылдарын еске түсіреді. Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея — араб шығыс аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша

жанр, стильде айтылып жүрген идеялары болады. Бірақ сол жәйлары заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді.

Оқиға мен тіл, аңыз материалы бойынша, Абай қазақ оқушысына бөтен реальностьлармен сөздерді қолдана отырады. Бөтен аттар арабтан алынғандықтан, араб сөздері кездеседі. Бірақ, өлендік түр жағынан қарағанда, бұл шығарма төрт жолды шумақтан, он бір буынды жолдардан құралып, анық қазақтың өз үлгісіндегі дастандар түрінде жазылады.

Түп идея Арабстанда болған оқиғаны айту емес, Абайдың өзінің қақ қасындағы сол күнгі қазақстандық шындықтарды білдіруге арналғандықтан, поэманың жаңағы аталған өлендік түрі идеялық мазмұнымен байланысты туған болады.

Абайдың екінші поэмасы — "Ескендір".

Біз ең алдымен Бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айтып өтелік. Шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің атауынша Александр — бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам. Біз бұл тұста тарихтағы Ескендірдің көпшілікке мәлім жайларына тоқтамаймыз. Аңыздар мен әдебиеттегі Ескендір жәйі Абайдың мына поэмасының тұсында бізге төтелей, жақын деректер береді. Соларға тоқтаймыз.

Шығыс елдерінде, әуелі Иранның аристократиялық аңыздарында Ескендір образы көп әңгімеленген. Сол замандардан бері қарай Византия (Рум) аңыздарында да оның жәйі көп айтылады. Атақты Фирдоуси өзінің "Шахнамасында" Ескендірдің туысын жоғарыда аталған Иран аристократтарының лақабы бойынша баян етеді. Оны Филикустың баласы емес, Иранның шахы — Дараптың (Дарий Үшінші Кадоманның) баласы дейді. Бұл біздің эрадан бұрын 110—335 жылдар арасында Иранда шахтық құрған. Өзі Ахеменидтер әулетінің ең соңғы әкімі болады. Рум әңгімесі де Ескендірдің туысын тарихтан өзгертіп, аңызды әңгімеше баяндайды.

Шығыс ақындарында біздің туысқан советтік еліміз азербайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің "Ескендірнамасында" жаңағы бұған шейін жеткен екі тарау аңыздарды теріске шығарады. Ол анық тарихтық шындық бойынша Филикустың (Филипптің) өз баласы етіп жырлайды.

Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды, түгелімен сол Низамидің "Ескендірнамасынан" алған.

Азербайжан ұлы классигінің ең зор поэмасы — "Ескендір-нама" сансыз көп оқиғалардан, көп тарау бөлімдерден құрылған аса бай мазмұнды дастан. Ескендірдің жоғарыдағы Дариймен соғысқаны, онан соң азербайжан патша әйелі — Нушабемен кездескені, Ескендір мен Хақан әңгімесі, Қытай, Тұран өлкелерінде жүрген сапарлары және терістік өлкедегі бір ғажайып бақыт, молшылық, әділет орнатқан елдікке ұшырасуы — бәрі де Низамиде мол баян етіледі. Кейін Ескендір Терістік сапарына барып, Яжуждерге қарсы қорған соғады. Осы алуандас толып жатқан шытырман оқиғалы, күрделі сюжеттер тарайды. "Ескендірнаманың" тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарға Ескендір Әбілхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады. Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы Қызыр болады. Бұлар іздеген Әбілхаят суын Қызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақбөз атын

да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанында, ғайып боп жоғалып кетеді. Сөйтіп, бар Мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік алған Қызырдың жәйін Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді.

Сол түн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жәйі мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді. "Кейін ойлансаң, осы тастан көп сыр көресің, ой табасың", — дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны жаңағы титтей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып, сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде, барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де, барабар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Қызыр келіп, бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілейіп, аспанға көтеріледі.

Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық танытып, "топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады" деп, терең байлау жасайды. Міне, біздің білуімізше, Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған "Ескендірнаманың" дәл осы тұсынан алынған. Бірақ, Абай поэмасын білетіндерге мәлім, жаңағы әңгіменің желісін Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған.

Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Европа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Тарихтағыдай оның астанасы — Македония шаһары болады. Және де тарихтық дәл деректер бойынша, ертегілік Қызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдары мен олар арасындағы мінез-қатынастарға Абай тарихтық шындықты негізгі арқау етеді. Аңыздан бұрын тек кішкентай тас (Абайда кішкене көз сүйегі) және оның өзгеше сыры ғана сақталады.

Бұдан өзге Абайдың үлгі іздегіштік, сыншылық бір ерекшелігі тағы бар. Низами өз поэмаларында Ескендірден бұрын кездесетін Хосрау, Бахрамгур немесе Дарап сияқты, тағы басқа солардай шахтардың барлығын да сынаумен мінеп көрсетіп еді. Жалғыз-ақ, Ескендірге келгенде, Низами оны барлық бұрын-соңғы өмір иесі хан-сұлтанға, шах-әмірлерге анық айыпсыз, мінсіз үлгі етіп көрсеткен. Ол әділетті, ойшыл асыл зат.

Кейін поэманың тарауында Низами Ескендірді даналық дәрежесіне жеткізеді. Дүние жүзінің бар білгіш, ойшылдарының ортасында көрсетеді. Оған бір заман ғайыптан келген ғажайып үн бұдан ары пайғамбарлыққа арналғанын білдіреді. Мұсылманшылық аңызы бойынша, уахи келеді. Ол бар жиһанды кезіп, адамзатқа ізгіліктің жолын танытпақ керек деген әмір болады.

Барлық шығыс поэзиясында Ескендірдің сипаты осы алуандас зорайып, қастерлеп алынған болатын. Ал Абай поэмасына келесек, мүлде олай емес. Жасы әрең жиырма бірге келген, атыраптағы көрші елдердің бәрін бағындырмақ боп, онды-солды қастан көз тастап тұрған жаһангер, қан төккіш патша көрінеді. Қанша алса да тоймайтын, қанағатсыз хан бейнесі беріледі. Сол тыйымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінде жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіріледі.

Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонауғұрлым биікте, анық қасиет иесі бой

суреттеледі. Бұл Абайдың өзі айтатын афоризм, “бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық” деген терең сырлы нақылға дәл келетін халдер.

Осы айтылған жайларға қарағанда, Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл биік ойды танытады. Ескендірге де мұсылманның өткен тарихы, аңыздары, діншіл үгіттері ұйғарған табыну көзімен қарамайды. Азат ойлы, еркін, әділ сыншы шығыс елдері таныған авторитеттің маскасын сыпырады. Өзінің гуманистік, адамгершілік нанымдарының тұрғысынан қарайды. Өз заманының озат ойлы сыншыл жазушыларының туралық ойын таратады.

Бұнымен Абай Шығысқа қатты беделді боп жайылған ұғым-нанымдардың баршасына енді үлкен сынмен, талғаумен қарайды. Көп жәйді қайта бағалайтын, жаңаша саралап беретін ұстаз ақын екендігін танытады. Сонымен қатар айтылатын тағы бір өзгеше күй бар. Ол, Абайдың өзінен бұрынғы шығыс классиктерінің ұлы мұраларына баруда қолданған творчестволық іздену жолдары туралы. Абай Низами поэмасынан әңгімелік көп деректер алады. Бұл жөнде ол белгілі дәрежеде шығыс әдебиетінде жүрген тұрақты бір дәстүрге соғады. Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді.

Сол қатарда Жүсіп — Зылиха тақырыбын, Ләйлі — Мәжнүн, Фархад — Шырын, Жеті шұғыла және осы Ескендір турасын немесе “құстар тілі” деген сияқты тақырыптарды бірінен соң бірі қайталап жазған ірі классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауы ешуақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге “нәзира”, “нәзирагөйлік” деп атау да берген. Абай сол дәстүрді жақсы біліп қана қоймаған, қолданған да, нәзира жолымен, алдыңғы ақынның поэмасы бойынша қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманының көзқарасын, творчестволық жаңа поэзиясын танытады. Мысалы, Низамидің “Хамсасында” жырланған “Ләйлі — Мәжнүн”, “Хұсрау — Шырынды” өзбектің ұлы классигі Науаи қолға алып жырлағанда, көп тың жаңалықтар қосқан. Науаи өз дәуірінің ойшылы, өкілі болып отырып, Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатына да тыңнан шындық сипаттар берді. Ал “Фархад — Шырында” Низамидегідей емес, Хосрау патшаны үлкен сыншыл оймен әшкерелеп, зұлымдық сыпатта суреттейді.

Абай болса, XIX ғасырдың орыс пен Европаның ағартушылық, гуманистік және сыншыл реализм бағытындағы үлкен үлгілерімен тәрбиеленген ақын болғандықтан, Ескендір жайында өз заманының тың сындарын еркін пайдаланады. Және өз поэмасының соңғы шумақтарында алыстағы Ескендір жайынан әңгіме қозғап келсе де, қорытынды өсиеттерін өз замандарына, өз оқушыларына арнайды. Бұрын өзге өлендерінде өзі айтып келген негізгі ойларға әкеліп саяды.

Адамгершілік, ақтық, шындық, мінезділік жөнінде өзі ұсынған жолдарын белгілі бір аңыз арқылы тағы да көңілге қонымды етіп, таныта түсуге талап етеді. Сол жөнде Абай да, Низами, Науаи, Физули сияқты, өзі қадірлеген классиктердің нәзирагөйлік үлгісін творчестволық жолмен пайдаланып, қолданған дейміз.

Жалпы композициялық құрылысын алғанда, "Ескендір" — Абайдың ең жақсы поэмасы. "Масғұттай" емес, бұнда сюжеттік құрылыс бастан-аяқ бір түйіннің айналасына топталады. Адамдарының мінездері, істері арқылы біртіндеп ашылады. Соның ішінде "Ескендір" сияқты поэманың бас геройы шығарманың басынан аяғына шейін оқиға арқалығы болып отырады. Барлық суреттер, кездесулер мен қайшы келетін мінез, әрекеттер және түйінді ойлар — баршасы да бір Ескендірдің басымен байланысты болады.

Поэмасының ең соңындағы бірнеше шумақтарда Абай дидактикалық, ойшыл-өсиетшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жәй етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты. Абай бұнда да, Масғұт турасындағы аңызға барғандай, ескілік материалына текке бармайды. Өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі аңыз-әпсанаға бөлей отыра, қызықтыра ұсынбақ болады. Сондықтан поэманың әңгімелі, оқиғалы желісін жетер өрісіне жеткізіп болған соң, жырдың аяғын, жаңағы айтқандай, моральдық, адамгершілік байлау мен толғауға, сентенцияға әкеліп тіреуі заңды болып көрінеді. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі — бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген. Бұлар поэманың тұтас бітімді шығарма болуына нық жәрдем етеді.

Абайдың 1933 жылғы жинағында алғаш рет басылған бір поэмасы — "Әзім". Бұл поэманың тақырыбы "Мың бір түн" ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша кеп айтылып жүретін "Мың бір түннің" бір тарауы — "Әлидің Әзімі" деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болған тәрізді. Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам — аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы шығыста ертегі ғана емес. Химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер бар-ды. Ондай әңгіме нанымдар шығыста ғана көп жайылған емес. "Философский камень" дейтұғын, қара тас пен қара металлы алтынға айналдырып, ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Европада талай фантастикалық әңгіме, аңыздарды көп тудырған.

"Мың бір түннің" "Әзім" әңгімесі сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықның сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап, жем ететіндерді өз әңгіме, аңыздарымен әшкерелейтін болады.

Абай шығыс ертегісінің осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірибесіз жас баланың аярға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да, жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп, соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр.

Жоғарыда тексерілген "Масғұт", "Ескендір" поэмасынан мына поэманың жазылу үлгісі басқарақ. Бұнда Абай, Пушкиннің орыс ертегілерін балаларға арнап, өлең еткені тәрізді, жеңіл тілді, қызық оқиғалы әңгіме жасамақ сияқтанады.

Бұл алдыңғы поэмалардай ойшылдық, зор тәрбиешілік мақсаттар көздеп жазылған шығарма емес. Халық аузындағы әңгіменің өзін ғана, барлық оқиғаны рет-

тәртібімен жеңіл өлең етіп берудің талабы танылады.

Ал өлендік құрылысына, кейбір сөз кестелерінің, ұйқастарының оншалық Абай шығармаларына лайықты шеберлікке сай келмейтініне қарағанда, бұл поэманы оншалық жоғарғы дәрежедегі көркем шығарма деуге келмейді.

Біздің ойымызша, 1927 жылы осы поэманың текстін Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырысайдың Ысқағы Абай поэмасының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да "төлеу" салып, аламыштап жіберген сияқты. Өйткені поэманың кейбір ұйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайтыны да бар. Бұлай болмаса, поэма Абайдың тіпті ерте кездерде өзінің ақындық күшін алғашқы тәжірибе ретінде, әр тақырыпты байқастап жүрген кезінде туған, алғашқы черновик есепті бір вариант болуға керек. Қалай да "Әзім" поэмасы, ең әуелі, бітпеген шығарма болғандықтан, екінші, көркемдік, шеберлік жағынан көңілдегідей қалыптанған дастан болмағандықтан, бұл поэма жөніндегі түсінік сөздерді осы, жоғарыдағы айтылған жайлармен аяқтаймыз.

Хакім Абай мысал өлеңдерді де шебер жаза білді. Адамның мінезі мен әрекетін сөзбен түйреп, сатиралық бейнемен көркем жеткізді. Ең бастысы, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Ал қара сөздері – оның іргелі еңбегінің бірі әрі бірегейі. Бүгінде ақынның бұл мол асыл мұрасы орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылған. «Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», - деп білетін Абай философиясына әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын ту еткен.

Абай мұрасын алғаш болып Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы зерттесе, Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл Абай өлеңдерінің жинағын басып шығарды. Мыңмен жалғыз алысқан Абай шамамен 170 өлең, 56 аударма, 45 қара сөз жазған. Ақынның музыкалық мұрасы да өз алдына бөлек әңгіме. Ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жеткен 20-ға жуық әні бар.

Төрткүл дүниеге танылған ойшылдың құрметіне арналған әлемде ескерткіш пен көшелер аз емес. Душанбе, Дели, Киев, Краматорск, Днепропетровск, Каир, Баку, Ташкент, Бішкек, Нью-Дели қалаларында Абай атындағы көше болса, Лондон қаласында Абай үйі ашылған. Ташкент, Мәскеу, Бейжің, Тегеранда ақын бейнесі сомдалған еңселі ескерткіш пен мүсіндер бар. Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында елімізде 500-ден аса іс-шара ұйымдастырылады. Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланып, ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалын түсіру жоспарға енген.



Байғалиева Бағдат Мұқатаевна

Алматы қаласы,
«№104 жалпы білім беретін мектеп»

Шығармашылық тәрбие сағаты

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, таңырқа!..

Сабақтың тақырыбы: «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа!..»

Мақсаты:

Білімділік: Ұлы ақынның балалық шағымен, өскен ортасымен, шығармашылығымен таныстыра отырып, олардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту.

Дамытушылық: жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып, жаттап, логикалық ойлау дағдысын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жүйелі сөйлеуге өз ойларына қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Жақсы мен жаман қылықтарды ажырата білетін, бойларына жақсы қасиеттерді жинаған, жауапкершілігі бар өнегелі тұлғаны тәрбиелеу. Абай шығармашылығын оқыта отырып, оқушыларды білімге, өнерге, ғылымға баулу.

Шығармашылық: Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге, асыл мұрасындай есте сақтауға бағыттау.

Міндеттері:

1. Оқушылардың ақын шығармаларын нақышына келтіре орындау, сахна шеберлігін қалыптастыру.

2. Абайдың ғұлама ақын екендігін таныту арқылы өзіндік көзқарасын дамыту, ой-өрісін жетілдіру.

3. Абайды оқуға, Абайды тануға, Абайды терең меңгеруге шақыру.

Музыка әуені «Желсіз түнде жарық ай» (ойнап тұрады)

Данияр:

Қош келдіңіздер, құрметті оқушылар, ұстаздар, ата-аналар!

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз –

деген данышпан Абай атамыздың арманды ойы мұратына жетіп,

Зарина: өресі биік өрелі сөзі өз тыңдаушысын елдің ертеңі жас ұрпақ қатарынан табуы – берекеміздің бастауы.

Данияр: Жүрекке егіп даналық дәнін,
Тереңнен ұғып өнердің мәнін.
Барады ұрпақ бақытын іздеп,
Сіңіріп бойға бабамның нәрін.

Зарина: Ғұламалықтың қыры мен сырын,
Санаға құйып сағымды нұрын.
Өсіп келеді, өскелең жандар,
Бойында жігер, ойында білім.

Данияр: Арманы асқақ, бойында талап,
Үміт-құлынның кекілін тарап.
Бірі - тұр, әне, сыр іздеп терең,
Кеңістік жаққа құмарта қарап...

Ендеше, бүгінгі думанды кешіміздің шымылдығын ашу үшін Нұрболды өз арнауымен ортаға шақырамыз.

Данияр: Абай қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында 1845 жылы әйгілі Қасқабұлақ басында, киіз үйде дүниеге келді.

Зарина: Абайдың азан шақырып қойған аты – Ибраһим. Әжесі Зере сүйікті немересін Абай, яғни сүйкімді деп еркелеткен. Осыдан кейін ел арасында шын аты аталмай, Абай атанып кетеді.

Данияр: Абайдың әкесі - Құнанбай. Құнанбай Өскенбайұлы 1802 жылы өмірге келеді. Ол халық арасында өте беделді, абыройлы, әділ би болған. Ол 81 жыл ғұмыр кешкен. Құнанбай ел ішінде қажы атанған.

Зарина: Абайдың әжесі - Зере Абайға халық қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен, білімге итермелеген ұлы ұстаз, тәлімгер, ана. Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол дана кісі болған.

Данияр: Абай атамыздың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» - деген даналық сөзі бар ғой,

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады –

демекші, ортаға Абай атамыздың өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқитын өрендерімізді шақырайық. **(Оқушылар Абай өлеңдерін оқиды)**

Зарина: Иә, ақынның айтпақ өсиеті: ғылым-білімге неғұрлым ертерек, бала кезден ден қойсаңдар, кейін өкінбейсіңдер. Балғын шақтарыңда оқыған кітап, алған білім тасқа басылғандай мәңгі-бақи естеріңде қалмақ дегенді меңзейді.

Данияр: Қазақтың кемеңгері – асыл ұлы,
Ұрпаққа мұра болған ғасыр жыры.
Танытқан өзіңізді жер жүзіне,
Танылған сол арқылы халық сыры.
Көңілдің қылын шертер шығармасы,
Көкейде арман болып қалмады ма?

(М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. «Қайтқанда» бөлімінен сахналық қойылым)

Зарина: Тайсалмай мыңмен жалғыз алысқан кім?
Жауына найза сөзін танытқан кім?
Өзендей құйған барып көк теңізге,
Лермонтов, Пушкиндермен тілдескен кім?

(Ақын аудармасынан, «Қарға мен түлкі») Оқитын: Амина

Данияр: Көркемдікті көркемдеп ұға алатын,
Нәзіктіктен наздардан құралатын.
Фариза мен Елдана, Арайлымдар,
Құйқылжыта күй шертер тамсандыра.

«Келіншек» күйі.

Зарина: Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,
Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім?

Данияр: Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құба жан, құбақан құм, құла қырды,
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

Зарина: Ол – Абай, дара ақын, дана ақын,
Қалдырған дәмді, асыл сөздің парқын.
Әр сөзі үлгі-өнеге, жанға сая,
Тілге жеңіл, жүрекке өте жақын.

Данияр: Жүрек тербеп, оятар баста миды,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды, - деп музыканың ойлы адамға тіл
жетпес ләззат беретінін, жақсы әуен адамның жан-сезімін оятып, ой-санасын
өсіретінін де Абай атамыз айтып кеткен ғой.

Хор: «Өзгеге көңілім тоярсың»

Зарина: Жақсылық пен жамандықты, әділдік пен қиянат туралы білгіңіз келсе,

Данияр: Адамгершілік пен арлылық, махаббат пен зұлымдық туралы білгіңіз келсе,

Зарина: Өлім мен өмір, адам жанының қалтарыстары мен сырлары туралы білгіңіз
келсе,

Данияр: Тіршіліктің мәңгі сауалдарына жауап іздеп, он сегіз мың ғаламның құпиясын
білгіңіз келсе,

Екеуі қосылып: Абайды оқы, таңырқа!

Мұғалім:

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!
Адамдықты көздесең,
Жаттап, тоқы көңілге! – деп, ақын Сұлтанмахмұт жырлағанадай,

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Қазақ халқының киесі, ақылы мен жүрегі, ары мен намысы
Ұлы Абайдың аталы, баталы сөздері біздің
әрқайсымыздың бойтұмарымыздай жадымызда болғаны абзал.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

Қош сау болыңыздар.

СОҢЫ

Қазақтың кемеңгері – асыл ұлы,
Ұрпаққа мұра болған ғасыр жыры.
Танытқан өзіңізді жер жүзіне,
Танылған сол арқылы халық сыры.
Көңілдің қылын шертер шығармасы,
Көкейде арман болып қалмады ма?

(М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. «Қайтқанда» бөлімінен сахналық қойылымнан көріністер)





Байдуллаева Райиша Тоимбетовна

Түркістан облысы, Шымкент қаласы,
«Мукими атындағы №13 жалпы орта мектеп»

Абай құнанбайұлы шығармаларындағы оқу-білім тақырыбы

Абай шығармаларындағы оқу-білім тақырыбының алатын орны орасан зор деп білеміз. М.Әуезовтің Абай туралы монографиясында ақындағы адамгершілік жайы соншалық ыждахаттылықпен аталады, ғалым осы орайда: «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» [1.179] деп жазады. Абайдағы адамгершілік тақырыбының жүйелі де желілі жырлануын М.Әуезов «нравственная личность» ұғымымен байланыстырып сөз етеді: «Қысқасы, нравственная личность мәселесін бар тартысының, талап-арманының тетігі етеді» [1.182]. Ғалым қолданған бұл ұғым Абайдағы адамгершілік танымын танытады. Ал бүгінгі таңдағы көрнекті абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы ақындағы адамгершілік жайын арнайы зерттеп, оның мән-мазмұны мен төркін-тегін айқындады, сөйтіп Абайдың толық адам танымын ғылыми айналымға алып келді. Абайдағы толық адам танымын танып білудің маңызы мен қажеттілігін Президент Қ.К.Тоқаев та ақын мерейтойын бастап берген мақаласында арнайы атап өткен болатын. М.Мырзахметұлының зерттеуі нәтижесінде ел игілігіне айналған толық адам танымы – Абайдағы адамгершілік жайын жан-жақты танытқан зор ғылыми табыс [2]. Адамзат баласының асыл мұраты – адамгершілігін жетілдіріп адам болу. Ал бұл асыл арман мен мақсат-мұрат оқу-білім ізденісімен басталады.

Абай өлең жазуды ерте бастаған, сөйтсе де нағыз ақындық еңбекке қырық жасында кіріскен. Оның балалық шағында жазып, солардан бізге жеткен өлеңдері онша көп емес, олар «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар», «Әлифби», «Шәріпке», «Абыралыға», «Сап-сап, көңлім, сап, көңлім» сияқты өлеңдері ғана. Абай аталған өлеңдерін ақындыққа шындап кіріскен қырық жасқа дейінгі өмір жылдарында жазған. Ал қырық жасында 1885 жылы жазған өлеңі – «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» ең алғаш оқу-білім тақырыбын тереңдеп сөз еткен. Өлеңдегі ақын арманы мен мақсаты соншалық биік, асқақ, себебі бұл арман, мақсаты баланы адам болуға бастайды:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [3.22].

«Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» дегендей, байлықтан да, тіпті ас, тамақтан да биік мақсат, қасиетті харекет бар, ол – тіршілік иелері ішіндегі адамда ғана бар ақыл-ойды пайдаланып оқу, білу, ғылым табу. «Қызмет қылып, шен алу» кісіге қасиет болып

бітпейді. Ал адам қасиеті – адамшылық, адамгершілік, адам болу. Абай жырлаған оқу-білім тақырыбы адам баласын осы адамгершілік пен адам болуға жеткізеді.

Абайдың оқу-білім тақырыбына арнап жазған екінші өлеңі – «Ғылым таппай мақтанба». Ақын бұл өлеңін 1886 жылы жазған. Абайтану ғылымының негізін қалап, осы салада аса мол еңбек еткен М.Әуезов Абайдың бұл өлеңін аса жоғары бағалаған: «Ғылым таппай мақтанба» - ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі осы деуге болады» [1.121]. Ақын шығармашылығындағы бұл өлеңнің айрықша қадірі барын абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы да атап өткен: «Абайдағы толық адам жайлы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталып, ақынның осы өлеңдегі «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылатыны бар» [2.230]. М.Әуезов пен М.Мырзахметұлы жазғандай, Абайдағы басты мәселе, өзекті тақырып – адамгершілік, адам болу жайы болса, оқу-білім мен ғылым жас баланы, жалпы адамзат қауымын осы адамгершілік жағынан жетіліп, адам болуға бастайды. Абай өлеңдері мен қарасөздерінде оқу-білім мен ғылым жайының көп жырланып, мол сөз етілуі тегін емес. Ақын кейіндеу жазған бір өлеңінде адамның асыл болмысы мен тіршілігінің сәні – танып білу екенін жазады:

Жүреkte қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
...Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса? [3.227]

Байқасақ, айуаннан бөлектеніп адам болуымыз да, өмір, тіршілігіміздің мәнді, сәнді болуы да – «тереңге бет қойып» тануда, оқып білуде екен. Әйтпесе әйтеуір жан мен тәнін сақтаумен тірі жүретін айуаннан айырмамыз болмайды екен. Абай оқу-білім, танып білу, ғылым мәселесіне шығырмаларының өн бойында қайта-қайта оралып айрықша көңіл бөліп отырған. Болмысымыз - адам, ал мақсат-мұратымыз – адам болу десек, осы жолда оқу-білім, ғылымның алар орны айрықша зор. Мұның сырын Абай отыз сегізінші қарасөзінде былайша түйіндепті: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [4.136]. Сонда адам болуымыздың өзі ықыластанып, махаббаттанып оқу-білім, ғылым іздеумен байланысты екен.

М.Мырзахметұлы жазғандай, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі ақын көздеген басты мақсат – «Адам болам десеңіз» дегендей адамгершілікті жырлау. Сөйте тұра бұл өлеңде оқу-біліммен табылар ғылым жайы көп айтылады. Өйткені адам болу мен адамгершіліктің бастауы – оқу-білім мен ғылым табу. Өлеңде аталған бес асыл істің бел ортасында оқу-біліммен жетер «терең ой» тұр:

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [3.41].

Ақын ойынша, балалықты босқа өткізбей, ерінбей ізденіп оқи берсе, ғалым болу түк емес. Ақылды, даналардың бәрі де кезінде бала болған, ешқашан да «ғылым сүйсеңіз, ондай болмақ қайда деп айтпау» керек. Адамгершілік пен адам болудың бер

жағындағы дүние-байлық, мал-мүліктің бәрі де оқу-білім, ғылыммен табылады:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз [3.41].

Ғылымның дүниедегі ең баянды нәрсе екенін Абай кейіндеу жазған өлеңінде де түйіндеп айтады:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған [3.255].

Абай оқу-білім, ғылымды әсіресе жастарға арнап өсиет ете айтады. Ақын жазғандай, «жас уақытта көңіл – гүл, тез үйреніп, тез жоймау» керек. М.Әуезов жазғандай, Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін өзі үміт еткен, өскелең ойлы жасқа арнаса, «Интернатта оқып жүр» өлеңін тікелей жас жеткіншек оқушы тобына бағыттап жырлаған. Абай «балам закон білді деп» аласа, арзан арманмен алданып қуанып жүретін ата-ананы қолдамайды. Ақынның интернатта оқып жүрген балалардан күтер үміті өзгеше зор. Ақын арманы – ар мен адамгершілікке жеткізер тиянақты оқу-білім, терең ғылым:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге [3.49].

Абай шығармаларындағы оқу-білімді жүйелі жырлап, терең насихаттаудың биіктеп жеткен жері - жиырма бесінші қарасөз дейміз. Мұнда Абай орыстың өнер, ғылымын үйренуге үндей отырып, жалпы оқу-білім жолын жан-жүрегімен насихаттайды: «Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма» [4.120].

Оқу-білім тақырыбы Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде жүйелі де желілі түрде жырланып, ойшылдықпен терең толғанған. Абай адамда ғана бар жан құмарын хакімдерше танытып сөз еткен. Абай түйіндегендей, айуан «ішсем, жесем, ұйықтасам» деген бір ғана тән құмарымен тіршілік етсе, адам баласы «көрсем, білсем, үйренсем» деген жан құмарымен оқу-білім жолында жүріп, ғылым табады, ақылды болады, адамшылық пен адамгершілік биігіне жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы. 1985. – 496 б.
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым. 1982. – 296 б.
3. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. I том. Алматы: Жазушы. 1986. – 304 б.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. II том. Алматы: Жазушы. 1986. – 200 б.

“Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе” Іс-шарсы

2019-2020 оқу жылы қазан айында Түркістан облысы Шымкент қаласы Муқими атындағы №13 жалпы білім беретін мектебінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» атты іс-шара болып өтті. Бұл іс-шараны мектеп директоры Қосжан Садықов ашты. Ұлы хакім Абайдың шығармашылығына байланысты іс-шарада қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестік мұғалімдері өнер көрсетті.

Бұл іс-шарада ұлы Абайдың «Әке өсиеті», «Тоғжан мен Абай», «Дана әже Зере», «Есек пен бұлбұл» сахналық көріністерін тамашалады. «Абай ауылы» көрінісінде «Сегізаяқ» әнін тыңдай отырып қазақ халқының киіз басу, ұршық иіру, құрт жаю, кілем тоқу, жүн сабау, бесікке бөлу, қамшы өру, тері илеу, тымақ тігу және тағы басқа дәстүрлері көрсетілді. Сонымен бірге «Көзімнің қарасы», «Татьянаның қырдағы әндері» орындалып, «Күз», «Жарқ етпес қара көңілім» өлеңдері мәнерлеп оқылып, көпшілік көңілінен шықты. Абайдың қарасөздерін тыңдаған жұрт ризашылығын білдірді.

Қорыта айтқанда, іс-шара мектеп ұжымы мен оқушыларына Абай өмірі мен шығармашылығына тәнті болып, рухани жан-дүниесін байытып, ұлы ақынға деген құрметі еселене түсті.





Байканова Салтанат Ораковна

Ақтөбе облысы, Байганин ауданы, Қаражар селосы,
«Қаражар орта мектебі»

Абай - қазақтың рухани көсемі

«Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым»-деп М.Әуезов айтқандай мен үшін Абай мұрасы өмір сүрудің таптырмас адамгершілік қағидаларға толы жауһардай тот баспайтын рухани азық, өміріме сәуле берер алтындай нұрлы жол десем болады.

Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы деп білемін. Ұлы дананың қай дүниесін алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. Ол имандылықтың ақ жолын ұстансаң, өмір айдынында еркін бойлауға болатынын ашып айтқандай әулие дерсің...

«Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек»- деп, ой тастайды.

Ары қарай ақын: Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді. Ұлы ойшыл адамды сүю туралы айта отырып, «Адамзаттың бәрін сүй» деп ақыл айта отырып, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді.

Ақын «адамды әкенің емес, адамның баласы» болуға үгіттейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деп, ғибрат тастайды. Абай адамдықтың басты қасиеті-адамгершілік екенін баса айтты. Адамшылықтың алды – «махаббат, ғаделет, сезім» дейді. Міне, бүгін осы асыл қасиеттерді санамалап, Абай айтқандай өз-өзімізге есеп бере отырып, бойымызға дарыта білсек болашағымыз жарқын болатыны айдан анық

Абай – өмір сүрудің алтын темірқазығы.

Мен үшін Абайдың тастап кеткен аманаты – ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу деп ойлаймын.

Абай «Жиырма тоғызыншы» қарасөзі арқылы кез келген нәрсені сол қалпында қабылдай бермей, сын көзбен қарауға, өзіңе керекті нәрсені танып, талғап ала білуге шақырады. Абай:

Терең ойдың түбінде теңізі бар,

Тесіле көп қараса, көңіл ұғар, - деп өз пайымдауында болашаққа сара жол сала отырып, адамзатты терең ой ойлауға шақырды.

Осы бір сөзі маған көп ой тастады... Кез-келген қиналған шақта өмір толқынында Абай мұрасы теңіздей терең толғанысымен қашанда көмекке келеді. Мен мынау алмағайып заманда адамдардың лас тірліктерінеде, пендешілік, күйбең тірліккеде қажымастан көз жұма қарап, Абай сырларына жүгінемін.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқпақпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

Иә, ... қазір, шынайы өмір мен жасанды кеңістік, әлеуметтік желі мен кітап, адами қарым-қатынас пен телефон арқылы қатынас бәсекеге түскен заман. Әлемде электр жарығы сөніп қалмаса, қайсысы жеңетіні де белгілі. Сол үшінде Абай тағлымы - таусылмас өмірлік азық! Абай айтқандай мынау технология заманында соны саналы түрде қолданып, жарық бір шамшырақ болып, елі үшін ес жияр ұрпақ көші бой түземей, ой түзесе деймін

Ол өз дәуірінің өмір шындығын, рухани болмысын танып біліп, өлеңде, қара сөзде өрнектеген ақын. Қарасөздерін ойға жисақ, адам баласының қолы оңайлықпен жете бермейтін рухани, адами биіктікке алып баратын басқыштың бір баспалдағы. Шын мәнінде Абай қазақ үшін, әдет-ғұрпымыз бен салт-сана, рухани болмысымыз үшін өзегі терең бәйтерек. Сөз өрнегі, інжу маржан мен өрнектелген мұрасының басты тақырыбы да адам болу, надандық жамандық әрекеттен аман болу еді. Ендеше, Абайдың даралығын, оның мұрасын бір ғана өлең шумағына сыйдырған айтыскер ақын Қойлыбай Асанның мына бір жыр шумақтары соны дәлелдегендей:

Қазаққа ең жаманға надан болу,
Надан болып, басқаға бодан болу.
Ақын болу әркімге арман шығар,
Абай болу, алдымен адам болу.

Осы бір шумақта терең астарлы ұғым бар.

Абай – адамдықты насихаттайтын ұлы тұлға.. Шебер қол, сезімтал жүрек, милы парасат таңдайтын түйіндер - сансыз ұрпақтың үлесі. Абай әр қазақтың сөзі әрдайым аузындағы жыры, санасындағы ар-ұжданы, көкірегіңдегі иманы болып қалса нұр үстіне нұр болар еді.

Замана шамшырақтарының бірегейі, ақыл мен ойдың телегейі, ұлтымыздың данагөйі, бір бойына барлық қасиетті жинақтаған, қалың ұйқыда жатқан қазақ елін өнер-білімге, ғылымға жетелеуді мақсат тұтқан ұлы Абайдың асқақ арманын асқақтататын саналы ұрпақ бүгінгі жаңа леппен асыл қасиеттерге бай болса еліміз туы аспандай берер еді.

Ахмет Байтұрсынов: «Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды тілдер, мақал-мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен. Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт білмейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған» — деп бағалаған.

Міне, ақын асыл сөз өрнектерімен сусыңдап, рухани жан дүниелерің байи түсіп, біліммен қаруланған жастарымыз Абай тізгінін босатпай жаңғырта берсе оның рухы риза болып, имандылық кеңінен қанат жайып, саналы ұрпақ көші әлем кеңістігіне саналылықпен бойлар еді

Ақындардың ішінде «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығуға» талпынған өршіл рухты Сұлтанмахмұт Абай поэзиясын оқып, тәлім алуға шақырады.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.

Сұлтанмахмұт асыл сөзді іздесең, адамдықты көздесең Абайды оқы, ерінбе деген өсиет айтады. Ақынның айтқан өсиеті бүгінгі және ертеңгі ұрпақ үшін маңызы зор.

«Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең істің бәрі бос»- деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық» деген Н. Ә. Назарбаев «Адам баласын заман өсіреді, кімде - кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», - деген ұлы ақын Абай «Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Біз де бүгін ұлтшілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз» деген Н. Ә. Назарбаев.

Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс — қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер. Осы мәселені шешу үшін болашаққа сену керек. Сеніп ғана қоймай, сол сенімді ақтайтын Абай айтпақшы,

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз.-дегендей болашаққа сеніммен қарау керек. Сонда ғана сенім ақталып, білімі парасатына сай, елдің ары мен намысын абыроймен алып жүретін жанарыңда жалыны бар жас ел тізгінін берік ұстары анық.

Ойымды ақынның «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі- қымбат» өлеңі бүгінгі өркениетті заманда мәнін жоғалтып алған жоқ па деген сұрақпен өрбіткім келіп отыр. «Жоқ» дейді ішкі ойым. Себебі адамдар арасындағы адал достық, әділеттілік, мейірбандық, татулық мәселесі- қай заманда болсын құнын жоғалтпайтын ұғымдар. Ал, Абай бұл өлеңінде жастарға:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе, бірңдікін бірң жеткіз!, - деп шын адамгершілік жолына, қиянатсыз, адал достыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады. Ал біздің заманымызда да «бояма мінезділер» көп. Дәуренің жүріп тұрса, алдыңды орап, шылауыңа жармасатындар жетерлік. Сондықтан оларды Ұлы ойшылдың сөзімен емдесек, өз пиғылдарынан ұялар ма еді деп ой түйгім келеді. Абайдың өлең жолдарын оқыған сайын тереңіне құныға түсем. Көрсеқызар, екіжүзді жастардың бейнесін «ұлы сиямен» әшкерелегеніне айызым қанады.

Ғасыр өзгерсе де, адамның пиғылы, пендешілігі көп өзгеріске түсе бермейтініне таң қаламын. Қаншама азғындық, қатігездікті шыққыр көзіміз көріп жүр. Осындай қатыгездіктің алдын алу үшін «баланы жастан» деген халқымның сөзіне сүйеніп, Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылын ана сүтімен бірге дарытуымыз қажет

«Мәңгілік елімнің» босағасы берік болсын десек, ақын сөзін шамшырақ етіп ұстай білейік!

Ұлы ақынға деген риясыз ұстанымымды жыр жолдарымен түйіндесем:

Абай ақын арымның ақиқаты

Қазағымның көкте жанған жұлдызы,

Абай ақын сәуле берер жарық күн,

Адамзаттың әлем таныр өр рухы.

Даналық пен ізгіліктің нұр таңы,

Жырларымен адам жанын баурады.

Қарасөзі – тәрбие көзі саналар,

Жас буынға ойы ұшқыр саналы.

«Өмір - айдын еркін өмір жүзерсің»

Өлеңінен талай сырды сезерсің.

Бір-ақ тамшы құлығы жоқ қазақтың,

Кемеліндей ұшқыр қиял семсерін.

Дара шыңым ұлтымның ұлы адамы,

Шындық қайғы өлеңге құрағаны.
Жүрегіне сыйдырған әр қазағын,
Мұрасынан жас өркен нәр алады.
Көгергенде көсегесі елменен,
Дертін мынау өлеңімен емдеген.
Тау тұлғасын шумақтарға шақтаған,
Ақындықтың ұлылығын мен көрем.
Өлеңімде бүршік атқан көктемсің,
Сыр тұндырған кең даламсың, бөктерсің,
Өзің мынау кеткенменен жалғаннан,
Жүрегіңді ұлтқа сыйлап кеткенсің.
Белесінен өте алмай сағы сынған,
Жандар қанша құлаған биік қырдан.
Жастарың Абай ақын ізін жалғап,
Сыр шертер «өмір» атты үзік сырдан.
Өзіңізді пірім санап өтермін,
Рухың риза, халқың сені көтерсін!
Дақ түсірмей жүрегіме ақ қардай,
Сенің асыл ойларыңа кенелдім!
Туын төмен түсірмеген қазақтың
Елің үшін тарттың қанша азап-мұң.
Білім,ғылым жолын нұсқап өркенге,
Надандықтың шырмауынан босаттың.
Ақын сыры ұлылығы тілінде,
Адамдықты сыйғызғанды өлеңге.
«Алланың өзіде рас, сөзіде рас»,
Деген Абай иман сыйлап әлемге..
Әр сөзінде ақыл сыры тұнады,
Айдыны ол- өмірдің шұғылалы.
Ұлы ақын Абайды мұраларын,
Есті ұрпақ есте тұтса нұр болады.
«Қазақ» деген атқа лайық жүрсе егер,
Болашақта ойлы жасқа ол сенер,
Алтын қазық тұғырыңа айналар,
Тұнық жырын ұстанса, Алла демер!


Шынында, Абай жырларын оқып отырып жан сарайымда бір алапат сезім ұшқыны көрініс тауып, ерекше күйге еніп, иә, біз Абай тұнығынан нәр алған, бар рухани құндылықтарды бойына жиған бақытты ұрпақпыз!-дегім келеді.


Елін сүйген біздей өскелең ұрпағы бар елдің ертеңі айқын, келешегі кемел, болашағы жарқын. Себебі, біз Абай әлемінен сусындаған бақытты да саналы ұрпақпыз!

Тәлкегін мың көрсең де келте күннің,
Жан сезімнің пернесін шерте білдің.
Ұлы ақын болашаққа жол салған,
Аманатын ақтармыз сол сенімнің

Қорыта айтқанда, Абай тағылымы бүгінгі таңда да өміршең екендігі айқын.

Абай қазынасы - рухани деңгейімізді көтеріп, тәуелсіз елдің текті ұрпағын, жаңа күннің жігерлі кейіпкерлерін өмірге әкелуде таптырмас дүние. Сондықтан өткен күн мен бүгінгі өмірдегі сабақтастық салаланған, кең ауқымды келелі ойлар ұрпақ жүрегіне рухани-адамгершілік құндылықтарды құндақтауы – Абай тағылымының ізгілік нұрымен сусындап отырса нұр үстіне нұр болар еді!





Аманжолова Маржан Пердебаевна

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
Фарица Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беру орта мектебі*

Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы психологиялық ойларды қазіргі жастарды тәрбиелеуде қолдану

Жеке адамды дамытудың басты бағыты – жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру екендігі белгілі. Мұндай ауқымы кең міндетті шешуде көркем шығармалардың алатын орны ерекше. Көркем туынды да халықтың тарихи жүріп өткен жолдары, өмір белестері, елдік-ерлік дәстүрлері, тұрмыс-салты, психологиясы жинақталған, табиғаты кескінделген, адамгершілік ұғым түсінігі көрініс табады. Осындай талғамы биік оқушы жүрегіне жол табатын шығармалар қатарына Абай туындылары жатады.


Абай Құнанбаев шығармаларындағы психологиялық ойлардың өзегін «біл», «оқы», «үйрен», «ізден», «ұқ» тұжырымдары құрайды және ол өлеңдерінен бастау алып, қара сөздерінде айқындала түседі.

Қазақтың бас ақыны Абайдың шығармашылық мұрасының қомақты әрі маңызды бір саласын оның XIX ғасырдың 90-жылдарында жазған **қара сөздері** құрайды. Қара сөздердің жалпы саны – қырық бес. Бұл қара сөздерді кейде Абайдың ғақлиялары деп те атайды. Ғақлия – араб сөзі, мағына-мән дана сөз, дегенге келеді. Ғақлия, яғни даналық сөз, нақыл, өсиет сөз айту халықтары әдебиетінде бұрыннан бар үлгі. Төл әдебиетімізге бұл үлгіні алғаш әкелген Абай. Абай қара сөздерінің жанры жайлы сөз қозғағанда ұлы ақынды бас зерттеуші Мұхтар Әуезов «Оның (Абайдың) нақылдай айтылған бұл әңгімелерінің түр, мазмұн жағынан қандай жанрға жататынын кесіп айту өте қиын. Шынында да Абай азаматтық, ақындық тұрғыдан жан-жақты толысып, кемеліне келіп, кемерінен асып төгіліп тұрған кезде жазған қара сөздерінің тақырыптық та, мазмұндық та ауқымы өте кең» дейді.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай өз халқының тек ұлы ақыны ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге үлкен ойшылы да болды.


Абайдың шығармалары терең философиялық түйінді пікірлермен көмкеріледі. Ол философия, тарих, этика және тәрбие мәселелері туралы атаулы пікірлер, нұсқалы ойлар айтты. Өзінің шығармаларында да, сондай-ақ практикалық қызметінде де жас буынды тәрбиелеу мәселесіне ерекше ықыласпен көңіл бөлді. Ол адамдардың психологиясын өте тамаша білетін еді. Осы тұрғыда, Абай шығармаларындағы тәлім-тәрбие, ұлттық

мінез-құлықты байқататын ой-пікірлерінің өзара ықпалдастығын көруге болады



Абай Құнанбаев шын ғылыми мәніндегі ғалым-психолог болған жоқ. Бірақ оның мәңгі өлмейтін поэтикалық және прозалық еңбектерінен адамның психикасын шебер және терең ажырата білгендігін көруге болады.

Абай арнаулы психологиялық еңбектер жазған жоқ, бірақ біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және аса бағалы пікірлер табамыз. Ол өзінің психологиялық пікірлері мен ұғымдарын көбінесе поэтикалық шығармаларында, сол сияқты өсиет, өнеге-үлгі сөздерінде («Ғақлияларында») айқын көрсетіп отырды. Сөйтіп Абай көптеген шығармаларында өзінің психология мәселелеріне көзқарасын белгілі шамада толық айтып берген ең бірінші қазақ болып табылды.




Психология мәселелерін қарағанда Абай сол кезде қалыптасқан үшмүшелі (ақыл, сезім және ерік) бөлуді алады да, оның мазмұнына түсінік беруге талаптанады («Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек», «Он жетінші сөз», «Жиырма жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз» т.б. қараңыз). Ақыл-ой құбылыстарына ол түсіну мен қабылдауды, елестеу мен есті, қиялдауды, ойлау мен ақылдың өзін (яғни сананы) жатқызады. Ал, мінезді (характерді) ерікпен қоса қарайды. Ақыл-ойға сабырлылық, анықтылық пен өткірлік қасиеттер жатады. Сезімге психикалық көңіл күйінің жылылығы, қуаныш пен кек, құмарлық пен махаббат, тағы сондайлар жатады. Ал, төзімділік, талаптанушылық, өзінің нәпсісін тыя білушілік, ерік процестері болып саналады.

Ақыл мен сезім және ерік, Абайдың ойлауынша, бірлестікке, толық тұтастыққа және жарастықта болуы керек, өйткені бұлар бір-бірінсіз пайдаға аса алмайды, ал, бұлардың жеке-жеке ажырап кетуі, тығыз байланыста, бірлестікте болмауы адамды көңілсіз жағдайларға ұрындыруы, оны өмірдің қалыпты жолынан шығарып жіберуі

мүмкін. Абайдың психологиялық көзқарастарына қысқаша анализ бере келіп, қазақ халқының ұлы ағартушысы, данышпан ақыны және асқан ойшылы Абай адамдардың психологиясын өте шебер ажырата, тани білген және психология мәселесі жөніндегі өз ойларын өзінің өшпес мұрасына (өлеңдерінде, өнеге-үлгі сөздерінде) өте шебер бере білген деген қорытындыға келуге болады. Оның еңбектерінен біз бірқатар маңызды, құнды, нұсқалы психологиялық қағидаларды байқаймыз.

Алайда, Абай аз ба, көп пе өз дәрежесінде психологиялық көзқарастардың жүйесін жасап, психология ғылымын зерттеумен шұғылданған ең бірінші қазақ екендігін мойындауымыз керек.





Андакулова У. А.



Тажибенова М. А.

*ШҚО, Семей қаласы,
№19 жалпы орта білім беретін мектеп*

***Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап,
татып ескерсе, дүниедегі жақсы жаманды таниды дағы,
сондайдан білгені, көргені көп болғанда ғана білімді болады
(А. Құнанбайұлы, он тоғызыншы қара сөз)***

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. Оның қуанышы - елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? - деп. Оған Құдай Тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Баршамыздың болмасада, біразымызда кездесетін дүние екендігі хақ. Әлде біреудің кемшілігін көріп, өзімізді іштей мақтап, мадақтап не болмаса адамдарды ғайбаттап, өзіміздің көңіліміз көкке көтергендей күй кешеміз. Ал осы қылған қылығымыз сүйкімсіз, жеркенішті көрінетіндігін білесіз бе? Сіз салыстырып, төмен санап отырған адам өзге салада әлдеқайта білікті, бізден анағұрлым талантты болар бәлкәм... Біз бұл турасында ойландық па? Ал, ол кісі мені қалай бағалайды екен? – деген ой сізі мазалап көрді ме? «Жоқ», солай емес пе? Біздің басты кемшілігімізде осы: тек өз ойыңда ғана «мінсіз адам» бейнесін жасап, ілгері қадам жасамай бір орында қала береміз. Яғни, бүгін біз осы орында тұра берер болсақ ертең өзгелер бізді өзімен салыстыратын болады. Сонымен қатар біздің артымызда келе жатырған адамдарды ешкімде қызықтырмайды. Маңыздысы кім өмірде өзінше сүре біледі, батыл қадамдар мен шешімдер қабылдайды жәнеде осы арқылы бақытқа жетеді, міне сол адам «жеңімпаз».


Ал сіз бақытты қалай түсінесіз? Сіз бақыттысыз ба? Бақыт дегенауру үшін өмір, кедей үшін байлық, бай үшін оданда көп байлық болар. Менің бақыт жайлы ойыма келер болсақ, бұл жай ғана жүректің тыныштыңы. Яғни, жүрегің тыныш болса, асың сіңімді, денің сау болса, ісіңіз өрге домалап, жетістікке жетсеіңіз бұдан асқан бақыт жоқ болар бәлкім. Ал енді біреумен күндесіп, кемсітіп өмір сүрсеңіз мазаңыз болмай үнемі қиналып, жүйкеңіз сыр беріп, өзіңізді кем санап күн кешетін боласыңыз. Бұндай жандарға бақытты болмақ түгілі тыныс алудың өзі қиындайтын болар. Сонымен қатар

өзгелер сізді өзімен салыстырып жүргендігін білмейді де, олардың онда шаруасы да жоқ, ол өз өмірін тыныш қана сүріп жатыр.

Менің осы ой толғауымды оқып отырған жан тыңда, сен өзгелермен белгілі бір байқауларда ашық жарыс. Өзіңнің оған осал қарсылас емес екендігі көрсет, және оны жең. Ал сенің өмірдегі шын дұшпаның өзің екендігін білгейсің. Неге екендігін білесің бе? Еріншектік, әлсәздік, жауапкешіліксіздік, қорқақтық тұла бойымызда қайнап жатыр. Сонсықтан әрдайым бүгінгі «мен» кешегі «меннен» озып алға шығуы керек екендігін естен шығарма. «Артық білім кітапта» - деп бекр айтылмаған. Білім ал, ойыңды шыңда, сауатты сөйлеп ұқыпты жүр. Сонда ғана сен кешегі күнненде әдемі, еңсесі биік тұлға болып жарқырайсың. Бұл тек өміріңді өзгертпей, саған ұарап өсер ұрпақтыда тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Құнанбаевтың қара сөздері.





Баймағамбетова Фатима Кикбаевна

Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті,
«Нұра көпсалалы колледжі»

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

«Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы гажайып тұлға»
Елбасы Нұрсұлтан Ә. Н.

Кемеңгер ойшыл, ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға, ақын Абайдың туғанына 175-жылдық мерейлі датаға арналған Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және 21-ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы еліміздің рухани өміріндегі мәні зор шығарма деп санаймын. Мемлекет басшысы бұл мақалада Абайдың ел тарихындағы айрықша орнын, ұлттық болмысымызды қалыптастырудағы рөлін айқындап, ұлттың рухани жаңғыру үрдісінің өзегі – ақын мұрасын терең зерделеу екеніне назар аударады. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өз халқының алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптар қойып кеткендігі бәрімізге мәлім.

«Ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады» ұлы бабаларымыздың дана сөзін ескере отырып, біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкіршілік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкіршілік етеміз. Оны мезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсетіні анық. Өйткені, Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазір біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғыығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салиқандыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік.

Ерекше жағдайдың ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігерде сондайда керек.

Ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана,

алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап құған баққұмарлықтың орнына білімқұған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байқатқандығы.

Өйткені, халқына жаны шыңдап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

Абайға айтқызаңыз: «әуелі мал тап», - дейді. Әйтпесе: «қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?.. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...»

Өнер-білімді қайдан іздеген жөн?

Абайға айтқызаңыз: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі». Сонда бұдан шығатын қорытынды: кемсінгеннен мәдениетін меңгеріп, қомсынғаннан білімді асырыпқан есе қайтара аласың.

Әншейін қиқарлықтай көрінетін бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Айдаладағы киіз үйде ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасына насихаттаумен шұғылданды. Ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Дюманы зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты.

Мемлекет басшысы осы мақсатта еліміздегі өзекті деген мәселелерді бірге талқылап, ортақ шешім табу үшін құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысын жіті қадағалап отыратынын атап айтады. Қазақстанда саяси-әлеуметтік жаңғыру үрдісі де жүріп жатқаны белгілі, дегенмен «сабыр түбі сары алтын» деп өмір сүріп келген халқымыз популистік идеяларға жол бермейтінін, ұлттық мәмілеге келудің тиімділігін, республикадағы көпұлтты демографиялық жағдайды ескеру қажеттігін әр кезеңде дәлелдеп келеді. Даңғазалық пен мақтаншақтық, өзгені қор, өзімізді зор санаудың елге тигізер зиянын Абай өз еңбектерінде жеріне жеткізіп айтып кеткен болатын. «Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөзін алма» деген ойшыл, жақсы мен жаманды ажыратудың қарапайым амалдарында ұсынып кеткен еді. Расында да әпербақан саясат пен ұлттық эгоизм салдары кез келген елдің дамуына, азаматтық қоғам орнату мүмкіндігіне және мемлекет тұтастығына қатер төндіретін қауіпті үрдіс.

Батыс пен Шығыс ғұламаларын ақтара-ақтара келіп, тапқан түйіні: құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше құдайға құлақ аспай, құлық түзелмейді; құлық түзелмей тұрып, құлқын арам ішкенін қоймайды; адалға жүрмей, адам түзелмейді; адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзеуі керек. Одан арылататын жалғыз дауа: еңбек. Абайдың ұғымында: «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтан да ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды.

Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, от басына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды.

«Қара сөздер» атты философиялық шығармасында, Абай әрбір сөзімен ұлттық сананы қалыптастыруға, ел мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ұмтылды. Өркениетті елдердің қатарына қосылудың бірден бір жолын білім мен ғылымды игеруден көрді және ел бірлігі ұлт тұтастығының кепілі деп таныды. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Осы орайда, мемлекет басшысы өз мақаласында, Абайды рухани өміріміздің темірқазығы ретінде қабылдауға шақырып, мол мұрасының елдің дамуына тигізер пайдасы зор екендігіне аса мән беріп және ақын сөздерінің бүгінгі заманда да көкейкестілігіне жұртшылықтың көңілін аударады.

«Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын Абайға құлақ ассын. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңдағы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?», - деген ақын сөзін еске алайықшы.

Абай шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен дінін түгел қамтиды. Сондықтан ұлттық жаңғыру ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып ұтымды пайдалану қажет, себебі ақын көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абай әрбір қазақ баласын өз елінің парасатты және ұлтжанды азаматы болуға шақырды. Кемеңгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды. Біз жастардың тәрбиесін, ұлтты Абайша сүюден, елдікті, мемлекетті қадірлеуден бастауымыз керек.

Оның шығармаларында шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бастамаларымыздың да басты сипатына айналуға тиісті.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Автор өз мақаласында, Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізеді деп есептейді. Сонымен қатар, ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін де Абайдың ой-тұжырымдарына зейін қойған абзал деп санайды.

Қорыта келсек, бүгінгі таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын өз тұсындағы өркениеттен атымен шетқақпай жатқан аймақта жүріп-ақ тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат

қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алыпты.

Ал, бүгін сол асыл жүрек, абзал ақыл дұрыс сипаттаған кемелділік қоғамын ойдағыдай жүзеге асырып шыға алатын моральдық мүмкіндік бізде бар. Ақын армандаған ғылым да, өнер де, кәсіп те, білім де баяғыдай тансық емес. Халқымыз сауатты, мамандарымыз білікті. Еліміз тату. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа лайық жалын, жігер жасампаздық болса, Абайдың қолы түгілі, аузын байлаған ізгі мақсаттарды іске асыруды уақыттың өзі талап етіп отыр.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, нұр үстінен нұр болар еді.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе – сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін әсте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседен баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді», - дейді ұлы ақын.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық болуы тиіс». Абай жырлап өткен бабалар арманы мен өсиетін бүгінгі ұрпақ, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақтағы даму жолында абыроймен іске асыра алатынына сеніміміз мол. Себебі қазіргі заманғы қазақ жастарының бойынан талап пен жігерді, білім мен іскерлікті, ұлттық намыс пен қайсарлықты көреміз.

Президент өз мақаласында, еліміздің әрбір азаматын, бүгінгі жаһандану заманында әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білуіне ерекше көңіл аударады. Бұл мәселенің шешімін Абайдың «кемел адам» формуласынан іздеуді ұсынады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп дана ақынның өзі айтқандай, жастарымызды білімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адам ретінде тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мұраты. Кезінде Абайдың қазақ баласына өсиет еткен «кемел адам» философиялық ұғымын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та өзінің «Абай туралы сөз» атты кітабында тілге тиек еткен болатын. «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы», – деп жазған еді.

Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғым, осындай сенім.


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1,2-томдары. А.,1995.
2. Абай тағлымы. Әдеби- сын мақалалар мен зерттеулер.А.,1986.
3. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеу мен мақалалар (Құрастырып баспаға әзірлеген Н.Ақпаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.
5. Қирабаев С. Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Алматы:Рауан 1998- 271б.
6. Молдабеков Ж.Ж. Аудармадағы ала-құлалық алаңдатады // Ақиқат. – 2006. – №4. – 41- 45 бб.
7. Назарбаев Н.Ә. Абай аманаты // Егемен Қазақстан. – 7 қазан 2020. - №191. –

2-3 бб.

8. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына: Көркем аударма мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1987. – 171 б.

9. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>»





Балтабаева Салтанат Серикбаевна

*Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты»*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Мен, география пәні мұғалімі, әдебиетшілер сықылды Абайды терең білемін деп айта алмаймын, бірақ шама-шарқым жеткенше білуге тырыстым.

Ел дана тұтқан Абайды неге танып білмеске!

Абай – біз үшін, қазақ үшін ұлы тұлға.

Осындай ұлы адамды мектеп берген білімнен басқа өз бетімше тани білуді үйрендім.

Абай қанша ғасырлар өтсе де, ұлтымыз үшін шамшырақ боп қала бермек.

Мен ХХІ ғасыр өкілімін.

ХІХ ғасырда өткен Абай заманындағы жақсылық пен жамандық – ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өмір заңдылығы. Әлі де бола береді, бірақ шындық пен жақсылық кеш те болса салтанатын құратыны даусыз.

Қағаз – сызуы, оқуы кем заманда туып «мыңмен жалғыз алысқан» Абайды мәңгілік еткен Мұхтар Әуезовке мың тағзым!

Осындайда ойлаймын, Абай айтпақшы, «алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегендей, бұның бәрін қазақ үшін реттеп тұрған жаратқан иенің өзі-ау деп.

Мектеп қабырғасында Абай өлеңдерін жаттап өстік. Әлі де өлең жаттау керек болса алдымен Абайдан бастаймыз. Жаңа Жылда «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп «Қыс» өлеңін айтып, Аяз Атадан кәмпит алатын балалар есімде. Қыс бізге шынымен ата кейпінде елестейтін.

Сонда ата-анамызға Абай өлеңдері соншалықты жақын болғаны да.

Бір апайымның шілдеде туған күнінде банкетте отырғанда үш жасар қызына «өлең айт» деп, туыстары орындыққа шығарғанда «ақ киімді денелі...» деп тақпақтағанында ыстықтан желпініп отырған жұрт ду күліп, мәре-сәре болған.

Міне, Абай біздің санамызда.

Абайдың кемеңгерлігі сол, Некрасовтағы «дед мороз» аудармасы қазақыланып атаға айналғанында, қазақ өміріне енгендігінде.

Мәдениет пен білім қай заманда да керек. «Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың» деп күйінген Абай реніші бүгінде де мыңдап табылады.

«Сананы тұрмыс билейді» демекші, адам құндылықтары педагогика іліміне қанша кірістірілсе де, санасыздар ұқпас-ау, тағылық кейіпке тарта береді-ау.

Адам өзін-өзі тәрбиелемесе, өзін-өзі шыңдамаса, хайуаннан несі артық!?

Абайдың 15-қарасөзінде «... Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен-өзің есеп ал!...» дегені – маған өмірлік ұстаным. Уақытты бағалай білемін, бос отырғым келмейді. «Не тындырдым, не қалды» деп өзімді қамшылаймын, осы жолға айналамдағы жақындарымды да тартқым келеді. «Пысықсың» дегендерге әзілдеп «бұл пысықтық емес, енжарлыққа қарсылық» деймін.

Ата-ана қашан да баласына қамқор. Сол қамқорлықты бала сезіне ме, оны да таныту керек-ау. Бірде анам ауырып, етігім ауыз үйде қалып, ұлтарағы батерейкаға қойылмапты. Таңертең суық етікті аяғыма сұғып жатқанымда, анам орнынан тұрып келіп, маған ренжіп, «өзіне-өзіңнің жаның ашымай ма, и-и» дегені. Бұл реніш сөз мені таяқпен осқаннан бетер тиді. Әзірде кісі еңбегін бағалап отыру, жақсы іске ризашылық білдіру - жұртпен қарым-қатынасымдағы ең бір адамшылық қасиеттеріміздің бірі. Солай етуге балаларымды, шәкірттерімді бағыттап отырамын.

Абай өлеңдерінің жинағы, «Абай жолы» романы қоңыр домбыраммен бірге төрде. Шкафтың сөресінде көзге түсетін жерге әдейі қойғам. Жаз баласында күндіз ұйқы қанған соң, түнде ұйқы келе қоймайды-ау. Ондайда соткадан «Абай жолы» романына ден қоям. Оқыған сайын Абай бейнесі мен үшін тереңдей береді. Кей күндері Абай атам түсіме кіреді. Ақ шапанын желбегей жамылып, кітапқа үңіліп отырады, маған қалам ұсынады. Қуанып тұрамын, жақсылыққа жоримын.

Сынып жетекшілері жыл соңында оқулықтарды жиып алып, кітапханаға өткіземіз. Сонда әдебиет кітабындағы ақын-жазушыларды бояп қойған беттерді көріп қынжыламын. Абай атамды да. «Мына кісі не қылды саған» десең, мен алғанда сондай деп ақталады шіркіндер. Демек, шәкірттеріміздің тәрбиесі әлі де шикі-ау деп қаламын.

Білім ордалары жылда ұйымдастыратын дәстүрлі Абай оқуларын құптамын. Өлең оқу, өлең тыңдау – мәдениет. Ал өлең жазу – тәңір берер сый. Мыңнан бір шәкіртіміз ақын боп шыға берсе, жаман болмаспыз.

Төрт аяғы тең көсілген қазақ өлеңі Абайдан басталады. Баспасөзге қарасаң, әлемде қазақ өлеңі ең озық көркем сөз қатарында екен. Ол – мақтаныш. Қай ақын-жазушы болмасын, бірінші ұстазы – Абай. Абайдан аттап өту – асылық. Осы жолдан таймай келе жату – Абайдың ұлылығының арқасында.

...Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? – деп, ендігілерге жауапкершілік артады, сынай қарайды.

Заманымды жамандай алмаймын. Өткен тарихымызды зерделей оқысаң, өкініші неткен көп! Еліміздің ұстанып отырған бағыттары көңіл қуантады. Адам құндылықтарын байытудағы перспективаларына да сүйсінем.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың да ел басқарудағы ұстанымдарының Абаймен пікірлес келуі дамуымызға үлкен септігін тигізері даусыз.

Абай – заман алыстаған сайын биіктей беретін асқар алып. Биыл туғанына 175 жыл толып отырған шұғылалы шыңымыздың тойы құтты болсын!

XXI ғасырдағы Қазақстанның әлем алдындағы даңқы Абайымен өрлей түссін!



Боранбаева Рая Жумалиевна

*Ақтөбе облысы. Ақтөбе қаласы,
№34 «Таңшолпан» мектепке дейінгі ұйым*

«Абай - жаңа ғасыр жастарының темірқазығы»

Өмірге ерте келіп, он тоғызыншы ғасырда, «мыңмен жалғыз алысып», өз заманында алысып, жұлысып өмір сүріп, қазақ тарихында өшпес із қалдырған ақын, ғұлама, ойшыл, сазгер, саясаткер, ағартушы, аудармашы Абай Құнанбаевтың философиясы қазірде, ХХІ ғасырда да жастарға берері мол. Абайдың өз замандастарына көңіл толмай, келетін ұрпақтарға үміт артып, мұңын шағып, сол кездегі қазақтың бойындағы жаман мінез, қасиеттерді көрсете отырып, адамгершілікке, білімпаздыққа және 45 қара сөзінде «жамандықтан жирен, жақсылықты үйренуге» шақырды. Қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Абай- шығыс пен батысты байланыстырған көпір іспеттес. «Ұлы ұстаз» деген атқа Әбунасыр әл- Фарабиден кейін Абай есімі лайықты. Абай әлемі, Абай поэзиясы, қара сөздері, әндері, әсіресе оның жаңа ғасырдың жастарына және біздерге де берер ғибраты мол.

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. «Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу» дейді ұлы философ Абай, мысалы, спортпен шұғылдансақ, денеміздің күш – қуатымызды жетілдіреміз, ал ғылым-білім үйренсек, ой- өрісімізді жетілдіреміз, ал рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетті. Абай- қазақ елінің моральдық кодексін жасаған адам. Абай айтқан «Толық адамның» бойындағы сегіз қасиеттің ең күштісі - ғылым мен құдірет. Ал осы екеуін қосып Абай – ақыл деді. Өзінің тарапынан екіншісі мейірім, жүрек мәселесіне байланысты «рақым» дегенді келтіреді. Ал, үшіншісі – әділет. Осы үшеуі бір адамның бойында болса, ол адам толық адам болады. Осыны меңгерген адам адамгершілігі күшті, әр нәрсені ақылға салып тоқтайды. Осыны меңгерген адам – кемел адам. Жастарды тәрбиелеуге біздер осы ілімді мейлінше үйретуіміз керек. Балаларға түсіндіріп отыру керек. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы- халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

Абай мұрасы – Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан- жақты дамыған зияткер тұлға қалыптастырудың қайнары. Рухани жаңғыру бағдарламасы да Абай философиясының

жалғасы іспетті. Қазақ халқының рухани жаңғырып, жастарымыздың кемелденуіне жол сілтейтін - темірқазығы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту- қоғамдық ой – санада тың серпілістерге, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман талабына сай, Абайды жаңа қырынан оқу, тану, ғылыми тұрғыдан тың байлам жасалуы- заңдылық. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық құндылықтарымызды сақтау, ұлттық код, туған жер деген ұғымдарды негізге алды. Ал осы рухани құндылықтарымыздың бастауы - Абай мұрасында жатыр. Мектеп табалдырығын аттағаннан Абай мұрасымен сусындаған бала, келешекте өз мемлекетінің бір кірпіші болып қаланып, елін көркейтері айдан анық.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап,

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақта,- деп кемеңгер, надандықтан шығар жол – оқу-білім, өнер екендігін айта келіп, оның жетістікке жетуіндегі еңбектің рөліне мән береді.

Ұлы ақын шығармаларын терең, жан- жақты таныту арқылы елжанды, халқының әдебиетін, өнерін, салт- дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік дағдыларымен қаруланған, ойларын іс жүзінде пайдалана білетін, ұлттық сана – сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру. Ақынның мұрат- мақсаттарын, көркем – әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы жастардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, ұстанымды түсінуге баулу, көркем туындының тілдік ерекшеліктері мен идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға жастардың өмірден өз орындарын табуға бағыттау. Ұлттық таным мен рухани – мәдени құндылықтарды жастардың бойына сіңіру, адамгершілікке, имандылыққа, махаббат, достық, әділеттілікті, бірлікті жырлайтын өлеңдері арқылы келер ұрпаққа үлгі ету мақсатымыз.

Ұлы ақын өз шығармаларында жастарды ғылыммен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды. Есті адам қатарында болғың келсе, өзіңе ең болмаса айына бір есеп беру керектігін он бесінші қара сөзінде айтады. Өзіңе есеп беру арқылы кімсің, қайда барасың, не істеп жүрсің, бағытыңды біл, мақсатыңды айқында. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің басты мақсаты-жастарды ғылым, білімге үйрету, халқымыздың болашағы үшін ғылым- білімнің маңызын, мақсат- міндетін айқындау, ақылды, білімді адамды жоғары бағалауы, оқыған балалар жайында, «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» - деп оқығанда әкім болып билікке қызығу үшін емес, ғалым болып дүниені тану үшін оқу керек екенін еске салады. Ақынның әр сөзінде бай мазмұн бар. Өзі айтқандай «сырты күміс, іші алтын» болып келеді.

Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Атап айтқанда, ол былай деп айтты: «Балаларды ата-аналарынан алып, мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек. Мектептерді көбейту қажет, оларда тіпті қыздар да оқитын болсын». Бұл қазірде мамандықты игеруде балалар әр түрлі мамандықты оқып, қажетті маман болу керек.

Абайдың пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет. Абай парақор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды әшкерелеп отырды. Халықтың игілігіне жету жолындағы бұл қырсықты ғылым мен білім арқылы ғана жоюға болады деп есептеді. Ол жастарға үздіксіз еңбек етіп, білім алуды міндет етіп қойды. Білім алуға жұмылған еңбек әрқашанда жемісті және ізгілікті болатынын қадап айтты. Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол — оқу-білім екенін көзі қарақты жастарға түсіндірді. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде жастарға «пайда ойлама, ар ойла» деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салуы, «Сегізінші қара сөзінде» ақыл, насихат туралы пікірі, ғылым, білім, ар, ұят жайлы пікірлері, ақыл, білім жөніндегі философиялық тұжырымы; «Он жетінші» қара сөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ой түйіні; «Жиырма бесінші» қара сөзінде озық елдердің өнерін, ғылымын, білімін үйреніп, пайдасына ортақ болуға үндеуі, «Кұдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең- оқыт, мал аяма!» деп өсиет айтып жастарға адам болу білім—ғылымда деп жастарға тәлім- тәрбие береді. Жастарымыздың білімді болып, өнерлі, ғалым болғанын қалап, білімді үйренуде пайдаңды емес, ар намысыңды ойлап, еліңді озық елдердің қатарына қосуға талпынуға үндейді. Қазірде дамыған отыз елдің қатарына қосылуға, білімді, білікті, ақылды жастар керек, жастар келешегіміз, Абай айтқан, озық елдердің өнер- ғылымын үйреніп, елімізді алдыңғы қатарға қосуға қазақтың жастары талпыну керек. Қазіргі кезде жастарымыздың шетелде оқып, тәжірибе жинап келіп, еліміздің ғылымын алға жылжытып, өнерін өркендетіп, білім мен тәжірибе жинауы, саясатымыздың бір бөлшегі болған «Болашақ» бағдарламасы да Абайдың өсиеті іспетті. Ақын жете алмаған арманға кейінгі ұрпағы жетуде.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ ортасында идеялық жаңа тыныстың қанаттануына Абайдай жан салған ойшыл кемде-кем. Еліміздің шымырланып, қайта түлеу қажеттігін сезінгендіктен, қайрау мен намысқа тию арқылы ішкі жан-дүниесінің қайтадан жаңаша құрылу қажеттігін ұсынды. Мәселен «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын толғауында халқына бағышталған махаббаттың тұңғыш көріністері анық байқалады. Ақынның жақсы мен жаман, надандық пен адамдық, махаббат пен ғадауат туралы әр ұстанымы, әр тұжырымы өткен өмірдің, бүгінгі күн мен келер шақтың келбетін анықтайтын айрықша өлшемдер сияқты.

Абай адам өмірінің бірталай келеңсіз жақтарын сынап отырып, одан құтылудың жолын да көрсетіп береді. Өнер, білім, ғылым үйреніп қана қоймай, сол алған білімді қалай жұмсау керектігін де айтып өткен. Ақынның шығармашылығының өзегі «Адам бол» деген философиялық идеяға сәйкес келеді. «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз»- дегенде ғұлама-адамның рухани жетілу мүмкіндігінің шексіздігін көрсетті. Менің түсінігім бойынша, адам өмірге құштар болу керек. Еш қиындыққа мойымай, бәрін жеңу қажет. Адамгершілікке жетелейтін бірден-бір жол, Абай түсінігінде білім мен ғылымға құштарлық болып келеді. «Ғылым таппай мақтанба» жастарды еңбек ету, оқу оқып, білім алуға шақыруы, Абай атамыз адам болып қалыптасу үшін ең қажеті ғылым екенін көрсетіп, адамның бойына оның өзіншіл табиғи болмысы арқылы орныққан менмендік, нәпсіқұмарлық, тұрақсыздық сияқты қасиеттеріне шектеу

қоюға тырысады. Қазақ халқын шексіз сүйген Абай ескіліктің бұғауынан, надандықтың шырмауынан шыға алмай отырған ауыр халіне күйінеді. Ұлы дананың қай еңбегін оқымайық, ол ақыл- нақылға, тағылымға толы. Әсіресе, қазіргі кезде жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру мәселесі Абай мұрасына бет бұрыс жасау керектігін, Абайды қайта оқып, тәлім – тәрбие алуымызды қажет етеді.

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе, Адалдықты көздесең, жаттап тағы көңілге», - деп ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, жылдан- жылға ұрпақтарымыздың Абай атамизды танып- білуге ынтасы артып келеді. Сондықтан да біздің мақсатымыз- жас ұрпаққа Абай даналығы туралы түсінік беріп, шығармалары мен қара сөздерін ұғындыру.

Абай өз шығармашылығында халықтық ән өнерінің дәстүрін этикалық, эстетикалық көзқарасына орай дамытты. Жастарға қайғы- қамсыз, алаңсыз өмір сүрмей, оқу- білімге ұмтылуға, болашақтарын ойлауға, «Ата-анаға көз қуаныш» әні ата- ананың үміті мен сенімін ақтауға шақырды. Абайдың композиторлық қабілеті бір төбе. Абай әндері әр қазақтың шаңырағында шырқалып жүр. Ұлы Абайдың сазгерлік қасиетін махаббат туралы әндері де, басқа тақырыптағы әндері де дәлелдеп берді. Жастарды Димаш Құдайбергенов «Айттым сәлем, қалам қас» әнімен баурап жүргені бәрімізге мақтаныш. Қазіргі кезде Абай әндері сахнадан түскен емес. Лирикалық әндері жүрекке жылы, адамды баурап алады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Абайдың... барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылманы болып көтеріліп отыр... Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап жаңаша баға берді. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үңіле зерделеді», -деп бағалайды. Расында Батыс пен Шығысты мектептерінде қалыптасқан, адамгершілік пен рухани байлықтың иесі, парасат, мәдениеттің иесі. Абай - бүкіл адамзаттың ұстазы. «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі- жиі зиарат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз , бірақ рухымыз сезер, қуанар», - деп Міржақып Дулатов атамиз айтқандай, бағасын кезінде берген алаштың арыстары алдын – ала сезіп, айтып, жазып кеткен. Енді олардың рухтары сезіп қуанып жатқан шығар. Біздің ақынымызды ұлықтап жатырғанымызды, оның әрбір өлең , поэма, қара сөзінен ғана емес, әрбір өлең жолдарының буынынан, әрбір әндерінің музыкасының нотасынан, ғибрат алып , қазына тауып жатырғанымызға риза болып жатырған шығар. Абай– қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Бұрында талай арыстарымыз мақтанып кеткен , бізде мақтанамыз ұлы данышпанымызбен, кейінде ұрпағымыз мақтанып жүретін болады. Абай – халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық идеологиямыз, оның өлмес мұрасын алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту –біздің ғұмырлық парызымыз.


«1.Надандық –білім -ғылымның жоқтығы. 2.Білімсіздік –хайуандық болады. 3.Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.» Егеменді еліміздің жастары осы үш кеселден , адамды қор қылатұғын нәрседен бойын аулақ салса, ақынның арманы орындалғаны. Жастарымыз бойкүйездікке салынбай, ғылым қуып, тәжірибе жинап, сауатты, білімді, ақылды болса, болашақ мәңгілік елдің қайраткерлерінің қолында деп

сеніммен алға қараймыз. Инстаграм желісінде, теледидардан Абай өлеңдерін оқыған жастарды көріп, қуанамын. Себебі Абай босқа өмір сүрмеген, босқа жазбаған, кейінгі ұрпағы, өлеңдерін оқып жаттап, қара сөздерінен ғибрат алады. Жастар іздегенін Абайдан табады, қиналған кезде Абайды оқып, жұбанады. Тіпті бір – біріне Абайдың ғибратты сөздерін салып, статустарына өлеңдерін қойғандарын көріп, жастарымыз шынымен дара жолға, дана жолына – Абай жолына түскенін көріп көңілім марқаяды. Мәңгілік елдің білімді жастары парасатты, мәдениетті, ақылды Абайдан үйренгені абзал. Мағжан бабамыз секілді, мен жастарға сенемін, Абайдың қалдырған мұрасын, өздерінің өмірлеріне пайдалана отырып, кейінгі ұрпақтарына азық етеді, атадан бабаға жалғап, мұрагерлеріне аманат етеді деп сенемін. Жастарымыздың кемелденуіне жол сілтейтін адастырмас **темірқазығы Абай** бар, хакім бабамыздың «өлмейтұғын ізі» әрқашан үлгі-өнеге.

«Өлді, деуге сыяма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дана, дара Абай атамыз дара, сара жол қалдырған. Жастарымызға Абай – темірқазығымызды бетке алып жүре беріңдер деген тілектемін. Абай жолына түссеңдер адаспайсыңдар!

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай . қара сөздер, поэмалар. - Алматы. «Ел» 1993ж
2. «Аңыз адам» журналы .Жұлдыздар отбасы. №5 қыркүйек. 2010ж
3. Айттым сәлем, қалам қас. А.Құнанбаев .- Алматы. «Өнер» 1986
4. «Абай жолы» М.Әуезов. - - Алматы «Жазушы», 2006
5. «Абай» (шығармаларының екі томдық толық жинағы) 1 том. Өлеңдер мен аудармалар. –Алматы, «Жазушы» 2003









Булекпасова Бағдат Шақимовна

Нұр-Сұлтан қаласы,
№63 мектеп гимназиясы

Абай «Ғылым таппай мақтанба»

№63 Мектеп-гимназия	Сабақтың тақырыбы:	
Күні: 12.10.2020ж	Мұғалімнің аты-жөні: Булекпасова Б.Ш	
Оқулық	«Қазақ тілі мен әдебиеті» 5-сынып 1-бөлім «Бәйшешек» Көкжиек-2018ж Авторлары: Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, А.Рауандина	
Тарау YI	Әлемдегі ірі кітапханалар	
Сабақ №7 тақырыбы	Абай «Ғылым таппай мақтанба»	
Сынып: 5 «Д»	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушы саны:
Оқу сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	-мәтін тақырыбы,тірек сөздер,иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау -берілген сұрақты дұрыс түсіну, жауап беру -болымды және болымсыз етістікті ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда дұрыс қолдану	
Сабақ мақсаттары	Оқушылардың барлығы: мәтін тақырыбы,тірек сөздер,иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды; Оқушылардың көпшілігі: сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды; Оқушылардың кейбірі: нақты жауап береді	
Бағалау критерийлері	Өлеңнің тақырыбын анықтайды Өлеңнің мазмұнын түсінеді Өлеңде айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді	

Дескриптор	Адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді біледі: Өлеңнің мазмұнын түсінеді Мәтінде кездесетін кейбір сөздердің мағынасын ашады Қорытынды ойын сипаттап айтады	
Тілдік мақсат	Пәнге деген лексика мен терминология: көптілді маман, шешен сөйлеу, қызыл тілдің иесі, ресми тіл Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: экзотикалық тілдер, таралым, мүмкіндігі көп тілдер	
Құндылықтар	Абай шығармаларының құндылығын ұғындыру. Талап, еңбек, терең ой, қанағатшылық, рақымшылық құндылықтарын насихаттау.	
Алдыңғы оқу	Ұлттық кітапхана, кітаптар жайлы айта алады.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
 <p>«Ынтымақтас тық орнату» тренингі.</p> <p>Сабақтың басы.</p> <p>Сабақтың ортасы</p> <p>Жаңа сөздердің мағынасын мен айтылуын түсінеді</p>	<p>Сәлемдесу, түгендеу.</p> <p>Психологиялық ахуал туғызу «Ыстық алақан» әдісі арқылы Кел, жанымға тұр, сыныптас, Өз алақаныңды маған аш. Міне, менің қолым бос,</p> <p><i>Жылуыма жылу қос./оқушылар бір-бірін қолдарынан ұстап, өз тілектерін айтады/</i></p> <p>Миға шабуыл» әдісі арқылы оқушыларды сөйлету. Мұғалім интерактивті тақтаның қасында тұрып, Абай атамның «Желсіз түнде жарық ай» әнін айтады. «Абай Құнанбайұлы» туралы деректі фильм жүріп жатады. https://www.youtube.com/watch?v=59q_w5Tjq5</p>    <p>Мәтіналды жұмыс. Айтылым. 1-тапсырма.</p> <p>Ой қозғау сұрақтарын қойылады: 1.Біз қандай деректі фильмді тамашаладық? 2.Абай Құнанбайұлы жайлы не білесіңдер? 3.Абайдың қандай шығармаларын оқыдыңдар?</p> <p>Сөздікпен жұмыс. Интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздер беріледі. Оларды оқимыз, аудармасымен танысады, оқушылар қайталайды.</p>	<p>https://bilimland.kz/ru/subject/qazaq-tili-men-adebieti/5-synyp/hylym-tappaj-maqtanba--18738?mid=06a70f66-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051</p> <p>Интерактивті тақта, слайдтар, А4 парағы, маркерлер, плакат, тақырыпқа қатысты</p>

<https://www.youtube.com/watch?v=Ru7PRRikOzU>

Мақтанба- не хвастайся, қашық бол-держись подальше, асық бол- торопись, адам болу- стать человеком, өсек- злословье, өтірік- ложь, обман, мақтаншақ- хвастун, бекер мал шашпақ- растрата, бес дұшпан-пять врагов, талап- стремление, терең ой- глубокая мысль, қанағат-удовлетворение, рақым- милосердие, асыл іс- доброе дело

Дәптерге күн, тақырып жазылады.

Абай. Ғылым таппай мақтанба.

Оқылым. Айтылым. Жазылым. 2-тапсырма Мәтінді оқимыз, диаграмманы толтырамыз.



Тыңдалым. Оқылым. Тапсырма -3. Аудиомәтінді тыңдаймыз, мазмұнына мән береміз, болымсыз етістіктерді теріп жазамыз.

<https://www.youtube.com/watch?v=ezHZtYRELSE>

Бағалау критерийі:

- Мәтінді тыңдау
- Мәтін мазмұнын түсіну

Дескрипторы:

- Мәтіннен болымсыз етістіктерді теріп жаз

Сергіту сәті: «Көзімнің қарасы» әнін айту

<https://www.youtube.com/watch?v=2UGz71opeDg>

Жұптық жұмыс. Жазылым. Айтылым. Тапсырма-4.

Өлеңді оқи отырып, Абай айтқан бес жақсы қасиет мен бес жаман қасиетті анықтап жазады



Бағалау критерийі:

- Өлеңді оқи отырып, Абай айтқан бес жақсы қасиет мен бес жаман қасиетті анықтайды

Дескрипторы:

- бес жақсы қасиет мен бес жаман қасиетті анықтап жазады

Айтылым. Тапсырма-5. Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін анықта

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Ғылым таппай мақтан		
2	Бес нәрседен қашық бол		
3	Бес нәрсеге асық болма		
4	Адам болам десеңіз		
5	Бес дұшпаның: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ		

Бағалау критерийі:

- Мәтін мазмұны бойынша дұрыс және дұрыс емес жауапты анықтайды

Дескрипторы:

- Дұрыс және дұрыс емес жауапты белгілейді

Жеке жұмыс. Жазылым. Оқылым.

1. «*Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен*» деген тақырыпқа эссе жазады.

2. *Onlinemekter* сайтынан осы тақырыпқа байланысты тапсырманы орындайды.

Бағалау критерийі:

- Берілген тақырып бойынша эссе жазады

- *Onlinemekter* сайтынан тапсырманы орындайды

Дескрипторы:

- эссе жазады

- тапсырманы орындайды

Оқу тапсырмасы: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаттап келу

Сабақтың соңы.

Рефлексия «3-2-1» стратегиясы

1. Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;

2. Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;

3. Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.

Рефлексия жасау үшін дайын құрылым беріледі, оқушылар бүгінгі өзінің әрекетіне талдау жасайды. Сол арқылы мұғалім бүгінгі сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын анықтай алады.

Қосымша ақпарат

Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?

Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?

**Пәнаралық байланыс
Қауіпсіздік ережелері
АКТ-мен байланыс
Құндылықтармен байланыс
(тәрбиелік элемент)**

Дифференциацияны берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асыруға болады.

Дифференциация сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.

Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз.

Сабақ жоспарын құру үшін сізге өзге пән мұғалімдерінің көмегі керек пе?

Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндіре ме?

Оқушылар сабақ барысында өздерінің АКТ дағдыларын дамыта ала ма?

Осы сабақ барысында НЗМ құндылықтарын дамытуға қандай мүмкіндік бар?

Ойлану

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?

Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?

Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?

Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?

Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?

Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалпы баға

Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

- 1.
- 2.

Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?



Кундузбаева Енлик Серикбековна

*ШҚО Бородулиха ауданы Жезкент кенті,
«Жезкент кентінің мектеп-лицейі»*

**Интегрированное театрализованное представление
«ҚАЙТҚАНДА» - «ВОЗВРАЩЕНИЕ»
по роману-эпопее «Путь Абая»
М.О. Ауезова**



Сцена 1

Звучит песня. Женщины сидят на кошиме. Растягивают пряжу, занимаются делом и поют. Одна поднимается, взглядывается в горизонт.

Ауыл адамы: Кімдер бұл? Алыстан келе жатыр! Қаладан келе жатыр! (Кто эти люди? Издалека едут! С города едут)

Әйел 1: Это из города! Из города вернулись!

Әйел 2: А вот Абай!.. Абай, голубчик наш!

Жеңгесі: Бәсе-е, Телғара ғой... (пауза) жаным-ау, мынау ... Телғара! Әпкеме айтайыншы. Сүйінші! Сүйінші! Ұлжан! Ұлың келе жатыр! (Точно! Это же Телькара! Душа моя! Это Телькара! Скажу-ка сестре эту новость! Хорошая весть! Хорошая весть! Улжан! Твой сын едет!)

Сцена 2

Женщины заходят шумной толпой. В центре Абай. Рядом Жумабай.

Ауыл адамы 1: О-о-й қандай көрікті жігіт! Қандай ақылды! Пай-пай! Тіл көзден сақтасын! (Ой! Какой парень видный! Какой умный! Сохрани его от сглаза!)

Әйел 1: Вот уже Әже и Мама обрадуются! Как же тебя твоя бабушка ждала! Все за горизонт смотрела! Дайте я тоже его поцелую!

Жеңгесі: Ауылда сені оқымысты болып кетті деп айтып жатыр! Тура әкесінен аумай бара жатыр! (В деревне все поговаривают, что ты стал ученым! Прямо как твой отец!)

Жумабай: Дайте мне коримдик! Я же его сопровождал! Аж с самого города!

Абай.: Ой, Тети, снохи! У меня все хорошо! Спасибо Вам! Я тоже соскучился по Вас! Но все же... где... (пауза) ну где же моя матушка? Ее не видно!

Ауыл адамы: Ой мынаның сөзін қарашы! Бірден анасын іздеп, боталап тұр! (Ну смотри, а! Сразу маму ищет как жеребенок!)

Әйел 1 : Да вон она! Иди! Беги! Кровь не вода!

Все уходят за Абаем.

Сцена 3

Мать Абая Улжан ведет свою свекровь Зере.

Анасы Ұлжан: Ұлымды тоса-тоса шаршадым! Қарашығым! (Устала ждаты своего сына! Зрачок мой!)

Әжесі Зере: Менің де тағатым таусылды. Қозымды бір көрсем, арманым жоқ! О Тәңірім құлыныма қорғаушы бол! (И у меня закончилось терпение! Хоть бы один раз увидеть своего ягненка, мечты больше нету! О Всевышний, защити моего жеребенка!)

В многолюдной толпе мальчик сразу увидел родную мать.

Он бросился к ней, но Улжан остановила его:

Абай: Мама, бабушка! Наконец-то!

Анасы Ұлжан: Әй шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр...! Сәлем бер! (Стой, сынок! Там стоит твой отец. Сначала с ним поздравайся!)

Абай оглядывается. Кунанбай стоит в окружении мужчин.

Он только окинул Абая быстрым взглядом и сказал:

Құнанбай: Ты вырос и возмужал. Выросли ли твои знания, как ты сам?

Музыка играет. Абай смотрит в даль. Монолог

Абай: Действительно ли отец хочет знать обо мне?.. С самых ранних лет я привык следить за движениями бровей отца, — так опытный пастух следит за облаками в год джута — и за эту наблюдательность отец ценил меня больше остальных детей.. Но я знаю и то, что отец не выносит, когда не отвечают на его вопрос, и любит когда говорят сдержанно и с достоинством.

Абай: Слава богу, отец, занятия еще не кончились, но вы прислали за мной, хазрет благословил, и я вернулся домой.

Ауыл адамы 2: Өзі әбден есейіп келіпті! (Очень повзрослел!)

Құнанбай : Ступай, сынок, поздравайся с матерями!

Сцена 4

Абай направился к матери. Родная его мать, Улжан, и третья жена Кунанбая, красавица Айгыз, стояли рядом.

Әйелдер:

- Свет очей наших!
- Окончил ученье?
- А по ком больше скучал?
- Көз тимесін! (не слезить бы)
- На муллу уже выучился?
- Ерке бала! (наш милый мальчик)
- Тфа-тфа! Машалла!

Айгыз сказала:

Айгыз: Ну вот, всякие грязнули заслюнявили все лицо нашему мальчику, и поцеловать некуда!

Әйелдер:

- Жарайды-жарайды! Сағынып қалдық қой біз де! (Ладно, ладно. Мы же тоже скучали!)
- Көрмегелі қашан! (Сколько его не видели!)

Абай подходит к маме, обнимает. Улжан не стала долго задерживать его.

Анасы Ұлжан: Бар, балам, әжеңе амандық бер!

Старая Зере, опираясь на палку, уже ворчала на Абая

Әжесі Зере: Ой бұзық! Маған келмей, әкеңе бардың, бұзық неме! Жарығым менің! Кішкентай қозым менің! Абайым, жүрегім менің! (Ой негодник! Сначала меня не повидал, а сразу к отцу пошел!

Негодник! Свет мой! Маленький ягненок мой! Абай! Сердечко мое!)

Бабушка с внуком обнимаются.

Сцена 5

Играет медленно музыка.

Абай громко, в самое ухо, рассказал ей, о чем шел разговор, и добавил:

Абай: Бабушка, в прошлом году ты была совсем не такая. Что у тебя с ушами?

И он обнял Зере, прижавшись к ее коленям. Она расслышала его слова.

Әжесі Зере: Әжеңнен не қалды дейсің! Қу сүйек қана! *(Да что осталось от твоей бабушки! Одни кости!)*

Абай: А можно вылечить твои уши? Если бы попробовать? Если мулла подует с молитвой, бывает, что начинают слышать. Это помогает.

Әжесі Зере: Жарайды, балам! Молла болып келіпсің, көмегі болса, ұшықтап көр, қарағым! *(Хорошо, сынок, попробуй, вдруг поможет)*

Абай:

Прелестен лик, в очах алмаз горит,

Заре подобен цвет ее ланит,

На гибкой шее белый снег лежит.

А брови тонкие начертаны творцом... Суф!

Анасы Ұлжан: Балам молла болды ма десем, сен менің төркінімнің жолын қуыпсың балам!

Ақындығың бар екен!

(Я думала, что мой сын муллой стал, а смотрю он в мой род пошел, есть талант к поэзии!)

Абай:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,

Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,

Кәрі әжем естімейді, нана берсін,

Берейін өлеңіммен шын ұшықтап...

Как пташка к югу свой стремится полет,

Так ты спешишь, прекрасная, вперед...

Не слышит бабушка — пусть с верой ждет:

Я излечу ее моим стихом! Суф!

Он зажмурил глаза, беззвучно пошевелил губами и дунул в ухо бабушке:

Абай: Су-уф!

Обняв бабушку, он спросил:

Абай: Ну как, лучше слышишь?

Әжесі: Е-е Жақсы болды. Өркенің өссін балам! *(Да, сынок, хорошо стало! Живи долго, сынок!)*

Жеңгесі: Ну, конечно, в нем же течет кровь Шаншар! А это значит, что он будет великим поэтом великой степи! Его стихи найдут дорогу к тысячи сердцам!

Соңы

Ақынға арнау

Ұлы Абай, Ибраһим, Телғара..
Қазақта одан асқан бар ма дана?
Өлеңі - бір құдірет тағлымы мол
Алашта Абай-ұлық, Абай дана!

Әкеден Құнанбайдай жаратылған
Болмысы біткен бөлек, дара тұлға.
Сөз саптау мен тілінің кесектігі
Нағашының қанынан жаратылған!

Қозғайтын тетіктерін бар ғаламның,
Өміршең жырларына таңданамын!
Сөздері түйдек-түйдек, ойы терең
Мұрасы - тұмары ғой кең даламның!

Жазба әдебиет негізін қолға алдырған,
Жаңаша сөз өнерін жандандырған.
Қазақтың бас ақыны, біртуары
Өлсе де, өлмейтұғын сөз қалдырған.

Поэзия еліне жол ашатын
Шәкіртке де арнаған парасатын.
Сол ақындық мектебі өлген емес,
Мәңгілікке жалғап ап болашағын!

Елінде Ұлы Абайдың бәрі де ақын!
Өнеріне сөздің де жаны жақын.
Сол елдің тумасымын, руласымын
Жырламауға бабамды бар ма хақым?

175 жыл толып туғанына,
Қазақтың айналды бас ұраныфна
Осы емес пе ақынның құдіреті
Беттеткен бәрін өлең «бұлағына»!

Абайды пір тұтамын мәңгілікке
Жырларынан толтырып жанды үмітке.
Ұлының сара жолын тапсам деймін
Мініп ап «Өлең» атты сәйгүлікке.

Дүйім ел тағзым етіп бас иетін,
Бұл күні паш етейік қасиетін!
Жас ұрпақ жырларымен сусындасын,
Жүрекке тізіп Абай өситеін!



Баймурат Егізүл Орынтайқызы

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы,
«Темірлан» жалпы орта мектебі

Ұлы Абай өлеңдері - тәрбиенің қайнар көзі

Абай – дана, Абай – дара. Иә, Абай бабамызды ауызға алған заматта көз алдымызда қазақтың кең жазира даласы, қазақ халқының тыныс-тіршілігі, ұрпақ болашағы тізбектеле елестейді. Хакім Абай туралы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауы тиіс», - деп айтқан болатын. «Бала – бауыр етің» дегендей, Абай өлеңдерінен ұрпақтың тағдырына, болашағына дана ақынның бей-жай қарамағанын түсінеміз.


Абай өлеңдерінің тақырыбы жан-жақты, әлеуметтік аясы кең. Әсіресе, ақынның әлеуметтік, қоғамдық өлеңдері барша халықты өнерге, білімге, ғылымға, ізгілікті істерге шақырады. Ақынның қай туындысын алсақ та педагогикалық ой-тұжырымдар мен тәлім-тәрбиенің, даналық пен өмірлік сабақтың бір-бірімен ұштасқанын байқаймыз. Шығармаларының барлығы да адам баласын ойландырмай қоймайтын, ойға жетелейтін өсиет-өнегеге толы. «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Әсемпаз болма әрнеге», «Бойы бұлғаң», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңдері жасөспірімдер мен жастарды ғылым-білім үйенуге шақырып, адам бойында кездесетін жақсы, жаман қасиеттердің жігін ажырата білуге жетелейді. Жас ұрпақтың белгілі бір өнерді үйреніп, адал еңбекпен нан табуының маңызын айта отырып, ол үшін адамның бойында қайырымдылық пен адалдық, қажырлы қайрат пен ақыл сынды асыл қасиеттердің алатын орнын атап өткен. «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін алатын болсақ қаншама тәлім-тәрбие жатыр. Адам бойында болуы тиіс бес асыл қасиет пен бойымызды аулақ ұстар бес жаман қасиеттерді бір-бірінен нақтылап ажыратып; бос күлкі, өтірік, өсек, жалқаулық, дүниені босқа шашу, мақтаншақтықтың соңы жақсылыққа апармайтынын, одан қашық болуға шақырса; рақымшылық, терең ой, талап, еңбек, барға қанағат ету сынды асыл қасиеттердің адамға өмірлік қажеттілігі баса аңғартады. Алға ұмтылып, адам боламын деген адам осы жақсы мен жаманды ажырата білу керектігін айтады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасында ақын жастарды жиіркенішті әдеттерден қашық болуға, қиянатсыз достыққа, адалдыққа,

адамгершілікке шақырады. Оларды жалған достықтан, екіжүзділіктен сақтандырады. Ақын ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап, адам бойында тоғысқанда қандай да болсын қиыншылыққа мойымай, тығырықтан шығатынын атап өткен.

Бұдан бөлек ақын өлеңдерінде жас ұрпаққа эстетикалық, экологиялық және отбасы тәрбиесін үндеуі сипатталған.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі мен жаһандану үдерісіндегі ұлттық тәрбиеде ақынның үлгі-өнегеге толы шығармалары жеткіншектер мен жастардың өмірде өз орнын тауып, әлеуметтік ортада тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін жетекші әдістемелік құрал ретінде қолданылып келеді. Ұлы Абай шығармашылығы уақыт озған сайын қоғам талабына сай құндылығын жоймай, әр қырынан көріп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұлама ақын барша адам баласын бірлікке, ынтымаққа шақырады. Ақынны ойынша, адамзатты, әділетті, адалдықты сүю – нағыз адамға тән басты кісілік қасиеті екенін түсіндіреді. Барша адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі- адам, жан-жақты әлеуметтік ортада қалыптасқан – Тұлға. Абай өлеңдерінде жырлаған Толыққанды адам; адамгершілігі мол, өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, қажыр-қайратты, ғылым жолына түскен жаңашыл, ізденпаз болуы керек.

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» дегендей, Ұлы Абайдың шығармаларын оқып, ой жүгірткен сайын тәрбиенің бастауы екеніне, адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етуші күштің тұнып тұрғанына көз жеткіземіз. Сол себептен оқудан, білімге ұмтылудан, ізденуден жалықпайық.





Байтерекова Марина Абаевна

*Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы,
№3 мектеп-гимназиясы*

Абай өлеңдеріндегі дидактикалық тұжырымдар

Дүниеге келген жас сәбиден бастап өсіп келе жатқан жастардың барлығын қатарға қосу әр нәрсені үйретуден, оқытып білім беруден басталады. Бұны жүзеге асырудың ең ізгілікті жолдарының бірі – көркем әдебиеттер, шығармалар арқылы білім беріп, ғылымды меңгерту болса, тағы бір тұсынан тікелей бір істі, қимылды, әрекетті, жүріс-тұрыс, әдет, дағдылар, ереже, қағидалар, тәртіп ретін орындауға үйрету, баулу арқылы орындалады. Дидактикада, басқаша айтқанда, үйрету және оқыту жолында өсіп келе жатқан адамның бойына сіңіру: жаттығу, үлгі көрсету, қайталау, әдеттену арқылы жүзеге асады.

Ақынның «біл» тұжырымы жеке адамның дара қабілеті мен қасиетіне байланысты тағы бір қырынан «Сегіз аяқ» өлеңінде танылады, «сөйлеймін десе, өзің біл...білгенге маржан, білмеске арзан» сөздің бағасын тыңдаушылардың білгені ұғынып, түсінеді, ал байыбына бара алмағандары білмегенімен бағасын алады, өйткені не жасаса да, қарай орындаса да білімді адам жолын табады деген сенімімен ақын «білгенге жол бос» деп қорытындылайды. Өлеңдердегі «біл» тұжырымының тағы бір қыры таным үрдісімен байланысты болып кең көлемдегі дүниетанымды жеке адамның танымымен байланыстырады.

Абайдың «біл» тұжырымының танымдық мәні дүниені танып білу «жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек», әркімнің өзін білуі «өзіңді-өзің таны кел, шырағым», білуді ой жүргізумен пайымдау арқылы көзге көрінбейтін нәрселерді болжау не іздеп табуға байланысты «...ақылға сынатып көрген, білгенін» деп көрсеткен.

Білу арқылы ақыл табу, ғылым іздеу, өнер үйрену, мал табу, «жұртқа жақпақ» - бұл адамның не болмаса адамдар тобының іс-әрекетін басқаруға байланысты айтылған болса керек, өйткені жұрт кімнің сөзін тыңдайды? Әрине, жұрт жағымды адамның сөзіне ұйып, соңына ереді, айтқанын орындайды. Бұдан мұғалімдер үлгі алуына болады. Оқу, оқытудың бір қыры білім беру болса, тағы бір жағы үйрету, «білімдіден аяман сөздің майын» дегенді ақын өзі туралы айтса да ұстаздар қауымына үлгі боларлық. Шәкірт үйренуге ынталы болып, ұстазы үйретуге құштар болғанда ғана ол іске асып, адамға пайда әкелетінін педагог-психолог ғалымдар тарапынан дәріптелік келеді.

Абай атамның тағы бір дидактикалық тұжырымы – «оқы». Білімнің де, ғылымның да басы осы «оқы» дегеннен бастау алады. Ұлы Құран да «оқы, біл, Алланың атымен оқы» сөзімен басталады. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде оқудың мақсатын тағы тереңірек аша түседі:

«Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге...
Адал жүріп, адал тұр,...

Қазіргі заман талабы» - сол Абай дәуірінде-ақ басталған. Олай дейтініміз, жастарға қойылған сол кездегі талап әлі де ескірген жоқ. Қазіргі тұрмыста кездесетін келеңсіздіктер да болғанын ақынның мына өлеңінен «Қызмет қылып мал таппай, Ғылым оқып ой таппай» құр күн өткізетін не болмаса құлық, зорлықпен, ұрлықты кәсіп еткендерге айтқанын тұжырымдауға болады. Абай ақын «оқыған адам қор болмайды, өмірден жолын табады» дегенге сенімді.


Оқыту мен білімнің бір мақсаты адамның бойында жақсы әдет, жақсы қылық қалыптастыру екені белгілі, «керек іс бозбалаға – талаптылық, әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық». Ақын айтқан мінез жалпы адамның жүріс-тұрысының ішкі сана-сезіммен байланысын көрсетіп тұратын қимыл, әрекет, бет әлпетінің тұтас көрінісі болса, қылық соның құрамдас бөлігі болып саналатын әрекет белгілері.

Қоғамның тарихи даму кезеңінде өткен дәуірден бізге жеткен мәдени, әдеби мұралардың өсіп келе жатқан жас буынды оқыту мен тәрбиелеуге септігін тигізетін мүмкіндіктерін сарқа зерттеп, тәлім-тәрбие ісінде қолдану бүгінгі күн талабы. Өйткені, жан-жақтан қаулап арам шөптей басып келе жатқан құнсыз дүниелердің жастар өміріне дендеп еніп бара жатқанын көріп отырмыз.

Өз сөзімді былай аяқтағым келеді: «Абайды оқып отырған қазақ орынсыз асып, жөнсіз тасып кетпейді. Дара данышпанның әр өлеңінің тұңғыығында құдық суындай құдірет, қара сөзінде қалыбыңды бұзба, ниетіңді қысас қылыққа алдырма» деген керемет тағылым жатыр. Мен оны күнде оқып отырып, ізет пен инабаттан аттауға хақым қайсы? Абайды білген адам тілінен айырылмайды, ата жолынан адаспайды.»

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Абай туралы сөз // Егемен Қазақстан.-1995.
2. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ағартушысы. - Алматы, 1970.



«Абайтану» факультативтік сабағының жоспары

Сабақтың тақырыбы: А.Құнанбаев «Әзімнің әңгімесі» дастанындағы кейіпкерлер әлемі

Сабақ мақсаты:

- ✓ Поэма мазмұнымен жұмыс жасау, дастандағы ақынның сөз қолдану шеберлігіне тоқталу, кейіпкерлерге мінездеме беріп, поэманы талдау жасау.

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, топтық жұмыс, оқу, талдау.

Кіріспе сөздер:

А) «Бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанда Абай қазақ халқының ғана емес, әлдеқайда кең ауқымда қабылданады. Ол – көркемсөз ойдың әлемдік тұрғыдағы құдіреті.»

(Федерико Майор)

Б) «Әкемнің сол өлең жазардағы түрі бір мұсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырап, естір-естіместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіреп көп жазып кеп кеткенде, көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды». (Тұрағұл Абайұлы)


Сабақ барысы:

Сәлемдесу

Психологиялық ахуал

Класты топқа бөлу, бағалау парағын тарату.

Сабақтың даму сатысы:



Сұрақ-жауап әдісі:

-Поэма не туралы жазылған?

-Поэмадан үзіндіні жатқа айтайық...

Сөздікпен жұмыс:

- 1) Шынмашын – Қытай қаласы
- 2) Баласура – қала аты.

Шығармадан ертегілік элементтерді табу. (Поэма «Мың бір түн» ертегісі негізінде жазылған)

1. Аяр шалдың ерекше қасиеті
2. Тау ішіндегі алтын үй
3. Үйдегі екі хор қызы
4. Алтын қақпа

5. Мыстан алтын жасау.

Мәтінді жоспарлау:

- 1) Ағайынды екі жігіт
- 2) Мұстапаның үйленуі
- 3) Әзімнің дүниеге келуі
- 4) Ер жетіп, ата жолын қуған Әзім
- 5) Бейтаныс шал мен Әзім
- 6) Химия ілімі
- 7) Мыстан жасалған алтын
- 8) Кездесу
- 9) Аяр шалдың қулығы
- 10) Тұтқындағы жас Әзім
- 11) Дүре соғу
- 12) Топан су
- 13) Құлдардың әрекеті
- 14) Әзім мен самұрық құс
- 15) Тау басындағы жалғыз қалған Әзім
- 16) Алтын үй
- 17) Сұлу қыздар
- 18) Алтын қақпа

Деңгейлік топтық жұмыс.

I деңгей:

Негізгі кейіпкерлер	Тасадағы кейіпкерлер
Әзім, Аяр шал, 30 құл	Мұстапа, Сапа, Әзімнің анасы

II деңгей: Топтастыру арқылы мінездеме беру.

Әзім (әдепті, көпшіл, мейірімді, өнерлі, еңбекқор, қайырымды)

Аяр (пайдакүнем, шал, қатал, қайырымсыз, қатыгез, зұлым)

III деңгей: Кестемен жұмыс.

«Әзім әңгімесі» дастаны	
Дастандағы кейіпкерлер әлемі	Дастанның негізгі ерекшелігі
Дастанның идеясы	

Қорытындылау:

Сызба диктант

1. Дастандағы зұлымдық иесі?
2. Тігіншілік, кесте тігу кәсібімен айналысқан жігіт кім?
3. Аяр шал Әзімді не үшін алдап, тау басына апарды?
4. Әзім неше күн дегенде алтынды үйге душар болды?
5. Үйге кіргенде нені көрді?
6. Әзім шалға неге сенді?
7. Алтын жасау үшін металға не қосты?

Бағалау парағымен жұмыстанады.



Бейсебаева Карлыга Абдигалиевна

*ШҚО, Үржар ауданы, Келдімұрат ауылы,
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі»*

Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, - деп Абай атамыз барлық өлеңдерінің фатихасындай адамзатты тәрбиелеуге бағытталғанын, өлең құдіреті арқылы қазақ қоғамындағы кемшілікті, тәрбиесіздікті, жарамсыз қылықтарды ашып көрсетіп, ашшы шындықты, кер заманның тудырған кеселді мінездерін өткір сөзбен күйдіре, міней түйрейді.

Абайдың үлгілі өлеңдерінен кейін, өлеңге деген талап та, көзқарас та өзгерді. Құнарлы жерге шыққан егіндей қазақ поэзиясы құлпырып, түрленіп, мәуеленіп жемістерін беріп келеді. Абай жырлары тек қана терең ойлылық, ақылдылық қана емес, сапасының да жоғарғы деңгейге жеткенін бағамдайсың.

Ақынның «Сұрғылт тұман дым бүркіп» өлеңі ер азаматтарға қайрат береді. Қазіргі уақыттағы ауылдағы жұмыс жоқтық, ер азаматтардың бірталайының табыстары болмау салдарынан жан ұядағы ұрыс-керістің туындауы, пандемия қиыншылықтарының зардабынан туындаған жетіспеушілік, ажырасу, әр түрлі кикілжіндер белең алып тұрғанда жанұя басшылары, ер адамдарға әдейі сүйеу үшін жазылғандай. Бұл да Абай ойының тереңдігін, өлеңінің өміршендігін, мәңгі көктеген шыршадай айшықталатынын байқатады.

Алдыға жылжыған заманның ең артқы қатарында ғылымнан, білімнен, жаңа технологиядан артта қалған қазақ халқын оқу-білімге шақырған өлеңдері, насихаты қазірге дейін де, бүгін де, ертең де, мәңгіге де бағыт берген асыл мұра. Абай қоғам кемшіліктерін өткір тілмен қасқырдың тірідей терісін сыпырғандай батыра, кесе, жазалай сояды. «Болыс болдым, мінеки», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Мәз болады болысың», «Бай сейілді» - деген өлеңдерінде сөзді қамшымен сабайды. Бұзық қоғамның бұзылған белсенділері, байлар, болыстар, еріншек-жалқаулар, өтірікші, жалақорлар, өтірік арыз жазғыш пысықтар шаптарына от түскендей өре қарсы шықты. Абайдың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Ем таба алмай» атты

лирикалары шынайылығымен, өлең сапасының озықтығымен таңдай қақтырады. Қысылған, қиналған шағында өзіне де, басқаға да демеу болды. Мұңымен мұңдас, аппақ қардай сезімдерінде де тозаң көлеміндей кір жоқ, өзі секілді қысылған, қиналған Байрон, Лермонтов өлеңімен өзін де жұбатып, келер ұрпаққа еркін аударылған, тосын өлең бриллиантын сый етеді.


Абай өлеңдерінде бүкіл қоғам кемшілігін ғана көрсетпей, жеке-жеке әрбіреуінің бойындағы кемшіліктерді әжуалай сынап, өткір тілдің найзасымен түйрейді. «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп құр ғана сөзді шапалақен ұрып қана қоймай, қараңғы қапас өмірден жарыққа шығаратын, жолын ашатын мәңгілік жанып тұратын шамшырақ сөзін айтады.

Абай табиғат туралы «Күз», «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры» тақырыбында қалам тербеп, классикалық үлгісін жасайды. Айналадағы жан-жануардың, адамдардың табиғатпен қоса суретін, өмірін кестелі сөзбен өрнектеп, көзбен көргендей әсер қалдырады. Абай өлеңінің бір жолын, не бір сөзін алып тастауға келмейді, бір өлеңінің өзін талдасаң үлкен бір шығарма. Абайдан кейін табиғатты жырламаған ақын кемде кем. Басқа да тақырыптағы үлгілі өлеңдеріндей қазақ поэзиясы әр тарапқа дамып, жетіліп, қанаттанып, түрленіп, байып, адам көңілінің сусынын қандырады.

Абай әндері біздің ғана жүрегімізді әлдилеп жатқан жоқ. Германиядағы Гёте музейіне барған қазақтар «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін айтып неміс халқының жүректерін қоса тебіренгіп, бауырлық, туыстық, ынтымақтық сезімдерге жол ашады. Абай сөзін оқып қана қоймай, кейбір телевизиялық бағдарламаларға іліп қойса, қатысушылар да жамыраған лақтардай бірін бірі тыңдамай дауласа айғайласқанын қояр еді.

Абай «Махаббатсыз дүние бос», «Махаббат өмір көркі», «Ғашықтың тілі, тілсіз тіл», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы» өлеңдерімен қасиетті сезім, шынайы махаббаттың, адамның бақытына, адалдыққа, құрметке жетелеп, бүгінгі, ертеңгі болашақтағы жастармен сырласып, таза ұнатуға, биік адамгершілікке тәрбиелейді.

Биыл Абайдың 175 жыл толған құрметіне 10-шы тамызды «Абай күні», - деп Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бұйрық шығарды. Түркияда, Ресейде және басқа да мемлекеттерде Абай атына көшелер беріліп, конференциялар, семинарлар ұйымдастырылуда. Абай өлеңдерінің сыры, мағынасы, тәрбиесі жылдан жылға кеңірек ашылып, қазақ даласынан, алып жер шарына қадам басуда.





Бейсенбина Гульжан Кайырберлиевна







Нұр-Сұлтан қаласы,
№3 мектеп-гимназия

Абайдың отыз сегізінші қарасөзі

Пән: Әдебиеттік оқу	Мектеп: №3 мектеп-гимназия
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Бейсенбина Г.К.
Сынып: 3	Қатысқандар саны: 25
Бөлім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен
19-сабақтың тақырыбы	Абайдың отыз сегізінші қарасөзі
Оқу бағдарла- масына сілтеме	1.4 Тыңдарманның назарын аударту.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	3.1.4.1 – сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербальды емес тілдік құралдарды қолдану.
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар: шығармадағы мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді табады. Көптеген оқушылар: негізгі ойды анықтайды. Кейбір оқушылар: шығарма бойынша вербальды емес тілдік құрал- дарды қолдана алады.
Құндылық	Сөз құдіретін түсіну, сезіну
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану. Өзін-өзі тану
АКТ-ны қолдану дағдылары	Интербелсеңді тақта
Алдыңғы білім	III. Құдайбердіұлы. «Адамдық – борышың»

Жоспар

Уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту. Сыныпты қалыпқа келтіру. Ойсергек: Бір, екі, үш Сынып іші тып-тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз.	Слайд №1 Слайд №2

	<p>«5-Т» ережесін еске түсіру. Талап. Тәртіп. Тыныштық. Татулық.</p> <p>Тазалық</p> <p>«Даналық ағашы» әдісі арқылы үй жұмысын сұрау. Ойынның шарты: әр оқушы тақырып бойынша бір сұрақтан жазып сандықшаға салады, әр оқушы бір бірден алып жауап беру тиіс.</p> <p>Жұптық жұмыс Өлеңге сүйеніп кестені толтыру</p>	<p>Слайд №3</p> <p>Сөздер жазылған парақтар</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>     	<p>Ойқозғау. Қазақша ертегі көру -Қандай ой түйдің? <i>Сабақтың тақырыбын айту. Сабақ мақсатын хабарлау (Рухани жаңғыру байланыстыру)</i></p> <p>1-тапсырма. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы тіркестер тауып жаз. Әр бағанға ат қой.</p> <p>Білімсіз – Өнерсіз – Жалқау – Сараң – Өтірікші – Әдепсіз –</p> <p>Білу (оқушы әдістер мен жұмыстың орындалу ретін біледі). Мағынаны ажырату. Тақырыпты болжау. Мақсатқа сәйкес оқушыларға бағалау критерийін шығарту. Түсіну. «Галереяны шарлау» әдісі. Оқылым. 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді галереядан іздейді (надандық, еріншектік, залымдық). Абайдың отыз сегізінші қарасөзінен Хисабына – б ұ л ж е р д е : қатарына, есебіне деген мағынада. Автор туралы мәліметті тереңдету. «Бармақ әдісімен» бағалау</p> <p>Жеке жұмыс. 3-тапсырма. Абай ата атаған жат қылықтарды санамалап айт. Оларға қандай ортақ ат берер едің? Қолдану. Сергіту сәті. «Қыдырып қайтайық» Топтық жұмыс. 4-тапсырма. Абай атаның сөзі неліктен осы бөлімде берілген деп ойлайсың? Түсіндіріп көріңдер. Абай атаның қарасөздерін түсініп оқу. Жұптық жұмыс. 5-тапсырма. Абай ата сөзін кесте түрінде қысқаша дәптеріңе түсір. Бағалау. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау. Қызыл түс пен сары түсті көтергендер не үшін көтергендерін түсіндіріп, ұсыныс, ескертулерін айтады.</p>	<p>Теледидардан көру</p> <p>Слайд №4</p> <p>Кестемен жұмыс</p> <p>Слайд №5</p> <p>Слайд №6</p> <p>Слайд №7</p> <p>теледидар тақта</p> <p>Слайд №8</p> <p>Слайд №9</p> <p>Слайд №10</p>  <p>Кестемен жұмыс</p> <p>Слайд №11</p>



Ойтолғау.

ҚБ ретінде: дәптердегі **1-тапсырма**. Абайдың отыз сегізінші қарасөзін мұқият оқып, топ алдында сөйлеуге дайындал.

Слайд №12

1	Сөйлейтін тақырыбың қандай?	Абайдың отыз сегізінші қара сөзі
2	Мәтінді мұқият оқып шықтың ба?	Иә
	Тақырыбы, идеясы қандай?	
3	Қанша уақыт сөйлейсің?	2-3 минут
4	Не туралы сөйлейсің? Қысқартып ретімен жазып шық	1) қор қылатын 3 нәрсе; 2) надандық; 3) білімсіздік; 4) еріншектік; 5) талапсыздық; 6) залымдық
5	Сөйлеу барысында абзацтар бойынша риторикалық сұрақтарды қолдансаң болады*	Надандық деп нені айтамыз?
6	Тақырыпқа қатысты өмірден мысалдар, мақал-мәтелдер, дәйексөздер жаттап алдың ба? Қандай?	Мысалы: 1) «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп»; 2) Еріншектің ертеңі бітпес; Талап қыламай мұратқа жетпес; 3) Залымның дәулеті әулетіне дарымас
7	Көпшілік алдына шыққанда өз мәдениетіңді қалай көрсетесің? Тізбектеп жазып шық.	Сыпайы амандасу, жылы қабақ таныту, қобалжымау, әдепті болу, қойылған сұрақтарға және сөз соңында рақмет айту
8	Айна алдында қимыл-қозғалысыңды тексеріп көрдің бе? Не байқадың?	Иә. Басымды көтеріп, денемді тік ұстап, тыңдаушыларға қарап сөйлеуді естен шығармау
9	Дауысыңды телефон диктофонына жазып, қайта тыңдап көрдің бе? Не байқадың?	Иә. Бірғақты дұрыс қойып, дауысыңды сәл қаттырақ шығару. Әр сөзді анық айтуға тырысу. Әр сөйлем аяқталғанда немесе бір ойдан екінші ойға көшкерде сәл кідіріс жасау керек
10	Қалай амандасатыныңды ойластыр.	



*риторикалық сұрақтар – жауабы анық сұрақтар

Сабақтың соңы

Бағалау критерийі

- 1.Қажетті мәліметті сызбаға түсіремін.
- 2.Мәтіннен негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді табамын.

Слайд №13

	<p>3.Топ алдында сөйлеу жобасын ұсынамын. 4.Мәтіннен өзіме қажетті ақпаратты аламын.</p> <p>Үй тапсырмасы. 6-тапсырма. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы сөйлеудің жобасын жаса.</p> <p><i>Тақырыбы:</i> <i>Жоспары:</i> <i>Көрнекіліктер:</i> Кері байланыс. Ауызша. Рефлексия. Абай ата атаған жат қылықтарды санамалап айт. Оларға қандай ортақ атау берер едің? Кері байланыс. Ауызша. Рефлексия. Абай ата атаған жат қылықтарды санамалап айт. Оларға қандай ортақ атау берер едің? Кері байланыс</p> <div data-bbox="603 824 1043 1055" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>Кері байланыс</p>  </div>	<p>Слайд №15</p>
---	---	------------------

Қосымша мағлұматтар

<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p>Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>		

Қосымша №1 кесте

Өнерсіз	
Жалқау	
Сараң	
Өтірікші	
Әдепсіз	
Білімсіз	

№2 кесте


Жақсы деген немене?	Жаман деген немене?


№3 кесте

Бұрыннан білемін	Жаңа мәлімет

№4 кесте

Жетістік критерийі	«+», «-»
1.Қажетті мәліметті сызбаға түсіремін.	
2.Мәтіннен негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді таба аламын.	
3.Топ алдында сөйлеу жобасын ұсынамын.	
4.Мәтіннен өзіме қажетті ақпаратты аламын.	





Дербисова Замира Райевна

*Қостанай облысы, Федоров ауданы, Лесное ауылы,
«Қоржынкөл орта мектебі»*

Абай Құнанбайұлының қарасөздері

Өз шығармаларында адам табиғатына байланысты мәңгілік тақырыптарды негізге ала білген ғалымдар еңбектерінің құндылығы артып отыратыны анық. Биыл Абай атамыздың туғанына 175 жыл толды. Осы уақыт аралығында Абай шығармаларының өзектілігімен, өмірге қажетті құндылығы арта түскені де рас.

Абайдың «Қара сөздері» - терең философиялық, этикалық, эстетикалық және психологиялық ойларға толы, өмір мәселелерін дәл болжауға қабілетті құнды мұра. Онда айтылған даналық ойларды жыл сайын оқысаң да, қайта-қайта оқысақ та жалықпаймыз. Әр оқыған сайын көңілдегі көп сұраққа жауап алып, жаңа ой түйіндеп, жаңаша тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Абайтанушы ғалымдардың пікірінше Абайдың «Қара сөздері» оның еркін ой білдіру формасы. Сондықтан да Абай ақыл айтушы «тәрбиеші» ғана емес, ол әр істің себебін іздеуші – ойшыл.

Қара сөздің шығуы мен жазылуының тарихы он жетінші сөзден бастау алады деген тұжырымдауға болады. Себебі: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - зурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтты, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ!» - деп жазған болатын ұлы данышпан. [17-ші сөзі]

Абай атамыздың қара сөздерін оқи отырып, тілінің байлығын, білім мен ғылымға деген құлшынысын, елінің болашағына деген жанашырлығын көресің. Данышпанның қара сөздері терең философиялық ойға ие, өмірдің мәні мен ғылымның маңыздылығы, діннің тазалығы сияқты маңызды тақырыптар көтерген.

Абайдың қара сөздерінің негізгі тақырыбы - адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты - адам тәрбиесі. Ол «нағыз адам», «толыққанды адам» болу деген не деген сұраққа

жауап іздейді және оған өзінің қара сөзімен жауап береді. Ол адамды жан-жақты зерттейді және де өзін-өзі тануға, азғындықтан аулақ болуға, сүйіспеншілік пен борыш, парыз сезімдерін сіңіре тәрбиелеуге шақырады.

Абайдың барлық қара сөздері сол кездегі күрделі әлеуметтік мәселелерді көтерген, бірақ қаншама уақыт өтсе де қара сөздеріндегі ғибратты ойлары мен кеңестері қазіргі кезде де өзекті әрі құнды. Ұлы ақын халықты ғылым мен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды.

Абай қарасөздерінде әңгіме-сұхбат түрінде адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әртүрлі топтардың қылып жүрген адамгершілік, имандылық мәселелерін кеңінен толғайды. Ақын қарасөздері арқылы халық өмірін, мінез-құлқын, ойын сөз етеді. 33 – қара сөзінде: «Егер мал керек болса, қолөнерүйренбек керек, мал жұтамайды, өнер жұтамайды» дей келе, сол жолда «Алдау қоспай, адал еңбекті сатқан өнерлі-қазақтың әулиесі сол» деп таза өнер адамына жат қасиеттерге әуестенбеуін, қазақтың кейбір өнерлерінің талапсыздық, керенаулық, еріншектікке бой ұратынын қынжылу арқылы түсіндіреді. [Абайдың нақыл сөздерінің тәлім-тәрбиелік маңызы 2012ж]

Жалпы, әлемдегі кез-келген ұлтқа қарасақ, онда, ең алдымен, білім, білімділік, адамгершілікке басты назар аударады. Болашақ ұрпаққа рухани азық сіңіруге тырысады. Себебі, білім адам өмірінде ерекше орын алады. Әлемдегі екінші ғалым және ағартушы әл-Фараби де: «Тәрбиесіз берілген білім адамзатты улайды» деген. Осыған орай ұлы ақын Абай Құнанбайұлының сөздері адамдарға ерекше тәрбие береді. Тәрбиелік мәні барлық жағынан да маңызды. Алайда, бұл білім іздеп жүрген жастар үшін ерекше құнды. Өйткені ғылым да, өнер де білімге ұмтылатын жастарға кедергі келтіретін адамның мінезін тежеуге бағытталған Абайдың «алтыншы, сегізінші, он бірінші» қара сөздері.

«Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, от басына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен ұрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатігездік пен мансаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірден бір өлшем - еңбекке көзқарас деп санайды. Алтыншы сөзінен» мына бір үзіндіні келтірейікші: «Қазақ айтады: «Бірлік болмай тірлік болмайды», - деп. Сондағы айтып отырғаны қай бірлік?.. Қазақ ойлайды... ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса, антұрғандық... Ағайын алмай бірлік кылсын... сонда әркім несібесін күдайдан тілейді, не шаруа іздейді... Әйтпесе, елі біріне бірі пәле іздейді... Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Бұрыс алды - тірлік» дейміз. Қай тірлік?.. Жаны кеудеден шықпағандық па? Ондай тірлік итте де бар... Ол айтылған тірлік бұл емес. Көкірек, көзіңіз тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсан да, көкірегінің әлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың».

Айтудай-ақ айтқан емес пе? Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың» - деген


болатын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. [1995ж. 9 тамыз]


Қорыта келе айтар болсақ, Абайдың қара сөздері - оның көркем шығармаларының өзегін құрайтын ерекше өнер. Олардың ішкі мазмұны бірін-бірі толықтыратын, бірін-бірі ашып, біртіндеп кеңейіп, күн сәулелері сияқты таралатын ой сәулелеріне ұласады. Адамның дүние есігін ашқаннан бастап, ақіретке дейінгі өмірін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Көзге көрінбейтін бай мен кедейдің, ақ пен қараның, адал және арамның белгілерін дәлдікпен ажыратқан.

Сондықтан да біз бұл қара сөздердің мағынасын түсініп, оларды тура мағынада қабылдауымыз керек. Ұлы ақынның «Қара сөздері» әр қазақтың бойынан табылса, егемен еліміздің болашағы жастарымыз «нағыз, толыққанды азамат» боларына кемел сенімдімін. Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас қазынасы, рухани азығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
2. Абай. Қара сөздер. Поэмалар.- Алматы, 1992.
3. Абай. Нақыл сөздер. - Алматы, 2007.
4. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы, 1997
5. Н. Назарбаев: Абай туралы сөз.- 1995ж. 9 тамыз.
6. Советханқызы Р. Абайдың «Қара сөздері» — білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // № 40 (116). — 2 қазан.





Дошняязова Гульназия Адилгереевна

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы,
Ембі қалалық №1 жалпы білім беретін орта мектебі*

Абай Құнанбайұлының қарасөздері

Әлемдік өлшемдегі ойшыл ақын, қазақ әдебиетінің ғасырлық мерейі, ұлттық мәдениетіміздің алып шыңы Абай Құнанбаев ғақлиялары – сөз өнеріндегі терең мағыналы, көркем ойлы, әдемі иірімдер. Көркемдік-мазмұн жағынан ақынның қараңғы қазақ аспанында қалықтап ұшқан нұрлы ойлары тарихы тереңде жатқан қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болмаған жаңа парағына айналды. Сөзсіз, Абайдың ішкі жан-дүниесі, қуаныш-сүйініші осы қара сөздерінде бейнеленген. Әрқайсысына сыни көзқараспен қарап, қоғамды барынша таниды. Қазақ халқының болмысын, өмір сүру әдебін толықтай көруімізге болады.

Ұстаз ретінде, Абайды толық насихаттауға, жас өркенге данышпан ғақлияларын молынан үйретуге мемлекетіміздің "Абайтану" курсы енгізуі үлкен мүмкіндік туғызды десем, артық айтқандық емес деп ойлаймын.

Сонымен, Ұлы ақынның қара сөздері несімен ерек?

Адам мен қоғам арасындағы тоғысқан тұстарды қағаз бетіне түсірген Абай ғақлияларында ойлы жастың тұлғалық дамуына азық болар уәждері (қазір айтылып жүрген мотивация) қаншама?! Қазіргі таңда психология саласынан бастау алған мотив, мотивация ұғымдары барлық ғылым аясында кеңінен зерттеліп жатыр. Бұл түсінік Абайдың қара сөздерінде ғылыми тұрғыда жазылмаса да, қазақ жанын таныған хакім еңбегінде адам жанына қуат боларлық, іс-әрекетіне түрткі боларлық мотивациялық ойлар жеткілікті.

Меніңше, Абай өмірінің өзі – мотивация. "Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!" деп, білімді, ғылымды емес, тән азығын бірінші орынға қойған қалың қазақтың ішінен суырылып шыққан, "ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ" деп, мал тапсаң "сарып қылып, ғылым табу керек, өзің таба алмасаң, балаң тапсын" деп қалың елі қазағын сөзімен ғана емес, ісімен де өрге сүйреген бір ғасырда бір туатын ұлы тұлға.

Мәселен, он сегізінші қара сөзінде, еңсесі езілген қоғамның қаупін сөз етті. "Таза, жыртқыссыз, кірсіз киіну – дұрыс іс, дегенмен, өз дәулетінен артық киініп, не киімі артық болмаса да көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ- кербездің ісі" -дейді. Мұнда ақын, заманындағы көріністі айтады. Кедей үйінің жабырқау өмірі мен

байлардың күйін көрген Абай сонау заманнан бүгінгі күннің сорына айналған (менің ойымша) кедейлік пен байлықты сөз етеді. Тазалықтың дұрыс екендігін айта отырып, жастарды кербездіктен сақтанса деп тілейді. Кеменгердің ойынша, кербездіктің екі түрі де адамзат қоғамына залал. "Киім-киісін, жүріс-тұрысын, атын, затын дүйім жұртқа көрсетіп, сыпайы атанбаққа жол жоқ" - дейді. Абайдың қоңыр-күңгірт мұңы, арманы – жастардың кербездік, мақтаншықтықтан алшақ болуын қалауында.

Ойшылдың ұлы мұраты – жастарды ақымақтықтан сақтаудың жолын іздеп, көрсеқызарлықтан арылып, қараңғылық пен надандықты сынға алған сөздерін түсінсе екен,- деген. Қоғамдағы жайттарды жақсы түсініп, бұқараны ғылым мен білімге шақырады. "Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерменен оздым демектің бәрі де- ақымақтық " дейді.

Бойымызға сіңген кеселдерден арылып, озбаққа төрт нәрсе ұсынады. Біріншісі – **Ақыл**.

Надандықтан, өтіріктен, барша адам бойындағы жағымсыз қылықтардан сақтайтын нәрсе ол – Ақыл. Бұл сөзіне көзіміз көріп, құлағымыз естіген әдебиет майталмандары, тарихи тұлғалардың өмірі дәлел. Күллі әлемді жаулап, бес саусақтай бағындырған – **ақылдылар**. Қан майданда, төтеден жау келгенде де керемет тактикасының арқасында жеңіске жеткен де - **ақылдылар**. Қазіргі заманның батырларына айналған ақпараттық технологияны жасап шығарған да сол- **ақылдылар**.

Екіншісі – **Ғылым**. Том-том кітаптарға ие, тілдік тұлғаның артынан өшпес мұраға айналдырған – **ғылым**. Сан түрлі есеп-қисапты бір арнаға тоғыстырып, энергия, жарық, химия, байланыс т.с.с өлшемдерді тануға мүмкіндік берген тағы сол-**Ғылым**.

Үшіншісі – **ар**. "Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрсын" - дейді Абай. Қай заманда да қазақ өзінің сөз саптауына, жүріс-тұрысына, қимыл-қозғалысына үлкен жауапкершілікпен қараған. Арсыз адамды көрмек жоқ. Сондықтан, **арын** ойлау- ойлы азаматтың басындағы хал-күйі болуы тиіс.

Төртіншісі – **Мінез**. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов былай дейді: "Ұлтына қызмет ету – білімнен емес, мінезден". Жоғарыда аталған нәрсенің бәрі кеп осы арнаға тоғысады. Әр қилы заманда, **мінез** - адамның ең басты қаруы, ең басты асылы.

Осы аталған төрт түрлі түйін арқылы сіз бен біз озбақпыз. Қалғанынан оздым деменіз, яки ол- ақымақтық.


Отыз сегізінші қара сөзінде Абай "Адамның білімі, ғылымы хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен табылады" дейді. Білімге, ғылымға оянған ынтықтықты, біздің тілмен айтқанда түрткі боларлық мотивті сөндіріп алмай, білсем, көрсем екен деген ниетті әрі қарай шындық өмірге, санада туған дүниені әрекетке айналдыру – ғылым іздеген әр тұлғаның нәтижеге жетер жолындағы баспалдағы.

Ұстаздық ізденісті қажет ететінін білеміз. Осы жолда көптеген әлемдік деңгейде танылған психологтар еңбектерімен таныстым. Себебі өзгермелі заманда бір нәрсемен шектеліп қалу дұрыс емес, сол себепті бала тәрбиелеу ісінде қажет болады-ау деген ниетпен Брайан Трейсидің жетістікке жетудің тиімді жолдарын үйрететін "Выйди из зоны комфорта" еңбегін, Джон Кехоның ойды өзгертуге септігін тигізетін "Түйсігіңмен ойлай біл" кітабын, Дейл Карнегидің сәттілікке жету жолындағы кеңестерін насихаттайтын, адам ойын өзгертуге септігін тигізетін көптеген мотивациялық

кітаптарды оқыған болатынмын.

XXI ғасыр мотиваторларының алға тартары - өзіңе сен, өзіңді дамыт. Ал біздің Абай солардың бірнеше сағатқа созылатын тренинг сабақтарын 1 бетке жетер-жетпес қарасөзіне сыйдырған. Қазақ тілінің көркемдігі, Абайдың даралығы осыдан көрініп тұрған жоқ па? Абайдың қозғаған дүниелері адамды жетістікке жетелейтін, өз мүддесін қорғаудың алтын баспалдақтары. Адамға не қиын десеңіз, өзімен күресу қиын. Ал өзіңді басқара білсең, мотиваторлардың көмегінсіз-ақ, қазіргі жастарға талай асуларды бағындыруға болады.

Осының бәрін неге жіпке тізіп отыр дейтін шығарсыз? Айтайын дегенім, Абайша айтқанда, "Алланы, адамзатты, адамды сүйетін" мінсіз Тұлға болам дейтін ойлы жас шетелдік еңбектерді оқымай-ақ, Абайдың ғақлияларын түсініп оқыса, жеткілікті деп сөзімді аяқтағым келеді.





Дюсенова Мадина Дюсенқызы

*Алматы облысы, Талдықорған қаласы,
“М. Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейі”*

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Биыл қазақтың дара тұлғалы бас ақынына 175 жыл. Бұл мереке халқымыздың дана ұстазына деген өшпес мәңгілік махаббатын білдірумен ұштаспақ. Абай әуелден-ақ қазақтың шамшырағы, үміт шамы болып дүниеге келген. Абайдың кемеңгерлігі – бір ғана емес барлық заманның жүгін арқалап, әр заман ұрпағына таратып келген нағыз ақын. Даланы торлаған надандықтың түнегіне сәулесін төгіп, халқына атар таңы мен батар күніне апаратын жолды қанаты талмастан көрсетті. Сондықтан Абайға оралған сайын көкірек көзің ашылып, адамдық ұғымының жаңа қырлары мен сырларына қайта жолыққандай боласың.

Абайдың әрбір өлеңі балаға жан жақты тәрбие беруден басталады. Шындыққа рең қойып көңіл аударып аша білуі Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы қызметі іспеттес. Ол қазақы өмірді, табиғат пен адамзаттың жан дүниесін терең түсініп, көркем әдебиет бетіне жан - жақты бейнелеп көрсете білді. Ол шындық ақыны болғандықтан, сол арнамен өмір сүрді. Себебі өлеңдерінен аз да болса жалғандық табу мүмкін емес-ті.

Өлеңдерінде бәрі де бар және қазақтың ғана ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдында сайрап тұрады. Абай оны терең суреткер ретінде көркем бейнелеуде жаңа қырларын тапты. Өлеңдері қарапайымдылығымен, табиғи реңімен санаға құйылып, сезім ұялатады. Сондықтан қазақ әдебиетінің тұңғыш суреткері болып қала бермек.

Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналған бірден бір жолы, табиғилығы мен қарапайымдылығында. Ондағы сурет құралдарының әр алуан болуы, тіл байлығы, ішкі үйлесімдері қазақтың сөз өнерін әлемнің биік шыңына көтерді.

Бүгінде мектеп оқушыларының тәрбие үрдісіне Абай мұрасын қолдану ертеңгі күннің ұрпағының ақыл парасаты биік болуымен шектелмей, іс әрекетіне, мінез құлқына деген ықпалы зор болары сөзсіз. Абайдың көзқарасындағы басты нысан «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп жас буынды халық қамын ойлап, адал қызмет атқаруға шақырды.

– Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз, – деп ұрпағына даналық ақылын сіңіре отырып, жақсыдан тек үлгі өнеге алуды үндейді. Сондықтан, Абай жас жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беруде халық мұрасындағы тәрбиелік күшті өте жоғары бағалаған.

Абай өнер іздеген талантты жандар туралы ерекше зор сүйіспеншілікпен айтып қана қоймай, алға қойған мақсаттарының биік белестерін бағындыруда табандылық көрсететіне зор сенім артады.

Ішінде кімнің оты бар,

Қар жауса да сөнер ме?!

Еліне білім таратып, ғылымды бойға сіңіруде Абай творчествосы орасан зор әлеуметтік мазмұнды қалыптастырды. Ол надандыққа қандайда бір теріс, кертартпа әрекеттерге қарсы тұра алатын көзі ашық, біліммен қаруланғанды құрметтеу қажет деп санайды. Абай үшін кішіпейілділік, мейірімділік, еңбексүйгіштік пен мақсатқа жету сынды адамзат бойындағы игі қасиеттерге ие болуды, мақтаншақтық, өтірік айту, жалқаулық сияқты адам бойына зиянды, жат қылықтан аулақ болуға тиіс екендігін үндейді.

Абай өлеңдерінің арасында жастарға ғылым үйретіп, білім беру мәселесі жайында сөз болғанда ойға: «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» оралары сөзсіз. 1909 жылғы жинақ пен 1922 Қазан айында жарық көрген басылымдарда «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» біртұтас шығарма болып келді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі расымен «Интернатта оқып жүр» өлең жолдарының жалғасы десек қисынды болар. Біртұтастығына көз жеткізу үшін салыстыра қарайтын болсақ, «Ғылым таппай мақтанба» өлең жолдары тегіс ғылым үйреніп талпынған жастарға берген ақыл кеңес айтылса, «Интернатта оқып жүр» атты өлең жолдары берілген ақыл кеңеске ғылым іздеген жастарға мінездеме мен тұжырымды сипаттаманы аңғартады.

Интернатта оқып жүр,

Талай қазақ баласы

Жасөспірім, көк өрім,


Бейне қолдың саласы - деген жолдары әуелгі беташары, суреттемесі іспетті. Себебі, Абай осы өлең жолдары арқылы ақыл кеңестің кімге арналғандығын нақ айтқан. Абайдың «Талай қазақ баласы» сөзінің астарында ғылым іздеген жастардың көбейіп келе жатқандығы жанына медеу болғанымен, ел үмітін ақтайтынына сенімі кәміл еместігінде жатыр. Ел тағдыры мен арасының бұзылмауы, бірлігінің сақталуы осы ұрпақтың келешекте қандай болатындығы жөнінде ойын ашып айтады. Нағыз ғылым - білім еңбексіз, мехнатсыз қолға түспейтіндігін санаға құйды.

Абайдың жанарынан қазақ елінің өміріндегі ащы сабак пен дүниені шолып өткен қыранның қырағылығын аңғаруға болады. Ол болмашылыққа алданбай, дүниеге тек биіктен көз тастап, халқының бүгіні мен ертеңін тұтастай көре білді. Сол себептен, Абай творчествосы: қазақ елінің тарихын тегіс даланың эпосындай елестетеді. Оның өлмес творчествосында халық рухының жарқын күші: жігері, қайғы мен қуанышы сақталған. Абай осының бәрін көркем сөздің орамымен бейнелеп, барша адамзат мәдениетінің тарихына өшпес мұра қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер.

2. З. Ахметов «Абайдың ақындық әлемі»-Алматы: Ана тілі 1995.-272 бет.
3. Ғ. Есім «Хакім Абай» Атамұра Қазақстан Алматы 1994
4. С. Дәрібаев, А. Сатылова «Қазақ әдебиеті» 2019
5. С. Ақтанова, Қ. Жүндібаева «Қазақ әдебиеті». Алматы «Атамұра» 2019
6. С. Қасқабасов «Қазақ әдебиеті». Алматы «Жазушы» 2019
7. «Үш Қиян» газеті, №28 (388) 10 шілде, 2008 жыл





Жанғазы Аманжұл Бәкенқызы

*Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі*

Кемеңгерліктің көркем кеңістігі

Аңдатпа

Абай шын мәнінде де толық адам. Кемелденген, толық адам болудың жөн-жобасын, жолын қолмен қойғандай етіп, айтып-сызып беріп кетті емес пе?

Тірек сөздер: толық адам, рухани жаңғыру, қоғамдық сана, адамдық ой-сананы жаңғырту, философиялық еңбектер, ұлы ойшылдар, трактат, өркениет, ақыл-парасат, интеллект, үш таным, моральдік кодекс.

Абайды тануымыз үшін, оның ілімін әлемге танытуымыз үшін не істеуіміз керек? Бұл тұрғыдағы алғашқы батыл һәм тегеурінді қадамға заманамыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов барды. Әйгілі «Абай жолы» дәуірнамасын жазу арқылы. Ал 1969 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген шығармаларының 12-томының 410 бетінде Абайды философ деңгейінде қарастырып, «Өзіндік философиялық системасы, жекеше философиялық еңбектері болмаса да, Абайдың барлық мұрасын алғанда (лирикасы, поэмалары, қара сөздері) көп шығармаларында көрініп отыратын анық ойшылдық көзқарастар, терең толғаулар болады. Бұлар, міне, қатты ескеріліп, анықтап зерттеліп отыруға керек және осындай ойшылдық белгілерін жеке философия деп атамасақ та, ақынның даналық философиялық көзқарастары (философские взгляды) деген түрде мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек» деп қадап айтқан еді.

Елімізде рухани жаңғыру, қоғамдық сананы, адамдық ой-сананы жаңғырту мәселелері жөнінде әңгіме қоғалғалы бері қанша уақыт өтті! Содан бері ой-санасы жаңғырып жатқан қоғамды да, адамды да көрмедік. Жоғарыда аталған бағдарламаны жаңашылдықпен жандандырып, бойына қан жүгіртуге жарарлық әлеуетті бір тетіктің жетіспей тұрғаны анық байқалғандай болды. Ол нендей тетік? Биыл Абай жылы болып жариялануы осы бір сеңнің қозғалуына септескендей. Иә, шынында да Абайға, Абайдың дүниетанымдық көзқарасына қарап ойды да, бойды да түзеу – бір уәжіп іс. Абайдай болсақ, адамды, елді, жерді дәл Абай секілді сүйсек, ұтпасақ, ұтылмасымыз анық. Өйткені, Абай шын мәнінде де толық адам. Адамдарды хан деп, қара деп бөлген жоқ.

Қазақты сынаса, мінезін сынаса, жаман болсын деп сынаған жоқ. Қазақтың тірісінде жаманнан аманы жоқ, өлгеннен соң жаманы жоқ екенін де халқының мінез-құлық ерекшелігінен алып, ой тәпсірледі. Адамзатты ұшпаққа шығарар, адам бойындағы бес асыл іс пен бес қашық іске дейін жіпке тізді. Кемелденген, толық адам болудың жөн-жобасын, жолын қолмен қойғандай етіп, айтып-сызып беріп кетті емес пе? [2,1256].

Жалпы қайтсе, жақсы қоғам, мемлекет құрып, қалыптастыруға болатыны адамзат баласын ілгеріден бері толғантумен келеді. Мұның жекелеген сипаттамалары ұлы ойшылдардың еңбектерінен көрініс тапты. Бұл идея адамзат қоғамында айбыны асқақтап, жоғары жетістіктерге жеткен 20 өркениеттің (цивилизация) де арқауы-тіні, ұлы мұраты, түпқазығы болғаны тарихтан белгілі. Ал біз қазақ өркениетін құрып, қалыптастырып, дамыта аламыз ба? Негізгі мәселе де осында.

Бағзы дәуірлерде Кампанелланың ең жақсы қоғамдық құрылым туралы идеялары «Күн қаласы» атты еңбегінде көрініс тапқан еді. Ол да Платон сияқты некелік-отбасылық қатынастарды ортақтандыру принципін таратуға тырысты. Ол Күн қаласында өндіріс ұясы отбасы емес, бригада немесе ұстаханалар болады деп есептеді. Кампанелла еңбекті барынша дәріптеп құлдықты сынады, сондықтан да Күн қаласында қылмыскерлер қоғамдық жұмысқа тартылмайды. Кампанелланың ойынша, ортақ меншікке негізделген қоғамда мемлекет сақталады. Алайда ол суреттеген мемлекет саяси ойлар мен мемлекеттік мекемелер тарихында белгілі болып келген мемлекеттен мүлдем өзгеше еді. Күн қаласында билік пен басқару мына төмендегідей үш принципке негізделген. [3,566].

Оның біріншісі, жаңа мемлекеттің басты міндеті – өндірумен бөлуді ұйымдастыру, азаматтарды тәрбие арқылы басқаруға саяды. Ал екіншісінде мемлекеттің бұл міндеті билік пен басқаруды жүзеге асыруда ғалымдардың елеулі рөлі болатыны ескертіледі. Үшіншісі – жаңа қоғамдық құрылым мемлекетті басқаруға халықтың қатысуын талап ететіні төңірегінде.

Күн қаласында құқық, әділ сот және жаза болды. Заңдар көп емес, қысқа әрі нұсқа түрде жазылды. Заңдардың мәтіндері сот жүргізлетін ғибадатханалардың колонналарына ойылып жазылған. Сот процесі ашық, ауызша және тез өтеді. Феодалдық процестерге тән азаптау мен сот тартыстарына жол берілмеген. Жазалау әділеттілік принципімен және қылмысына сәйкес жүргізіледі. Кампанелла саясаткерлер мен тирандар ойлап тапқан «мемлекеттік қажеттілік» ұғымын моральға жат нәрсе деп есептеді, оның ойынша, билікке қол жеткізу және оны сақтап қалу үшін кез келген заңды бұзуға болады деген қағида тек соларға ғана тиімді.

Ал қазақтан шыққан ойшыл дана Әбу Насыр әл-Фарабидің әлі күнге дейін әлем ойшылдарының ерекше назарында болып келе жатқан әйгілі «Ізгілікті (қайырымды) қала...» трактатында бұл идея одан әрі тереңдетіле түседі. Қазақ халқы үшін әл-Фарабидің «Қайырымды қаласының тұрғындары» секілді өмір сүріп, өзін-өзі танып білуі керек секілді.

Енді осы ой үзгіні үзбей отырып, Абай мен әл-Фараби идеяларының үндестігі мәселесіне келейік. Жалпы ислам дәуірі әдебиеті мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясы арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын сөз еткенде, мықтап ескеретін бір жәйт бар. Кез келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи

жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Мәселен, әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты. Ол өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келе, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре келе, естіп, көріп барып қана дамидынын ескертеді. [4,886].

Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды. Әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (7,17,27,38,43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес, Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» деп көрсетеді. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуіңнің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен;

екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай осы үшеуінің басында қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – депті деген қорытындыға келеді. [11,356].

Абай хакімнің жатпай-тұрмай ізденіп, сопылық ілімдегі үш танымды толық адам туралы толғаныстарымен өзінше дамытқанына көз жеткізу қиын емес. Қазіргі көзқарасқа сайып айтқанда, елімізде қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан «Ұлт жоспары», «Рузани жаңғыру» бағдарламасы жеке және қоғамдық сана түзелмей, жаңғырмай алға басуы екіталай. Бұл тұрғыда Абайдың толық адам туралы концепциясын негізге алынуы әбден керек-ақ.

Барлық көне философия сияқты түп иені танудан бастау алатын бұл сопылық ілімге ортақ қасиет – адам бойына ізгілік егу. Ол жолдағы ақылдың (ғылым), рахымның (жүрек), әділеттің (хақ жолы) рөлін анықтау. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деген Абай оған қайратты қосты. Ол өзінің әл-Фараби ұстазы сияқты бәрінен де жүрекке ерекше орын берді. Ақыл мен қайрат жүректің дегенін істеуі керек. Өйткені, рахым, ізгілік жүректен шығады. Ал жүрек жылуына бөленбеген суық ақыл мен құр қара күш қатыгездікке апарды деп есептеді. [5,756].

Айта кетейік, қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихында жүректің адам өмірінен алатын орны мен атқарар қызметін соншалықты жан-жақты терең мағынада философиялық, гуманистік астар беріп, оны ақындық тіл өнерінде құлпырта ойнатып, Абайша толғай алған ақын болған емес. Абайда нағыз адам тән азығын емес, жан азығын, онда да жанның ізгілікті азығын іздегендер. Бірақ жанның ізгі азығына деген ынтықтық өзінің туа біткен қасиеттерімен бірге кәсіби қасиеттерін дамытып, ақыл, ғылымға қол жеткізсең, соған талап етсең ғана ашылады.

Осыдан келіп ойшылдың «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой» деген тұжырымы шығады. Абай осылай өзінің күллі ақындық ғұмырында үнемі Алла берген қасиеттерін өмірден алған қасиеттерімен үйлестіре дамытқан ізгі адамды іздепті. Ол, міне, осыны толық адам деп атапты. «Жалпы толық адам жөніндегі ұғымдар Абайдың жиырма жылдық ақындық жолында үзіліссіз өрістеп, толассыз даму, толығу үстінде беріліп отырған күрделі ұғым» дейді бұл тұрғыда абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы. [3,966].

Абайдың толық адам туралы анықтамасы бүгін де өте-мөте өзекті. Осынау ой-тұжырымдар берісі тәуелсіз Қазақстан, әрісі исі түрік халықтарының моральдік кодексінің іргетасы, жаһандану дәуірінде түрік халықтарының ділін жоғалттырмайтын, ақпарат тасқынында адастырмайтын ұлттық темірқазығы болуға тиіс.

Бір мойындарлық нәрсе, Абай өлеңдері жалпыадамзаттық құндылықтарды, әсіресе рухани һәм имани адамгершілік тұжырымдамалар мен адам тәрбиесіне, дінге қатысты пәлсафаларды, ұғым-түсініктерді тереңдеп ашып көрсетуімен де құнды.

Жаратылыс жұмбағын іздеген ғалым, ойшыл Жаратушыға, оның жолына, адамзатқа ғашықтық туралы әлемде теңдесі жоқ ақындық мектеп тудырып қана қоймай, ислам дінін далалық түріктердің салт-дәстүр, ой-сана, философиясымен қабыстырған орта ғасырдағы сопылық ілімге, оның аса көрнекті өкілдері Қожа Ахмет Яссауи, Сопы Аллаяр, Сүлеймен Бақырғани жырларына жолықты. Абай туындылары одан әрі көне грек философиясына – Аристотель, Сократ, Платондарға қарай жетелейді. [6,1256].

Алайда қазақ ойшылы өзгеден келгеннің барлығын өз ақыл-ойының елегінен, көңіл, көз сүзгісінен өткізбей тұрып қош көре бермеген. Ислам дінінің атышулы философ-теологы ал Газали негізін салған «Кабус наме» іліміне де сын көзімен қараған. «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» (М. Әуезов) еді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген қазақ ақынының сан ғасырлар бойы түп иені танытушы мұтакалимін мен мантиқшылар еңбектерін де сын тезіне алатыны бар.

Ақылмен хауас барлығын

Білмейді жүрек сезе-дүр.

Мұтаклимин, мантиқин

Бекер босқа езе-дүр, дейді ол. Мұның барлығын ақынды тудырған халқы ұлы перзенті дүниеден қайтқанына жүз жылдай уақыт өткенде барып, Әуезов жүлгелеген ойды одан әрі дамытып, жүйелеген Мекемтас Мырзахметұлының еңбектерін оқып, танысқаннан кейін ғана білді. Оның еңбектерін оқығаннан кейін ғана Абай шығармаларында кездесетін жанға қатысты – «жан құмары», «жан қуаты», «жанның жибилі қуаты», «жан сыры», «жан тамағы», жан азығы», «адам жаны», «хауан жаны»: жан мен тәнге қатысты – «мен мен менікі», жибилі және кәсіби қасиеттер»: жалпы адамға қатысты – «адам болу», «толық адам», «жарым адам», «адамның адамдығы», «адамшылық», «толық инсаният», «инсанияттың кәмәлаттығы», «пенделіктің кәмәлаты», тағы да басқа ұғымдардың, бұрын түсініксіз болып келген араб-парсы сөздерінің мағынасы ашылды. Ғалымның осы еңбегінің арқасында бұлардың көпшілігі ғылыми айналымға түсті. Сөйтіп, М. Мырзахметұлы ғана бізге айналып келгенде Абай дүниетанымы Шығыс философиясындағы хауас (Абайда үш түрлі мағынада қолданылады, біріншісі – адамның сыртқы бес, ішкі бес сезімі, екіншісі – Алланың он сипаты, үшіншісі – Аллатағала мағынасында), иманигүл (үш сүю: Алланы, адамзатты және әділетті сүю), жәуәнмәрттік (ізгілікті үш қасиет: ақыл, рахым, әділет) танымдарынан қаншалықты нәр алып барып қалыптасқанын түбірлеп берді.

Абай телегей-теңіз білімді, ілімді болсын Батыс пен Шығыс ойшылдары, ақын жазушылары еңбектерінен жиды деу де біржақты ұғымға саярын ұмытпауымыз керек. Бұл жәйт ақынның бойына ұлтымыздың ұлағатынан, ұлылығынан, ата-бабаларымыз ақыл, өсиеттерінен, әдет-ғұрыптарынан, салт-дәстүрлерінен жұғысты болып, ұрпақ пен тарих сабақтастығынан тамырын тартып жатыр деу ләзім. [9,5136].

Рас, дін – адамзат қоғамының алтын діңгегі. Адамдарды адамгершілік жолынан адастырмай, азғындыққа ұрындырмай, сүйегін де, жүрегін де, тілегін де пәк ұстауға тәрбиелеу құралы. Ол басшыны да, қосшыны да бір деңгейде ұстайды. Дінге сену – Аллаһқа сену деген сөз. Діннен айыру ділден, тәңірге – Жаратушыға деген сенімнен айыру екенін, оның ақыры тұйыққа тірейтінін ата-бабаларымыз бағзы замандарда-ақ зерделеп, «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп пәлсафа түйген. Түптеп үңілсек,

сенімсіздік астарында обал мен сауапты, жақсылық пен жамандықты, адал мен арамды айыра білмес нысапсыздық, құлқынқұмарлық, қызғаншақтық, көре алмаушылық, өтірік-өсек, адам өлтіруден де шімірікпейтін жауыздық жатыр емес пе?

Ісләм діні, ең алдымен, өзіңнің жан дүниенді дұрыстап ал, дейді. Нәпсіңді тый, бойыңдағы қызғаншақтық, мақтаншақтық, көреалмаушылық, зұлымдық, тағы басқа да сайтани салқындықтың ықпалынан арыл, дейді. Оның кілті Аллаһқа деген жүрек сенімімен қатар Аллаһтың бізге берген нығметі – намаз оқуда жатыр. Ал, намаз оқымай Құдайға сенген кісілердің сенімі (иманы) дәлелі жоқ тиянақсыз, делінеді. Құран-Кәрімде «Адам баласының өзінде ғибрат бар, жер жүзінің халифасы» деп дәріптеледі әрі қаперсіз, өзіміз жаратылғаны да нақтылы көрініс тапқан. Мұның өзі Жаратушы иеміз басқарып, іс-әрекеттерімізді үйлестіріп, реттеп отырмаса («Адам баласы Аллаһқа мұқтаж, адам баласына Аллаһ күре тамырынан да қымбат»), көптеген қауіп-қатерлерге тап келуіміз әбден мүмкін екені де Құран-Кәрімде соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіледі. Аллаһқа бәрі аян, ғайыпты біледі, залым емес, нығметі есепсіз, уәдесі – хақ. Кім оның белгілерін ұлықтаса – күдіксіз, ол – жүректің тақуалылығынан («Хам» сүресі). Жаратушының адам баласынан – сана иелерінен талап ететіні де барлық іс-әрекетті ақылмен жасау, ғмбадаттың өзі де ақылмен орындалмаса, соңы соқыр сенімге айналып кетеді. [10,104б]. Бұл қалай ұғындырылады? Енді соған келейік. Адамның денесінде екі қуат – жан мен тән, нақты өз атымен атасақ, рух пен нәпсі бар. Ол жөнінде Құран-Кәрімде «Адамды балшықтан жасап, оған өз рухымнан үрледім» деп айтады. Ал Абай атамыз:

Ақыл мен жан мен - өзім, тән – менікі,

Менімен менікінің мағынасы екі.

Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел баста,

Менікі өлсе, өлсін, оған бекі, - деп бұл құбылыстың мәнін де ашып бермей ме?! Адам баласының ішкі дүние құпиясының барлық шешімі, міне, осы жерден басталады. Бұған қарағанда, біз адам деп оның жанын, яғни рухын айтады екенбіз. Жаны жоқ болса, ол адам емес. Ал, рух жерге рухани әлемнен сынаққа келеді. Адамның тәні – рухтың осы өмірдегі мекен-тұрағы. Су ішкілік ғұмыры өтіп сынақ бітісімен, тәні мен нәпсісі өліп, рух еріксіз қайтадан өз әлеміне кетеді. Сынақтың мақсаты – Аллаһты тану болса, ал оның мән-мағынасы Аллаһ берген таза, пәк рухты кірлетпей, өсіріп, кемеліне жеткізу. Айтулы ақынымыз, ұлттық ойдың ұйытқысы Абай адам баласын, міне, осы дінмен, мұсылмандық шарттарының бұлжымастығымен тәрбиелеуді діттейді. Хакім шығармаларының қай қайсысын алсаңыз да, өнбойынан айқын сезілетін бір имани күш осы. [5,118б]. Шарифат талаптарынан аттап та кетпей, қалыбынан ауытқымай, адами құндылықтардың шашауын шығармай зиын зердеңе сіңірудің басты құралына да айналдырған. Дін ісләм қазіргі кейбір діни ағымдар секілді адамдарды жылымына күштеп те, аярлықпен арбап та тартып жатқан жоқ – Аллаһ тарапынан адамзатқа аспаннан ең соңынан түскен Құран-Кәрімнің иманилығы, сақилығы, киелілігі осынысында! Кезінде дана Абай: «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос!» деген даналық сөзін де осыдан шығарып айтқан-ау, сірә! «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген сөзінің астарына үңіліп, зерделеп көрген жан бар ма екен, осы? Әлбетте, абайтанушылар мұның жайын талай жерлерде тарата айтып, санамызға сіңіруге әрекет

еткендігі анық. Алайда, оларды бұл жұрттың бірі ұқса, бірі ұқпай ақ келеді. Ғылым тілінде ауырлау жеткізілетіндігінен бе, әлде.

«Өмір жолы – тар соқпақ» дейді бір өлеңінде. Қайран Абай, адамзаттың алыбы Абай, осы сөзіңмен не айтпақ болдың екен? Астарында не жатыр, өзі. Шақшадай басымды шарадай еттің ау! Басымды тауға да, тасқа да ұрып осы сөзіңнің мән мағынасын ұғынуға тырыстым. Жәй айтыла салған сөз емес. Ұлыларға жүгіндім. Кітап, қағаз ақтарып, сөз маржанын сүздім. Көне көз, кәрі құлақ қарттарды тыңдадым.

Жалпы өмірдің мақсаты түптің түбінде Түп Иемізге қайту. Бірақ ол жол оңай емес, өте қиын. Мұны Абай «Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, иілтпек екі басын ұстаған Хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деп тәпсірлейді. Яғни өмір жолы дегеніміз – иілген жақтың (садақтың) ортасы, тиянақ, тегістік жоқ. Өмірдің екі жағы болады. Адам өмірінде жақсылық-жамандық, шындық-өтірік, қуаныш-қайғы, табиғатта ақ-қара, жарық-қараңғы, ыстық-суық, үлкен-кіші тәрізді екіжақтылық бар. Өмірдің жамандығын білмей, оның жақсылығын білу, өтірікті білмей шындықты білу, қайғыны білмей қуанышты білу мүмкін емес екені белгілі. Адам өмірді кейде қуанышта емес, қайғыда тезірек түсінеді. Ал күннің шығуы мен батуды, қыспен жаздың алмасуы болмаса, табиғат өмір сүре алмас еді. Бұлардың барлығы жақтың екі басы, ал ол екі басты иілтпек ұстаған Хақ. Табиғаттың екі жақтылығы күрес тудырып, бұл күресте жан иелері шыңдалып талап, қайратқа ие болады. Бұл Хақтың жасаған жалпыға ортақ заңдылығы. Мұндай тар соқпақпен жүрудің өзі қауіпті. Қарияларымыз да дүниені екі жүзді алмас кездікке ұқсататыны содан болар. Оның қылыпқан жүзі үстімен жүріп өту кімге жеңіл тисін-ау!


«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп!» деп ғасыр биігінен үн қатқан Абай – қазақ үшін де, Қазақстанды мекен еткен барлық ұлт өкілдері үшін де – адамдыққа жетелейтін ұстынға айнала алды ма? Абай шығармашылығындағы халықтар достығы, адамның адамға деген әділетті көзқарасы бүгінгі күні де өзекті. Абайға күллі адамзатты жүрегіне сыйғыза алатын кеңдік, парасаттылық, ұлылық тән. Әрбір шығармасын оқып отырып, қазақы ұстаным мен ұстынды анық байқайсың. Қазақтың арманын, бары мен жоғын ұғасың. Меніңше, Абайдың әр сөзі қазақ үшін ғана емес, жер бетіндегі өз болашағын ойлаған әрбір ұлт үшін де өте мөте маңызды.

Абай – өз ұлтының ары. Ол өз ұлтының ар тазалығын ойлай алды, өз ұлты өзін таныса екен деді. Сол қазақ осы күні өзін-өзі таныды ма, іздегенін тапты ма, Абай аңсаған биікке жетті ме? Бұл сұрақтың жауабын әр қазақ өзінше іздер. Іздеп те жатыр. Биылғы жылдың «Абай жылы» деп жариялануы соның бір айқын дәлеліндей. Абай афоризмдері – Қазақстандағы қай ұлт өкілі болса да, ең көп айтар нақыл сөз. Ұлттық ой сана брендіміз де осы. Абайдың сөздері басылған кітап – қазақстандықтар ең көп сатып алатын, ең көп сыйға тартатын дүние.

Абайды оқу керек. Абайды оқымау, Абайды білмеу – қазақты білмеу, қазақты танымау деген сөз. Ұлы ойшылдың «Толық адам» концепциясы қоғамдық құрылымымыз бен ой санамыздың темірқазық ұстынына, арқау тініне айналарына бек сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Әуезов, шығармаларының көптомдығы, 12-томы. «Жазушы» баспасы,
2. «Абай», шығармаларының толық жинағы, 1-4 томы, «Жазушы» баспасы, 2005 жыл.
3. М. Мырзахметұлы, «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары», «Жазушы» баспасы, 1982 жыл.
4. Ж. Ысмағұлұлов, «Абай: даналық дәрістері», Алматы, «Өнер» баспасы», 2008 жыл.
5. Е. Әлімжан, «Толық адам туралы», Алматы, «Халуа» баспасы, 2005 жыл.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
7. «Абай және оның орыс достары» («Абай и его русские друзья») – ҚазССР Ғылым Академиясының баспасы, 1949 жыл.
8. Орыс әдебиеті – Уикипедия
9. Омар Жәлелұлы «Харекет» «BRK Press» баспасы, Алматы – 2018 жыл.
10. Омар Жәлелұлы «Жақсы» «Дария» баспасы, Алматы – 2018 жыл.
11. Абай. «Қара сөздер» «Өнер» баспасы, Алматы – 2006 жыл.



Хакім Абай

Дүниеден өтті ғой талай хакім,
Көбісінің білмейді ел талай атын.
Адамзатқа тағылым әрбір сөзі,
Ұлы тұлға. Тең келер Абайға кім?

Ақындардың оған тең келері жоқ,
Жырларының жастарға берері көп,
Жалғасуда бүгінге, болашаққа
Тұтас бір дәуір нама дерегі боп!

Қазақтың жаны, мұңы өлеңінде,
Мұрасы тиіс емес көнеруге,
Ол асқақ рухтың туы желбіреген
Өмірдің қиындығы көп өрінде.

Бәрінде қысастықтың көрді, көнді.
Ұлыны ұлықтатар сәт енді келді,
Абайша тебірене жыырлар жазып,
Абайша сүйе алсақ қой елді, жерді!

Халқына сыры да ұнап, жыры да ұнап,
Танылған аты әлемге бұрынырақ,
Толық адам болуға үндеп өткен
Абайша өмір сүру ұлы мұрат!

Құлақ түр айтқанына хакіміңнің,
Бауырым деп сүй деп туысқан жақыныңды,
Адамзатқа аты да, заты да үлгі,
Ұлықта, қазағым, бас ақыныңды!



Жанғылыш Лйжан Зейнуллақызы

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы,
№ 5 жалпы білім беретін орта мектеп*

XXI ғасыр абайтанушысы

Сыныптан тыс жұмыс

Тақырыбы: «XXI ғасыр абайтанушысы»

Мақсаты: Ұлы ақын Абай мұрасын насихаттау, жас ұрпақты Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге, асыл мұрасындай есте сақтауға баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Сабақтың түрі: сайыс сабақ.

Ресурстар: Абайдың өлеңдер жинағы, компьютер, интерактивті тақта.

Жүргізуші: Қайырлы күн, ұстаздар мен оқушылар !

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге,- деп С.Торайғыров жырлағандай, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай 9-класс оқушылары аралығында өткізілгелі отырған «XXI ғасыр абайтанушысы» атты сайысымызға қош келдіңіздер! «XXI ғасыр абайтанушысы» сайысы ұлы ақын Абай мұрасын насихаттауға, Сіздерді, жас ұрпақты Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге, асыл мұрасындай есте сақтауға баулып, шығармашылық қабілеттеріңізді шыңдауға жетелейді.

Сайысымызды бастамас бұрын ортаға алты сайыскерімізді шақырамыз.

Сайыскерлер өздерін таныстырып, «Шаттық алаңына» келіп ,бір –бірлеріне жылы лебіздерін білдірсін.

Сайыс шарттарымен танысып алайық:

I. “Бәйге”

II. “Тоғыз ұяшық ”

III. “Тіл –өнер”

IV. “Атадан бала туса игі”

V. “Жедел жауап”

Сонымен қатар, әр бөлімнен соң төмен балл жинаған сайыскер, ойынан шығарылып отырады.

I. “Бәйге”

Жүргізуші: Бұл бөлімде қойылған сұраққа кезкелген сайыскер жауап бере алады. Дегенмен, балды бірінші жауап берген сайыскер иеленеді.

1. Абайдың алғашқы өлеңдері жинағы қай жылы шықты?
(1909ж., Петерборда)
2. Абайдың неше күйі бар? («Май түні», «Желдірме», «Торжорға»)
3. Абайдың қоңыраулы балуан атанған атасы? (Ырғызбай)
4. Абайдың ең жуас, момын атасы? (Айдос)
5. Абайдың атақты әншісі? (Әлмағамбет)
6. Табиғат лирикасы ішіндегі ең алғаш жазылған өлеңі? («Жаз» 1886ж.)
7. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Қарақаралы)
8. Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» атты өлеңі кімге арналған?
(Тәкежанның әйелі Қаражанға)
9. Абайдың баласы Әбдірахман қайтыс болған жыл? (1895ж.)
10. Абай поэзиясындағы саятшылық өнер?
(«Қанасонарда бүркітші шығады аңға» 1882ж.)
11. “Абай – қазақтың бас ақыны” деп кім айтқан? (Ахмет Байтұрсынов)
12. Абай афоризмінің авторы? (Құлат Өміралиев)
13. Абайдың ең алғаш дәріс алған молдасы? (Ғабитхан)
14. Абайдың ертекшісі? (Баймағанбет)
15. «Медғат-Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазған? (Мағауия)

II. «Тоғыз ұяшық»

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз, - деп Абай атамыз жырлағандай, бұл бөлімде әр пәнге

байланысты білімдеріңізді сынайтын боламыз. «Тоғыз ұяшық» бөлімінде

ұяшықтардағы сұрақтарға жауап бере отырып, сайыскерлер балл жинайды

20	20	20
30	30	30
40	40	40

География. -20

Абайдың табиғат лирикасына арнаған өлеңдерін ата.

(«Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғұтыры»)

Қазақ әдебиеті. -20

Бұл Абайдың қай өлеңінен алынған ?

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға. («Әсемпаз болма әрнеге»)

Ән жұмбақ– 20

Абайдың әнінен үзінді тыңдатылады. («Айттым сәлем, Қаламқас»)

Биология -30

“Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ” өлеңінде қандай жануар бейнеленген? (Жылқы)

Тарих - 30

Абайдың “Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды

Мен ішпеген у бар ма!” деген тарихи сөзі қандай оқиғаға байланысты айтылған?

(Мағауияның өлімі)

Бейне сұрақ -30

Еліміздің президенті Қ. Тоқаевқа Абайдың 175 жылдығына орай Абай өлеңдерінен үзінді оқу эстафетасын жолдаған кім?

(Ләйлім-Шырақ, бейнематериал көрсетіледі)

Сурет жұмбақ -40



Абай оның қандай шығармасын аударды? («Евгений Онегин» 1889ж.)

Математика - 40

Абай қай жылы, неше жасында дүниеден өтті? (1904ж. 59 жасында)

Сыйлық 40

Бұл ұяшықта 40 балл сыйлыққа беріледі.

III. «Тіл-өнер»

Жүргізуші:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,-

деп Абай ақын жырлағандай, «Тіл-өнер» бөлімінде ақынның өлеңдерінен үзінділер беріледі. Сол өлең жолдарының кейбір сөздері жазылмаған. Сол сөздерді тауып, орыс, ағылшын тілдеріне аудару керек.

1. Жұмысы жоқтық,

Тамағы тоқтық,

Аздырар баласын. (адам-человек- person)

2. Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы, жылы жүрек. (ақыл-ум- mind)

3. Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, ... жаққа үңілдім. (екі-два- two)

4. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз тұл. (ғалым-ученный -scholar)

IV “Атадан ұл туса игі”

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!- деп ақын өзі жырлағандай, сайыскерлеріміз

Абайдың артында қалған өлмейтін мұрасы өлеңдерін мәнерлеп оқудан бақ сынайды.

Жас ұрпақ үшін Абай мұрасының өнегелік тәрбиесі мол.
Абайдың бір өлеңін мәнерлеп жатқа айтады.

V. Жедел жауап

1-сайыскерге:

1. Абайдың руы? (Тобықты)
2. Абайдың мұражайы қай жерде? (Жидебайда)
3. Абай ел билеу ісіне неше жасынан араласты? (13)
4. Абай айтқан бес дұшпан.
(Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)
5. Абайға жеңгелері қойған есім. (Телғара)
6. Қайрат, ақыл, жүрек айтысатын нешінші қарасөзі? (17)
7. Абай қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
(1845ж. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы)
8. Абайдың үш поэмасын ата? («Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт»)

2-сайыскерге:

1. Абайдың талантты скрипкашысын ата? (Мұқа)
2. Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)
3. Абай айтқан бес асыл іс? (Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
4. Абайдың азан шақырып қойған есімі? (Ибраһим)
5. Абайдың орыс досы? (Михаэлис)
6. Абайдың анасының есімі? (Ұлжан)
7. Абайдың неше қара сөзі бар? (45)
8. Абай ескерткіші алғаш рет қай қалада қойылды?

([Алматы](#) қаласы [Абай](#) атындағы алаң 1960 жыл)

Жүргізуші:

Мұхтар Әуезов: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да - Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз қазақ деген сөзбен тенбе-тең түсетіндей кездері бар секілді», –деп тебірене айтқан.

Бүгінгі «21 ғасыр абайтанушысы» сайысында ақынның мол мұрасынан нәр алып, шығармашылығымен сусындадық. Олай болса, бүгінгі «21 ғасыр абайтанушысы» сайысымыздың қорытындысын шығаратын әділқазы мүшелеріне сөз берейік (сайыс жеңімпаздары марапатталады).

Құрметті шәкірттер! Абай шығармаларын оқыңыздар, зерделеңіздер! «Қазақтың бас ақыны» деп А. Байтұрсынұлы баға бергендей, ұлы ақынымыз Абайды әрқашан үлгі тұтып, биікке көтерейік!



Жаппарова Асима Сабировна

*Түркістан облысы, Арыс қаласы,
Т. Тәжібаев атындағы отбасы үлгісіндегі балалар ауылы*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Елімізде адамзаттың Абайының 175 жыл мерейтойына орай оны дәріптеу, ұлы ақынның атын асқақтату, мұрасына ден қою шын мәнінде кең ауқымда жүргізіліп жатыр. Ең әуелі үстіміздегі жылдың 9-қаңтарында Президентіміз Қ-Тоқаев ел газеті «Егеменде» «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген атаумен пәлсапасы терең мақаласын жариялады. Ал таяуда ғана Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев аға басылымнан «Абай аманаты» деген атмен тағылымды ойлармен түйінделген мақаласын оқыдық.

«Абайды тануым әуелде неден басталды?» Ұлт үшін ұлы тұлғаға айналған Абайдың ұрпаққа айтпақ ойы әр кезеңде де біздің қоғамымызға үнемі қайта айналып келіп отыратындығы, замана сауалына жауап іздеген тұстарда философиялық білім көзі ретінде қайта-қайта сұранысқа ие болып отыратындығы бұлжымас қағидатымызға айналғандығы әлдеқашан.

Елбасы өз мақаласында «Абайды тануым әуелде неден басталды?» деген сауалдың өзін толғандыратындығын аңғартып, оған жауап іздейді, өз өміріне экскурсия жасап, өткеніне шолу жасайды.

Нақ осы сауалды «Абай жылында Түркістан облысы, Арыс қаласы Т.Тәжібаев атындағы отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиешілері мен білім алушылары қалай таныды?» деп өзгертетін болсақ, осы жылы бірқатар атқарылған істер қоры жинақталғанын, балалардың санасына Абай есімі мықтап орныққанын көре аламыз. Біздің тәрбиеленушілеріміздің Абайдың қарасөздерімен сусындап, ондағы айтар ой, жеткізер тәлімді бойына сіңіріп өсіп келе жатқаны, хакім Абайдың аманатын терең түсініп, соған сай болуға ұмтылатындығы рас нәрсе.

Абайды тану біздің мекемемізде заманауи түрде де жалғасын тауып, оның өлеңдерін, «Қара сөздерін» жатқа оқыған челленджерге де ұласқаны – білім алушыларымыздың Абай шығармашылығына деген аса үлкен махаббатын көрсетіп берді.

Иә, Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай өте үлкен игі істер атқарылуда. Жасалған іс- шаралардың арқасында Абайды бүткіл дүние таныды. Сондай-ақ, таңырқап тұрып, осындай ұлы бар елдің бүгінгі бейнесіне қарап таңқалуы да заңды

құбылыс. Өйткені, ұлы тұлғаның құдіретін өзіміз әлі тани алмай келеміз. Ұлылықты танысақ санамыз түзелер еді ғой!

Абай айтады: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен! Жеңілдікпен біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Одан соң оқып үйреніп те керегі жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң оларды қайда сактайсың?» дейді. Демек, мінез сенің бет-бейнең, ұлттық болмысың. Өкінішке қарай, мінезсіз ұрпақ пайда болды... Арғы жағын айтпағанда, еліміз тәуелсіздік алғалы бері де Абайды бойымызға сіңіре алмай келе жатқанымыз жасырын емес. Ендеше, Елбасы айтқандай, Абай аманатын әр қазақ мойнына алып, санамызға сіңіріп, Алладан «қалың қыстан кейін жадыраған жаздың келуін» тілейік!

Абай Құнанбайұлы өзінің өлеңдері арқылы да, қарасөздері арқылы да, бүкіл хакімдік ой-толғаныстары мен пәлсапалық қағидалары арқылы да халқын рухани алапат апаттардан аман алып қалуға жанталаса, жан күйдіре күш-қуат жұмсады. Қайран қазағын, қалың жұртын отаршылдық былаған қан тазалығынан біржолата айырылып қалмауға үндеді. Ар ілімін асқақтатты. Олқылықтардың баршасын осып, кесепаттарды кесіп көрсетті. Дендеген дерттерден қалай арылудың, қайтіп айығудың жолдарын меңзеп, жөн-жосықтарын таразылады.

Мынадай қағидаларды қалайша ұмытамыз: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың». Ғалым туралы ғылым жайында қаншама қағидаттары бар. «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» – дейді Абай. Надандық, еріншектік, залымдық үшеуін қатты сынады. Білімсіздікті хайуандыққа теңейді. Бұрынғы қазақтың да, қазіргі қазақтың да бойынан, болмысынан кетпей жатқан кесірлі кеселдердің бірі мынадай ғой, ағайындар. Абай айтқан: «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай тынбайтұғыны қалай?» Немесе «Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?!»

Иә, Абай қарасөздерінің қадірін біліп, қасиетін түсініп, бүкіл өмірімізге, әрбір ісімізге бағдар ете білгенде ғана елдік, мемлекеттік, адамдық мақсаттарымызға жетеміз.

Ұлттық болмыстың үлгісі, мемлекет ісінің мүдделесі, жаңа қоғамның жанашыры, әлемдік мәдениеттің тұлғасы Абай Құнанбаев тек лирик ақын емес, ол әрі кемеңгер философ. Адамның психологиясына терең үңіліп, бойдағы жаман қасиеттерді көре білген, сынап білген және одан арылудың жолдарын көрсетіп кеткен ұлы тұлға. Сол үшін ақынды жәй ақын ретінде қарамай, қазақ халқын болашаққа бастаған ұлы ойшыл, қайраткер бейнесінде қабылдаған жөн.

Мәдени және рухани мұраны игеру, ұлы тұлғаларымыздың есімдерін жас ұрпақ жадына орнықтыру – заманауи кезеңде халық рухын жаңандырудың, жаңғыртудың бірден-бір жолы, зиялы қауымның тарих алдындағы парызы деп білемін.

Абай әлемі терең әрі сан қатпарлы. Оның барлығын ашып, түсіндіріп беру мүмкін емес. Дегенмен, Абайды әркім әрқалай түсінеді. Өзінше қабылдайды. Ал біздің қабылдауымыз осылай болды. Ендігісі Жаратқан Абай аманатына адал болуды жазсын!..



Жолдыбай Қайрат

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
«Нұртас Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беру орта мектебі»

«Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың бейнесі»


М. Әуезовтың роман-эпопеясымен танысқаннан кейін, Құнанбай туралы жалпы оқырманның ойы екіге бөлінді. Бір бөлігі Құнанбай қанаушы, феодалдық қоғамның тұлғасы деп қабылдаса, кейбір оқырман ұлы Хәкімді тәрбиелеген көреген әке ретінде қабылдайды. Әңгіменің ашығын айтатын болсақ, автордың өзі романда, атап айтқанда бірінші томда Құнанбайға «шаң жолатпаған». Мәселе романды түсіндіріп, сыни көзқарас жазатын сыншы-ғалымдар да болып тұр. Әдебиетшілердің, сыншылардың санасында социалистік түсініктер мен ұғымдар сіресіп тұрғандықтан, олар Құнанбайға «келте тон пішті». Осындай халықтың алды болып жүрген зиялы қауым бірінші көзқараста болғандықтан, романдағы Құнанбай бейнесі күні – бүгінге дейін теріс бағаланып, әдеби тілмен айтқанда жағымсыз кейіпкер образымен көрсетіліп келді.

Биыл Абайдың туғанына 175 жыл. Жыл басынан бері Абайдың өлеңдері, қарасөздері насихатталып, толық қамтылып келеді. Енді осы сәтте Абайдың өсуіне, өзі айтпақшы толық адам болуына мүмкіндік туғызған, халық арасында билікке араласуына септігін тигізген Құнанбайдың да дәріптеліп, кең көлемде насихатталатын уақыты келді деп ойлаймын. Ең болмағанда Құнанбай образы жағымсыз кейіпкерден жағымды кейіпкерге өтетін кезі келді. Халық арасында «Құнанбай болмағанда Абай да болмас па еді» деген пікірді қалыптастырып, Құнанбай бейнесін толық көрсететін кез жетті. Құнанбай бейнесін ел басқаратын әкімдерден бастап министрлерге дейін үлгі етіп, ел басқару қабілетін дәріптейтін кез келгендей.

«Жаңағы ашумен күйген Байдалы енді майда қоңыр үнге түсіп: - Осы өздерің көріп жүрген Қаратай бар ма? Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек! Шіркін, тек қана азғантай Көкшеден шықты ғой. Егер Олжайдан туса, өрісін көрер ең! – деп біраз отырды да... – Тақауда, әнебір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы: «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ-ты. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп: «Мырза - Құнанбай», - деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім?» – деді.

Тағы Қаратай жауап беріп: «Шешен – Құнанбай», – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?» – десті. Әлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай», – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: «Уай, Көкше, не оттап отырсың өзі?» – деп, Қаратайға қадала түсіп: – Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен? – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уай, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ, «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?» – деді (*Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық жинағы, 22-том, 1-кітап, 173-174 б.*). Бұл жердегі мырза, шешен, жақсы дегендері замандастарының, елінің берген шын бағасы. Бірақ осыны оқып отырған қалың оқырман Құнанбайдың ата заманынан қалыптасып, бойына сіңіп кеткен қаталдығын, шешімді өзі қабылдап, туралығын айтатындығын ескеріп, жағымсыз бейнеге сыйдырады. Мұндағы «не қылайыны» осы қаталдығы мен шешімді өзі шығаруы. Бірақ дәл осы қасиет бүгінгінің болыстарына керек-ақ. Құнанбайдың қабылдаған шешімінің бәрі дұрыс демеймін, бірақ, оның мына тұрлаусыз өмірде ұстанған, біздің лексикаға салсақ, шешім қабылдауда өз «принципі» бар. Ол – табандылық, бірсөзділік, бұлтындап, соңына ерген елді адастырмаушылық. Тұрмыстағы қаншама істің дәл шешімі, жауабы жоқ болуы да мүмкін емес. Сондықтан, компас тіліндей тұрақты бағыт керек, ол – ел басқарған адамның тұрақты, табанды, бір сөзді болуы. Осы философияны Құнанбай жете меңгерген, тіптен дәл сәтінде теріс шешім болғанымен, су тұна келе, оның бірден-бір дұрыс қимыл болғанына сенушілер, жақтаушылар жеткілікті болатыны тәжірибеде көрініп, талай аңғарылған. Құнанбай бұл жерде ата дәстүрінен, талай өткен тарихи оқиғалардан сабақ алып, оны жандандырып, бүгінгі күнге рет-ретімен қолданып отыратын. Бүгінгі заманның Құнанбайларына да осы қасиет жетпей жатыр. Бәлкім, сондықтан болар, елдің ертеңі болатын «тіл мәртебесі» деген мәртебелі статус егемендігімізге отыз жыл толғанда ғана өз орнынан қозғалып, енді ғана талап етіле бастауы.

Қорыта келгенде, романдағы Құнанбай бейнесін, бүгінгі әкелердің, басшылардың бойынан көргім келеді. Себебі, бүгінгі қоғамға Құнанбай секілді Абайды тәрбиелейтін әке, елін түзу жолдан адастырмай, халықтың қалауын орындайтын басшылар жетіспеуде. «Ауруын жасырған өледі» демекші, қоғамымыздың дертін уақытын да емдемесек, еліміздің ертеңі бұлыңғыр көрінеді.





Жумағалиева Анар Женисовна

*Атырау облысы, Атырау қаласы,
№19 Қ. И. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы*

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Аннотация

Бұл мақалада ұлы гуманист Абай Құнанбаевтың адамгершілік тәрбие мәселесіне философиялық және педагогикалық көзқарастары қарастырылған. Әр адамның өмірінде адамгершілік принциптері мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың негізгі жалпыадамзаттық проблемаларына ерекше назар аударылады.

Әрбір халықтың рухани және адамгершілік тіректері бар. Қазақ халқының санасында осындай іргелі тіректердің бірі көрнекті ағартушы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы болып табылады. Оның шығармаларында халық шығармашылығының дәстүрлері мен қоғам мәселелерін түсіну барынша көрсетілген. Хакім Абайдың өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор.

Абай-өткеннің ұлы гуманистерінің бірі. Адамдардың санасы мен сезіміне әсер ету, қоғамды ақындық сөз құралымен жаңарту, адамның қадір – қасиетіне терең құрмет-Абай-гуманист үшін тән қасиет.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. - осылайша Абай өз шығармашылығының тақырыбын анықтады [1].

Иә, дәл жастарға – өз халқының болашағына, ал оның жарқын болашағына, өз заманының қандай да бір қиындықтарына қарамастан, ұлы ойшыл, ақын, ағартушы-демократ: Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді? Абай «Қара сөздерінің» бірін: «Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.» – деген оймен аяқтайды. Ол жастарға білім беріп, әрі тәрбиелей отырып болашақ ұрпақ бойындағы жағымсыз қылықтарды, білімсіз надандықтан шығаруға болатынына сенген.

Егер біз Абайдың өткен ғасырда қалыптасқан педагогикалық көзқарастарына жүгінетін болсақ, онда олар педагогикалық теория мен практиканың жалпыадамзаттық мәселелерін көрсетеді. Міне олардың кейбірі:

Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі - тұл.

Абай арнайы философиялық және педагогикалық еңбектер жазбағанмен, жалынды жастар тәлімгерінің шығармаларының барлығы дерлік еңбек халқының мүдделеріне, адамгершілік мұраттары мен даналығына, қазақхалық зиялылары-ақындар мен композиторлардың шығармашылығына, Шығыс және батыс халықтарының қоғамдық ойының жетістіктеріне сүйенетін адамгершілік – этикалық тәртіптерге толы.

Бүгінгі таңда Абайдың өмірдің өзінде моральдық принциптер мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру туралы ойлары өзекті. Абайдың пікірінше, адам қандай да бір дайын жеке қасиеттермен туылмайды. Изгілік туралы барлық ұғымдар, мінез-құлықтың барлық ережелері оның өмірі мен қызметі барысында алынады. Ол:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш, дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан!- деп жастарды босқа уақыт өткізбеуге, өнерлерін дамытуға, өзінің өмірдегі орнын тауып саналы ғұмыр кешуге шақырады.

Әр түрлі әлеуметтік жағдайға қарамастан, Абайдың ойынша, адамдар табиғатынан тең. Адамдардың осы туа біткен биологиялық теңдігі туралы Абай 34 қара сөзінде жазады: Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен.

Адамдар тең болғандықтан, олар өз еріктерін, күштерін басқаларға жүктеуге тырысудың қажеті жоқ, өйткені олар басқалардан жақсы емес. Керісінше, адамдар, халықтар бір-біріне деген өзара құрметке, бір-бірін сүюге, бейбіт өмір сүруге, дұшпандыққа және бір-біріне қызғаныш білдірмеуге тиіс.

Абайдың дүниетанымының орталығында, басқа ойшылдар сияқты, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан өте жан-жақты қарастыратын адам бар. Абайды адамның эстетикалық, этикалық бейнесі, оның білімі мен тәрбиесі, оның сезімдері мен ақыл-ой әлемі, мұраттары мен өмір мақсаты қызықтырады.

Абай өзінің жоғары этикалық идеалын адамгершілік формуласында білдірді: «Адам бол! — Будь человеком!», олең алдымен жастарға жүгінеді. Абай формуласының этикалық мағынасы «Адам бол!» адамның өмірдегі тағайындауының рөлін жоғары бағалаудан тұрады. Оның түсінігінде адам ақыл мен адамгершілікті, еңбекқорлық пен білімді, достық пен махаббатты біріктіруі керек. Абайдың ұстанымы бойынша адам болу үшін алдымен адамның шыққан тегі, содан кейін оның қоғамдағы ортасы мен әлеуметтік жағдайының жақсы болуы, одан әрі адам бойына адамгершіліктің ұялауы

қажет екенін айтады.

Абай жастарды тәрбиелеуде отбасылық тәрбиеге ерекше мән берді. Абайдың ойынша, алғашқы және ең басты тәрбиеші, мұғалім – ол ата-ана.

Абай надандық пен қараңғылыққа толы уақыт кетеді және оны жастар салатын жарқын әлем алмастырады деп сенді.

Адамның қалыптасуындағы тәрбиенің рөліне бірінші дәрежелі мән бере отырып және адамдардың жамандықтарын тағдыр, тағдыр жазуымен түсіндіруге тырысқандарға қарсы күресе отырып, Абай адамның табиғаттан адамгершілік қасиеттерге ие болмайтынын, ол тек тәрбие процесінде адамгершілік немесе азғындық болатынын атап өтті. Баланың тәрбиешісі кім? Әрине, бұл ең алдымен оны қоршаған адамдар. Оларды Абай 3 топқа бөледі.

Біріншіден, Бұл Абай бойынша, ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері, яғни баланың отбасылық, туыстық ортасы. Екіншіден, бұл мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни баланы тәрбиелеуге кәсіби жауапты ересектер. Үшіншіден, бұл құрдастар, достар, жолдастар [4].

Бірақ Абай маңызды адамгершілік-этикалық қорытынды жасайды: адамдардың осы санаттарының қайсысын балалар аса құрметтейді, олардың қайсысына көбірек сенеді, кімнің ықпалы неғұрлым күшті, елеулі болады. Абайдың айтуынша, сүйікті адамы - балалардың бірінші және басты тәлімгері.

Сондай-ақ Абай өзінің қара сөзінде қазақ балаларының өнегесі ата-аналарының, тәлімгерлерінің дұрыс тәрбиелемеуінен, надан құрдастарының зиянды ықпалының салдарынан бұзылатынын бірнеше рет еске салады.

Абайдың интерпретациясындағы адамгершілік Формуласы: "Адам бол!" сондай-ақ мынадай төменде келтірілген ережелерде жасалады. Адамның жетілуі, ағартушының пікірінше, үш негізгі қасиетті анықтайды: ақыл, жүрек, ерік. Қоғам мен халықтың тірегі осы қасиеттерді толық меңгерген адамдар болуы керек. Нағыз патриот бола отырып, Абай өз халқының болашағын білімде, ағартуда, ғылым мен өнерді дамытуда, табанды да жасампаз еңбекте көрді. Еңбектеніп білім алсаңдар оның жемісін көресіңдер, сендерді қараңғылықтан шығаратын, парасаттылыққа жеткізетін оқу және білім деп жастарға насихат жүргізіп отырды. Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Ол былай деп жазды: «Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил».

Ойшыл өз халқын бір орында тұрмауға, үнемі дамуға, жетілуге, рухани әлемін байытуға белсенді түрде шақырады.

Қазіргі Қазақстанда әлемнің жаһандануы контекстінде ұлы Абайдың бүкіл әлемімен достықты нығайтып, Достардың санын көбейтіп, ұлттық адами болмысты сақтай отырып, жаратылыстану ғылымдарын оқытуға үндеуі өзекті болып отыр. Абай адамды жан мен ақылға ие тұтас тұлға ретінде түсінді. Абай үшін адам - ғаламның орталығы. Руханият - бұл кітаптар мен халық даналығы, өнер және рухани тәжірибе арқылы сіңірілетін адамның анықтайтын бастауы.

Абай адамдардың адамгершілігін өзгертудегі тәрбиенің рөлін жоғары бағалай отырып, тәрбие мен білімнің адамгершілік мақсаттарын анықтайды. Абайдың пікірінше, тәрбиенің ең жоғары мақсаты-баладан еңбекқор және Патриот болу, ал оқытудың мақсаты — ғаламды тану, білім алу және мамандық алу.

Абай адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралдарын халықтың еңбегі мен


ағартушылығы деп санайды. Оның адам өміріндегі еңбектің маңызы туралы айтпайтын бірде-бір жұмысы жоқ. Абай еңбекті адамның өмірлік қажеттілігі және оның адамгершілігінің негізі ретінде мадақтайды. Еңбек адамы-ізгіліктің шынайы тасымалдаушысы. Ғылымға, ағартушылыққа келетін болсақ, оларды Абай барлық адамгершілік мәселелерді шешудің әмбебап құралы деп санайды, яғни жас адамда білімге, парасаттылыққа деген ұмтылысты тәрбиелеу. Абай этиканы ғылыми, ал ғылымды этикалық, адамгершілік ету қажеттілігін дәлелдеуге тырысады. Бұл тамаша арақатынасқа қол жеткізу жолдарының бірі Абай парасаттылық пен ұстамдылықтан көрінеді - "қанағат ету" [5].

Осылайша, Абай поэзия мен прозада оның жоғары этикалық идеалының "Адам бол!». Біріншіден, бұл еңбекқорлық, екіншіден, білімге деген ұмтылыс, парасаттылық, үшіншіден, модерация, төртіншіден, ар-ождан және бесіншіден, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу [5].

Өткенғасырда Абай жариялаған моральдық нормалар, бір жағынан, жалғандықты, адалдықты, заңсыздықты айыптайды, екінші жағынан еңбекке деген сүйіспеншілікті, халықтың мүдделері үшін жанқиярлық күресті, адалдықты, шыншылдықты, ғылымды зерттеудегі табандылықты, оның жоғары этикалық идеалын "Адам бол!" біздің заманымызда өз маңызын жоғалтып қана қоймай, жаңа дыбыс күшіне ие болды және олардың әрқайсысын мұқият зерделеуді және игеруді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Нұрланова Қ. Ш. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIX ғғ.) / Жауапты ред. Ә. Нысанбаев. Алматы, 2004. - 4 кітап. - 310 б.
2. Абай. Энциклопедия / Бас ред. Р. Н. Нурғалиев. - Алматы: Атамұра, 1995. 720 б.
3. Есім Е. Абай туралы филосратат. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 83 б.
4. Абай және архив. Баспаға дайын. : С. Байжанов. - Алматы: Ғылым, 1995. 216 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-II том. Алматы, Ғылым, 1977. - 312 б.





Жумбаева Лайла Мукановна

Нұр-Сұлтан қаласы,
«№3 мектеп-гимназия»

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Анотация: аталмыш мақалада Абайдың шығармаларындағы философиялық көзқарастары мен ойларын зерттей отырып, олардың адамгершілігімен, махаббатымен, тереңдігімен адамдардың жүрегінде қанша уақыт өтседе өзектілігін жоғалтпай, резонанс тудыратыны көрсетілген.

Сондай-ақ, ақын, композиторлардың Абай туралы өз еңбектерінде қалдырған ойларына қысқаша шолу көрсетілген.

Кілтті сөздер: Абай, ақын, қазақ, ұлт, поэзия, әдебиет.

«Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары... Абай біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғымға болмауға тиіс», - ҚР тұңғыш президенті, елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Қазіргі жаһандану заманында кез келген салада жаңа көкжиектер мен жаңа мүмкіндіктер пайда болуда. Әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеру үстінде. Жаңа ғылыми білім адамзат дамуына ықпал етуде. ХХІ ғасырда тек білім арқылы ғана алға шығуға мүмкіндік бар. ХХІ ғасыр білім арқылы қазіргі заманғы өркениеттің үздік жетістіктерін біздің ұлттық мақсаттарымызбен үйлестіре білуді талап етуде. Қазіргі таңда біз ескі салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымызды заманға сай өзгерте білуіміз қажет.

Сол себепті, бізге Абайды тереңінен зерттеп, ерекше назар аударуымыз қажет. Абайды тану - өзіңді тану дегенді білдіреді. Өзін-өзі тану, адамның үнемі өзін-өзі үздіксіз дамытуы, білім мен ғылымға деген құштарлығы алға ұмтылудың көрсеткіші болып есептеледі. Абайдың сөздері біз үшін жетекші жұлдыз болуы керек.

Абай Құнанбайұлы - ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ағартылған либералды ислам негізінде орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу рухында мәдениетті реформалаушы.

Абай тірі кезінде «Дала уалаяты» газетінде ол туралы санаулы мақалалар жарық көрді. Бұл мақалалардың авторы ақын, фольклор жинақтаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев болды. Ол Абайдың шығармашылығына оң пікір білдіргенімен, кейбір кездері сыни тұрғыда қарағады. Деседе М. Көпеевтің ақын туралы ең алғашқы мақалалары

ретінде құнды болып есептеледі. Оның жазбаларының бірі «ол дүниетаным туралы өлең жазады, оның жазғаны жақсы... дала баласы жазған нәрсені ешкім айыптамайтын шығар. Әркім өзінің білетіні туралы айтады, оның үстіне кім жазады, бәрі ойлағанын жазады. Егер сол хаттарда белгілі нәрселермен салыстырғанда кеңірек түсіндіретін және түсінікті нәрсе болса, онда олар пайдалы болады» [1, 66б.]. Билік басындағыларға деген өшпенділік пен жеккөрушіліктің тұншықтырғыш атмосферасында екі ұлынан – Әбдірахман мен Мағауиден айрылған ұлы ақын 1904 жылы 14 мамырда өмірден озғанда Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өз қолжазбаларында ескертпелер қалдырды.

Сонымен қатар, Абайдың көзінің тірісінде бүкіл далаға әйгілі болған белгілі әнші Біржан Қожағұлұлы ол туралы керемет, әсерлі поэтикалық жолдар жасады. Ол Абайдың аға замандасы болды және оның ерекше таланты мен қазақ халқының рухани өмірі мен дамуындағы маңызын алғашқылардың бірі болып бағалады.

Абайдың талантына жылы лебізін оның замандастары, ақындар қалдырды. Абай 1886 жылға дейін «Кедей Көкбай жылайды», «Бұралып тұрып», «Қиыстырып мақтайсыз» және т.б. өлеңдерін досы және шәкірті Көкбай Жаңатайұлының атымен жариялаған. Кейіннен ол Абайға арнап өлеңдер мен естеліктер қалдырды [2, 45б.].

Ақын Нарманбет Орманбетов 80-ші жылдардың соңында Абайдың шығармашылығымен танысты. Абайдың өмірге деген көзқарасы және шығармашылығы, поэзиясы Нарманбеттің жанына өшпес із қалдырды. Ол ұлы ақынның ықпалымен шығармашылық саласына бой бұрып, бірнеше ерекше шығармаларды дүниеге әкелді. Ақынның көзі тірісінде бірқатар өлеңдері жарыққа шықты.

Ақын және композитор Әсет Найманбаев Абайға бас иеді және сол сиқты өлуді мәртебе көрді, «Абай сияқты қарапайым халықтың жүрегінде сөз қалдыру». Осының барлығы әдеби жастар Абайды құрметтегенін және оның бойынан барлық жақсылықты көргенін, оны ұстаз деп есептегенін білдіреді [3, 213б.].

1911-1913 жылдары Абайдың шығармалары «Насихат-Қазақия» және «Қазақстан» газеттерінде жарияланды. Көркем шығармаларды үнемі жүйелеп, басып шығарумен әдебиетке арналған зерттеулердің қажеттілігі туралы мәселе көтерген «Әдебиет таңы» газетінде мақалада Абай Құнанбаевтың өлеңдерінен үзінділер келтірілген («Әсемпаз болма әрнеге»).

1910-1917 жылдары Семей, Павлодар, Омбы, Орынборда оқыған жастар ақынның шығармашылығына үлкен қызығушылық танытты. Болашақ көрнекті ғалымдар, ақындар, жазушылар, қоғам қайраткерлері С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Н.Құлжанова, Белослюдов ағайындылары, М.Әуезов Абай еңбектерін халық құрылтайларында, этнографиялық әдеби кездесулерде ақын туралы баяндама оқу арқылы кеңінен таратуға үлес қосты. С.Торайғыров қазақ әдебиетінде Абай Құнанбаевтың еңбектерін жоғары бағалайтыны туралы мақалалар мен өлеңдер жазды [1, 67б.].

Абай әрбір қазақ баласын ел жанашыры болуға шақырды. Сондықтанда, егер болашақ ұрпағымыздың білімді, нағыз ұлт жанашыры болуын қалайтын болсақ, оларды Абай шығармашылығымен тереңірек таныстырып, оның өлеңдерінің мағынасын түсіндіруіміз қажет.

Ұлы ақын Абай өз халқының жамандықтарын қатаң сынға алғанымен, оның тек бір ғана мақсаты болды, ол қазақтарды, өз халқын алдыңғы қатарға шығару.

Абайдың бай мұрасы қазақ ұлтының жаңа қасиеттерін қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармашылығы әр адамға өз халқына, еліне деген сүйіспеншілік сезімін

оятары анық. Сол себепті, елімізді жаңғырту мен дамытудың бір бағыты ретінде ұлы Абайдың мұрасын өскелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдарына айналдыру керек.

Абай өз еңбектерінде адамдардың кейбір мінез-құлқын сыни бағалай отырып: «терең ойға, терең білімге ұмтылмайды, тек өтірік айтады және қауесет таратады», - деді.

Ақын қоғамдық өмірдегі надандық пен тәртіпсіздікке қарсы болды. Ол жастарды оқуға, білім алуға, үздіксіз еңбек етуге, қоғамның игілігі үшін адал қызмет етуге шақырды [3, 215б.].

Абай жастарды тәрбиелеуде отбасылық тәрбиеге ерекше назар аударды. Оның ойынша, баланы тәрбиелеуде алғашқы және ең басты тәрбиешілер, ол мұғалімдер мен ата-ана.

Абай әрдайым надандық пен қараңғылыққа толы уақытты жастар салатын жарқын әлем алмастырады деп сенді.

Абайдың шығармаларындағы философиялық көзқарастары мен, ойларын зерттей отырып, олардың адамгершілігімен, махаббатымен, тереңдігімен адамдардың жүрегінде қанша уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтпай, резонанс тудыратынын көреміз. Ұлы Абай Тәуелсіздік таңын көрмегенімен, оның ұрпақтары бүгінде егеменді ел құрды.

Абай еңбектері жас ұрпақты өз халқына қызмет етуге шабыттандырып, оларды ағартушылыққа, білімге, мәдениет арқылы ұлттардың дамуына деген ұмтылысты қолдайды. Абайдың жастарды адамгершілік тәрбиелеу туралы көптеген ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ:

- адамгершілік қасиеттер қиындықтарды жеңу үрдісінде шыңдалады және нығая түседі;

- адамгершілік тәрбие мәселелеріне өзіншіл, эгоистік тұрғыдан қарауға болмайды;

- адамның шынайы сұлулығы — оның еңбексүйгіштігінде;

- жалқаулық - қыңырлықты, алдауды, қорқақтықты және т.б. тудырады [4, 116б.].

Абайдың еңбектері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, оның ішінде орыс, қытай, француз, түрік, неміс және т.б. Абайды еске алу үшін әдебиет саласындағы Қазақстан мемлекеттік сыйлығы да тағайындалған. Абайдың құрметіне қала, әкімшілік орталықтар, көшелер, театрлар, кітапханалар және республика аумағындағы басқа да нысандарға аты берілді. Абай есімімен Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан қалаларының орталық даңғылдары, Іле Алатау жотасының шыңына атауы берілген. 1960 жылы Алматы қаласындағы Абай алаңында Ұлы ақынға ескерткіш орнатылған. 2010 жылы Астанада Абай ескерткіші оның құрметіне аталған даңғылдағы ескі алаңға қарама-қарсы орналасқан. Ақынның туған күнінде жыл сайын осы алаңда Ұлы Абайға арналған поэтикалық тыңдаулар өткізіледі. 2020 жылы қазақ халқының ұлы ақыны Абай жылы деп жарияланды. Сондай-ақ, 2020 жылдан бастап 10 тамыз Абай күні болып бектілді. Абай мұрасы барлық ұрпаққа берілуі тиіс...


Абай шығармаларына тереңінен үңілетін болсақ, онда ол өз халқының жетілуі мен дамуын мақсат еткенін оның барлық еңбектерінде көрініс табады. Дамудың негізі білім мен ғылым екені анық. Оның «ғылым таппай мақтанба» деген сөзінің мағынасы - білімді игермей биікке көтерілу мүмкін еместігін меңзейді [2, 46б.]. Ұлы Абайдың әр еңбектерінде «пайда туралы ойлама, ар-намыс туралы ойла, білімге ұмтыл» деген ұранды алға тартады.


Бұл түсінік бүгінде өте маңызды. Тіпті бұл бұрынғыдан да өзекті бола бастады, себебі біз ХХІ ғасыр, жаһандану заманы ғылым мен білімнің жаңа биіктерге көтеріліп, тез дамып келе жатқанын көреміз. Ал біздің басты міндетіміз – үдерістен қалып қоймай, озық позицияға шығу болып табылады.

Абайдың бай мұрасы қазақ ұлтының жаңа қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оның еңбектеріндегі ойлар әр адамға, өз халқына, еліне деген патриотизм, сүйіспеншілік сезімін оятады. Міне, сондықтан да елімізді жаңғырту мен дамытудың бір бағыты ұлы Абайдың мұрасын жас ұрпақтың өмірлік ұстанымдарына айналдыру басты мақсатымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Әуезов Абай Құнанбаев: монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Алматы, 1995ж.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы көрем әдебиет, 2012 ж.
3. Савельев В.В. Художественная антропология и творчество писателя: учебник для гуманитарных факультетов. Усть Каменогорск Алматы, 2007 г.
4. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль.-2007.-№8






Жұмаділлә Айханым Тойлыбекқызы


Түркістан облысы, Шымкент қаласы,
№127 жалпы орта білім беретін мектеп

А. Құнанбайұлы «Отыз екінші қарасөз»

САБАҚ: Қазақ әдебиеті	Мектеп: №127 жалпы орта білім беретін мектеп
Күні: 25.09.2020ж	Мұғалімнің аты-жөні: Жұмаділлә Айханым Тойлыбекқызы
СЫНЫП: 9	Қатысқандар: 25 Қатыспағандар: жоқ
Бөлім тарау атауы: I бөлім. «Қалың елім, қазағым»	Сабақтың тақыры: А.Құнанбайұлы «Отыз екінші қарасөз»
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	10.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 10.2.4.1 - көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (әдеби шығарма) жазу.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: «Отыз екінші қарасөзде» көтерілген мәселелерді талдау.
Үшінші сөйлем. Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын ...
Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...
Дескриптор:
«Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» шығармадағы ұлттық құндылықтарды анықтайды
Өлеңнің идеясын талқылайды
Қалыптастырушы бағалау: «Топтық» бағалау парағы арқылы жүргізіледі

оқушының аты-жөні	5	4	3

5- «өте жақсы»

4- «жақсы»

3- «қанағаттанарлық»

2мин

2-тапсырма. Өзіндік жұмыс. Кесте бойынша «Бүгінгі менің...» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Берілген үзінділерді әлемдік тақырыптармен үндестіріңіз

Өлеңнен үзінді	Әлемдік тақырыптармен үндесуі
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол - ақынның білімсіз бишарасы.	
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.	
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап, Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.я	
Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.	

Дескриптор:

- 1.«Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» шығармасын әлемдік тақырыптармен үндестіреді
2. Өзіндік жұмыс кесте бойынша кестені толтырады.

	<p>Қалыптастырушы бағалау: «Өзін-өзі» бағалау парағы арқылы.</p> <table border="1" data-bbox="400 297 986 405"> <tr> <td>оқушының аты-жөні</td> <td>5</td> <td>4</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>5- «өте жақсы» 4- «жақсы» 3- «қанағаттанарлық»</p>	оқушының аты-жөні	5	4	3																					
оқушының аты-жөні	5	4	3																							
<p>Соңы 5 мин</p>	<p>Кері байланыс. INSERT (түртіп алу жүйесі)</p> <table border="1" data-bbox="400 573 1098 658"> <tr> <td>Білемін V</td> <td>Мен үшін жаңа +</td> <td>Білмеймін -</td> <td>Ізденемін ?</td> </tr> </table> <p>Үйге тапсырма: Өлеңнің негізгі идеясын ұлттық құндылық тұрғысынан түйіндеп әдеби эссе жазу.</p>	Білемін V	Мен үшін жаңа +	Білмеймін -	Ізденемін ?	<p>INSERT кестесі бар парақшалар.</p> <p>10 сынып, Қазақ әдебиеті оқулығы. Авторы: Р.Зайкенова, А.Н. Нұрланова.</p>																				
Білемін V	Мен үшін жаңа +	Білмеймін -	Ізденемін ?																							
<p>Қосымша мәлімет</p>																										
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).</p>																								
<p>1-тапсырма. Топтық жұмыс. Көркем шығармадағы ұлттық құндылықтарды анықтайды. Екі топқа екі түрлі тапсырма беремін. 1-топ «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» шығармадағы ұлттық құндылықтарды анықтаңдар. 2-топ: Өлеңнің идеясын топта талқылаңыз, ойыңызды «Төрт сөйлем» әдісі арқылы білдіріңіз. Қарым-қатынас бойынша саралау</p>	<p>Үй тапсырмасын сұрау: Қалыптастырушы бағалау: «Өзін-өзі» бағалау парағы арқылы.</p> <table border="1" data-bbox="475 1319 1050 1417"> <tr> <td>оқушының аты-жөні</td> <td>5</td> <td>4</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>5- «өте жақсы» 4- «жақсы» 3- «қанағаттанарлық» 1-тапсырма. Топтық жұмыс. Қалыптастырушы бағалау: «Топтық» бағалау парағы арқылы жүргізіледі</p> <table border="1" data-bbox="475 1608 1050 1706"> <tr> <td>оқушының аты-жөні</td> <td>5</td> <td>4</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>5- «өте жақсы» 4- «жақсы» 3- «қанағаттанарлық» 2-тапсырма. Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалау: «Өзін-өзі» бағалау, бағалау парағы арқылы.</p> <table border="1" data-bbox="475 1937 1050 2036"> <tr> <td>оқушының аты-жөні</td> <td>5</td> <td>4</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	оқушының аты-жөні	5	4	3					оқушының аты-жөні	5	4	3					оқушының аты-жөні	5	4	3					<p>1.Сабақ барысында Өзін өзі тану тарихы пәнімен пәнаралық байланыс болды. 2.Денсаулық және қауіпсіздік шаралары сақталды. 3. Сабақ барысында интербелсенді тақтаны пайдаландым. 4. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Құрмет сабақтың тәрбиелік мәні ретінде танылды.</p>
оқушының аты-жөні	5	4	3																							
оқушының аты-жөні	5	4	3																							
оқушының аты-жөні	5	4	3																							

2-тапсырма. Жеке жұмыс. Өзіндік жұмыс кесте бойынша берілген үзінділерді әлемдік тақырыптармен үндестіріңіз
Мазмұн бойынша саралау
Пән аралық байланыс – Өзін-өзі тану

5- «өте жақсы»
4- «жақсы»
3- «қанағаттанарлық»
3- «қанағаттанарлық»

Кері байланыс. INSERT (түртіп алу жүйесі)

Білемін V	Мен үшін жаңа +	Білмеймін -	Ізденемін ?
--------------	--------------------	----------------	----------------

Рефлексия
Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалдыма?
Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?
Жоспарланған саралау жақсы іске астыма?
(тапсырмалар сәйкес болдыма?)
Уақытты қалай пайдаландым?
Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?

Сабақ барысында үй тапсырмасы қаралып, жаңа сабақ орындау барысында әдіс- тәсілдер арқылы жүзеге асырылып, қорытынды ой түйді.
Сабақта берілген тапсырмалар оқу мақсаты мен сабақ мақсатына жетуге бағытталған. Сондықтан оқушылар тапсырмаларды орындау барысында оқу мақсаты мен сабақ мақсатының міндеттерін орындай алды.

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)

1:

2:

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

1:

2:



Кабаикова Салтанат Сабырбекқызы

СҚО, Айыртау ауданы, Қарасай батыр ауылы,
«Мәдениет орта мектебі»

«XXI ғасыр және Абайтанушы ұрпақ»

Сыныптан тыс жұмыс

«XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойыны

I кезең «Бәйге»

(Әр жауап 10 ұпай)

1. Абайдың мұражайы қай жерде? (Жидебайда)
2. Абайдың руы. (Тобықты)
3. Абайдың неше күйі бар? Ата. («Май түні», «Торжорға», «Желдірме»)
4. «Медғат – Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазды? (Мағауия)
5. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты? (Петербург 1909)
6. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Қарқаралыда)
7. Абайдың орыс досы. (Михаэлис)
8. Абай ел ісіне неше жастан бастап араласты? (13жасынан)
9. Абайдың жеңгелері қойған аты. (Телғара)
10. Абайдың неше поэмасы бар? Ата. («Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт»)
11. Шәкәрімнің туыстық жақындығы. (Немере інісі)
12. Абайдың әйелдерін ата. (Ділда, Әйгерім, Еркежан)
13. Абайдың өлеңдері алғаш кімнің атынан жарық көреді? (Көкбайдың)
14. Абайдың арғы атасы және өз атасы кімдер? (Ырғызбай, Өскенбай)
15. Абайдың білім алған жерлері
(Ғабдул- Жаппар медресесі, Ахмет- Риза медресесі, Приходская школа)
16. Абайдың жары Ділда кімнің ұрпағы? (Қазбек бидің)
17. «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» Қай өлеңінен үзінді?
(«Әсемпаз болма әрнеге»)
18. Абайдың Крыловтан аударған шығармалары.
(«Піл мен қанден», «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Бақа мен өгіз»)
19. Абайдың Лермонтовтан аударған шығармалары.
(«Теректің сыйы», «Жалғыз жалау», «Жартас» т.б)
20. Абайдың соңғы туындыларына не жатады? (Қарасөздері)

II кезең «Көкпар»

(Ұяшықты таңдауға байланысты ұпай алады)

1. Абайдың өмірі мен шығармашылығынан сұрақтар

1. Абайдың табиғат тақырыбындағы тұңғыш өлеңі. Қай жылы жарық көрді? (1986ж «Жаз»)
2. Абайдың ән құдіретін жырлаған өлеңі. («Құлақтан кіріп бойды алар» 1897ж)
3. Абай өз шығармаларында ел бұзар тентекті қалай атайды?
(«Пысық» «Сабырсыз, арсыз, еріншек»)
4. Қар- аппақ, түлкі- қызыл, бүркіт- қара, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Құбылтудың қай түрі қолданылған? (Шендестіру, Антитеза)

2. Абайдың қарасөздері

5. Абайдың қарасөздері қандай шығарма? (даналық сөз, философиялық шолу)
6. Ар ұят, адамгершілік мәселелері сөз болатын Абайдың қарасөздері. (5,18,11)
7. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады» деп бастап, тән құмары мен жан құмарын көрсететін қарасөзі. (7)
8. Абайдың тек афориздерден тұратын қарасөзі. Мысал келтір. (37)

3. «Абай жолы» романы бойынша

1. «Абай жолы» романы қай жылдары жарық көрді? (1-1942ж, 2-1947ж, 3-1952ж, 4-1956ж)
2. «Абай жолы» романында Абайды әншілік өнеріне тәнті еткен Арқаның саңлақ әншісі. (Біржан) (Құлыншақ, Байдалы, Сүйіндікке)
4. «Абай жолында» Абайға «Бөжекеңді көрген жерде сәлеміңді түзу бер,» - деп айтқан адам кі? (Ұлжан)

4. Сыни пікірлер.

1. «Қазақтың бас ақыны- Абай» мақаласының авторы кім? Қай жылы, қай баспада жарық көрді? (А. Байтұрсынов «Қазақ газеті» 1913 ж.)
2. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе!» Кімнің сөзі? (С. Торайғыров)
3. Абай туралы алғашқы некролог жазған кім? Қай жылы? (Әлихан Бөкейханов 1905 ж.)
4. Абай -ақылдың ақыны болса, Мағжан -ақынның ақыны деген кім? (М.Әуезов)

Сергіту сәті : Әзіл аралас сұрақтар

Мақалбай атайдың төмендегі сұрақтарына мақалмен жауап береміз.

1. Қарғыстың ең жаманы не? (Өзің білме,білгеннің тілін алма.)
2. Жігітті шал деген жөн бе? (Жаман жігіт жасыңда шал.)
3. Қандай бала сүйкімді? (Өнерлі бала сүйкімді.)
4. Тастың жеңілі бола ма? (Керек тастың ауырлығы жоқ.)
5. Әдепті бала арлы бала, ал әдепсіз бала ше? (сорлы бала)
6. Кімнің көзі үлкен? Кімнің сөзі үлкен? (қорқақтың көзі, ақымақтың сөзі)
7. Қайтсең, тегін ішесің? (Ексең егін, ішерсің тегін)
8. Қорыққаннан ғана сыйлайтын кім?(жаман)
9. Тауық түс көре ме екен?(Тауықтың түсіне тары кіреді.)
10. Түкіріктен көл құрала ма? (Көп түкірсе көл)

III кезең «Полиглот»

(Екі тілде айтса - 10 ұпай, бір тілде айтса-5ұпай)

1. Крыловтан:

- «Шегіртке мен құмырсқа» - «Стрекоза и муравей»,
- «Қарға мен түлкі» - «Ворона и лисица»
- «Піл мен қанден» - «Слон и моська»

2. Лермонтов:

- «Қанжар» - «Кинжал»
- «Теректің сыйы» - «Дары Терек»
- «Демон» - «Демон»

3. Пушкин:

«Татьянаның қырдағы әні» - «Евгений Онегин»

IV кезең «Жорға»
(Әр жауапқа-5 ұпай)

1- оқушы

1. Абайдың арманы болған ғашығы кім? (Тоғжан)
2. Абайдың әжесі Зеренің азан шақырып қойған аты кім? (Тоқбала)
3. Абайдың әмеңгерлік жолымен алған әйелінің аты кім? (Еркежан)
4. Абайдың ауылына келіп жырларымен науқасынан айықтырған кімдер? (Барлас пен Байкөкше)
5. Кедейдің аянышты өмірін баяндайтын өлеңі. («Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»)

2 - оқушы

1. Абай жолы романындағы Кәмшат кім? Кімге беріледі? (Айғыздан туған, Бөжейге берілді)
2. Құнанбайдың қартайған шағында үйленген кіші әйелі. (Нұрғаным)
3. Абайдың алғаш рет өз атымен жариялаған өлеңі. («Жаздыгүн шілде болғанда»)
4. Абайдың өлеңге, өнерге талап қойған өлеңдерін ата.
(«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы»)
5. Абайдың « Ескендір» поэмасындағы символдар. (Алтын қақпа. Көз сүйегі)

3 - оқушы

1. Абай Лермонтовтың қанша шығармасын аударды? (27)
2. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? (Алматы, мүсінші Х. Наурызбай)
3. Абай әндерінің саны қанша? (27, 36 нұсқасы нотаға түсірілген)
4. Абайдың ең жақын досы кім? (Ербол)
5. Шәкәрімнің Абайдан үлгі алуға шақыратын өлеңі. (Жастарға)

V кезең «Сөз мәдениетінің шыңы – шешендік»
(Ең жоғары ұпай -10)

1. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан
2. Абай және қазақ елі
3. Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы

Қосымша

«Құнанбай» фильмінен үзінді (Видео) Жауап: Досхан Жолжақсынов





Қабыкешова Шынар Табдығалиевна

*БҚО, Бәйтерек ауданы, Рубежин ауылы,
Рубежин жалпы орта білім беретін «мектеп-балабақша»*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

«Абай» осы бір, төрт-ақ әріптен тұратын ардақты есім, қаншама адамға таңдай қаққызып, қаншама жанның қиялына қанат бітірді десеңізші... Іштей сабырмен сәл кідіріп, есімін атап көрсеңіз, тіпті қазақылық есіп тұрғандай ма, қалай өзі !?.

Абай – әдебиет саласында алдына жан салмаған шебер суретші, сөз зергері. Оның кестесінің түрі мен айшықтарының құдіреттілігі соншалық, басынды көтере алмай, бүкіл ой-санаңды шырмап алардай, ешбір қайталауға, көшірмесін жасауға да келтірместей, өзіндік сиқырлы өрнегі бар екені анық. Кез келген өлеңі мен қарасөзін салмақтасақ, бүгінгінің «ақынмын» деп жүргендердің (бұл жерде жалпы салыстыру мағынасында алынып отыр) бірсыпырасын шаң қаптырып, бір атанға жүк болардай-ақ.

«Абай әлемі» өзіндік назы мен терең иірімі бар, кез келгеннің уысына түсе бермейтін, дегбірсіздің делебесін қашыратын, дарынның шабытын арттыратын өзгеше – тылсым дүние. Таңдамай-ақ, кез келген өлеңін жайып жіберіп, сараласақ, ондағы «сонылық», бар дүниені көз алдына әкеп қоя салатын «нақтылық», ешбір баламасы жоқ жазған дүниесіне дегеніңкәрлік пен шұбыртпалы ұйқастарының өзі сорғалатып әкеп, құйындай дедектетіп жетелеп әкетпей ме?! Әр сөзі, әр тармағы, әр шумағының астары толған жаһұт!

«Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Білмеймін, тоңғаны ма, тойғаны ма... бір мезетте көз ілеспес жылдамдықпен, бірнеше қаз-үйректі топырлатып келіп, асқан шеберлікпен сатырлатып атқан кәнігі аңшыдай, қалай қиюы табыла кеткен, жымдасқан ұйқас. Не деген қанық картина! Көзіңді жұм да, сан мәрте қайталап, тамсана бер!.

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды...

Он жасар кезімізде көзімізді бір нүктеге қадап, алып, мүдірмей жарыса жатқа соғатын керемет шақтар-ай. Сонау шапқылап жүрген бесінші сыныпта сыпылдатып (1985 жылы) жаттап алынған, тасқа қашап жазғандай қылып, санаңда мәңгі қалатындай қылып жазған бабамыздың шеберлігіне тәнттімін. Ол кезде бала боп байыбына бармасақ та, есейе келе санада жаңғырып, ақындығы мен байқағыштығын байыптап,

әдебиет алаңында шарболаттай шыңдалған кемел иесі екенін танып, тамсанамын. «Кәрі құдадай» күркілдеген қыстан қысылмай шыққан пенде, о заман түгілі, бұ заманда да кемде кем шығар (Басын сілкісе, қар жауатыны тіпті, тамаша айтылған). Әдебиетімізде табиғат құбылысын Абайға дейін де, Абайдан кейін де тап осылай адам кейпінде шебер бейнелеген ақынды таппадым.

Дабылы әлемге жеткен, дана Абайымыздың мұрасы біз үшін – от ешбір бағасын безбенмен өлшеуге келмейтіндей, тіпті, шамалап та айтуға сан жетпестей, телегей-теңіз қазына дерсің. Абай әлемінен нәр алмаған, Абай өлеңін жаттамаған қазақ, сірә, жоқ шығар. Асылы, Абай әлеміне қаншалықты бойлай алғанымызда болар-ау, шамасы..

М.Дулатовтың: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі», Мағжанның: «Қазақтың бас ақыны – Абай» осы бір тамаша ұйғарымдарға ұйымаған есті жоқ. Тіпті, «қалай тауып айтқан»- деп, тамсанып, таңдай қаққызғандай...

Міне, 175 жылдық арада уақыт кеңістігі өтсе де, тат баспайтын саф алтындай, ірілене түсуі, асқақтай беруінің сыры да, осында шығар!

Абай адамзат атаулыны ілім үйренуге, қарекет қылуға, адам болуға шақырған, өзіне жетерлік дәулеті бола тұрса да, білуге ынтыққан бірегей тұлға. Бір басына бес адамға татитын (ақындық, жазушылық, ойшылдық, сазгерлік, аудармашылық, шешендік, полиглоттық) қасиет дарыған Абай шығармаларын оқыған сайын, іштей адамшылық, байқампаздық, қамқорлық, барша адамзат атаулыға деген сүйіспеншілік, әріден ойлайтын данагөйлік, тереңнен қозғайтын көрегендік, парасаттылық пен салиқалылық бір адам басына қалай тоғысқан деп, қайран қаласың. Бұл бүгінгі ұрпақтың бойынан да сирек кездесетін құндылықтар.

Артынан пайымдай келе, қаймағы бұзылмаған, кеудесі толған шежіре-жыр «сыр сандық», аузында «кәлимасы» бар, барша әже атаулының жиынтығындай - Зереден тәлім алған, тұл бойында тектілігі бар, сөзге ұста Арғыннан шыққан ақынжанды Ұлжаннан туған ұл болса, «Алып анадан туады» дегендей-ақ, табиғатынан бөлек, заманынан оза туған тектілік Абайда болмай, кімде болсын !.. деп, разы боласың. Осы атамыздай бірегей тұлғаның ұрпағы болғанымызға кеудемізді қуаныш кернейді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов ағаның: «Абай – дария, мен сол дариядан шөмішпен қалқып қана алдым» де,- дегеніндей, «Абай шығармашылығы» қанша кертсе де, мұқалмайтын өзінше қызық, керемет әлем.

Өлеңдерін тыңдағанда өткен ғасырға сып еткізіп, жетіп барғандай күйге бөленесің, жанымыз жай тауып, түтіні будақтай көтерілген қазақы ошақ пен бүлкілдеп еті қайнаған қазан, мыңғырған мал, мамыражай тірлік, кимешек киген аналар мен киіз үстінде дөңгелене отырған ауыл адамдары көлбеңдейді.

Егер біздің заманымызда өмір сүрсе , артынан сан мыңдаған шәкірт өре түрегелетін, әлем ұйып тыңдайтын, қазақтың атын дүйім елдің алдына шығаратын нарқасқа көсбасшы көсем болар ма еді, кім білсін! Жаһандық білім әлемінде білімпаздағымен дес бермейтін, сара жол табар дарабоз болар ма екен, алде?!

Абай ата шығармалары - уақыт өлшеуіне бағынбайтын, ешбір шектеуге көнбейтін, мәңгілік мұра. Ол саналы ұрпақтың жата-жастана оқитын алдаспаны дер едім... Баба туралы сағаттап айтсақ та, түгесе алмаспын. Ол үшін барша қазақ, бұл шығармаларды сүйсініп оқуы керек,өзі айтқандай тұшынып,зерделеп оқысақ, көкірек көзіміз ашылып, оның әлеміне еріксіз бойлай береміз.

Қымбатты, оқырман қауым! Сіз бен біз болып, ұйыса оқысақ, кейінгі

балаларымыздың бойына осы шығармаларды тоғытсақ, ұрпағымыз да сабырлы, байқампаз, жан-жақты болары сөзсіз. Республика болып атқарылып жатқан кемел істерге, үлесімізді қоса отырып, бірге адымдасақ, әрине, алар асуларымыз да, еңселі болары айқын. Абайды сүю арқылы, еліңді сүйесің, еліңді сүю арқылы кемелдене бересің.


Ұлы Абай - сен ерекше данасың ,

Ғасырлардан ғасырларға барасың !

Сенің даңқың, шартарапқа жайылып ,

Жылдан жылға тамсандырған дарасың!.. - деп, рухы алдында басымды иемін.

175 жыл емес, мың жыл өтсе де -аузымыздан дәмі кетпес- баба сөзі – тұнған шәрбат пен уыз дерсің! Талаптан, ізден, қосыл бізге, жас ұрпақ!..





Камалова Маихура Муталибовна

*Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ескі Иқан ауылы,
«Иқан жалпы орта мектебі»*

Абайдың қарасөздері


Абай қарасөздері дегенде кітапты оқымаған адам баласының көз алдына Абайдың 45 қарасөзі бар деген оймен ғана шектелсе керек. Бірақ, шын мәнінде, бұл қарасөзді оқымаған адам, өзін толық Абайды танымын деп айтуға болмайтын шығар. Абай бұл қарасөздерін кімге, не үшін жазды деген сұрақтың туындауы әбден мүмкін. Абай өмірінің соңғы жылдарында өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, қарасөздерін жазуға бел байлады. Әрине бұл оңай болмады. Ол Кайкавустың «Қабуснамасын», Бабурдың «Бабурнамасын» үлгі ретінде алып, ол да халық тәрбиесі туралы қайғырып жазған еңбектерінің нәтижесі. Абай бұл еңбегінде адам бойындағы ең асыл қасиеттерін адам бойына сіңіру туралы ой қозғаған. Сол қарасөз арқылы Абай тек өз ұрпағын ғана емес бүкіл қазақ елін тәрбиелеуге ұмтылған. Қарасөздерінде Абай ең әуелі адам баласы өзін тәрбиелеу керектігі туралы ой қозғаған. Ол қарасөздерінде ең әуелі кішіпейілдік, қанағат, сабыр адам баласын бақытқа жетелейтін ой-пікірлер туралы айтқан.

Абай қарасөздерінде білім-ілім, тәрбие, сабыр–қанағат, ар-намыс, адам бойындағы жағымсыз мінез құлықтардан арылу керектігі туралы өте керемет ой қозғалған. Адам баласы өзіне берілген уақыттың жастық шағын білім алуға, өнер үйренуге жұмсауы керектігі туралы айтса, адам баласының мінез құлықтарының ішіндегі ең жаманы күншілдік, көрсеқызарлық, мақтаншақтық, еріншектік, жалқаулық туралы кеңінен айтып насихаттаған. Осы жаман қасиеттерден арылған адам ғана өзін-өзі ой-санасын тазалай білген, ішкі-жан дүниесін жаман ойлардан тазалау керектігін түсіндірген. Себебі, Елбасымыз «Ой жаңғырмай іс жаңғырмайды» деген сөзін осыған мысал келтіруімізге болады. Абайдың қарасөздері адам жан дүниесін жаман ойлардан тазартатын күшке ие деп айтуымызға да болады, себебі осыншама жаман ой, жаман мінезден арылу үшін адам бойында үлкен күш-жігер болуы керек, ал ол күш жігерді біз осы Абайдың қарасөздерінен алуымызға болады. Кез келген адам бұл қарасөзді оқып қана қоймай, айтылған ойға амал қылу керек адам кез келген жұмысты әуелі өзінен бастауы керектігі туралы айтқан.

Қорыта келе, әр ел өз елінің жастарының тәрбиесіне ешқашан көңлі толмаған, әрқашан сол жастар тәрбиесі үшін жаңалықтар ашып, жастар тәрбиесі туралы

еңбектер жазған. Абай атамның да бұл еңбегі тек жастар тәрбиесі мен ғана шектеліп қалмай, үлкендер арасындағы жақсы қарым – қатынас, мол адамгершілік, сыйластық, адам баласын қадірлеу туралы өз ойларын жазуда ақ қағаз бен қара сияны ермек қылған, ішінен әркім өзіне керектігін алар, керек қылмаса өз сөзім өзімдікі деп, өмірлік тәжірибесін, өзі сусындаған үш бұлақтың нәрін осы қарасөздеріне төккен.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дегендей біз қарасөздерді әр жаста оқығанымызда әр түрлі сезімде боламыз және әр түрлі қабылдаймыз, себебі әр жаста адам жасына сай әр түрлі оймен, әр түрлі көзқараспен өмір сүреді, сондықтан кез келген мұсылман баласы қарасөзді өмір бойы оқып үйренуі және амал қылуы керек.





Каржаулова Дильвара Мырзабековна

*Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ақбастау ауылы,
№14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектебі*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Аңдатпа: Абай Құнанбаевтың шығармашылығы - бұл бүкіл қазақстандықтардың меншігі ғана емес, ол әлемге ерекше! Өз халқына аса құрметпен қараған адам ғана қазақ мәдениетінің маңызды тірегіне айналған керемет шығармашылық нәтиже жасай алады. Абайдың көзқарастары қазақ халқының мүдделерімен, адамгершілік мұраттары мен даналығымен, қазақ зиялыларының шығармашылық жетістіктерімен, дүниежүзілік ойдың жетістіктерімен ұштастырылды.

Аннотация: Творчество Абая Кунанбаева-это не только собственность всех казахстанцев, но и уникальное для мира! Только человек с особым уважением относится к своему народу, может сделать замечательный творческий результат, ставший важнейшим опорой казахской культуры. Взгляды Абая сопряжены с интересами казахского народа, нравственными идеями и мудростью, творческими достижениями казахской интеллигенции, достижениями мировой мысли.

Abstract: Abay Kunanbayev's Creativity is not only the property of all Kazakhstanis, but also unique for the world! Only a person with special respect for his people can make a wonderful creative result, which has become the most important pillar of Kazakh culture. Abay's views are associated with the interests of the Kazakh people, moral ideas and wisdom, creative achievements of the Kazakh intelligentsia, and achievements of world thought.

Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абай мұрасы біз үшін мәңгілік. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлы ақынды ұлықтаған “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты 2020 жылдың 9 қаңтарында жарық көрген мақаласын Қазақстан халқы ыстық ықыласпен қабыл алды. Президентіміз бұл шараға үлкен назар аударып, мұның бәрі тек той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани дамуымыз үшін өткізуіміз керек дейді. Биыл ұлы, ойшыл ақынымыз Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл.

Абай барлық зұлымдық пен надандықты жоққа шығарып, саналы түрде өз халқының адамгершілік мәдениетінің негізін қалады, ол түркі мәдениетіне де таралды. Бұл табиғи! Өйткені, мораль болмаған жерде мәдениет болмайды! Абайдың нақышына

келтіретін, жұмсақ, патриоттық, бірақ көзге көрінбейтін, бейнелі, бірақ егжей-тегжейлі қайталанбас өлеңұйқастары қазақ халқының өмірінің бүкіл ерекшелігін көруге мүмкіндік береді. Абай шығармашылығы - ағартушылықта, трансформациялық жұмыста, адамның рухани дамуында көрген жаңа өмірдің нышаны. Абай шығармашылығы казіргі таңда баға жетпес асыл қазынамызға айналды. Ол өз өмірін поэзияға арнады, халқының ауыз әдебиетін терең зерттеді. Қазақ халқының керемет ұлы Абай Құнанбаевтың бейнесі әлі күнге дейін әлем елдеріндегі көптеген көрнекті жазушылардың, суретшілер мен ақындардың назарын аударуда.

Қазақ әдебиетінің дамуының жарты ғасырға жуық кезеңі оның есімімен байланысты, оның еңбегінде 19 ғасырдың екінші жартысындағы ұлы революциялық оқиғалар қарсаңындағы идеялар мен ойлар жинақталған.

Абайдың қазақ халқының тарихындағы алатын орны өте зор. Абай - қазақ әдебиетінің классигі, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы. Ол қазақ әдебиетін орыс классиктерінің тамаша аудармаларымен байытып, қазақ халқының рухани мәдениетінің өсуіне өз үлесін қосты. Абай Құнанбаев әдеби шығармаларымен ғана емес, азаматтық позициясымен де танымал болды. Ол талант пен композитор иесі. Бірнеше қазақ халық өлеңдерінің авторы. Қазақ әдебиеті үшін Абай ұлы дара талант иесі.

Абай өзінің көзі тірісінде күллі қазаққа мәшһүр болған Жан. Оның ұлылығы құдірет оның ақындығында. Сол ақындық қуатын талабы барлардың бойына сіңіруі Абай ұлылығын асқақтата түскені баршаға аян. Қазақтың өлең сүйер жастары үшін Абай - ұстаз, ақындық мектеп қалыптастырған ұстаз. Жалпы әлем әдебиетінде ежелгі дәстүрді білетін ақындар дәстүрді бір қалыпқа салу мақсатында ақындық мектеп ұйымдастырған. Ал Абайдың ақындық мектебіне келер болсақ, негізінен мұндай құбылыс қазақ әдебиеті тарихында Абайға дейін де, Абайдан кейін де болып көрген емес. Әлбетте, бірі – үйретуші, енді бірі үйренуші болған ақындардың мектебі жайы бір басқа. Негізінен өз жанынан өлең шығарған өнерлі жас інілерін ортаға алып, оларға тақырып беріп, өзара сыннан өткізіп, толық мағынасында ақындық мектеп қалыптастыру – Абай тұлғасын тек қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиеті тарихында ерекше даралай алатын құбылыс болды. Абайдың ақындық құдіреті өз айналасына орасан зор әсерін тигізді. Абай шығармашылығында адам мәселесі басты орын алады. Бұл мәселені зерттеуде екі сәтке назар аудару керек. Ең алдымен, Абай шығыс философиясының дәстүрлерін дамытуды алға тартты. Батыс философиясынан айырмашылығы, ол философиялық жүйені құруға, әлем, әлемдік ғарыш туралы ілімді құруға көп көңіл бөлді, бастау, логика, гносеология мәселесін зерттеді, қоғам, мемлекет, этика, т.б. туралы ілім құрды, Шығыс философиясы ең алдымен адамның, адамның жан-дүниесін, жүрегін, психологиясын зерттеді. Егер Батыс философиясы рационалистік негізде болса, онда шығыс ойшылдары мәселенің психологиялық, эмоциялық, сезімтал жағына көбірек көңіл бөлді. Осы мағынада Абай шығыс философиясының дәстүрін жалғастырды. Ол философиялық жүйені құрмаған, адамды зерттеуге өз назарын аударды, адам өмірінің мәні туралы ойлады, жақсылық, жақсылық пен жамандық, әдемі және т.б. туралы түсінді. Абай қазіргі адамдары сынап отырып, Абай Құнанбаевтың асыл мұралары бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие құралы іспеттес. Абайдың ұлағатты сөздерінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан жастарымыз қандай тағылым алуы тиіс екендігі жөнінде ой бөліскім келеді.

Абай қазақ халқын Батыс мәдениетінің жетістіктерімен таныстыру үшін өз таңдауын тапты. Ол батыс әдебиетінің аудармашысы және көпшілікке таратушысы

ретінде танылды. Оның аудармалары: Лермонтовтың өлеңдері, Крыловтың әңгімелері, Пушкиннің "Евгений Онегин" поэмасы, Гете мен Байронның өлеңдері. Қазіргі таңда Абайдың бұл еңбектері заманауи талапта жарық көріп, бірнеше тілдерде әлем кітапханаларының төрінен табылады.

Абай поэзиясында қазақ халқының өмірінің әртүрлі белестер көрініс тапты: жеріміздің шексіз кеңдігі, қазақ ауылының өмірі мен тұрмысы, жазғы көшпенділер, қысқа дайындық, қансонарда аң аулау, салт-дәстүріміз, ана тәрбиесі, әкенің қаталдығы, адамдардың түрлі мінез-құлықтары. Абай өзінің халқын өмірінен көрі қымбат бағалаған.

Абай Құнанбаевтың қара сөздері бүгінгі жас ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет деп ойлаймын. Абай өзінің қара сөздері арқылы қазақтың әрбір баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге, адами мінез-құлықтарды дұрыс қалыптастыруға шақырды. Оның қазынасы – парасатты патриотизмнің мектебі, халқын, ұлтын, дінің, тілін қадірлеудің негізі. Абайдың қара сөздері ұлы ақынның терең мағыналы философиялық ойлары - даналық дүниені тарататын асыл қазынамыз іспеттес. Қазіргі таңда жастарға ар-ұят мәселесін жоғары қоюға, адамгершілікті насихаттауда осы қара сөздердің тигізетін ықпалы өте көп. Абайды оқыту балабақшадан басталып, мектептегі үйірме сағаттар саны көбейтіліп, жоғары оқу орындарында Абайтану пәні жалғасын тапса екен деймін. Абайды білген жас өркен, өмірде кетігін тауып, бір кірпіш болып қаланатынына сенім білдіремін.

Жастарымыздың көзі ашық болсын десек, ұлы Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан ешқашан жалықпауымыз керек. Қазіргі таңда Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының, болашақ егеменді еліміздің жастарының білімі мен парасаттылығын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы әрбір ой-тұжырым әр жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан Абай Құнанбаев еңбектерінің нәрін жас ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі деп білемін!

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Абай өз заманын, қазақ қоғамын, мәдениетін, экономикалық жағдайын тарихшы немесе өнертанушы болып айтпаған, ақын болып сөзден сурет салып, сөз кестесін, өлең өрнегін құрастырады. Осылардың бірі - өз халқының рухани мәдениетіне қатысты.

Қазақстанда, әлемнің жаһандану контекстінде Ұлы Абайдың өзінің жеке тұлғасын, ұлттық және адамдық қадір-қасиетін сақтай отырып, бүкіл әлеммен достықты нығайтуда, барлық халықтардың Абайды оқуға деген қызығушылығы артып жатыр. Абай адамды жан мен ақылаға бөлінген біртұтас тұлға ретінде түсінді. Абай үшін адам-әлем орталығы. Руханилық-кітап пен халық даналығы, өнер мен рухани тәжірибе арқылы сіңірілетін адамның басты бастауы деген.

Абайдың еңбегі әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, оның ішінде орыс, қытай, француз және т.б. Абайға естелік ретінде Қазақстанның әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлығы тағайындалған. Абайдың құрметіне еліміздің барлық өңірлерінде қала, әкімшілік орталықтар, көшелер, театрлар, кітапханалар және басқа да объектілер аталды.


Қортындылай келе Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүние жүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы

саналады.

Біздер, оқытушылар, осы ұлы Абайдың мұрасын үнемі есімізде сақтап, жас ұрпақты тәрбиелеудеміз. Абайдың мұрасы мәңгілік!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абайдың өлеңдер жинағы 1998 жыл Алматы баспасы
2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналы
3. М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Мұқаметханов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, т.б. ғалымдар еңбектерінің абайтану ілімін дамытудағы қызметі туралы еңбектері.
4. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961 ж., 267 б.
5. А.Абрахманова. «Абай – дана ақын». Алматы. // Ұлағат, № 6, 2007 ж., 123
6. Р. Сыздық. «Абайдың сөз өрнегі». Алматы, «Санат», 1995 ж.
7. Е.Ахмерова. «Абай және бизнес». Алматы. // Ұлағат, № 3, 2008 ж. 98 б.
8. Д.Омаров. Абайтану «Білім алу». Алматы., 2002 ж., 155 б
9. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1967ж. – 305 б.
10. А.Нұрқатов Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 1966.-337 б.
11. Ахметов З. Дәстүр // Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы: Атамұра, 1995. – 720 б.
12. Шаңбай Т. Жанр// «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2001. -720 б.
13. Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім //Кітапта: Жанр сипаты. – Алматы, 1971. – 270 б.
- 14.Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384б.
15. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
16. Атымов М. Жанр және композиция //Кітапта: Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1968. – 348 б.





Қырғалиева Гала Қалниязовна

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы,
№5 жалпы білім беретін орта мектебі*

Абай Құнанбайұлының қарасөздері

Әлем бір күнде пайда болған жоқ, сол секілді адамның дамуы, ой-өрісінің өзгеруі тарихтың баспалдағымен жай көтерілген дүние. XIX ғасырда Еуропа халқы білімнің біраз бетін ашып тастаған уақытта қазақ халқы Ресеймен бір болудың қамымен жүргенді. Көргені, жегені, мінгені тек мал болған заманда Абайдың білімге деген құштарлығы ел үшін таңсық дүние еді. Дүниетанымы өзгелерден өзгеше болған Абай сол шет елдің әдебиетін оқып, сусындап, өзінің ұғып-түйгенін ақ парақ бетіне қалдыра беруді жөн санаған. Осылайша өзінің ұлғайған шағында оның қаламынан дүниеге «Қара сөздері» келді.

Абайдың қара сөздерінің барлығын дерлік талдап, саралау үлкен жауапкершілікті қажет ететіні сөзсіз. Соның ішінде көңіліме қонып, терең ой салған сөздеріне үңілсем?!

Оныншы сөзді зерделей оқып, мағынасына үңіле қарайтын болсақ, мұнда бала тәрбиесі менен адамның ой-өрісі туралы кеңінен қозғайды. «Құдайдан жалынып сұраған бала мен малдың себебі неде, осы сұраққа жауап бер», - дейді сұңғыла ақын. Баланы сұрағандағы мақсат өлгенде орнымды бассын, артымнан құран оқысын, қартайғанда асырасын дегенде жатқан болуы керек. Абайдың айтуы бойынша бұның бәрі құр бекершілік. Өмірінде адал болып, білімді танып, тапқан малыңды білімге арнап өтсең, осыны өз балаңа ұғындыра білсең, бұдан артқан ғибрат жоқ.

Абай: «Баламды арзан молдаға беріп, хат таныса болды», - деп, санасы «кедей» адамдардың барын сөзге тиек етеді. Бұрыннан келе жатқан ұғым болса керек, балаға өзің көрген тәрбиені беру – тәрбиенің самғау шегі деген. Бұл өте қате түсінік. Адамның ойы «мен көрген қиыншылықты ұрпағым көрмесін» дегенге жетуі арман секілді. Мұны Абайдың өзінің де «дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма» деп күйінген сөзінен аңғаруға болады. Саналы адамға бұл үлкен ой саларлық дүние.


Өмірді сүре білу де – өнер. Сол кездегі Абай сипаттап, сынаған бай мен бағланның күйі бүгінде өзгерген жоқ. Он бірінші сөзі соның дәлелі. Бұрын ұрлықшы дегенде ойға жарлының өз жанын жалынға тігіп, байдан «рұқсатсыз» алған малын азық қылып, өлместің күйін кешкен адам еске түсуші еді. Орыс патшалығы билікке араласып, байдың санасы уланғалы бері бұл сөз басқа мәнге ие бола бастады. Абайдың

өзі айтпақшы: «Олар нені болсын малмен сатып алам», - дейді де, елдің қадірін кетіріп, өз жиған-терген дәулетін талан-таражға салып, басы дауға қалып, далбаса тіршілікпен күй кешуде. Өзінде барын бақпай, көзі көрген нәрсеге қызығып, алтынға жетем деп жүргенде, астындағы арбасынан айырылып қалып жүргендер де жоқ емес. Абай он бірінші сөзі арқылы адамның ала жібін аттамай, бейбітшілікте өмір сүруге шақырады.

Адам санасының дамуы бір орында тұрмай, үнемі жылжу үстінде. Содан болар, әлеуметтік желі деген жаңа ұғым пайда болды. Қай – қайсысын ашып қарасаң да бітпей жатқан жарысу, санасу. Екі таныс кездесе болды, әңгімесі бары мен жоғын айтып мақтану. Абайдың он сегізінші сөзінде кербезденудің ақымақтық екенін түсіндіргісі келеді. Киген киіміңмен немесе мінген көлігіңмен жарысу шектен шыққан сананың бір көрінісі іспетті. Қазіргі қоғамның айналысарға ісі жоқ, сондықтан білгені керім киіну, әр мүлігін кезек-кезек ел алдында көрсету. Абай: «Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс», - деп түйіндейді. Сонымен бірге, «Өзгеден ақыл, ғылым, ар деген нәрселермен озбасаң, қалған істің бәрі ақымақтық», – дейді ұлы ғұлама.

Адам өмірге келгенде ел-жұрттың қуанары анық. Есейе келе ер жеткенде айналасына қарап, өзгелердің не нәрсеге қуанып, не нәрсеге ұялатынын көріп, соны өзі де жасайтын болады. Абайдың жиырма алтыншы сөзі мен отыз алтыншы сөзінде адамның осы күйі сипатталып жазылған. Нақтырақ айтсақ, осы әдеттердің қисынсыз қолданылуынан арылу мүмкіндігі туралы қарастырылған. Жиырма алтыншы қара сөзде қуанбайтын нәрсеге қуанып, ақымақтың өмірінен құтыла алмайтын қазақтар туралы былай дейді: «Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды». Мұнда ақын адам бойындағы барлық кері тартпа әдеттерін қамтып отырғаны сөзсіз.

Абай – өткен тарихтың өшпес мұрасы. Абай – келешектің қайыспайтын тірегі. Абай – өткенді бүгінмен ұштастыра білген және болашақты болжай білген тұлға. Қара сөздерінің әрбірі үлкен тағылымға толы, санаға ерекше ой салатын әңгіме. Абайды оқып, тану бүгінгі ұрпақтың басты міндеттерінің бірі, өйткені Абайды оқу – өзіңді танумен тең! От жануы үшін ауа қалай қажет болса, қазақ болашағы үшін Абайдың қалдырған еңбектері дәл солай керек. Абайдың қара сөздерін басынан аяқ оқу арқылы адам тұла бойындағы керексіз әдеттерден арылуына талпыныс жасайтыны анық.





Келіс Б. Д.



Ботаханова Ж. А.

Шығыс Қазақстан Облысы, Аягөз қаласы,
К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні

«... Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!...»

Абай бар ғұмырын осы шумақтар арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырықтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті...

Абай ұлы ғұлама ақын, ойшыл, қазақ халқының ортасынан шыққан біртуар тұлға. Абай шығармаларын оқыған сайын «көкірек көзің ашылады», азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласыз.

Абай өлеңдерінің негізгі идеясы - адам тәрбиесі. Осы ретте Абай өлеңдерінің тәрбиелік арналарына тоқталайық.

Абайдың тәлім- тәрбиеге қатысты ойларының бір арнасы – «толық адам» болу философиясы. Ол өзінің ұрпағына өсиет ретінде жазылған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ,
Бес дұшпанын білсеңіз,
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз»- деп адамның адамгершілікке жатпайтын жат қылықтардан бойын аулақ ұстап, адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтады.

«Адамның білімі, өнері – адамшы-лықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», — деген тұжырым ұсынады.

Сол секілді, «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» -деп нағыз азамат болудың «формуласын» айқындап береді. Бұл айтылған дүниелер-адамның адамгершілігін танытатын қасиеттер. Ақылы толықсыған, мейірімділік пен қарапайымдылықты ту еткен, қажыр-қайраты мықты кез келген адам - қай заманының болмасын басты «қаһарманы» болмақ.

Абай өлеңдерінің тәрбиелік бағытының бірі, әрі бірегейі–өзіңді-өзің тәрбиелеу, яғни «әрбір жан өзіне үңілсін, өзін дамытсын!» деген ұран тастайды. «Ойға түстім толғандым» өлеңінде:

«Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес,
Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес»- деген жолдарында өзінің мінсіз еместігін, өзіне көңілі толмайтындығыны жеткізе отырып оқырманға «Кеудемсоқ болма, өзіңді бақыла!» деген нұсқама беріп тұр. Абайдың өзіңді-өзің тәрбиелеуге үндей отырып жазған «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде:

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - дей отырып бос мақтансүйгіштікке бой алдырмай, өзіңнің бойыңдағы еңбек пен ақылды дамытып соған сүйену керектігін дәріптейді. Яғни, бойдағы жаман әдетіңнен жерініп, жақсы қасиеттерге ұмтылуға үндейді.

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуатта-рының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесәпаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат пен бек көп нәрсе... бұл қуаттың ішінде артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты». Ақын: «... ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» — деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады.

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың,

Не түсер қу түлкіден жыртың-жыртың...», — деп тиянақтылық пен ұстам-дылықты адам мінезінің жақсы қасиет-теріне жатқызады.

Адамгершіліктің мәні жөнінде терең толғаған ақын өз ойын әлем кеңістігіне жүгіртіп, Ар, Ұят, Намыс деген ұғымдар адам өзінің ары алдында жүгінген кезде түйсігімен түсінетін киелі ұғымдар екенін, әр адам өзіне-өзі жауапты екенін аңғарта айқындай түсіндіре келіп: «Осы да есеп бола ма, Ар, абұйыр тапқанға? Миың болса жолама Бос желігіп шапқанға...», «Абиыр қайда, ар қайда? Өз басыңа не пайда?...», «Достық, қастық, бар қызық жүрек ісі, Ар ұяттың бір ақыл-күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса өзге қылық, Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі», — дейді. Адамды адам етіп тұрған Ар екендігін, тіпті өлім төніп тұрса да Ар сатуға болмайтындығын, халық санасында «өлімнен ұят күштіні» терең түсінген Абай – қазақтың тарихына ой жүгірте отырып: «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен...», «өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады», — деп түйеді.

Адам болудың бір шарты – Ұят деген ұғымды бойға сіңдіру. Ұят дегеніміз – адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзіңді-өзің сөгуге,

өзіңе-өзің ұрсу, өзіңді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу. Абай ұяттыларға мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкін, Қайраттан беркін!» деп насихат бергенде; «Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан» деп, ұятсыздарды сөгіп, «осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, ол істен, мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» — дейді.

Ақын білімді деген ұғымға өзінше ерекше мән береді. Абайдың түсінігіндегі білімді адам – адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды (әкелі-балалы, алыс-жақын, туыс-тума, үлкен-кіші, ерлі-байлы, жолдастық, достық) дұрыс түсіне білетін адам. Мектептен алған білімін адамгер-шілікпен ұштастыра білмейтіндерді Абай адамсымақтардың ең үлкен наданы, арам екенін айта келіп:

«Осы жасқа келгенше
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
Біздің сөзге ергенді,
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық міне белге енді...» —

деп тоғыршылықтан адамдыққа, білімсіздіктен білімділікке қарай күрес жолында өткен өмірін баяндайды. Абайдың бұл ойлары «жақсылық ақиқатпен бірге болады, жамандық білімсіздіктің салдары», сондықтан да «өзіңді-өзің таны, өзіңді-өзің біл» деген этикалық принциптермен ұштасып жатыр.

Абайдың биік таныммен көмкерілген ой-өрнектері, терең гуманистік идеяға, жоғары эстетикалық философияға құрылған әдеби мұрасы қазақ халқының ғана емес, түркі әлемінің, одан әрі адамзаттың асыл қазынасы десек те болады. Оның даналығы – үлкен ірі философиялық мәселелерді шешуде, жаны таза, эстетикалық талғамы жоғары образды сомдауда, соның алғышарттарын көрсетуде алдына жан салмас шеберлікке қол жеткізуі.

Абай – құбылыс, ғасырларда біртуар ғұлама. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Құдай берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ.

Абай шығармасымен өсу, одан тәрбие алу, жастарды баулу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының, біздің алдағы тұрған міндеттеріміздің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Атамұра», 1995.
2. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1984.
4. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқа-растары. — Алматы, 1957.



Кожабекова Жұлдыз Казихановна

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Абай рухына мінәжат

Уа, Абайым!
Уа, абызым, еңселім,
Қадіріңді біле ме осы ел сенің?
Таразымен тартылмайды тағдырың,
Өлеңменен өлшенбейді өлшемің.

Адамзаттың ардақтысы- Абайым,
Ақындардың әруақтысы -Абайым,
Жеті қиян жер түбінен қазаққа
Жетіп жатыр сәулеленген арайың!

Данышпаным, дана, дара, зиялым,
Қия шыңды кезіп жүр ме қиялың.
Бар қазақтың, зарлы азаптың қайғысын,
Сауытына сыйдырыпсың сияның.

Айбарымсыз, айбындымсыз ай төбел
Тайбурылдың ізін басып тай келер.
Қадіріңнен бұрын жеткен қабірге,
Нар Абайсыз, қарағайсыз қайтеді ел?

Дауылпаз жыр шуға бөлеп даланы,
Қайғырып тұр сізді Алтай тауы әні.
Қайран бабам қазақ үшін қам жеген
Аңызға жел аңыз қылып барады...

Жырыңыздан мәңгі алатын ас таптық,
Бара жатсыз ғасыр көшін бастап тік.
Қара жерге қалай сыйып жатады,

Өр Алтайдың шыңындағы асқақтық.


Баба сізден қалған мұра, ән күйді,
Тыңдап тұрып қайран дала қалғиды.
Мінәжат қып жырдан дұға оқимын,
Бағыт қылып сіз жай тапқан мәңгі үйді.

Шығып кеткен талай заман алға ызғып,
Жырларыңа ететіндей тау да аздық
Құрсағы мен құндағынан дарыған,
Шыңғыстаудың шыңындағы маңғаздық!

Қалың елдің қайғысы бар жырларда,
Кербез Семей!
Қасиет бар бұл маңда.
Баба сіздің рухыңыз өлмейді,
Іздейтұғын ұрпағыңыз тұрғанда.

Бұлдыр күнмен кетсін елден бұл азап,
Жазғанынан жаңыла ма сірә жақ?
Дүр сілкінткен жырыменен дүйімді
Дүр бабама еттім бүгін мінәжат.

Адамзаттың ардақтысы -Абайым,
Ақындардың әруақтысы-Абайым,
Екі ғасыр жуықтасын бәрібір
Жетіп жатыр бізге нұрлы арайың,
Дара, дана, данышпаным Абайым!



Тогжан әні

Абайым, нар Абайым,
Қара өлеңде қайыспас қарағайым.
Қоштастырды біздерді ескі дәстүр,
Қайғы мұңның төндіріп Толағайын.

Абайым, елі ұнатқан,
Өзіңді етемін тегі мақтан.
Қайғы жұтқан қалың ел Қазағыңның
Ақталады Сіз барда сенімі артқан.

Абайым, биік ерім!
Сіздің ұлылығыңызға сүйінемін.
Көңілімнің кілтін тапқан жырларыңыз,
Жанымның жазушы еді күйік емін.

Абайым, ұлы Абайым!
Артыңызда қалың ел тұр ағайын.
Үмітіңіз болайын сөнбес жұлдыз,
Жетелейін ертеңге жүр, Абайым...

Абайым – данышпаным!
Ақиқат деп алысқан арыстаным.
Айнымаңыз ақ жолдан Алла деген,
Бойыңызда тулатып намыс қанын.

Абайым, бақ та Абайым,
Ата дәстүр салтымнан аттамайын.
Еңсеңізді еліңіз биік етсін.
Елес боп көңіліңізде сақталайын.

Абайым, қош Абайым,
Сәлемімді жеткізер дос ағайын.
Сізді ғашық еткізген сабырлығым,
Бойда барда ешқашан босамайын.
Абайым, қош Абайым!



Кожаяева Салиха Жасанханқызы

*Атырау облысы, Атырау қаласы,
Мақаш Бекмұхамбетов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі*

Абай және табиғат

Қазақтың ұлы Абайы поэзияда табиғат лирикасын қалыптастырған ақын. Ақын өз өлеңдерінде табиғатты көркем суреттей отырып, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қоса жырлады. Табиғаттың алуан түрлі көріністері адамның мінезінде, қасиетінде көрсетілді: Олар күле алады, сөйлей алады, қозғала алады, ашулана алады және сүйе де біледі. Абай өлеңдерін оқи отырып, көз алдымызға жадыраған жазды, қабағы түюлі сұрланған күзді, қаһарын төккен ақ қыраулы қысты елестетеміз. Табиғаттың әрбір мезгілі өз ерекшеліктерімен, шынайы, көркем жырланады.

Ақынның табиғат лирикасын оқыту кезінде пән мұғалімі осы ерекшеліктерге арнайы тоқталып, білім алушылар назарын өлеңнің өзіндік қасиеттеріне аудартуы тиіс. Осындай тәсіл арқылы ақын жырларындағы табиғат көріністерінен эстетикалық әсер ала алады. Ақын өлеңдерін оқытқанда өлеңдерін жаттаумен немесе мазмұнын оқумен шектелмей, өлеңдегі әсем көрініс тудырып, қиыннан қиыстырылған образды сөздерді жан-жақты игерту, білім алушыларға ерекше әсер береді. Бұл шығармадағы көркемдік қасиеттерді терең ұғынуға, сонымен қатар, ақын идеясы, оның ұнамды типтерінің сипаты айқындала түсуге әсері күшейеді.

Ұлы ақын поэзияға бейнелі ой, көркем образдар әкелді. Кемеңгер ақынның қайталанбас көркем сөз өрнектері қаншама! «Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су» осы өлең жолдарынан білім алушының көз алдына жансыз табиғат емес, тіршілік, өмір қозғалысы, өзара байланыс келеді. Бұл жерде гүл мен ағаштың ерекше сезіммен «майысып» қарауына, ағып жатқан су да осы нәзіктік пен назға лайық «сыбдыр қағып, бұраңдап ағады». Сөз төркініне еніп, сезіне түскен оқушы бәрін көзбен көргендей, көңілімен сезінеді.

Ақынның «Жаз» өлеңін оқығанда білім алушының көз алдына жайлау өмірі туралы естігендері, оқығандары, көргендері елестей кетеді. Бұл жерде ақынның суреттеу ерекшелігі, шеберлігі көрінеді. Өлеңнің басында нақты жылдың жаз мезгілі көрініс береді.

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай, шалғын, бәйшешек.

Ұзарып өсіп толғанда.

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда, - деп, табиғаттың әсем көрінісі жайлауға көшкен елдің салт-дәстүрі, үй тігу салтанаты суреттеледі.

Қыз-келіншек үй тігер,

Бұрала басып, былқылдап.

Ақ білегін сыбанып,

Әзілдесіп, сылақылдап, - деп, өз көркімен кемеліне келіп, жадырап тұрған жаздың сұлулығын адамдардың қимылымен, көңіл-күйімен байланыстыра отырып, балаларды жаңа сезімге бөлейді.

Малын түгендеп, аралап-қарап оның қоңдылығына сүйсінген байдың ендігі ермегі үйдің көлеңкесіне төселген киіздің үстіне жантайып жатып, қымыз ішіп, әңгіме-дүкен құрып, жайлаудың қызығына тамсануы, байға жағынышты болған ақ таяқты шалдың бейнесі, шапандарын белсенген, асау мініп теңселген жылқышылар – бәрі ақын өлеңінде жайлаудың шынайы суреттерін береді.

«Жазғытұрым» өлеңінде қаһарлы қыстың қыспағынан құтылып, шуақты көктемге жеткен көшпелі елге жылдың бұл мезгілінің әсемдігі мен маңызы тұтастай суреттеледі.

Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,

Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның пейілі енер – дейді.

«Күз» өлеңінде ақын жаз бен күзді қарама-қарсы қояды.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айырылған ағаш, қурай, - дейді. Бұл – күзгі табиғат бейнесі. Табиғаттың бұл мезгіліндегі тұрмыс-тіршілік те жадау.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,

Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.

Абай осы өлең арқылы сол уақыттағы өмірдің жүдеу тұрмысын әлеуметтік жағдайға байланысты образбен, поэтикалық көркемдікпен жеткізген. Бұл өлеңнің идеясын ашу үшін қазіргі ақындардың осы жыл мезгіліне арнаған өлеңдерімен салыстырған жөн.

Абайдың әлеуметтік көзқарасы басым көрінетін өлеңдері – «Күз» бен «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай». Бұл өлеңдері арқылы табиғаттың көркемдігі мен әсемдігін және сол табиғат құшағындағы әлеуметтік теңсіздікті тереңнен толғайды. Ауыл өміріндегі қарама-қарсы таптық жік, бай мен бейбішенің дүниеқорлық, сараңдық сияқты мінездері өлеңде көркемдікпен ашып көрсетіледі. Оқушы бұдан жирене түссе, кедейдің үйін еңбек үстінде көрсетуі адам бойында жанашырлық сезімін туғызады.

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып.

Тоңған иін жылытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны, бүрсең қағып.

Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,


Бір жағынан қысқанда жел де азынап – деп, кедей күйзелісі мен ауыр тұрмысын суреттейді.

Ақынның табиғат лирикасына арнаған өлеңдерінің бояуын, сырлы сөз нақышын, оның көркемдік ерекшелігін нақты жеткізу үшін мәнерлеп оқу техникасын сақтап, логикалық екпін, интонация, дауыс ырғағын сақтап оқылу керек. Себебі Абайдың өлеңдерін оқу үлкен шеберлікті қажет етеді. Өлең оқығанда дауыс бірде налу, бірде үміттену, бірде қынжылу, ызалану сияқты түрленіп отырса, сонда оқушы ақынның шебер туындысынан көркем образды, идеяны, ақындық шеберлікті жете тани алады.

Осы жағдайларды ескере отырып, Абайдың табиғат пен жыл мезгілдерін суреттеу ерекшеліктерін, көркемдігін білім алушылардың өз белсенділіктерімен жете танытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абайды оқы таңырқа... М.Мырзахметов Алматы «Ана тілі» баспасы.
2. Абай Құнанбаев Шығармалар жинағы Алматы
3. Абайтану кітабы 2 том М.Мырзахметов





Койшубекова Эльмира Лйткуловна

*Түркістан облысы, Арыс қаласы,
Т. Тәжібаев атындағы отбасы үлгісіндегі балалар ауылы*

Абайдың қара сөздерінің қазіргі қоғамда көрініс табуы

Бүгінгі күні Абай шығармашылығы несімен өзекті, өміршең, қажетті деген сұрақтар барша қауымды толғандыратыны анық. Дана Абай туылғанына 175 жыл толғалы отырған тұсында да, қанша уақыт өтіп, адамзат баласы жаңа формацияға, жаңа даму сатысына көтерілсе де, тұтас бір халықтың адастырмас темірқазығы, рухани суаты, сарқылмас қазынасы болып отыр. Шындығында, ұлылардың мұрасы заман мен уақыт төрелігіне бағынбайды. Өз шығармашылығын адамзат болмысына қатысты мәңгілік тақырыптарға арқау ете білген ғұламалар уақыт өткен сайын түрленіп, толығып, құндылығы арта түсетіні тағы бар.

Қазақ мәдениеті мен ақыл-ойының заңғар биігі Абай Құнанбайұлынан кейін де талай дүлділ жарап шығып, өздерінің өлмес туындыларын тарту етсе де, хакім Абайдың жұлдызы биік тұратындығы неліктен? Ол ең алдымен Абай шығармашылығының әмбебаптылығы, энциклопедиялығымен түсіндірілсе керек. Лирика, поэзия, сатира, поэма, аударма жанрларының негізін салып қана қоймай, осы жанрларды әлемдік биікке шығара білуі, музыкалық мұрасы, әлеуметтік-публицистикалық, философиялық, діни, ғылыми, тарихи еңбектерінің мазмұн тереңдігі, ағартушылық, педагогикалық ойлары оның ұлт ұстазы, тіпті адамзат ғұламасы атануына арқау болды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай ағамыз өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар публицистикалық шығармаларын, яғни «қара сөздерін» жазып қалдырғаны белгілі. Ал енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және біз нендей нәрсені түйгенімізді жазайық!

«Абайдың қара сөздері» – қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірінің соңғы жылдары жазылған пәлсапалық шығармасы. Барлығы 45 сөзден (тараудан) тұрады. Бұған «Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласы да қосылады. «Абайдың қара сөздерінің» соңғы нұсқасы Абай шығармаларын жинақтаушы, көшіріп, насихаттаушы Мүрсейіт Бікеұлының 1905, 1907 және 1910 жылдардағы колжазбалары бойынша жарияланып келеді. Қара сөздердің бірнешеуі алғаш 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен «Абайдың қара сөздері» орыс, қытай, француз, т.б. көптеген шетел тілдеріне аударылды.

Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылығысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, кереті жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын түйіндейді.

«Қара сөздер» атауының мағынасы өлең сөз дегенді білдірмейді. Өлеңді қазақ қара сөз дегенен. Қара сөз проза ұғымында айтылған. Қара сөзді еркін ой білдірудің түрі деп түсінуімізге болады.

Ақын өлеңдерінің кейбір күрделі тұстары қара сөзінде түсіндірілген. Бұл Абайдың бірсыпыра өлеңдерін, алдымен, қара сөздеріндегі кейбір ойларды ұғынып барып қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінің мағынасына жету үшін алдымен отыз сегізінші сөзді оқыған жөн. Екеуінің де айтар ойлары бір. Тек бірінде ой поэзия тілімен жеткізілсе, бірінде проза тілінде айтылған.

Абайдың қара сөздерін сыншылдық, ойшылдық, көбіне адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет, толғау деуге болады.

«Қара сөздердің» тақырыбы біреу-ақ, ол – адам болмысы. «Қара сөздердегі» әрбір сөз осы тақырыпты кеңірек ашуға мол мүмкіндік береді.

Шығарма тек бір халықтың не ұлттың еншісіне қатысты мәселелерді айтумен ғана шектелмеген. Онда ғұламаларды жылдар бойы толғандырып келген мәселелерге талдау жасалған. Сондықтан да Абайдың қара сөздері – әлемдік өркениетте өзіндік орны бар қайталанбас мәдени мұралардың бірі.

Абайдың қара сөздері – оның өнертанымның өзегін құрайтын өзгеше өнер түрі. Олардың ішкі мазмұны бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі ашып, бірте-бірте ауқымы кеңейе түсетін, күннің нұрындай жарыса тарап жатқан ой сәулелері секілді. Адамның дүние есігін ашқанынан бастап, ақыретке кеткенге дейінгі аралықтағы өмір сырын жік-жікке бөліп, жүйелеп түсіндіреді. Онда нәпсі мен қанағаттың, бай мен кедейдің, ақ пен қараның, адал мен арамның көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын нәзік пернелері рентгенмен түсіргендей аса бір дәлдікпен дөп басып ажыратылып отырады.

Сөзінің басында елді жайлаған ауыр дерттің тамырын басып, нақ айтқан Абай, келесі кезекте сол аурудың қайдан, неден пайда болғанын, себебін анықтайды. Ал одан кейінгі сөздерінде оның емін өзі де ұсынатындай.


Сондықтан да біз осы қара сөздердің мәнісін түсініп, оны тура мағынасында тани білуіміз керек. Егер де ұлы ақынның «Қара сөздері» әрбір қазақтың төрінен орын алса, егеменді еліміздің ертеңгі болашағы әлдеқайда сапалы азамат болып қалыптасатындығына сенім мол.

Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніңдер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған, алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынап отырып оқырманға оның дұрыс-бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты

жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі етуге барын салғандығы ерекше ұнады.

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі, қайсы-бірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті, білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін.

Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?! Ақыл жүрек қайрат үшеуін бірге ұстап Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек келешегіміз жарқын болшағымыз баянды болары сөзсіз!





Копбаева Тамара Сакеновна

*Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Қазығұрт м/а,
№86 жалпы орта білім беретін мектеп*

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Абай! Дана Абай! Иә, біздер, ұстаздар үшін, бүгінде Абай туындылары ұлттық тәлім – тәрбиенің, білімнің қайнар көзі ретінде ұлттық оқулық рөлін атқаруда. Абай білімі терең болғандықтан, оның шығармаларында дүние, өмір, тіршіліктің мағынасы, қоғам мен заман, болашақ туралы толғаған ойлары да аса терең. Ендеше осы тереңдікті оқушыларға ұғындыру ұстаздан талай дүниені талап етеді.

Абай – қанша ғасыр өтсе де ескірмейтін, керісінше саф алтындай жалтырай түсер, тереңіне үңілсең талай сырын ақтаратын тақырып. Әр ұрпақ Абайды өзінше танып, өзінше оқып, өзінше танытады. Дәл қазіргі уақытта рухы мықты ұрпақ тәрбиесі үшін Абай құдіреті қажет болып отыр. Әр адам баласы Абай әлеміне үңіліп, Абайға бет бұрғаны дұрыс. Әрбір азамат Абай қарасөздерін өзінің дұрыс жолға салар бағдаршамындай көруі керек. Себебі дана Абайдың айтқан әрбір сөзі саналы адамның көкірегіне ой салып, адамшылық жолға тәрбиелейтін өсиеттен тұрады.

Ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол. Ақынның толық адам туралы айтқандары – жас өскінді Адамды сүйу, құрметтеу, елжандылық, биік адамгершілікке бастайтын жол. Сондай – ақ, әлемдік деңгейдегі білім талаптарына қол созып қана қоймай, соның ұшар басынан көріне білу - бүгінгі таңдағы ұлттық болмысымыздың, адами мақсат - міндеттеріміздің бұлтартпас бағыт, бағдары.

Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне өте қажетті мәселені көтеріп отырған Абай тағылымы арқылы оқушылардың бойына ізгіліктің, адамгершіліктің рухани нәрлі дәнін егуді басты мақсат етіп алған ұстаздардың тәрбие құралы деуге болады. Ұлы дана мұрасы білім, ғылымның ғана көзі емес, оның тағылымы - тәрбиенің де қайнар бұлағы. Мына өтпелі дәуірдің кейбір келеңсіз жағдайларының жас ұрпақтың аман алып қалудың да бірден - бір емі - Абайға жүгіну, Абайға үңілу дер едім.

Хош, енді Абайдың сөзіне келейік. Өз заманында Абай халықтың болашағы білімде екенін жете түсініп, қайткенде елімді оятамын, өнер, білім-ғылымға қайтіп икемдеймін деп ойланған ойшыл болса керек.

Еліміздің шымырланып, қайта түлеу қажеттігін сезінгендіктен, қайрау мен намысқа тию арқылы ішкі жан-дүниесінің қайтадан жаңаша құрылу қажеттігін

ұсынды. Оның үшін игі құрал ретінде өз өлеңдерін пайдаланды. Мәселен «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын толғауында халқына бағышталған махаббаттың тұңғиық көріністері анық байқалады. Ақынның жақсы мен жаман, надандық пен адамдық, махаббат пен ғадауат туралы әр ұстанымы, әр тұжырымы өткен өмірдің, бүгінгі күн мен келер шақтың келбетін анықтайтын айрықша өлшемдер сияқты.

Абай адам өмірінің бірталай келеңсіз жақтарын сынап отырып, одан құтылудың жолын да көрсетіп береді. Өнер, білім, ғылым үйреніп қана қоймай, сол алған білімді қалай жұмсау керектігін де айтып өткен. Ақынның шығармашылығының өзегі «Адам бол» деген философиялық идеяға сәйкес келеді. «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз»- дегенде ғұлама-адамның рухани жетілу мүмкіндігінің шексіздігін көрсетті. Менің түсінігім бойынша, адам өмірге құштар болу керек. Еш қиындыққа мойымай, бәрін жеңу қажет. Адамгершілікке жетелейтін бірден-бір жол, Абай түсінігінде білім мен ғылымға құштарлық болып келеді.

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге, - деп, Абай атамыз адам болып қалыптасу үшін ең қажеті ғылым екенін көрсетіп, адамның бойына оның өзіншіл табиғи болмысы арқылы орныққан менмендік, нәпсіқұмарлық, тұрақсыздық сияқты қасиеттеріне шектеу қоюға тырысады. Қазақ халқын шексіз сүйген Абай ескіліктің бұғауынан, надандықтың шырмауынан шыға алмай отырған ауыр халіне күйінеді.

Мен Абай шығармашылығында «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңінің орны ерекше. Ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні көрмек үшін,

Көкірегі сезімді, ойы орамды.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-

деп бар үмітін оқуға талаптанған жастарға, яғни біздерге жүктейді. Өзі туралы айтқанда:

Жасымда ғылым бар дер ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім,-дейді де, оқыған балалар жайында

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,-деп оқығанда әкім болып билікке қызығу үшін емес, ғалым болып дүниені тану үшін оқу керектігін еске салады. Ақынның әр сөзінде терең мән бар. Өзі айтқандай «сырты күміс, іші алтын» болып келеді.

Абай мұрасымен сусындаған бала, келешекте өз мемлекетінің бір кірпіші болып қаланып, елін көркейтері айдан анық.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді, ішіне қулық сақтап,

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақта,-деп, кеменгерақын, надандықтан шығар жол – оқу-білім, өнер екендігін айта келіп, оның жетістікке жетуіндегі еңбектің рөліне мән береді.

Абай туралы айта берсек, жаза берсек шеті-шегі жоқ, шекарасы, шектеуі жоқ қазынаға кенелеріміз анық.



Корнебаева Карлыгаш Мухтаргазиевна

*ШҚО, Жарма ауданы, Шалабай ауылы,
«Н. Крупская атындағы орта мектебі»*

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Абай – әлемдік тұлға. Сол биіктен табылған Абай есімі адамзат ойының аса көрнекті алыптарының қатарында бүкіл әлемге әйгілі болды. Ол қазақ халқының мұң-мұқтажын, мәдинетін, қоғамдық-философиялық ойларын, көркемдік ізденістерін жаңа сапаға көтерді. Қазақ халқының тарихи көшін ілгері бастаушы, ой-өріс пікірлерінің шеңберін кеңейтуші ретінде ұлттық болмысымызға дара біткен жарық жұлдыз.

Абай шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өнуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, оның шығармаларындағы айтылған идеяларды қазіргі таңда барынша дәріптеу керек екендігін айтуға болады. Шығармалары қоғамның ілгерулері негізгі білім мен ғылымда екендігін дәлелдеп нақты айтады.

Абай шығармаларын оқыту қазір аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, 21 ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш ұшу, сермеу екендігін көрсетіп отыр. Ал біздің міндетіміз - Абай шығармаларын оқытуда үздік әдістеме ұсыну және оны оқыту өмірге жарату, ой түйю.

Абайдың шығармашылық мұрасы - халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы деп білемін. Мен үшін Абайдың сөзі - қазақтың бұйтұмары, Абай шығармаларын халық қазынасының қайнар бұлағынан сусындап өскен, халқымыздың дана перзенті. Қазіргі уақытта дана да, дара Абайдың 175 жылдығына орай барлық білім саласында Абайды оқыту, дәріптеу шаралары жүру үстінде. Бірақ та әлі де болса кітапты ақтарып, Абайдың шығармаларын зерттеп оқып жатқан оқушы кем де кем. Абай мұрасын тек оқып қана қоймау керек. Оны зерттеп, түсініп, өзіміз соны талдау тәжірбиесін құру мақсаты алдымызда.

Дүниежүзілік жаһандану кезінде, технологияның артып тұрған уақытында Абайдың шығармаларының пәлсапалық құндылықтарын, ойларын қазіргі билбордтарға ұсынып, қазақ халына ой салар суреттермен, Абайдың феномен сөздерімен ұсынса игі болар еді деп ойлаймын.


Абай шығармалары жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтынын анық дәлелдеп кеткен. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігіне жігер беруде де, Абай афоризмдерін қолдану

мәнді деп ойлаймын. Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелдікке, суреткерлік саиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алмайтындай әлеуметтік пайымға ие болар едік. Абай нағыз қазақтың маңдайына біткен пәлсапалық құндылық мұрасымен феномен болып қала береді.

Абайдың шығармалары біз үшін іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларындағы афоризмдерде кәсіптен нәсіп тапқандарды шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар, ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды.

Абай мерейтойын тойлау барысындағы мақсатымыз - өй-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыда даму болып табылады. Атқарылған іс арқасында бүкіл Қазақ елі Абай мұрасын тағы да бір зерделеп, ойларын толықтырып өтті. Бұл – Ұлы Абайға деген шексіз құрмет және сонымен қатар, жас ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас тәсілі.

Ой қорыта, Н.Әбішұлы Назарбаевтың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі...» деген өнегелі сөзімен аяқтай келе, келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс дейміз. Бұл – Ұлы ақынның ұлы арманы.





Кусаинова Назгуль Ермековна

*Нұр-Сұлтан қаласы,
№62 мектеп-лицейі*

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні

*Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда
қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ.
А. Байтұрсынұлы.*

Биыл қазақтың бас ақыны, дара ақыны, әдебиет әлемінде өзінің қайталанбас қасиеттерімен ерекшеленетін біртуар тұлға Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл. А.Құнанбайұлы – ұлы ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын орнатқан алтын көпір.

Тәрбие – адамның адамдық бейнесін, жағымды мінез-құлық қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі үдеріс. «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» деп өлмес мұра қалдырған Абай өлеңдерінің негізгі идеясы – адам тәрбиесі. Оның әрбір өлеңі балаға жан-жақты тәрбие беруді ойластырады. Осы ретте Абай өлеңдерінің тәрбиелік арналарына тоқталайық.

Абай қоғамға адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім, ғылым, өнерді халықтың қажетіне жаратуға мән берген. Ел-жұртын, халқын сүйген ақын адам болуды, азамат болуды, білім-ғылымды меңгерген жастар тәрбиелеуді жоғары қойған. Шығармашылық өмірі өнермен, соның інжу-маржанымен көмкерілген ақынның өзінің ұрпағына өсиет ретінде қалдырған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ,
Бес дұшпанын білсеңіз,
Талап еңбек терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз», - деп Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат – мұраттарына тартуға ұмтылды. Бүкіл өлең бойына Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым болуы керектігін түсіндіреді. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға

қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, осындай асыл істерді насихаттау – Абайдың негізгі идеясы. Адамның бойындағы жағымсыз қасиеттердің тууына қарсы тұру үшін ұстаз оның ғылым мен білімге деген құмарлығын арттырып, дамыта түсуді өсиет етеді.

«Өлең – сөздің патшасы» өлеңінде тіл тазалығын сақтау, бөтен сөзбен тілді ластамау қажет дейді. Өлең зор тәрбиелік мәнге ие, сонымен қатар бүгінгі таңның жаһандық мәселесін де көтеріп отырғаны сөзсіз. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде құрмет, қадір, сый, жолдастық, сұхбаттастық, талаптылық ұғымдарының мәнін ашады.

Абай өлеңдерінің тәрбиелік бағытының бірі, әрі бірегейі – өзіңдіөзің тәрбиелеу, яғни «әрбір жан өзіне үңілсін, өзін дамытсын!» деген ұран тастайды. Сондай тағылымы мол, бірегей туындыларының бірі «Ойға түстім, толғандым» өлеңінде:

«Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес,
Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес»- деген жолдарында өзінің мінсіз еместігін, өзіне көңілі толмайтындығыны жеткізе отырып оқырманға «Кеудемсоқ болма, өзіңді бақыла!» деген нұсқама беріп тұр. Абайдың өзіңді өзің тәрбиелеуге үндей отырып жазған «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде:

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - дей отырып бос мақтансүйгіштікке бой алдырмай, өзіңнің бойындағы еңбек пен ақылды дамытып соған сүйену керектігін дәріптейді. Яғни бойдағы жаман әдетіңнен жерініп, жақсы қасиеттерге ұмтылуға үндейді.

Қазіргі жалпыбілім беретін мектептердің өмірінде болып жатқан бетбұрыстардың ішінде – оқыту мақсатының біршама өзгеруіне сай тәрбие технологиясына да жаңа ұстанымдар енуге тиісті. Толыққанды педагогикалық педагогикалық үрдісті іске қосып, шәкірттануды жолға қою үшін оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей жүріп білім беру ұстанымдарын жүзеге асыруды басшылыққа алуымыз керек. Абай «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дегенде «көкірегінде көзі бар», «жүрегі-айна, көңілі-оаяу» жастарға арнайды, яғни тәрбие мен оқудың жігін ашпайды, олардың тиімділігі екі жаққа да: ұстаздарға да шәкірттерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет-өнеге толы. Сондықтан да Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар аса мол деп сеніммен айта аламыз.



Қасенова Жанар Қабимоллаевна

ШҚО, Үржар ауданы, Қабанбай ауылы,
«Жарбұлақ орта мектебі»

«Ұлылардың ұлысы-Абай» Қорытынды әдеби кеш

Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп айтқызу. Сөз өнерінің қыр – сырымен таныстыру. Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу. Табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру.

Көрнекілігі: Абай портреті, кітаптар, шығармалары, қанатты сөздер, фотослайдтар, буклеттер. Оқушылардың Абайдың жыл мезгілдеріне арнап жасаған макеттері.

Абай туралы қанатты сөздер:

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов

Әдеби шара атасы мен немересінің диалогы арқылы басталады.

Атасы – , немересі –

-Шығарма жаза алмай қиналып отырған 5 - сынып оқушысы. Теледидар қарап отырған атасы, қолында газет.

Теледидардан дауыс: Абайдың «Қыс» өлеңінен үзінді оқылады:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті - басы – ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды...

Немересі қаламын тастай сала атасының қасына келіп:

- Мен бұл өлеңді білемін, ата! Кеше ғана әдебиет сабағынан өткен болатынбыз.

Абайдың өлеңі.

Атасы:

- «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» (немересіне жақындай түсіп).

Иә, бұл – Абайдың жазған өлеңі. Қатал табиғаттың сүреңін тамаша суреттеген. Сен

біледі екенсің. Ендеше Абайдың кім екенін білетін шығарсың.

- Иә, бірақ толық білмеймін.

- Олай болса, ендігі жерде Абайды «Абай атам», «Абай атаның өлеңі» деп сөйле. Ол өте данышпан кісі, бүкіл қазақтың Абайы ғой. Оны білмеген адам қазақ емес.

-Ата! Бізге шығарма - эссе жазуға қосымша ізденіс жұмысы тапсырылып еді. Соған біраз қиналып отырмын. Қайтсем екен? Жарысқа қалайда қатысуым керек.

Атасы:

- Абай туралы көп дерек айтсам, тыңдар ма едің, балам?

Немересі:

- Иә, сіз оны көрдіңіз бе? Ол туралы қайдан білесіз?

Атасы:

- Жұр, балам. Мен сені бір жақсы кешке алып барайын. Дәл сол Абай атаң туралы, жүре ғой !(Ертіп алып, шығып кетеді).

1-жүргізуші:

-Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар, құрметті әдебиет сүйер қалың көпшілік! Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы мен шығармашылығына арналған "Ұлылардың ұлысы-Абай" атты әдеби кешке қош келдіңіздер!

Абай кім?(бейнеролик) қонақтармен диалог.

2-жүргізуші:

Абай – туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын. Абай қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын арқалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тырысқан, қазақтың рухын жоғары көтерген дана қолбасшымыз болғандығы баршамызға мәлім. Сондықтан, Абайды ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы деп танып білуіміз керек. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар.

Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар:

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жарияланып отырды? (Көкбай).

2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? (Әлихан Бөкейханов, 1903жылы Петербуртта жазған).

3. Абайдың шын аты кім?(Ибраһим).

4. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата. (Үшкүйі бар: «Тоқжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі»).

5. Абайдың аяқталмаған поэмасы. («Әзім әңгімесі»)

6. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған? (Жиырма жеті шығарма аударған).

7. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата. (Зере, Ұлжан.)

8. Ділдэдән туған балалары. (Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия).

9. «Қазақтың бас ақыны -Абай Құнанбаев» деп атаған кім? (Ахмет Байтұрсынов).

10.Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. (Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкіман.)

11.Абай өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты және қай қалада? (1909 жылы Петербуртта).

12. «Абай жолы» романын кім жазды? (Мұхтар Әуезов).

13. Абай кімге ғашық болды? (Тоқжанға)

14. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындындығы болды? (Абайдың ағасының баласы.)

2-жүргізуші:

Абай – туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын. Абай қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын арқалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тырысқан, қазақтың рухын жоғары көтерген дана қолбасшымыз болғандығы баршамызға мәлім. Сондықтан, Абайды ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы деп танып білуіміз керек. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар.

Оқушылар «Абай Құнанбаевтың» қара сөздерін мәнерлеп оқыды



1-жүргізуші:

- Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы 1845 жылы Семей өңірінің қазіргі Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Абайдың шын аты Ибраһим. Әжесі еркелетіп «Абай» деп атап кеткен. Абайдың ата-тегі, тәрбиеленіп шыққан ортасы Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс, ауқатты отбасы болған. Әкесі Құнанбай аға сұлтан, болыс болса, аталары Өскенбай, Ырғызбай атақты, әйгілі билер болған. Болашақ ақын жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болып, әжесі Зере мен анасы Ұлжан аңыз- әңгімелерін барлық ынтасымен тыңдайтын. Ауыл молдасынан арабша сауат ашқан Абайды әкесі он екі жасында Семейге оқуға жібереді. Абай Ахмет-Ризаның медресесінде оқыды. Медреседе араб, парсы тілдерін жақсы меңгереді. Шығыс ақындары Низами, Сағди, Фзули, Хафиз шығармаларымен танысады. Медреседе оқып жүріп, үш ай «Приходская школада» орысша оқиды. Жастайынан ел басқаруға араласқан Абай қазақтың білгірлері, шешендері, ақындары, жыршыларымен жиі кездесіп, өз халқының рухани мәдениетімен ерте сусындайды. Өзі де билер секілді шешен сөйлеуге үйренді. Жас күнінде оқи алмағанын арман етіп кейінгі ұрпаққа:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп өсиет қалдырды.

2-жүргізуші:

Әннің де естісі бар, есері бар.
Тыңдаушының құлағын кесері бар,
Ақылдының сөзіндей ойлы - күйлі.
Тыңдағанда көңілдің өсері бар, -деп жырлаған Абайдың өлеңге, әнге қояр талабы мен

талғамы өте жоғары болды.
Ән «Желсіз түнде жарық ай»
Кеш соңындағы оқушыларды марапаттау.



1-жүргізуші:

Абай - әлемі ұлы қазына, біз тек ақын өлеңдерінің аз ғана бөлігін қамтуға мүмкіндік алдық. Бүгін ХХІ ғасырдың басында біз Абайдың шығармашылығынан қазаққа қажет руханилықты табамыз. Бізден кейінгілер де өздеріне қажетін табатыны сөзсіз. Себебі Абай – адамзат ақылманы. Қатысушылар мен көрермендерге өз алғысымызды білдіре отырып, біз сіздермен қоштасамыз.

Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтушылықтан, ізденуден жалықпайық. Келесі кездескенше хош сау болыңыздар!



Құнаятова Бибіңур Тілемісқызы

СҚО, Айыртау ауданы, Қарасай батыр ауылы,
«Мәдениет орта мектебі»

Абай Құнанбаев өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Қазақ поэзиясына өшпес із қалдырған қарасөз шебері, майталман ақын ұлы Абайдың еңбектері тарих айнасында ешқашан маңызын жоймайтын мұра болып қалмақ. Данышпан ақынның қай өлеңін алсақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиетке толы. Сол себепті де Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар телегей теңіздей.

Кемеңгер ақынның шығармашылығындағы ғылым мен білім мәселесі ең негізгісі. Бұлар ойға- ой қосатын маңыздылығын жоймайтын өлеңдері. Бала кезімізден жаттап өскен «Ғылым таппай мақтанба!» өлеңінен болашақтың айнасын анық көреміз.

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге», - деген жолдардың өзінде қаншама тәлім-тәрбие жатыр?!

Абай атамыз адам болам дегендерді жаман әдеттерден сақтануға жол ашады, ақыл үйретеді. Осы жолда «өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, мал шашпақ» тәрізді жаман істерден жирендіріп, «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды бес асыл қасиетті бойға дарытуға үндейді. Осы ойларын ұлы ақын отыз екінші қарасөзінде де айтып білім - ғылымды меңгеруде үйренбекке талаптың керектігін, адам шын мейірленсе, білім мен ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетінін айтады. Шала мейір шала байқайтынын ескертеді. Абайдың қай өлеңін алсақ та, қарасөздерімен тікелей байланысты. Білім мен ғылымды бала кезінен көксеген ұлы ойшыл өз алған білімін әлі де азсынып өкініш білдіреді. Оның дәлелі мына өлең жолдарында көрінеді.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Баланы білімге жетелеу, қызығушылығын ояту мақсатында

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім-деп игіліктің бастамасын өз балаларынан бастағанын да тіліне тиек етеді.


Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласың елден ерек», - деп, ақыл, қайрат, жүрек адамның айнымас серігі болатынын айтып өтеді. Расымен де, осы үш қасиет әр адамның бойынан табылса кез келген қиындықты жеңе білетінін ескертеді. Осындай адами құндылықтардың болуы кез келген адамды көркем етпек.

Абайдың өлеңдерінің әр жолынан тәрбие көзін табамыз. «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, ерінбе!» демекші, ақын шығармаларын оқып, ой елегінен өткізсек, алдымыз жарқын, болашағымыз кемел болмақ деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Абай өлеңдер жинағы,
- 2.Абайдың қарасөздері жинағы,





Қуанышбай Ерлан Қуанышбайұлы

*Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Шилі ауылы,
«Қ. Жармағанбетов атындағы орта мектебі»*

Абай-дана, Абай-дара қазақта

Абай 1845 жылы жылан жылында туып, 1904 жылы ұлу жылында 60 жасында Семей уезінің Шыңғыс болысында дүниеден қайтқан. Негізгі хатқа түскен аты Ибраһим (Авраам) болса да, әжесі Зеренің еркелетіп қойған нәзік үнді Абай деген есімімен атап кеткендіктен, біз де солай айтып жүрміз.


Абай әке жағынан алғанда Тобықтының белгілі шонжары мен батыр биінен тарайды. Оның бабасы Ырғызбай Тобықтының биі болған. Ол Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында XVII ғасырдың 50-жылдарында дүниеге келген екен.

Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт. Абайды тану - қазақтың өзін-өзі тануының, басы да, соңы да! Абайды тану - Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару деп білеміз. Айдай анық нәрсе, Абай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз да! Өкінішке орай, Абайдың сол әлеуметтік-философиялық өткір сындарын сындарлы сынды қабылдау мәдениетіміздің төмендігі салдарынан әлі күнге толық қабылдап - толыққанды қорытынды шығара алмай жүргенімізді жасырғанмен бәрібір ол кемшіліктен арыла алмаймыз ғой. ...Біріңді қазақ бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос. Әлем әдебиетінде Абай секілді алыптарды танутудың сан түрлі жолы бар. Орыс әдебиеті Пушкинді әлі күнге зерттеп, зерделеп біте алмай жатыр. Бір қуанарлығы біз данышпан Абайдың да сондай қырларына дендеп ене бастадық. Абай 10-12 жас аралығында мұсылманша оқып, хат таныған. Ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға түседі. Медреседе жүргенде 14 жасында үш ай орыстың приходская школында орысша сабақ оқиды. Осы 4 жылдық медреседегі және 3 айлық орыс мектептеріндегі оқуы аяқталып, 15 жасында үлкендерден білімі артып, ел ішіндегі жұртты өзіне қаратып, әкесіне көп көмегін тигізеді. Ел-жұрт Абайды би етіп сайлайды. Мұқтар Әуезов «Абай жолы» романы жазды. Абай Құнанбайұлы төрт лерика арнап өлеңдер жазған. Көптеген өлең жинақтар бар.

20 жасында Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдетін, билік туралы істі көп

білген көсем болған. Ол мақал, ертегі, нақыл сөздерді тез меңгерген. Абай 30 жасында атағы шыққан білікті адам болды. Бүтін елдің басты адамдары жақын болып, араздық қылмай жүреді. Ұрлық қылған кісіге жазаны аямай салып, қатты қысымшылық көрсетті. Екінші баласы Әбдірахман қалалық училищені бітірген соң, Абай бірнеше жүзсом қаржы шығарып оны реальды училищеге береді. Абай оқу үшін көп қаражат шығарған қазақтың алғашқы адамы. Әбдірахман 1895 жылы өкпе ауруынан қайтыс болады. 1904 жылы мамырда Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болады. Кезінде денсаулығының нашарлауына байланысты сүйікті ұлын қалалық училищеден қайтарып алады. Бұл қаза Абайды қатты қайғыртады. Ақын ешкіммен сөйлеспей, көптен өзін алыс ұстайды. 40 күннен соң өзі де дүние салады. Биыл Абай Құнанбайұлына 175 жыл толып отыр әр обылыста әр аймақта тойланып отыр. Өптеген ақын жазушылар Абай оқуларын тереңдете өлеңдерін жатқай айтып жатыр. Абай елімізге өшпез із қалдырған. Абай ата мәңгі есімізде.

Қорыта айтқанда жыл сайын Абай, Шәкәрім оқулары Семей қаласында ұйымдастырылады. Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Міне, Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді.





Максимова Лида Курванжановна

*Алматы облысы, Ұйғыр ауданы,
«Долайты орта мектебі»*

Абай Құнанбайұлының қарасөздері

Халқымыздың ұлы ойшысы, атақты ақынымыз – Абай Құнанбайұлы. Абай атамыз тек қана өлең жазу, аударма жұмыстарын ғана жүргізген жоқ. Ол сонымен қатар «қара сөздерін жазып қалдырғаны бәрімізге белгілі. Ал енді қарасөздерінің бір шамасы не жайлы жазылғандығын және өзім нендей нәрсені түйгенім туралы жазайын.

Қарасөздерді мен этикалық, эстетикалық ойларға толы, тіршілік түйткілдерін дәлме- дәл болжай білген құнды мұра ретінде білемін. Онда айтылған даналық ой және көңілге түйіп жүрген көптеген сұрақтарыма жауап алғандай боламын және де әр уақытта оқып тұрсам да жалықпаймын.

Абай бірінші қарасөзінде былай деп жазған:

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтті, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ! Қара сөздің жазылу тарихы міне осыдан басталған еді.

Оның қарасөздерінің ең басты тақырыбы- адам тәрбиесі туралы болған. Жан-жақты еңбексүйгіш, білімді адам. Ол адамды әрбір жағынан қарастырып, мінезін, жат қылықтардан, жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады және де парыз, борш, махаббат сезімдеріне тәрбиелейді.

Жоғарыда айтқанымдай Абай өз өмірінде жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіліктерін дәл айқындап жазды, сондай- ақ адам бойындағы жаман әдет, қасиеттерді тізіп тұрып айтып, осыдан жиреніңдер деп бізге өсиет қалдырған. Абай бір сөзінде мақтаншақ туралы сөз қозғаса, енді бірінде имандылық жайында айтып, ал енді бірінде қазақтардың арасында кең қолданысқа ие болып, ешбір мағынасы жоқ мақалдарды сынап, бізге бұлардың дұрыс қатесін анықтап, нұсқап көрсетіп берген.


Бұл қарасөздерде маған ұнағаны: қайсы бірін алып оқымайық, жақсылыққа, игі жұмыстарға шақырып, жамандық пен жалқаулықтан жирендіріп түрлі әдістермен сөздерді маржан етіп тізіп, барын салып әсерлі жеткізгендігі және де әрбір қазақ азаматы осы қарасөздерді оқып шығуға міндетті деп ойлаймын.

Бүгінгі күнде Абайдың 45 қара сөзінің барлығын жаттағандар аз болса, алдағы уақытта көбейеді деген ойдамын. «Қарасөздер» деген атау өлең сөзден бөлек шығармалар екендігін білдіреді. Өлең өнерін «Қарасөз» демейді. Қарасөз проза деген мағынада айтылған. Абай «Қазаққа қара сөзде дес бермедім» деп қарасөзді шешендік өнер деп көрсетеді. Абайдың қарасөздері көркем әңгіме емес, ол даналық сөздер. Онда ғылыми философиялық толғаныстар кең орын алған. Қара сөздердің өзіндік ерекшелігі бар сөйлемдер қысқа, мағынасы терең, ой саларлық ғибрат беруді көздей құрылған.

Бұл қарасөздердің барлығын публицистикалық шығармаға жатқызуға болады. Өйткені қайсы-бірін қолымызға алып оқысақ санамызға қозғау салып, ойымызды шымырлата түсетіні анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қарасөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын адамдар баршылық.

Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бірге ұстап, Абай атамның көрсеткен жолымен жүріп, айтқан сөзін бұлжытпай орыдап, тыңдасақ, әрине келешегіміз жарқын, болашағымыз баянды болары сөзсіз!

Абай дара, Абай дана Абай ойшыл, Абай ұлы мен Абай атамның осы даналығына, ақылдығына бас ием. Сөзімді, асқан байлыққа толы әдебиетімізді, тілімізді бағалайық деп





Юлдашева Севара Сабиравна

*Түркістан облысы, Кентау қаласы, Жүйнек ауылы, Шыпан елді мекені,
«Шыпан жалпы орта мектебі»*

**«Абай өлеңдері – өшпес мұра...»
атты мәнерлеп оқу сайысы**

Мәнерлеп оқу сайысы 4 кезеңнен тұрады

1-кезең «Абай әлемі» Яғни, бұл кезеңде ақын өмірінен берілген сұрақтарға жауап береді.

2-кезең «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» бұл кезеңде сайыскерлер өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа орындауы тиіс.

3-кезең «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» шығармашылық кезең деп аталады. Бұл кезеңде оқушылар өлең шығарып келуі керек болатын. Өлеңдерін оқиды.

4-кезең «Абай айтқан - асыл сөз» бұл кезеңде сайыскерлер берілген нақыл сөздердің жалғасын табады.

Сайыс белгіленген кезеңдері бойынша өз мәресіне жетті. Сайыс жеңімпазын анықталып, марапатталады.

Мақсаты:

Білімділік: тәрбиеленушілер қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен нақыл сөздерімен таныстырып өлеңді мәнерлеп, саналы түсініп оқуға машықтандыру;

Дамытушылық: тәрбиеленушілердің дүниетанымын кеңейту, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жүйелі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Тәрбиелік: тәрбиеленушілерді адамгершілікке, адалдыққа, талапты болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: Мәнерлеп оқу сайысы.

Типі: сайыс.

Көркемдігі: слайдтар, Абай туралы жазылған нақыл сөздер, суреттер.

Өтілу барысы:

Армысыздар, саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған қадірменді қонақтар мен құрметті ұстаздар және білім алушылар!

Ақыл-ой ақындықтың киесі - Абай!

Түгел сөздің түбі бір жүйесі - Абай!

Адалдық, ар ұяттың данышпаны

«Өлең-сөздің патшасы» иесі Абай!, демекші бүгінгі өткізгелі отырған «Абай өлеңдері-өшпес мұра...» атты мәнерлеп оқу сайысымызға Қош келдіңіздер!

Абай - қазақ халқының ұлы перзенті, ақын дарын иесі. Абайдың өнегелі өмірі, әрбір ұланның жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатады. Абайдың әр сөзі білген адам үшін өнеге, өсиетке толы. Сондықтан Абай сөзімен айтқанда, адам болам десеңіз, Абай жолымен жүріп, ата баласы емес, адам баласы болып, адамгершілік пен ізгілік қасиеттерін бойға сіңіре беріңіздер деп айтқым келеді. Олай болса мәнерлеп оқу сайысын бастау үшін сөзімізді жүргізушілерге берейік.

1-бөлім:

Ұлы ойшылды қарсы алу.

1-жүргізуші

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,

Мұра ғып кейінге қалдырған кім?

2-жүргізуші

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?

Үнімен әділдіктің лебі ескен кім?

Арманын аттандырып келешекке

Бізбенен осы күнге тілдескен кім?

1-жүргізуші

Абай дана,

Ғұламасы ғасырдың

Жырларында жабырқау жоқ, жасым мұң,

Өлең болып бізге жетті өнегең,

Сәулесі боп

Өлең деген асылдың

Жырларында тұнып тұрған ұлылық,

Жабырқасам жаңға құяр жылылық.

Абай деген-жұмбақ әлем, биік шың,

Болғаным жоқ әлі өзіңді ұғынып.

2- жүргізуші: Олай болса, мәнерлеп оқу сайысының қатысушыларын ортаға шақырайық! Сайысымызды бастамас бұрын бүгінгі бәйгеге қазылық ететін алқа мүшесімен таныс болайық:

1. Кишибаева Зулфия Жүнісбекқызы- директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

2. Джалмұрзаева Ақмаржан - Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі..

1-жүргізуші

Сайысымыздың шарттарымен таныс болайық. Барлық қатысушыларымызға сәт сапар тілеп, сайысымызды бастаймыз!

Ақынның ата-қоныс жері қандай?

Ата-баба, әулиеті, тегі қандай?

Ақынды тебіrentкен, күңіrentкен

Ұшқын ұя, ортасы, елі қандай?-дей келе, сайысымыздың бірінші «Абай әлемі» атты кезеңі бойынша сұрақтарға жауап береміз.

1. Абай қай жерде дүниеге келген? (Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыс тауының бөктерінде)

2. Абай қай күні, қай жылы туылған? (1845 жылы 10 тамызда)

3. Абайдың руы, қандай ортадан шыққан? (Тобықты)

4. Абайдың шын аты? (Ибраһим)

5. Абайдың әкесінің аты кім? (Құнанбай)

6. Әжесінің аты кім? (Зере)

7. Абайдың анасының аты кім? (Ұлжан)

8. Абай неше жасқа дейін оқыған? 13

9. Абай кім? (Ақын, сазгер, аудармашы)

10. Қандай өлеңдерін білесіңдер? (Жаз, қыс, күз, көктем жыл мезгілдері туралы)

2-жүргізуші:

Кейінгі ұрпақ жырларын жаттап қанықты

Үлгі тұтып бәйтеректей алыпты,

Көкірегі ояу, сезімді ұрпақ қайдасың,

Өлеңдер оқып өзіңді бір танытшы-дей отырып, сайысымыздың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» деп аталатын келесі кезеңге бастайық.

Бұл кезеңде сайыскерлеріміз өздерінің жаттап келген өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтады.

1-жүргізуші:

Әннің де естісі бар, есері бар

Тыңдаушының құлағын кесері бар

Ақылдының сөзіндей ойлы, күйлі,

Тыңдағанда көңілдің әсері бар- деп Абай атамыз айтқандай, келесі кезекті әнге береміз.

Ән «Желсіз түнде жарық ай»

Орындайтын:

2-жүргізуші:

Сайысымыздың 3 кезеңі «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен»

шығармашылық кезеңі.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Жоқ барды, ертегіні термек үшін,

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-деп Абай атамыз жырлағандай, өзі салған өрнекті өлең үлгісімен бүгінгі ұрпақтарға өлең шумақтарын құрастырып келген болатын.

Олай болса сол өлеңдерін оқуға оқушыларымызды шақырамыз.

1-жүргізуші:

Асыл сөзді іздесең,

Абай оқы, ерінбе!

Адамдықты көздесең

Жаттап тоқы көңілге,-деп С.Торайғыров жырлағандай, сайысымыздың ең соңғы кезеңі «Абай айтқан асылдар» деп аталатын 4-ші кезеңімізді бастаймыз. Яғни, бұл кезеңімізде сайыскерлеріміз нақыл сөздердің жалғасын табады.

1. Сенде бір кірпіш дүниеге (Кетігін тап та, бар қалан)
2. Білімдіден шыққан сөз (Талаптыға болсын кез)
3. Атаның баласы болма, (Адамның баласы бол)
4. Талап, еңбек, терең ой (Қанағат рахым, ойлап қой)
5. Досы жоқпен сырлас (Досы көппен сыйлас)
6. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті (ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек)
7. Өткірдің жүзі,кестенің бізі (Өрнегін сендей сала алмас)
8. Толғауы тоқсан қызыл тіл (Сөйлеймін десең өзің біл)
9. Еңбек қылсаң ерінбей (Тояды қарның тіленбей)
- 10.Әсемпаз болма әрнеге (Өнерпез болсаң арқалан)

Әділқазы мүшелері қорытынды бағасын шығарғанша тағы бір әнді қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:


Абай барлық қазақ халқының мақтанышы ғана емес, ар-ұятты,ұлттық намысы. Абай шыққан биік, Абай байлаған тұңғыық қазақ халқының шыққан шыңы, ой түбіне сүңгіген тереңі. Сондықтан Абайды оқымаған, сөзін көңіліне тоқымаған, тым құрыса бір өлеңін жатқа білмейтін оқушылар болмауға тиіс. Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер жазушы Мұхтар Ауезов «Мен Абайды тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен.

1-жүргізуші:

Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек сол тереңнен дәмін ғана таттық ғой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық. Ойымызды қорытындылай келе, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен аяқтаймын. «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз,қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» дей келе, біз де Елбасымыздың айтқан сөзін қолдаймыз.

2-жүргізуші:

«Абай өлеңдері-өшпес мұра...» атты мәнерлеп оқу сайысын аяқтаймыз.



Мазмұны

<i>Алғы сөз</i>	3
<i>Абиева Карлыгаш Кыдырхановна</i>	5
<i>Аблезқызы Зухра</i>	8
<i>Адилгазинова Лазат Садыкановна</i>	11
<i>Айтказина Айгерим Сериковна</i>	13
<i>Акылбаева Айхан Нурлановна</i>	30
<i>Алимова Гузал Рахимжановна</i>	32
<i>Аубаева Алма Молдаануаровна</i>	33
<i>Аубакирова Жұлдыз Бакытжановна</i>	35
<i>Ашикова Толкын Ажыбаевна</i>	38
<i>Базарханова Динара Думанқызы</i>	41
<i>Байгалиева Бағдат Муқатаевна</i>	49
<i>Байдуллаева Райша Тоимбетовна</i>	53
<i>Байканова Салтанат Орақовна</i>	57
<i>Аманжолова Маржан Пердебаевна</i>	63
<i>Андақұлова У. А., Тажибенова М. А.</i>	66
<i>Баймағамбетова Фатима Кикбаевна</i>	68
<i>Балтабаева Салтанат Серікбаевна</i>	73
<i>Боранбаева Рая Жұмалиевна</i>	75
<i>Бүлекпасова Бағдат Шақимовна</i>	80
<i>Құндызбаева Еңлік Серікбековна</i>	85

<i>Баймұрат Егізгүл Орынтайқызы</i>	89
<i>Байтерекова Марина Абаевна</i>	91
<i>Бейсебаева Карлыга Абдигалиевна</i>	95
<i>Бейсенбина Гүлжан Кайырберлиевна</i>	97
<i>Дербисова Замира Райевна</i>	102
<i>Дошниязова Гүлназия Адилгереевна</i>	105
<i>Дюсенова Мадина Дюсенқызы</i>	108
<i>Жангазы Амангүл Бәкенқызы</i>	111
<i>Жангылыш Айжан Зейнуллақызы</i>	120
<i>Жаппарова Асима Сабировна</i>	124
<i>Жолдыбай Қайрат</i>	126
<i>Жумағалиева Анар Женисовна</i>	128
<i>Жумбаева Лайла Мукановна</i>	132
<i>Жұмаділлә Айханым Тойлыбекқызы</i>	136
<i>Жұмаділ Қымбат Бақбердіқызы</i>	142
<i>Изимова Халбуви Лохмановна</i>	144
<i>Изимханова Жанат Оразбаевна</i>	147
<i>Иманғалиева Гүлнар Нурумовна</i>	151
<i>Искакова Нурзада Болатовна</i>	153
<i>Исмаилжанова Нурбуви Лохмановна</i>	157
<i>Исмайлова Уркия Курбантаевна</i>	159
<i>Кабакова Салтанат Сабырбекқызы</i>	167
<i>Кабыкешова Шынар Габдығалиевна</i>	170
<i>Камалова Маишхура Муталибовна</i>	173

<i>Каржаулова Дильвара Мырзабековна</i>	175
<i>Кдыралиева Гала Калниязовна</i>	179
<i>Келіс Б. Д., Ботаханова Ж. А.</i>	181
<i>Кожабекова Жұлдыз Казихановна</i>	184
<i>Кожасева Салиха Асанханқызы</i>	187
<i>Койшубекова Эльмира Айткуловна</i>	190
<i>Копбаева Тамара Сакеновна</i>	193
<i>Корнебаева Карлыгаш Мухтаргазиевна</i>	195
<i>Кусаинова Назгуль Ермаковна</i>	197
<i>Қасенова Жанар Қабимоллаевна</i>	199
<i>Қинаятова Бибінұр Тілемісқызы</i>	203
<i>Қуанышбай Ерлан Қуанышбайұлы</i>	205
<i>Максимова Аида Қурванжановна</i>	207
<i>Юлдашева Севара Сабировна</i>	209

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ӨТКЕН «АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ**

I ТОМ

Таралымы 200 дана
Қаріп түрі «Arno Pro»
Тапсырыс №1003

«BILIM-ÖRKENIETI» орталығының
баспасында басып шығарылды.